

Р. С. ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА

Журналист ЭТИКАСЫ

Оқу құралы



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Р. С. Жақсылықбаева

ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫ

Оқу нұралы



ASES KONGRE ORGANİZASYON VE YAYINCILIK

Kanununun hükümlerine göre kitabı yayınlanan yayınevının izni olmaksızın elektronik, mekanik, fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi ile çoğaltılamaz, kısmen veya tamamen Yayımlanamaz, depolanamaz.

Basım Tarihi: 26.12.2025

ISBN:978-625-93467-2-4

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УИИВЕРСИТЕТІ

Р. С. Жаксылықбаева

ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫ

Оқу нұралы

Baskı, Yayım ve Dağıtım

ASES KONGRE ORGANİZASYON YAYINCILIK

Hamidiye Mah. İnönü Cad. Helvacı İş Mrk. No: 43/19 Battalgazi/MALATYA

Tel: 0850 474 30 06 - www.asescongress.com.tr - e posta:

asescongress@gmail.com

Sertifika No: 63715

ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

1.1. Журналист этикасы: мәні, құрылымы, қызметі

Журналистік әдеп журналист қызметінің ең басты шарттарының бірі болып табылады. Мұнсыз баспасөздің де, журналистің де беделі болмас еді. Журналистің кәсіптік әдебін терең біліп, жан-жақты түсіну, оны зерттеу, әсіресе, біздің Қазақстан журналистикасы үшін зәру мәселелердің бірі болып отыр. Өйткені, бұл енді ғана назар аударыла бастағаны болмаса, әлі ғылыми тұрғыдан да, кәсіптік шеберлікке қатысты да байыптап үлгермеген тың да күрделі мәселе. Сондықтан, этика мәселесі – журналистердің басты назарында болатын тақырыптардың бірі.

Журналистикадағы этика ғылымына Ресей ғалымдары соңғы он жыл ішінде ғана аса көңіл аудара бастады. Мәселен, ғалым Р.Г. Бухарцев қазіргі таңдағы кәсіби этиканың табиғатынан кәсіби этика мен журналистің шығармашылық даму үрдісінің байланысын ашық дәлелдесе, орыс зерттеушісі В.А. Казакова журналистің жұмыс істеу барысындағы әдептілік қарым-қатынастың түрлерін жан-жақты атап көрсетті. Ал, ғалым В.М.Теплюк журналистің әлеуметтік мәселелердегі жауапкершілігі мен дерек, дәйектерді қолданудағы этикалық нормаларды қарастырды.

Әдеп (этика) – мораль туралы, адамгершіліктің түрлері мен нормалары туралы ілімдер жүйесі. Ол – сонымен бірге, философияның бір саласы, тәрбие туралы ғылымдардың арқауы. Ал, кәсіптік әдеп – жалпы адамзаттық моральдың бірлігі арқылы байланысады. Кәсіптік әдеп – жалпы моральдың жай ғана механикалық көшірмесі емес. Осы себептен де әр кәсіп саласының өзіне лайық әдеп нормалары туып, қалыптасады (ҚазҰУ Хабаршысы. Журналистика сериясы. – 2005. – №5. 36 б. С.Ғұсманқызы. Журналистік әдеп жөнінде).

Этика термині ежелгі гректің *ethos* (этос) деген сөзінен пайда болған. Алғашқыда бұл мекен ету, орта, үй, жануарлар апаны, құс ұяшығы деген мағынаны, кейіннен әдет-ғұрып, салт-сананы, мінез-құлықты білдіретін сөзге айналды. Бұл «этос» сөзінен ұлы Аристотель «этикалық» деген түбірге қосымша енгізіп, адамзаттың ерекше қасиеттерін анықтайды. Сөйтіп, білім алудың ерекше түрі ретінде Аристотель ғылымға «этика» саласын енгізді (Гусейнов А.А., Апресян Р.Г. Этика, 1999. 9 б.).

Аристотель (б.д.д. 384-322 ж.ж.) – ежелгі грек философы, энциклопедист-ғалым. Ғұламаның ең маңызды еңбектері ретінде «Физика», «Никомах этикасы», «Евдем этикасы», «Үлкен этика», «Жан туралы», «Поэтика» т.с.с. атап өтуімізге болады. Аристотель адам бақытының мазмұны мен мәнін ашу үшін біртұтас теориялық жүйе этиканы жасады. Этикалық қасиетті кейде ол рухани қасиетке жатқызды. Адам ақыл-парасатының қабілетін этикадағы жоғарғы қозғаушы күш деп тапқан Аристотель: «Рақымшылдыққа ең алдымен, дұрыс бағытталған ақыл қызмет етеді», – деген тұжырым жасады (Аристотель, Большая этика. 1983. 357 б.). Демек, адам баласының ішкі түйсік сезімі дұрыс бағытталса, ақыл-ойы да соған орай іс-әрекетке барады. Ғұламаның этикалық көзқарасы адам жөніндегі ұғымға негізделіп, этикалық идеялары қоғамдағы іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылып отырды. Аристотель өз ілімінде адамгершілік пен этиканы адамдардың маңызды сипаттамасы деп таныды. Ол «Политика» деген еңбегінде былай деп жазады: «Мейірбандық пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік, т.б. жанұя мен мемлекеттің негізін қалайтын ұғымдарды сезім тұрғысынан қабылдау адамның ғана қолынан келеді». Яғни, адамгершіліктің көзі енжарлық пен дәрменсіздікте емес, керісінше, белсенділік пен жасампаздықта деп түсінді. Адамның әділетті, жігерлі болуы оның игілікті ісімен тығыз байланысты.

Әркім өзін бақытқа лайықтымын деп есептеуге құқылы. Біреулер үшін бақыт – байлық, басқалары үшін – даңқ пен құрмет. Үшіншілерге – рақаттану. «Тіпті бір адам үшін бақыт бірде-біреуі, бірде – басқасы: өйткені, адамдар ауырып калғанда бақытты көреді, мұқтаждыққа тап болғанда байлықты ойлайды, өзінің надандығын біле отырып, олардың түсінігінен асып түсетін және қандай да бір ұлы нәрселер туралы пайымдаушыларға ма-

саттанады» (Аристотель. Никомахова этика. 1984, 57 б.). Аристотель бақыт пен рахаттану түсініктерін борыш этикасы мен бақыт этикасы негізінде шешуге тырысады. Осы арадан бір салдар келіп шығады: Аристотель ұсынған бақыт анықтамасына сәйкес адам соңына қатыгез тағдыр түсіп, шыдауға болмайтын сынақтар мен қайғы-қасірет тиетін кездің өзінде де бақытты бола алады. Ол тағдырдың барлық соққыларына мызғымастан шыдап береді және бұған қоса бақытын жоғалтып алмастан, өзі де игі істер атқарады. «Шат-шадыманға бөленгендердің ешқайсысы бақытсыз бола алмайды, өйткені, ол ешқашан жиіркенішті және жаман қылықтар жасамайды» (Аристотель, 1984. 67 б.).

Аристотель ізгі ниеттерді дианоэтикалық және этикалық деп екі түрге бөледі. Біріншілері жанның зерделік бөлігіне жатады, бұлар – пайымдаушылық, тапқырлық, даналық. Екіншілері – жанның аффектілі бөлігіне жатады, олар – дарқандылық, әділдік, естілік. Біріншісі көп дәрежеде білімге қатысты болса, екіншісі тәрбиелеу мен дағдыларды қалыптастыруда пайда болады. Дианоэтикалық ізгі ниеттер – мінездің, рухани қалыптың қасиеттеріне ие. Өйткені, әділдіктің не екенін білу бір іс те, басқа іс әділ болуға ниеттену және бұған қоса әділ қылықтар жасау. «Нақ осылайша біз дұрыс қылықтар жасай отырып – әділеттілерге, ақылды қылықтар жасай отырып – ақылдыларға, ер-жүрекпен қимылдай отырып – ержүректерге айналамыз» (Аристотель, 1984. 79 б.). Сондықтан да, Аристотель аса қиын міндетті этиканы ғылым ретінде жасауды қолға алды, ал, бұл бақыт мәнін анықтау мен оған сәйкес бақытты адам іс-әрекет жасайтын ізгі ниеттердің не екендігін қарастыруды білдіреді. Ойшыл «Никомах этикасында» ізгі ниеттіні енгізеді. Көптеген зерттеушілер Аристотельдің бақыт категориясына ең негізгі және түп негіздік ретінде қызығушылық білдіруін теріске шығара отырып, этикалық ілімін ізгі ниеттілер туралы ілім ретінде сипаттайды.

Жаңа тарихи жағдайларда «Бақыт – ізгі ниетті» дилеммасын ойшыл И. Кант қайта жаңғыртты. Оның пікірінше, ізгі ниетті мен бақыт сияқты тектері бірдей емес анықтамаларды теңестіруге болмайды, өйткені, олардың табиғаты мүлдем әр түрлі және себеп пен салдар ретінде ғана байланысты бола алмайды. Бақытты ізгі ниеттінің себебі деп есептеуге болмайды, өйткені, онда жалпыға

ортақтық пен қажеттілік қасиет жоқ. Кант бақыттың өзіне әмбебаптық сипат беріп, оны іштей ізгі ниеттімен байланыстыруға тырысқан Аристотельмен келіспейді (Кант И., Критика практического разума. 1964, 37 б.).

Кант таза жанды, әділ және игілікті адам ғана бақытты бола алады дейтін Сократпен де келіспейді. Кант ең барып тұрған қаскүнем де өзін бақыттымын деп сезінуі мүмкін деген тұжырым жасайды. Борыш – бақыттың өзін емес, оның «қадір-қасиетін» жасайтын себеп. Кант: «Ізгілік пен бақыт бірігіп, бір жеке тұлғаның барлық жоғары игілікке ие болуын құрайды», – деп атап өтеді (Кант И., 1964, 441 б.).

Аристотель этикасына Цицерон моральдық (*moralis*) деген анықтама береді. Бұл сөз латыннан аударғанда мінез-құлық, сән, салт-дәстүр дегенді білдіреді. Яғни, Цицеронның моральдық философиясы Аристотельдің этикасымен дәлме-дәл сәйкес келеді. Сонымен, IV ғ. б.з.д. латын тілінде болған «*moralitas*» «мораль» термині гректің «этика» сөзімен бірдей мағынада қолданылады екен (Гусейнов А.А., Апресян Р.Г., 1999. 9-10 б.).

Мораль мен адамгершілік ұғымдары уақыт өте келе көп өзгерістерге ұшырады. Мәселен, Гегель моральды адамгершілік іс-әрекеті тұрғысында қарастырса (С.9, Гусейнов А.А., Апресян Р.Г., 1999), Аристотель моральды адам жанының маңызды рөлі ретінде анықтайды (Аристотель, 1983. 357-б.).

Кейбір ғалымдар этика және мораль терминдерінің тарихын неміс тіліндегі «*Sittlichkeit*» терминімен («*Sitte*» «мінез», «*slichkeit*» «өнегелі») қарастырады (Гусейнов А.А., Апресян Р.Г., 1999. 10 б.). «Этика», «мораль», «адамгершілік» – бастапқы мәнде әртүрлі сөздер болғанымен, бір терминдік ұғымдар. Уақыт өте келе бәрі өзгерді, мәдениет дамыды. Этика – білім, ғылым саласының басты тармағы, мораль – сол салаларды оқытатын пән болып табылады.

Ежелгі грек ойшылы Сократ (шамамен б.д.д. 469-339 ж.ж.) этикалық ұғымдарды (айбындылық, әділеттілік) анықтаумен жалпыландырудың үлгісін жасады. Ұғымды анықтаудан бұрын әңгімеге жол берілуі керек, соның барысында бірнеше сұрақтардың көмегімен әңгімелеушінің сөздеріндегі қайшылықтар анықталмақ. Бұл орайда Сократ майевтика (сөйлесу өнері) әдісін ұсынады. Сондай-ақ, Сократ этикасының мәні: «Жаңсақ әрекеттер

білместіктен жасалады, ешкім де өз еркімен зұлым болмайды. Адам өзіне үнілген сайын, өзінің білімсіздігін аңғармақ. Менің білетінім, ештеңе білмейтіндігім» қағидасы арқылы айқындала түспек.

Сократ әділ, тамаша жанды адам ғана бақытты бола алатынына сенімділік білдіреді. Әділетсіз, арам, бұзылған және азғын жанды адам – бақытсыз және бейшара, ондайлар құрмет пен байлыққа қол жеткізе алмас еді. Және де оның сіңірген еңбегіне қарай кек алынудан, жазадан құтылып кетудің сәті түспейтіндігінен емес, керісінше, оның жазаланусыз қалатындығынан. Әділетсіз қылық жасау – жамандық, бірақ бұдан да зор бақытсыздық жазаланудан қашу, жасырыну. Ауру азаптаған адам өзінің қорқынышын жеңуі және шыдамдылық көрсетіп, денсаулық пен күшін қайтару үшін пышаққа түсуі, жараларын күйдіруі тиіс. Оның әділетсіз, кінәратты жаны ауруға ұшыраған және ол құтылудан үміттенуден де жоғары ең қатал шараларға бел буады». Сократтың сенімі бойынша, «Ең бақытты адам – жаны жамандықпен және әділетсіздікпен мүлде жараланбаған адам болса, ең бақытсыз адам – әділетсіздік жасап, жазадан құтылып, жазаланусыз қалатын адам» (Платон, Апология Сократа.).

Сократтың: «Ізгі ниеттілер – бақытты», – деген тұжырымын Эпикур ой елегінен қайта өткізеді. Оның ойынша, керісінше, бақыттан бастау керек, өйткені, ол ізгі ниеттіліктің шарты болып табылады. Бақыттылар жамандыққа қабілетсіз, олар жақсылық шұғыласына бөленген. Эпикур: «Барлық игіліктің бастамасы мен тамыры – құрсақтың тоқтығы: тіпті даналық пен басқа мәдениет те оған қатысты болады», – деп тұжырымдайды (Антология мировой философии. 1969. 360 б.).

Платон (б.з.б. 427-347) – ежелгі грек философы, Сократтың шәкірті. Негізгі шығармалары: «Апология» (Сократты қорғау), «Критон» (заңды сыйлау туралы), «Кратил» (тіл туралы), «Федон» (әдептілік туралы), «Мемлекет» (идеялар теориясы), «Теэтет» (білім туралы), «Зандар» т.б. Платонның пікірінше: «Шын ақиқатты түсіну үшін ақыл-ой заттар әлемінен аластатылып, жанның идеялар әлемінде көргендерін есіне түсіруге мүмкіндік алуы керек. Бұл жолда оған эрос көмектеседі, себебі, ол – адамдарды шығармашылыққа жетелейтін құдіретті күш. Өмірдегі

әдептілік идеясы тек рухани махаббат негізінде ғана жүзеге асырылады. Игілік дегеніміз – жанның реттілігі мен үйлесімділігі».

Платонның түсінігінше, игіліктің төрт түрі бар. Олар: жүректілік, данышпандық, естілік және әдептілік. Бұл игіліктер адамдардың бәріне бірдей дарымайды. Осы игіліктердің даруына қарай қоғамдағы әлеуметтік топтарды үш топқа бөлуге болады: игіліктердің төрт түрінің төртеуі де дарығандар – философтар, бұлар мемлекетті басқарулары керек. Данышпандықтан басқа қалған үш игілік дарығандар – әскербасылар, т.б., ал, игіліктің соңғы екеуі ғана дарығандар – қолөнершілер, шаруалар, саудагерлер, т.б. Осы әлеуметтік топтардың әрқайсысы мемлекетке пайдалы және өте қажет. Сондықтан, мемлекет өз тарапынан азаматтарды игілік рухында қалыптастыруға, тәрбиелеуге жағдай жасауы керек. Жетілген мемлекетте аталған үш әлеуметтік топ бір-бірімен жарасып, әрқайсысы өз ісімен айналысады да, мемлекетте игілік орнайды.

Ал, белгілі ойшыл Стагирит белгілі бір кәсіп иесінің өкілі ретінде адамның өз орны бар деп тұжырымдайды. Аяқ киім тігуші аяқ киім тігеді, музыкалық шебер сыбызғылар жасайды. Өмірде өз орнын таппаған адамның болуы мүмкін емес. Адамзат тамақтану мен өсу үшін емес, бұл өсімдіктер өмірінде де бар немесе сезім үшін де емес, өйткені, олар жануарларда да бар, пайымдап, ойлау үшін өмір сүруі тиіс. Бұл кез келген қабілетті жанның ішкі белсенділігінде кездеседі. «Адам игілігі ізгі ниеттінің жанына лайық, егер ізгі ниеттілер бірнешеу болса, онда ең үздігіне және неғұрлым кемеліне келгеніне лайық қызмет болып табылады» (Антология мировой философии. 1969, 360 б.). Егер жанның қызметі ізгі ниеттіге лайықталса, онда байлық та, даңқ та және басқа да игіліктер осы анықтамаға енгізіледі, өнегелілік тұрғысынан қолдау табады. Адамның тіршілік етуі – қызмет, ал, жүзеге асырылған тіршілік ету – жүзеге асқан қызмет. Кімде-кім әрекет етпесе, онда ол тіршілік етпейді. Ойшыл Эмманюэль Мунье мұны «Іс-әрекет жасау» деп атайды (Мунье Э., Манифест персонализма. 1969. 43-б.).

Қазақ этикасы – қазақ халқының ұлттық әдеп жүйесін моральды, адамгершілікті зерттейтін пәлсапалық пән. Қазақ топырағында әдептануды арнаулы ілім ретінде қарастырған ғұлама-философ, әмбебап ғалым – Әл-Фараби Әбу Нәсір Мухаммед ибн Тархан.

Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық көзқарастары «Бақыт жолын сілтеу», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері», «Бақытқа жету жолында» деген зерттеулерінде ерекше назар аударылған (Әл-Фараби, 1975. 251 б.). Бұл еңбектерінде ғалым этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.

Әл-Фараби: «Қайырымдылық екі түрлі болады: этикалық және интеллектуалдық», – дей келіп, екеуінің аражігін: «Интеллектуальдық – жанның ақыл-парасаттық жағына жатады. Олар: қайырымдылық, даналық, парасат, ақыл-ойдың тапқырлығы мен өткірлігі, ұғымталдық. Этикалық қайырымдылық – жанның ұмтылу жағына жататын қайырымдылық, ұстамдылық, батылдық, жомарттық, әділдік», – деп анықтап бөліп береді. «Жаман қылықтар да осылайша бөлінеді», – дей келіп ғұлама: «Этикалық қайырымдылықтар мен жаман қылықтар адам жанында адамгершілік сападан туатын әрекеттердің белгілі бір уақыт бойына көп рет қайталануы және оған бой үйренуі нәтижесінде пайда болып, тұрақтайды. Дәл өнердегі сияқты мұнда да ізгілікті әрекеттер қайырымдылыққа, теріс әрекеттер жаман қылықтарға бастайды», – деп жақсы, жаман қылықтардың қыр-сырын дәлдікпен айқындап береді (Әл-Фараби, 1975. 195-196 б.).

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан, оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да, оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық бірлігінде. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: «Көркемдік – өмір шындығының өзіне тән қасиет, ол болмысты нақты түрде бар құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – адамның денесі мен рухани жан-дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі».

Этиканың зерттеу нысанасы мораль, мінез-құлық, әдептілік нормалары екенін жан-жақты дәлелдеген Әл-Фараби этиканың ең

жоғары категориясы бақыт болып табылады, адам бойындағы ақыл-парасатты этикалық-адамгершілік қасиеттерден бөліп қарауға болмайды, – дейді. Ақыл мен адамгершілік, қайырымдылық өзара табиғи түрде байланысып жатқан құбылыстар екенін түсіндіреді. Мәселен, Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу» трактатында: «Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені, ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату артық сөзді керек етпейді, өйткені, бұл – мейлінше белгілі нәрсе», – дей келіп: «Игіліктердің ішінде бақыт ең үлкен игілік екендігі және қалаулы заттардың ішінде адам талпынатын ең жетілген мақсат екендігі айқын», – деп атап көрсетеді (Әл-Фараби, Әлеуметтік-этикалық трактаттар. 1975. 3 б.).

Бақытқа жетуге бастайтын жолға айрықша назар аудара отырып, Әл-Фараби адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік беретіндігін, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туатындығын: «Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады. Адамның белгілі бір мінез-құлыққа ие болуына немесе жақын жұғысудың арқасында бір мінез-құлықтан басқа мінез-құлыққа ауысуына себепші болатын нәрсе әдет болады», – дейді (11-12 бб, Әл-Фараби, 1975). Демек, адам өзінің мінез-құлқын жетілдіре түсу үшін, ең алдымен, өзіне-өзі мейлінше адал болуы тиіс. Сонда ғана адам өз бойындағы ізгілікті қасиеттерді барынша жетілдіре түсуге мүмкіндік алады. Ал, әдеттену жақсы мінез-құлыққа жеткізетін әрекет болып табылады.

Адам жаратылысының жақсылыққа не жамандыққа бейім болып тумайтындығын айта келіп, ғұлама: «Ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше, жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп, мінез-құлқымызда ұстамдылықты қалыптастырғанша осылай ете беруіміз керек», – дейді. Бұл қорытындыға Фараби адам табиғатын терең зерттеу нәтижесінде қол жеткізді.

Шыншылдық пен адалдық Әл-Фараби ілімінің басты қағидасы екендігін: «Адамның өз ожданы алдында адал, шыншыл болуы

өзіне-өзі ізгі қасиетті болуынан, жүріс-тұрысы ізгі болуынан ғана туады. Ал, егер өз бойында жоқ бола тұрып, адам өзін ізгі қасиетті адамға, жүріс-тұрысы жөнді адамға жатқызса, онда ол адамда өзі туралы жалған пікір туғандығы. Егер адам өз бойында жоқ нәрселерді өзіне жатқыза беретін болса, онда ол адамда көлгірсушілік пайда болады», – деген салмақты пікірінен айқын аңғаруымызға болады (Әл-Фараби, 1975. 19-20 бб.). Сол себепті кезекті бір ойында: «Жаман мінез-құлық – рухани кесел», – деп кесімді анықтамасын бере қояды (Әл-Фараби, 1975. 21 б.). Жаман мінез-құлықтан арылтатын: «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер», – екендігін білсек, «Адамның пасық істер мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары – сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығатынын байқаймыз» (Әл-Фараби, 1975. 188 б.). Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың көздеген мақсатына жетуі тек өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруы тиіс, сонда ғана ақиқатты, айналадағы дүниені танып біле алады деп түйін жасайды.

Қазақстан журналистерінің кәсіптік әдеп мәселесімен шындап бетпе-бет келгеніне көп уақыт өтпесе де, айтарлықтай тәжірибе жинақтайтын уақыт жетті. Қоғамдағы буырқанған өзгерістер, баспасөз бостандығының берілуі, тәуелсіз басылымдардың көптеп пайда болуы қазақстандық журналистиканың кәсіби әдебін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеу мәселесін қолға алуды қажет етеді. Бұл ретте журналистік әдеп тарихының тағылымынан сабақ ала білу парыз. Өйткені, кодекстер журналистке бағыт береді, дұрыс пен бұрыстың шекарасын ажыратуға көмектеседі. Кейінгі бірнеше ондаған жылдар ішінде журналистердің халықаралық ұйымдары, федерациялары құрылып, журналистік әдеп осы ұйымдардың бақылауындағы өзекті мәселелердің біріне айналды. Мұндай ұйымдардың негізгі міндеттерінің қатарында баспасөз бостандығы мен тәуелсіздігі, журналистік әдеп пен кәсібилік мәселелерінің қойылуы кездейсоқ емес. Өйткені, кәсіптік әдеп журналист шеберлігінің ажырамас бөлігі әрі айқын шарттарының бірі болып табылады.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Этика терминінің мәні мен мазмұны.
2. Аристотель іліміндегі этика мен адамгершілік ұғымы.
3. Ойшыл ғалымдардың этика және мораль терминдерінің тарихы жөніндегі теориялық пікірлері.
4. Әл-Фараби этикасының негізгі нысаны.

**1.2. Дәстүрлі әдеп
жүйесіндегі ұлттық
мәдениет**

Мәдениет – (араб тілінде «маданият» – қала деген мағынаны білдіреді) адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері (Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. 2005. 437 б.). Мәдениет – халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда қауым мен жеке адамның рухани ізденісі, даналығы мен адамгершілік нышандары жинақталады. Адамзаттың рухы мен келбеті, оның ерік бостандығы мен тарихи зейіні, діні мен тілі, мұраты – осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан.

Мәдениет дегеніміз – ол адамдардың тұлғалық қасиеттерінің көрінісі. Дәстүрлі әдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес болып келеді. Кез келген адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны әрі қарай дамытуы мәдениеттіліктің белгісі болып табылады.

Қазақ халқының тарихына көз жіберсек сонау Күлтегін, Білгеқаған, Тоныкөктен бастап жерін, елін, тілін, дінін қорғаудағы өшпес ерліктерге толы. Бесік жырынан басталатын ерлікке баулу дәстүрлері – түркі халқына тән негізгі ырымдар. Мәселен, Күлтегін жазбаларында: «Елтеріс қағанның алғырлығы, еліне деген сүйіспеншілігі Күлтегіннің қанына ана сүтімен сінді», – деген көне жазу бар.

Қазақтың дәстүрлі төл мәдениетінің қалыптасуы мен кемеліне келу уақыты Алтын Орданың ыдырауы мен Қазақ хандығының өмір сүрген кезеңдері, яғни, XV-XVIII ғғ. аралығын қамтиды. Бұл тұста қазақ халқы көшпенділікке негізделген материалдық мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын, рәміз-рәсімдерін, әдеп жүйесі мен жеті аталық үрдісін одан әрі дамыта отырып, өзіндік халықтық ерекшеліктерін қалыптастырды.

Ұлттық мәдениеттің іргетасын құрған ауызекі дәстүрдің халық арасындағы ірілі-кішілі сөз өнері жампоздарынсыз өркен жайып, дамуы тіптен мүмкін еместігі де шындық. Орта ғасырлар, одан да ерте кезеңдердегі рухани мәдениеттің жиынтық көрінісі, тұтас тарихи дәуірлерді қамтыған «Қыз Жібек», «Қобыланды», «Қамбар батыр» сияқты эпикалық мұралардың кейінгі замандарға жетуі де солардың ұлы азаматтық еңбегі екендігі даусыз. Қазақ халқында жақсы таралған тәрбиелік сипаттағы хикаяларда, дастандарда тілге ие болып, сөзді жүйелі сөйлеуді анық, әрі нұсқалы жеткізуді қатты ескертеді.

Қазақ ауыз әдебиетінің көптеген жанрларының ішінде, батырлар жыры мен ғашықтық жырларда шынайы махаббат, адам жан дүниесінің пәктігін, тазалығын, адамгершілігін және бас бостандығын аңсаған жастар, ескі әдет-ғұрып, салттан туған теңсіздік, қайғы-қасірет, күйініш суреттеледі. Әсіресе, адам бойындағы біреу үшін өзін құрбандыққа қия білу, жақынға достық көмек, кеңпейілділік, ақылдылық және әділдік сияқты қасиеттер ерекше жырланады. Мәселен, «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» жырында Қарадөң он бес жасқа келгенде Тоқсан баулы ноғайлының ханы жиналған топқа келіп былай деген екен:

«Қарадөңдей жас бала,
Дұшпанменен қас бала.
Сегіз жасқа келгенде,
Алысар жауын көздеді.
Өз қатарын іздеді,
Жаманға жүдә ермеді.
Жаманның бетін көрмеді,
Жаксылар сөз сөйлесе
Отырып сөз тындады
Жаманның ісін қылмады,
Жасы үлкенді сыйлады...», –

дейді (Ақсауыт, Батырлық дастандар. 1977. 74-75 бб.).

Халқымыз «жақсы» деген ұғымды адамгершілікке балайды. Өйткені, халық адамгершілігі мол адамды «жақсы адам» деген. Осы ретте «Болат-Жанат» дастанында кейіпкерлерінің әр түрлі қиыншылық, бөгеттерді жеңудегі шыдамдылығы, өмірге деген

күштарлығы, жақсылыққа деген сенімі, ақылдылығы, тапқырлығы таңғалдырып отырады. Болат пен Жанаттың әкесі Мақалбай саудагер жол жүрер алдында ұл-қызына мынадай өсиет айтады:

«Ұлым-қызым – шырыным,
Тілінен шықпа піріңнің.
Жасыңнан әдеп үйренсең,
Өркімнен озар ілімің...», –

дейді (Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. 1990. 19 б.). Бұл әдептілікке жетелейтін бата сөз екендігі даусыз.

Қазақ халқы ар-ожданды, абыройды қатты қастерлеген, оны адамгершіліктің туы етіп көтерген, сондықтан, жастарға бата бергенде: «Абыройлы бол!», «А, құдай абыройыңнан айырма!» – деп тілек білдіріп отырған. Ал, намыс – адамның ішкі сезімі, абыройды қорғайтын құралы. Намыс – адамның қадір-қасиетіне байланысты өте нәзік, өткір, күшті лап етпе сезім. Ол – адамды жаман әрекеттерден сақтайтын таза ұлы қасиет. «Құлқаныс – Зеберше» дастанында Құлқанысқа сырттай ғашық болып, қапа болғанда айтқаны мынау екен:

«Жаманға ұйқы – жолдас, тамақ – тамыр,
Көріп ем бір көргеннен сізді тәуір.
Ақиқат шыққанынша бір терең сыр,
Арбамен асықпаған қоян алар,
Құдайдың мың бір аты, бірі – сабыр.
Жаманға ұйқы жолдас басқадан да,
Ақылы өз басынан аспағанға.
Ойланбай қылған істің түбі ойран,
Сары алтын сабыр түбі саспағанға...», –

дейді (Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. 1990. 87-88 бб.).

Тарихи кезендердің жаңа дәуірі туғанымен ешқашан құнын жоймайтын моральдық-этикалық категорияларға: ар, ұят, намыс, абырой, ұждан, борыш, парыз, т.б. жатады. Оған қазақ халқының «Ақылды болсаң, арыңды сақта, ар-ұят керек әр уақытта», «Жігіттің құны жүз жылқы, ары – мың жылқы», «Ұят кімде болса, иман сонда», «Әдептілік, ар-ұят – адамдықтың белгісі», «Өз ұятын

білген кісі, бір кісіге төрелік береді», т.б. деген мақал-мәтелдері дәлел бола алады. Қазақтың ұлан-байтақ жері қай кезде де, қай кезеңде де ел мұңын, ел жырын жырлаған дарабоз ақындарға кенде болмаған. Сондай аса дарынды, маржан сөздің майын ағызған жыраулардың бірі Қабан ақынның:

Дүниеде ешбір қатер жуымайды,
Әркім ие боп жүрсе өз аузына.
Басына бәле адамның тілден болар,
Сол тілден ұрынады сөз дауына...
Ауызбірлік жоқ жерде
Қиянатты қият бар.
Ұяттың иман қабы дер,
Имандыда ұят бар, –

деген өлең жолдарында тек иманды жанда болатын ар-ұят сынды игі қасиеттің мәнін терең ашып береді (Қабан жырау, Алтын қазық. 1993. 11-12 бб.).

«Сөз тапқанға қолқа жоқ», – дейді халық даналығы. Сөз табу тілді сайратып қою емес. Сөз табу – ақылдың ісі. Қиыннан жол салып, тауды бұзып, тасты жарғандай сөз табу ақылдың байлығын ғана емес, сонымен қатар, ақылдың алғырлығын, тапқырлығын, тілдің шешендігін қажет етеді. Онсыз көп алдында сөз бастау, қиын жағдайда сөз табу оңай емес. Оның үстіне тапқыр ойлап, шешен, көркем сөйлеу – ойлаудың тереңдігі мен кеңдігіне, қиялдың шығармашылық қызметінің байлығына тәуелді. Мәселен, «Бай мен жалшыда»: «Бай жалшыны сынайын деп тақиясын алып, басын сипапты. Сөйтсе жалшы оған қарап тілін шығара қойыпты. Байдың басын сипағаны: «Басқа пәле неден?» деп сұраған екен. Оған жалшының тілін көрсеткені: «Басқа пәле тілден» дегені екен. Бай:

– Таппадың, жалшым, басқа пәле ағайын мен туыстан болады, – дейді. Жалшы өз сөзін дәлелдемек болып:

– Жок, байеке, өйтіп былшылдамаңыз, – деп қалады. Бұрын мұндай сөзді естімеген бай ашуланып, керегенің басында ілулі тұрған сегіз өрме бұзау тісті қамшысына қарай ұмтыла береді. Жалшы:

– Сабыр, сабыр, байеке, айтпап па едім «Басқа пәле тілден» деп, енді түсінген боларсыз, – дейді. Сөзден жеңілген бай белге

ұрған жыландай сылқ етіп отыра кетіпті» (Сөз тапқанға қолқа жоқ. 1988, 37 б.).

Қазақ мәдениетінде, руханиятында үлкен орын алатын халықтық мұраның бір саласы – шешендік өнер. Қазақтың шешендік өнері – сөз өнерінің басты бір саласы. Шешендік өнер – қазақ халқының ұлттық менталитетінің жоғалмайтын, өшпейтін, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса беретін бір қыры. Ол сөз өнерінің белгілі бір саласы болғанымен, онда халықтың дәстүрлі мәдениеті, байырғы дүниетанымы, эстетикалық көзқарасы, көркемдік ойлау жүйесі тұтас көрініс тапқан. Сондықтан да, қазақ шешендік өнерінде көрініс тапқан ойлар, ғибраттар, өмір құбылыстары жайлы терең мағыналы толғаныстар, негізінен, тыңдаушы жұрттың ақыл-ойын, сана-сезімін билеуге, сол арқылы олардың танымын кеңейтіп, білімін молайтуға қызмет етеді.

Шешендік өнер – адамның шығармашылық еңбегінің бір саласы. Шешендік өнер тиісті адамгершілік өлшемдерін, кісілік қасиеттерді әр қоғам мүшесінің біліп, өмірдің түрлі жағдайларында, тұрмыс-тіршілікте жүйелі түрде пайдалануын мақсат тұтады. Сонымен бірге, шешендік өнер үлгілері әр қоғам мүшесіне белгілі кісілікті бойына сіңіріп, күнделікті өмірде сол қасиеттерді бұлжытпай басшылыққа алып, іс-тәжірибеде қолдануды мақсат тұтатыны рас. Қазақтың дәстүрлі қоғамында батырдың да, бидің де өз орны болған. Әйтсе де хандардың да, батырлардың да, байлардың да кемшіліктерін, қателіктерін бетке айтып, міндерін көрсетіп, жолдан тайғандарын түзетіп, тура жолға салушы билер болған. Сондай асқан тапқырлығымен, биік парасатымен үш жүзге аты тұтас жеткен Төле биді көзінің тірісінде Бұқар сияқты ұлы жыраудың мадақтауы, Қаз дауысты Қазыбек, Әйтеке сынды алты алашқа қадірлі, жалпақ жұртты аузына қаратқан билердің аға тұтынуы тегін емес. Төленің атақ-абыройы әз Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғы» заңының ел ішінде таралуымен көтерілсе, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» кейін елге егін салдыру мәселесімен де асқақтаған.

Төле бидің парасаттылығын мына бір үзіндіден байқауымызға болады: «Кіші жүзде алшын Қаражігіт бидің ауылы қыстан жұтап, малы қырылып, қатты ашығыпты. Қаражігіт бұл нәубеттен құтылар шара бар ма екен деп баласын Төле биге жіберіпті. Сонда бар жағдайды егжей-тегжейлі сұраған Төле би:

– Балам, жай тоқтадың ба? – деді.

– Бағанағы бір сөзді біліп кетсем деп, соған қарап отырмын, – дейді бала.

– Пәлі, балам, сөздің қадіріне жететұғын бала екенсің, енді саған оның мәнісін айтайын: жігіт адамға бас кесір – еріншектік, ортаншы кесір – ұйқышыл болу, кенже кесір – кежірлік. Осы үш мінез бір адамда болса, ол адам өмірінде оңбайды», – депті. Қаражігіт би Төле бидің айтқан ақыл-кеңесіне дән риза болып, шын ықыласымен ел-жұртын еңбек етуге шақырыпты (Егемен Қазақстан. – 1997. – 24 желтоқсан. С. Дәуітұлы, Данышпан).

Кезінде сенімді серігі болған Қойгелді батырды Төле би мұны бір сынайыншы деп: «Қойгелдім, адам қайтсе адам болады?», – дейді. Сонда өзін сынап отырғанын сезген Қойгелді мүдірмейді: «Меніңше, Төке, дүниеге жоқтан бар болып келген соң адам баласы тәрбиемен адам болады. Тәртіпті, тәрбиелі бала жаманшылықтан аулақ жүреді. Ал, тәрбиесіз бала тәртіпсіздікке, жаман іске үйір келеді, соған бейімделеді. Бала тәрбиенің жоқтығынан бұзылады», – дейді (Төле би мен Қойгелді батыр. 1992. 10 б.).

Тағы бірде: – Ұятты қалай түсінесің? – деген сауалға Қойгелді батыр: «Меніңше ұят дегеніміз – сенім, тәрбие», – деп ұтымды жауап берген екен (Төле би мен Қойгелді батыр. 1992. 12 б.).

Қазақ шешендерінің кісілік кемелдік, адамгершілік тұрғы туралы ізденістері олардың өмір сүрген дәуірінің, заманының мәдени-элеуметтік, рухани болмысына, эстетикалық, этикалық тұрғысына сай жүзеге асқан. Бұл ізденістер өте күрделі әрі тұтас арнаға ұласып жататын нақты іс-әрекеттерден, кісінің мінез-құлқын белгілейтін өзекті қағидалар жүйесінен бастау алады.

Торайғыр бидің сөзінде де кісілік тағылым маңызды сипатымен ерекшеленеді:

Қара жерді жамандама –
Кіретұғын ініңді.
Қауым жұртты жамандама –
Көп табады мініңді.
Білгендерді жамандама –
Басшы болар піріңді.
Өзің білмесең,
Білгендерден үйрен,
Қырымнан іздеп барсаң да,
Жалғыз ауыз білімді.

Жамандау, даттау тағылымы асқан кісінің ісі емес. Ненің жақсы, ненің жаман екенін жете білмей тұрып, біреулерді немесе белгілі бір құбылыстарды жамандау – адамның кісілік негіздерінің жетіспеушілігінің көрінісі. Қара жерді, қауым жұртты, білгендерді жамандауға тыйым салу, одан сақтандырып отыру – шешендік сөздің, билер сөзінің басты тағылымдық міндеттерінің бірі. Бидің дана сөзі кісіліктің көзі білімде жатқанын, адамдық биік қасиеттер біліммен, ақыл-ой байлығымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді.

Қазақ халқының шешендік ойының, әсіресе, кісілік саласындағы эстетикалық көзқарастарының дамуына Бөлтірік шешеннің де еңбегі зор. Бөлтірік шешен – кісілік тағылым туралы ой толғаған өткен дәуірдегі қазақ шешендерінің ең ұлыларының бірі. Адамгершілік, кісілік оның шешендік өнерінің мағыналық өзегін құрып қана қоймайды, оның дүниетанымының, өмір құбылыстарын таныта түсетін бірден-бір асыл ізі болып табылады. Бөлтірік шешен «Орынсыз болса сөзің жау тартады», «Бәрінен де сол дұрыс», «Саңылауы жоқпен сабақтас болма», «Жаның жеті жаманнан аман болсын», «Өнерің мен өнегең азбасын», «Балаға ақыл» және басқа да сөздерінде адамды жаман әдеттен сақтандырып, жақсы әдетке талпындырып сөйлейді. Мысалы, «Бірде Бөлтіріктен қасындағы жас өнерпаздар сұрапты дейді: – «Ақ ата, тәнің мен жаның бірдей сау болсын деген сөзіңіздің мәнісі не?» деп. Сонда Бөлтірік айтқан екен:

– Тәні саудың бәрінің жаны сау бола бермейді. Тән мен жанның саулығы бірдей болуы – кісі бойында сирек кездесетін байлық. Кісінің жанын аздыратын дерттің түрі көп:

Күншілдік деген бар, содан сақтан,
Кекшілдік деген бар, содан сақтан,
Астамшылдық деген бар, одан алыс жүр,
Сараңдық деген бар, одан қалыс жүр,
Қараулық деген бар, одан таза бол,
Бәлекорлық деген бар, одан ада бол,
Ынсапсыздық деген бар, одан ада бол,
Жаның осы 7 жаманнан аман болсын.
(«Жолың жеті жаманнан аман болсын!») –

деген екен.

«Шешендік өнер, жалпы көркем де, бейнелі, нұскалы сөйлей білу Ұлы далада бағзы замандардан бері жоғары бағаланып, дәріптеліп келеді. Себебі, дүниетаным даналығына, ақыл-қасиетіне жоғары мән берген қазақ халқы үшін шешен сөйлеу, тауып айту – дүние сырларының кілтін ашатын бірден-бір құрал» (Б. Адамбаев, Халық даналығы. 1971. 79 б.).

Көкірек таза болмаса,
Көз тазасы не керек.
Ниетің таза болмаса,
Тіл тазасы не керек.

(Шешендік өнер. 1971. 84 б.). Шынында да, шешендік сөз кез келген нақтылы бір ойды айта отырып, сөзді айтушыға да, оны тыңдаушыға да биік талап қойған. Сөйлеушіден айтар ойдың, тұтас сөздің түйінін шебер сөйлеу арқылы тыңдаушыны да, пікіріне ойыстыру, көркем тіл арқылы өз ойына иландыру, сендіру, мойындатуды талап етеді. Мысалы, Жүсіп Баласағұн:

Біліп айтқан сөз білікті саналар,
Біліксіз сөз басынды жеп табалар.
Көп сөйлеме, аз айт бірер түйінін,
Бір сөзбен шеш тәмәм сөздің түйінін, –

дейтін жолдарда әдеп пен шешендік тілдің сабақтастығын көрсетеді (Ж. Баласағұн, Құтты білік. 1986. 170 б.). Сөздің жинақталып, көркемдік тұтастырылып, әдептің ой қорытынды ретіндегі көріну түрі шешендік сөз өнері болатындығы туралы байлам жасайды. Олай болса, шешендік сөз өнерінің әдептік мазмұны Жүсіп Баласағұнның сөзімен айтқанда: «Біліп айтқан сөз білікті саналар», – деген мақсатқа келіп тоғысады. Шешен тыңдаушысына: «Аталы сөзге арсыз ғана тоқтамайды», – дейтін талап қояды. Ақылды адамдар болса, сөзді аз сөйлеп, көп ойланғанды жақсы көреді. Олар жаратылысқа қарап, оған ойланып, терең пікір қылып, сонымен өздерінің жандарына қуат алуға құштар. Міне, бұл топтағы адамдар – сөздің қадірін әбден түсінгендер, ойдың тұңғиығына еркін бойлағандар. Нәпсінің азғыруына ермей, рухын өсіруге күш салғандықтан, олар жалған, бос, лепірме сөздерді сөйлегеннен гөрі пайдалы іс істеуге, мағыналы әрекет жасауға құштар:

Ақылды адам тәнді арытып, ой бағар,
 Жан семіртер, ой семіртер, ой бағар.
 Тән семіртер нәр ауыздан сінеді,
 Жан семіртер сөз құлақтан кіреді.

(Ж. Баласағұн, Құтты білік. 1986. 24 б.). Бұл жерде дұрыс сөйлей білу де ақылдылық екендігін аңғартып тұрған тәлімді ой жатыр.

Батыр, шешен, бай, би – бәрі де қазақтың байырғы қоғамының ірі тұлғалары. Батырлардың да ақыл-ой тәрбиесі туралы көзқарастары мен ойлары, негізінен, өмірдің ақиқат шындық оқиғаларынан туындайды. Мысалы, «Исатайдың Жәңгір ханға айтқаны»: «Алда келе жатқан Исатайға Жәңгір хан: – Қара тазыдай сыландап алға шыға бермей, қатарда жүрсең не етеді? – дейді. Сонда жарамсақ билердің шағыстырып келе жатқанын сезіп қалған Исатай:

– Алда сыландап келе жатқанда, артыңда қарғылы төбеттей сүмеңдеп төрт биің келе жатқанда, сені көктен құдай, жерден құмай алар деп қорқып келесің бе? – деген екен» (Сөз тапқанға қолқа жоқ. 1988. 37 б.).

Қазақ халқының моральдық-этикалық тәрбиесінің басқа халықтарға ұқсамайтын өзіне тән мән-мазмұны, ерекшеліктері бар. Біздің пайымдауымызша, моральдық-этикалық дәстүрлер дегеніміз – адамгершілік қатынас мазмұнында көрініс тапқан моральдық ережелер мен нормалар. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында осындай халықтық әдеп, шынайы шындық мәселелері кеңінен орын алған. Мәселен, Қарашоқыға жазықсыз жаламен Қодар мен Қамқаны өлтіруге алып келгенде, ашынған Қодар зор дауыспен барынша:

– Ақ-қарамды тексермедің бе, өңшең қан жұтқан, қара бет?! – деп, қанталаған көзімен Құнанбайға бұрылып, атып жіберердей қарағанын білеміз (М. Әуезов, Абай жолы. 2003. 36 б.). Немесе: «Баласы атқа қонып, жүруге ыңғайланып, тізесін қымтай бергенде Ұлжан өзінің үлкен ақ саусақтарын жирен аттың жалына салды. Бір нәрсе айтатын сияқты. Абай осыны аңғарып, анасының жүзіне қарағанда, Ұлжан бұған біраз көз салып тұрып:

– Балам, үлкендер бірде тату, бірде араз бола беретін. «Күндестің күлі күндес» дегенді сен білмей-ақ қой. Бөжекенді

көрген жерде сәлемінді түзу бер. Бір кезде жақсы жақының еді. Кім тентек, кім мақұл? Қайдан білдің? Әкең дұшпан десе, сен әділ бол! Жамандыққа кім табылмайды дейсің, жанашырдан айырылма!» – деген екен (М. Әуезов, 2003, 96 б.). Осы бір үзіндінің астарынан адамдыққа, ізгілікке, кешірімшілдікке үндейтін халықтық тәрбиенің үлкен бір ізі жатқанын аңғаруға болады.

Адамгершілік – адамның рухани арқауы. Адамға қойылатын басты талап – асыл да ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіріп, ұлағатты азамат болу. Өйткені, адам – адамгершілігімен, қайырымдылығымен, адалдығымен және әділеттігімен ардақты. Әдептілік, сыпайылық, ізеттілік деген сөздердің түп мағынасы бір, ол – адамгершілік. Яғни, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, шыншыл және әділетті болу, адамның көпшілік алдында өзін-өзі ұстай білуі десек, «Абай жолы» романында біз Абай бойынан дәл осындай игі қасиеттерді көптеп кезіктіреміз. Мәселен, «Абай тоқтаған қалпында бойын тез жиып, аттылардың алдында жұмысы бар кісідей көлденеңдеп кеп, тосып тұрды. Аттылар мұның қозғалысын оқыс көрді ме немесе таныды ма, аттарын баяу бастыра бастап еді, жақындап, тұстас келді.

Сол уақытта Абай үлкен ықылас білдіріп, айрықша тағзыммен төсін басып, қатты дауыстап:

– Ассалаумағалайкүм! – деп сәлем берді.

Абай көптен бері ешкімге бүйтіп сәлем беріп көрген жоқ.

Қарқаралыға келгелі Бөжейдің көрінгені осы. Шешесінің жүрердегі сөз есіне түсті ме, болмаса қазіргі көңіл күйіне сай келді ме?.. Қалайша бүйтіп әдеп шығарғанын Абайдың өзі де байқамай қалған-ды.

Өзге қазақтан бөлек, мына сияқты, бір алуан сыпайылыққа Бөжей оң назарын салды білем... атының басын тежей беріп:

– Уағалайкүмәссәләм, балам!.. – деп тоқырай қалды (М. Әуезов, 2003. 112 б.). Тағы бір мысал: «Ендеше сізбен қалай араздасқанын мен өз әкемнен ғана біліп қойсам, мына Әділбек пен Асылбек ағам сізден ғана ұғынып қойса не болады? Анық шынға жете алмай, сыңаржақ кетеміз ғой. Бірден адасамыз. Екіншіден, бала мен бала, мына біздер, сырттан қырбай, сырттан шалғай кетісеміз ғой. Сіз маған, менің әкем бұл кісілерге айтып отырса таразының басы тең баспас па еді?

Сүйіндік те, үй іші де Абайдың мына дәлелдерін дұрыс көрді (М. Әуезов, 2003. 143 б.). Демек, жазушы М. Әуезовтің «Абай жолы» романы арқылы сол дәуірдің өзіндік қайшылықтарымен біте қайнасып жататын адамгершілік қасиеттің ең жоғарғы сатысын Абай бейнесі арқылы көре аламыз.

Кезінде Сүйінбай ақын өлеңдерінде де дүние қуған пендешілікі, кісіліктің парқын малмен өлшейтін бейшаралық, кедей сорлының жалғыздықтан көрген жаутаңкөздігі, даңқ кеуде, жер дауын, жесір дауын қоздырып, арасынан пара алып, ел көзіне көсемсіп көрінетін екіжүзді билер мен зорлықшыл бектер қатар сыналды. Мәселен, ақын «Әділеттік орнаса...» атты өлеңінде:

Жау басынар халықты,
Басқарушы оңбаса.
Малша айдап адамды,
Орынсыз күштеп зорласа.
Ауға түскен балықтай,
Шыға алмассың бұлқынып,
Әділетшің болмаса.
Күннің көзін жасырар,
Аспанды бұлт торласа,
Елдің бағы ашылар,
Әділеттік орнаса, –

деп орынды жырлайды (С. Аронұлы, Ақиық. 1976. 33 б.).

«Сөз асылы сөзде болады», – деп нақыл сөз қалдырған Сүйінбай ақын «Жақсы менен жаманның айырмасы» атты өлеңінде:

Жақсының сөзін әркім пайдаланар,
Миуалы алма-өріктің ағашындай.
Жаманның көкірегі көр, көзі соқыр,
Жүрер жолдан талтүсте адасып-ай! –

дейді (С. Аронұлы, Ақиық. 1976. 43 б.). Бұдан жақсылық пен жамандық адамның іс-әрекеті арқылы өлшенетіндігін, ондай әрекеттерден моральдық қасиеттер туындап, адамгершіліктің не екенін жақсы түсінетіндігін аңғаруымызға болады. Адамның бақыт жолына жетуі – қоғам мен өзінің арасындағы байланысты жақсы деңгейге жеткізіп, өзінің орнын түгелдей табуы. Осы тұста

Шәкәрім: «Демек, адамгершілік ілімін түгел игеріп, өзінің мінез-құлқын соған сай өзгерткен кезде адам бақыт жолына жетеді», – деп өте орынды пікір білдіреді (Шәкәрім, Иманым. 2000. 150 б.). Адамгершілік халықтың әдет-ғұрыптарымен, дағдылы дәстүрлерімен тығыз байланысты. Ал, мораль – адамның ішкі сенімділігі, рухани куәландырылуы.

Әділ билік айту үшін бидің әлеуметтік белсенділігі мен құқықтық турашылдығы, сөзінің ақтығы аса маңызды. Ел-жұртқа бірдей тәртіп, әдеп пен әдет, заң өлшемдеріне қайшы келген әрбір іс-әрекетке қарсы шығып, мұндай әрекет иесін шешендік белгілі сөз арқылы жедел жауапқа тартып, айыпқа жығу, сөйтіп әділдіктің салтанат құратынына халықтың көзін жеткізу нәтижесінде ғана бидің әлеуметтік белсенділігі нақты түрде көрініс таба алады. «Тура биде туған жоқ, турасыз биде иман жоқ» деген қанатты сөз тура билік жасаудың ел үшін маңызы мен мәнін танытумен бірге тура бидің азаматтық, қоғамдық келбетін де анық сипаттайды. Тура билік айтушы бидің ұлттық салт-сана, халықтың адамгершілік түпкі нысанасы саласындағы көл-көсір білімі, азаматтық-құқықтық биік тұрғысы ерекше маңызды. Терең білім, азаматтық биік тұрғы, берік сенім, шешендік шеберлік бидің билік шешімінде оның халық, ел алдындағы жауапкершілік сезімімен тікелей байланысты. Осындай жағдайда ғана бидің билік сөзінің мазмұны мен көркемдік мәні жоғары сапаға иеленеді.

Егемендікке қол жеткізгеннен соң тәуелсіз мемлекеттер өздерінің ұлттық ой-сана, салт-дәстүрлерімен қоса, жалпы мәдени, рухани дүниелеріне зер сала бастады. Қазіргі кезде ұлттық және жалпы адамзаттық рухани байлықтарды тиімді үйлестіру, жаңа жағдайда сабақтастыра жүйелеу қажеттілігі туып отыр. Мұның өзі өркениеттіліктің тіке жолына түсуге мүмкіндік берумен қатар, біздің қоғамдық-әлеуметтік және рухани өміріміздегі ерекшеліктерді игеруге жағдай жасайды. Осы тұста белгілі тарихшы Л. Гумилевтің: «Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір қозқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес», – деген пікірін қолдауымызға әбден болады.

Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н. Назарбаев мемлекеттік идеология мәселесін ұдайы есте ұстауымызды ескере келе былай деп жаза-

ды: «Бес арыстарымызға арналған тарихи зерде кешенінде мен Қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеуге көңіл бөлген едім. Қазақстанда тұратын әрбір адам осы елдің перзенті ретінде сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...». Әрбір мәдениетті, білімді адам өзінің кәсіптік, дүниетанымдық деңгейін ұлттық мәдениетпен ұштастыра білуге міндетті. Мәдениетті болу үшін – білімді болу міндет. Білімді болғанмен ұлттық мәдениетті игермеген болса, ондай тұлға ұлт алдында мәңгірт, мәдениетсіз болып көрінеді де, халықтың наразылығына ұшырайды. Мұрагерлік әдеп сақталған жерде дамыған дарынның мәдени жемістері көрінеді. Сан ғасырлар бойы қазақты қазақ қылып әлемге танытқан, адамзат қауымының өзге халықтарынан ерекшелеп, “Қазақ халқы” деген киелі атауды иелендірген, ұлттың тек өзіне ғана тән қасиеттеріне, рухани құндылықтарына оралу, басқаша айтқанда, қазақ халқының ұлттық дәстүрін, ұлттық мәдениетін, ұлттық санасын қалпына келтіру қажет.

Жалпы, адамзаттың өркениет қазынасына өз үлестерін қосқан халықтардың мәдени және ғылыми мұраларын зерттеу ғасырлар тереңінде өздерінің ізгі ойларын ұсынған ұлы адамдардың есімдерін ғана емес, әр ұлттың өзіне тән бай мәдениетін де көрсетеді. Басқа әлем халықтары сияқты қазақтар да – бай, дамыған мәдени, философиялық ойлары бар халық. Мұндай зерделі халықтың әлемдік мәдениеттен тыс қалуы қиянат. Біздің мақтануға боларлық өзгеге жарқыратып көрсете аларлық рухани қазынамыз, ата-баба қалдырған өткеніміз бар.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Ұлттық мәдениеттің бастау көзі.
2. Халқымызда жақсы таралған тәрбиелік сипаттағы хикая-дастандардағы сөзді жүйелі жеткізу тәртібі.
3. Шешендік өнердегі тапқыр ойлар мен ғибраттардың терең тәрбиелік мағыналары.
4. Би-шешен, акын-жыраулар шығармаларында қазақ этикасы элементтерінің көрініс табу сипаты.

1.3. «Әдептілік – әдемілік» немесе қазақы әдептің дәстүрлі негіздері

Қазақы әдептіліктің негізгі көзі, әлбетте, халықтың нақ өзі. Өйткені, қазақ халқы жарқын көңілмен өзінің әдептілік қағидалары мен қарым-қатынас ережелерін өмірге әкеліп отырған. Халықтың үлкенді құрметтеп, кішіні сыйлайтын қайырымдылық қасиеттері рухани өміршендік әдептіліктің бір көрінісі деуімізге болады. Қазақ халқының әдептілік көзінің бірі – ислам діні. Өйткені, исламдық көзқарас пен қазақы тіршілік бір-біріне өте сай келеді. Халықтың баға жетпес әдептілік қағидалары ислам дініндегі хадистермен үндес келіп отырады. Мәселен, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде адамның іс-әрекеті хақында: «Адамның бетіне бажырая қарама, айдын көлдей таза болсаң, ақ тілегің қаза болмас, адал адам биязы мінез танытар», – деген тәрбиелік мәндегі ұғым бар. Бұл ұғымда халқымыздың тыйым сөздерімен байланысып жатқан тәрбиелік астары бар дүние жатқандығын байқауымызға болады. Өйткені, қазақта басқа да халықтар сияқты жүздеген тыю заңдары бар. Мәселен, нанды теппе, тұзды баспа, жасы үлкеннің алдын кеспе, малды басқа ұрма, бос бесікті тербетпе, үйде отырып ысқырма т.с.с.тыю заңдылықтары мәдениетімізді, инабаттылығымызды сақтауға қызмет етеді.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) тағы бір хадисінде: «Аллаһ тағалаға қарсы болудан сақтаныңыз, балаларыңызға әділдік көрсетіп түсіндіріңіз», – деген (Ислам әлемі. – №6. – 2003. Баланы жас-тан...). Сондай-ақ, «Нәби (с.ғ.с.): «Қиямет күні таразыда көркем мінезден ауыр нәрсе болмайды», – деді. Хадисті Әбу Дарда (р.а.) риуаят етті. Расулуллаһқа (с.ғ.с.) біреу жамандық істесе, Ол (с.ғ.с.) кек алудың орнына ол адамды кешіріп, Аллаһ тағаладан оны дұрыс жолға бастауын тілеп, жақсылық сұрайтын.

Әдепті адамдар – қоғамның баға жетпес байлығы әрі мәртебесі. Қай қоғамда да әдеп жолға қойылса, сол қоғамның абыройы – жоғары. Егер қоғамда әдепсіздік етек алса, жақсылық атаулының сағы сынады. Әдептілік адамның өзімен бірге өсіп, жетіледі, оған айналасындағы адамдар, қоғам, отбасы, мектеп әсер етеді. Сондықтан, адамның әдептілігі оның адамдар арасындағы жүріс-тұрысынан, басқалармен қарым-қатынасынан көрінеді. Әдептілік сенімдері мен өлшемдері кісіліктің шарапатты негіздері, рухани ұйытқысы әрі мәйегі болып табылады.

Жазушы Әбіш Кекілбаев: «Жалпақ әлемді аузыңа қарату үшін ерлік керек, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек», – деп жазады. Мұның мәнісі – рухани ерлігіміз өрлене түссін деген тілеу, сол биіктерге шақыру. Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам қамын ойлау. Ойлы, пайымды, қабілетті азамат етіп өсіруде халықтық салт-дәстүрлердің тәлім-тәрбиелік, білім, танымдық рөлі зор.

Дәстүр (латынша, tradition – жалғастыру) – тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп және белгілі бір уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, үрдістер, жөн-жоралғылар, мейрамдар т.б. Адам қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар дәстүрді құрайды.

Тамырын тереңге жайып, біте қайнасқан халықтық салт-дәстүр ғана мәңгі жасай бермек. Ол әр кезеңнің ыңғайына қарай өзгеріп, көркемдік пішіні жаңарып отырады. Кезінде сыншы В.Г. Белинский: «Әдет-ғұрып өзінің көнелілігімен бекиды, бірақ оған әркез уақыт сәулесі түсіп отырады. Ол ата-бабамыздан қалған мұра есебінде буыннан-буынға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді. Әдет-ғұрып халықтың бітім тұлғасын жасайды, топтастырады, онсыз халық бет-пішінсіз соғылған мүсін тәрізді», – деп орынды атап өтеді.

Дәстүрсіз халық жоқ. Ол тарихи негізінде қалыптасып, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, жалпыға бірдей тәртіп, әдеп-инабат нормасы болып табылады. Дәстүр өзінің негізі мен қалыптасуы, өмір сүруі жағынан барынша ұлттық сипатта болады, әрбір халық жалпы адамзат мәдениетіне сонысымен үлес қосады. Сондықтан да, дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып – жалпының ортақ игіліктері болып табылады.

Үлкен-кішінің болсын әдеп сақтауы – халықтық тәлімнің аса үлгілі, тәрбие ісіндегі қалыптасқан заңы, жолы бар ерекше қасиетті тәлімдік дәстүрі. Ұлтымыздың үлкеннің кіші алдындағы, кішінің үлкен алдындағы әдеп сақтаудың тамаша үлгілері өте көп. Мысалы, үлкеннің жолын кеспеу, бұрын сөйлемеу, келінге сыпайы

сөйлеу, ата алдындағы иба, халық ортасындағы инабат, мешіт ішіндегі әдептілік, сәлем беру, сәлем алу жолы тағы сол сияқты адамгершілік, сыйлау – халқымыздың ертеден келе жатқан әдеті-ғұрпы. Бұлардың бәрі жасына қарамастан тәртіп, тәрбие жолына үздіксіз әрі үзіліссіз қызмет етіп келеді. Әдептілік – әр адамның бет-бейнесі, өзін-өзі таныту жолындағы үлгісі, игі қасиеті.

«Сәлем түзелмей, әлем түзелмейді», – дегендей, адамның әдептілігі сәлемінен-ақ көрініс табады. Адам баласының рухани тарихында қолы жеткен зор игілігі – сәлемдесу. Қазақ дәстүрінде таныс, бейтаныстығына қарамай, жасы кішінің үлкенге бірінші болып сәлем беруі – міндет. Сәлемдесудің түп негізі – жылы шырай, кішіпейілділік екенін, оған үлкендердің де лайықты жауап қатып, ықылас-пейіл көрсетуі жарастық нышаны болатынын ұмытпаған жөн. Сәлемді селқос қабылдау, қолының ұшын ғана беріп, кекірею, жақтырмаған кейіп таныту – инабатсыздық, тәкаппарлық белгісі. Сәлемдесудің әдеп ретіндегі ең басты шарты – шырай. Онда сәлем беруші мен сәлем алушының қас-қабақ, бет-жүз құбылысы, даусы маңызды қызмет атқарады. Қабағы түнеріп, жүзін суытып немесе сүйкімсіз тыржитып, естілер-естілмес етіп ернін жыбырлата салу шынайы сәлемдесуге еш жатпайды. Өйткені, мұның бәрі адамның өзіне емес, өзгеге бағытталған. Сәлем алушы үшін бұл маңызды. Осы қағидалардың барлығы журналист әдебінің бастауы деп есептейміз.

Қазақтар амандасқанда: «Мал-жан аман ба?» – дейтіні бәрімізге белгілі. Ал орыс халқы: «Как здоровье?» – десе, ежелгі гректер бір-бірін көргенде: «Шаттан!» дейтін көрінеді. Ал, бүгінгі гректер: «Аман бол!» десе, арабтар: «Тыныштық болсын!» қытайлар амандасқанда: «Сен тамақтандың ба?» десе, қоштасқанда: «Сау болыңыз!» дейді екен. Американдықтар сөйлесіп тұрғанда үнемі күлімсіреп тұрса, жапондықтар ешқашан адамның көзіне тіке қарамайды екен.

Этикет ұғымы сонау Египет заманында пайда болған. Этикет – қоғамдағы жоғары лауазымды адамдардың мінез-құлқын зерттейтін ғылым. 1204 жылы испандық жазушы Петроус Альфонсидың «Мінез-құлық әдебінің ережелері туралы», «О правилах поведения» атты кітабы жарық көрді. Бұл алғашқы Азаматтық этикет туралы ескерткіш болып табылады. Ал, «Сая-

си және дипломатиялық» этикет 1278 жылы египет фараоны Рамзес Екінші мен Хет патшасы Хаттуашил Үшінші арасындағы бейбітшілік туралы күміс таспаға жазысқан хаттарынан пайда болған» (Энциклопедия этикета. 2003. 9 б.).

XIV ғасырда Италия мемлекеті нағыз этикеті дамыған мемлекет болып табылды. Артынша бұл қатарға Франция, Германия, Ұлыбритания мемлекеттері де қосылды. Франция этикетінің дамуына король Людовигтің ықпалы өте зор болды. Осындай дипломатиялық этикеттен кейін барып қана өзге де түрлі этикеттер пайда бола бастады. Мәселен, 1716 жылы Гамбургте Менантестің «Беделді және лауазымды адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасау жолдары» атты кітабы жарық көрді.

Ежелгі Египет, Рим жазбаларында, Гомердің «Одиссейінде» өмірдің түрлі жағдайларындағы адамдардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы жайындағы ережелер айтылған. Сол замандағы халық ішіндегі бай мен кедей, патша мен құл, үлкен мен кіші, ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастың қатаң сақталғаны белгілі. Ежелгі Скандинавияның әдебиетшілері үстел басында қалай отырып, қалай сөйлесу әдебі жайында «Эдде» шығармасын жазған. Рим ақыны Овидийдің «Өнерді бағалау» атты шығармасы мәдениеттілікке арналған.

16 ғасырда Германияда балалардың мінез-құлқына арналған ережелер шықты. Онда балалар қонаққа барғанда қолды міндетті түрде жуу керектігі, алдына қойылған қасық, пышақпен ойнамау, итті қонаққа ертпеу т.с.с. тәртіпке шақыратын ережелер жазылды. Осыдан келіп, жанұялық этикет, күнделікті этикет (сәлемдесу, танысу, қоштасу т.с.с.) түрлері пайда болды.

Психолог мамандардың пікіріне сүйенер болсақ, «есі жаңа кіріп келе жатқан балаға барынша әділетті болу, ретсіз жекіп, жерлемеу керек. Және атыс-шабыс пен ұрыс-керіске толы бейнефильмдерді көруіне жол бермеуіміз керек. Жаман сөздерді баланың құлағына үйретпеуіміз тиіс. Сондай-ақ, баланы алдап тәрбиелеуге дінімізде тыйым салынған. Себебі, көп алдағаннан бала бойында қоршаған ортаға деген сенімсіздік пайда болады. Сенім болмаған жерде мейірімділіктің калыптасуы өте қиын.

Әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту әдісі

деген сөз», – деп ақыл-парасат пен тәрбиенің рөлі туралы айта келіп, тәрбиесіз дағды, дағдысыз тәрбие болмайтынын ескертеді. Тәрбиесіз дағды болмайды дейтін себебі, мысалы, жас нәрестені алғашқы күннен бастап-ақ ізгілікті істерге бағыттап, тәрбиелесе ғана, оның бойына сол істер дағды ретінде қалыптасады. Сол сияқты дағдысыз тәрбие болмайды дейтіні, тәрбиенің нәтижесінде қол жеткен қайырымды іс-әрекеттерді, мінез-құлықты дағды арқылы тұрақты күйге айналдырып отырмайынша, адам ізгілікті бола алмайды. Сондықтан да, бүгінде кейбір жастардың мінез-құлқы, іс-әрекеті заман талабынан шыға бермейді.

Латвияның 1995 жылы қабылдаған «Телерадиохабар туралы» Заңының 18-бабында: «Сағат 7-ден 22-ге дейін зорлық, қан шығатын және қорқынышты көріністерді, сонымен бірге, есірткілер пайдаланатын көріністерді көрсетуге тыйым салынады. Хабарлардың мәтіндерінде дөрекі және әдепсіз сөздер айтылмауы керек. Сонымен бірге, сексуалды іс-әрекетке апаратын көріністер болмауы керек. Егер де техникалық блоктау құралдары қолданылатын болса, онда бұл шектеулердің кабельді телеарналарға қатынасы болмайды», – деп жазылған (www.internews.kz).

Грузияда осындай тыйым телеарналарға сағат 7-ден 24-ке дейін салынған. Ондағы мақсат, 18-ге толмаған грузин азаматтарын олардың көруі мен естуіне арналмаған қандай да болмасын хабарлар мен фильмдерден сақтау (www.internews.kz). Ал, Украинада 2003 жылы қабылданған «Қоғамдық моральды сақтау жөнінде» Заң бар. Оның өнімдерді шығару және таратуға тыйым салу жөніндегі 2-бабында: «Ұлттық және діни құндылықтарды жоюды, бүлдіруді, қадірлемеуді насихаттайтын, адамдарды кемітетін, мүгедек және қартайған адамдарға қиянат жасалатын, нашақорлық, токсикомания, алкогольизм, темекі шегу және басқа да жағымсыз қылықтарды насихаттайтын көріністер мен хабарларды көрсетуге тыйым салынады», – деп жазылған (www.internews.kz).

Ұлы Абайдың: «Осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлертірілерімізді білмей, күретамырымызды адырайтып кетеміз», – деген сөзі бүгінгі өмірдің айнадағы кескініндей ап-айқын. Ғасыр бойы әдеп, таным, тәрбие академиясында болған Абай тәлімі бүгінгі күні

кісіліктің киелі кітабындай. «Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады. Һәм қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмейді, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Һәм ұялғандары ұялмас нәрседен ұялады. Ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтық әсері», – деп ескертеді (26-қара сөз).

Бүгінгі жастардың бір сыпырасы жанын кинамай, қамсыз өмір сүріп, ырду-дырдумен уақыт өткізуді мұрат санайды. Бірақ олар қатты қателеседі, өйткені, еңбексіз келген ондай «бақыт» баянды болмайды, ол көп ұзамай, опық жегізеді. Ең жаманы, Абай атамыз айтқандай, адамды аздырады. Бұл тұрғыдан алғанда, еңбек адамның жан дүниесін жаңғыртып, ой-қиялына қанат бітіретін бірден-бір күш екенін көреміз. «Еріншек, жалқаулықпен өмір кешкен адамдардың көп жасағаны болған емес». Бұл сөздердің этикалық терең мағынасына шүбә келтіруге болмас.

Шығыс елдерінде де балаларды медиазорлықтың теріс әсерінен қорғау үшін көптеген іс-шаралар қарастырылған. Мысалы, Жапонияда «Өнегелік туралы кеңес» жұмыс жасайды. Кеңес елдегі барлық телеарналардың жұмысына талдау жасап отырады. Егер де, қандай да болмасын бір арна балалар көретін уақытта олар көруге болмайтын фильм немесе бір көрініс көрсететін болса, онда ол арнаға көп мөлшерде айып салынып, ойсырау жағдайына түседі. Жапондықтар тіпті ұялы телефондарды да қолға ала бастады. Мобильдік сайттарды мұқият зерттеу нәтижесінде олар зорлықты насихаттайтын, немесе порнографиялық мазмұны бар ерекше ресурстар тобын айқындады. Жапонияның байланыс министрлігі, өз тарапынан, порнография және басқа да қажетсіз акпараттардың түсуінен балалар мен жасөспірімдерді қорғау үшін, олардың телефондарын блоктау жүйесін жасаумен шұғылдана бастады. Грек философы Демокрит: «Заң қолданып, мәжбүрлеп тәрбиелеген адамнан санасын сеніммен, дәлелмен тәрбиелеген адамның артықшылығы басым», – деген.

Эстетика сөзі біздің күнделікті қолданып, көзбен көріп, қолмен ұстап жүрген заттың бірі. Мысалы, киім эстетикасы, қойылым эстетикасы, фильм эстетикасы, т.б. Эстетика өнердің философиялық ғылымы болып табылады. Эстетика ғылымының пайда болуы көптеген сатылардан өтті. Бұл ғылым тұрмыстық және де кәсіби деңгейде де қолданыла береді. Бұл құбылысқа алғаш назар аударған

неміс ағартушысы А. Баумгартен болып табылады. Ол 18 ғасырда «Эстетика» сөзін грек сөзінен *aestheticos* – сезімтал, сезімталдық қабілет мағынасына айналдырып, ғылымға енгізді.

Белгілі ойшыл Гете: «Адамның әдеті – өз портретінің айнасы», – деп дәл айтқан. Адамның жүріс-тұрысы оның қандай жан екендігін аңғартады. Зиялылық – ішкі мәдениеттің сыртқы көрінісі. Оның ішінде этика да, мәдениет те, тәрбие де кіреді. Олардың кәсіби, рухани ізденістерінің төрешісі халық болуы керек. Менің төрешім халық деп түсінетін болса, ол өзінің еңбегін халыққа арнайды. Қай салада болсын, таланттар көп, кәсіби білікті мамандар аз. Оған эстетикалық такт, эстетикалық талғам және шеберлік керек. Такт – тәрбиелік норма. Эстетикалық талғам – адамның зердесі. Шеберлік – кәсіби деңгей. Осы үшеуі үйлессе, бір адамның ішінде, онда оны зиялы деп айтатын боламыз.

Адамның жеке тұлға ретіндегі мінез-құлқының қалыптасуы, өзін-өзі басқаруы, табанынан тік басып, мығым тұра білуі іс-қимыл шеберлігі мен игілікті еңбегіне байланысты. Ерікті еңбек адамның шығармашылық мүмкіндігіне кең өріс ашып, оны жүзеге асыруға жігерлендіреді. Адамға әсіресе, қоғамдық еңбектің игі әсері зор. Себебі, оның әдептілік, инабат-парасаттылық, тәрбиелік ықпалы орасан. Қоғамда еңбек әлеуметтік сипатта бола отырып, топтық және жекелік іс-қимылдар түрінде көрініс береді. Сол арқылы қоғамдық мұратты іске асырудың бірден-бір тәсілі, жеке адамның өзін-өзі көрсете білуінің, өмірден өз орнын табуының жолы болып табылады. Журналистің ізденіп, еңбектенуі өзіне ғана емес, халыққа да әсерін тигізері анық. Ал, жақсы журналист болу үшін, ең алдымен, адамгершілік қасиетінің жоғары болуы тиіс. «Ағашты миуасынан, адамды қылығынан таниды», – демекші, адамның адамдық болмысы, кісілік тұрпаты мен парасаты мінез-құлқынан, әдептілік-инабаттылығынан көрініс береді.

Этиканың талаптары айқын көрінетін тұстары журналист пен аудитория, журналист пен ақпарат көздері, журналист пен шығарма кейіпкері, журналист пен автор, журналист пен редактор, журналист пен редакция ұжымы, журналист пен жұмыстағы қызметтестері арасында болмақ. Алғашқы үшеуі журналистің әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерімен байланысты немесе кәсіби

этикамен, қалғаны – кәсіби ортадағы жүріс-тұрысымен, журналистің қызметтегі этикасымен тікелей байланысты.

Журналист моралі – шынайы ақпаратты тауып алу құқығын шектеп, кедергі келтіріп отырған жөнсіздікке қарсы кәсіби топтардың берген жауабы іспетті пайда болған дүние. Жалпы, кәсіби моральді белгілі топтарға қатысты қарастырған дұрыс. Кәсіби мораль – еңбек етуші әр қызметкердің жұмыс істеу барысында өз-өзін ұстауы. Яғни, белгілі бір іс-әрекеттен пайда болады. Оның қызметі – кәсіби топ мүшелерінің өз-өздерін ұстау арқылы еңбектің жақсы көрсеткіштерін көрсетіп, қоғамдағы өз орнын ақтай білу. Еңбек пен кәсіби моральдің арасында айырмашылық бар. Еңбек моралі қоғамға қызмет етсе, кәсіби мораль кәсіби топ пен қоғамға қызмет етеді. Ал, норма кәсіби моральдің, мінез-құлықтың, ар-ұжданның қоғамға қажетті, ортақ әрі әдеттегі нұсқаларды анықтап, мойындалмаған әрекеттерге тыйым салу секілді негізінен сүзгіштің рөлін атқарады.

Кәсіби және жалпы мораль арасындағы өзара байланыстан «кәсіби борыш», «кәсіби жауапкершілік», «кәсіби ар-ұят», «кәсіби міндет» т.б. қосымша мағыналар пайда болды. Кәсіптік міндет – журналистің іс-әрекетіндегі кәсіби тәрбиелік қарым-қатынас міндеті. Кәсіби тәрбиелік қарым-қатынаста «кәсіби жауапкершілік» пен «кәсіби ар-ұят» тығыз байланысты. Журналистің ар-ұяты өзімен бірге өсіп-өнеді, нәтижесінде іс-әрекетінің өлшемін көрсетеді. Егер де журналист тәрбиелік, этикалық заңдылықтарды бұзып, оған қайшы келетін іс-әрекет жасаса, ар-ұятының деңгейі өздігінен айқындала түседі.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Дәстүрлі ұлттық құндылықтардың дамуы мен қалыптасуына негіз болатын салдарлар.
2. Этикет ұғымына анықтама.
3. Ұлттық тәрбиеге негізделген хадистердің мәні мен мазмұны.
4. Эстетикалық талғам мен таным.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

2.1. Журналистік этиканың құқықтық негіздері

Алғашқы кезде құқықтық ілімдер адамдардың мифтік көзқарастары негізінде пайда болды. Адамдардың қоғам мен табиғаттағы орны туралы мәселе ежелгі Шығыс және Батыс халықтарында, египеттіктерде, үндістерде, вавилондықтарда, гректерде, қытайларда, римдіктерде және т.б. халықтардың мифтік аңыздарында көрініс табады.

Хаммурапи бірінші – Вавилон әулетінің алтыншы патшасы (б.з.д. 1792-1750 жж.). Хаммурапи заңдары жазылған биік базалы бағана 1901-1902 жылдары француздың археологиялық экспедициясының Сузы қаласын қазу кезінде табылды (Алексеев С, Философия права. 1997. 54 б.). Әділдіктің қорғаушысы ретінде баяндалған бұл заң еркін адамдар мен құлдардың құқықтық жағдайын заң жүзінде бекітеді.

Ежелгі Үндістандағы құқықтық ілім мифтік және діни көзқарастар түрінде қалыптасты. Брахманизм идеяларының алғашқы көріністері б.э.д. екі мыңдаған жылдықтағы «Веда» ескерткіштерінде кездеседі. «Веда» – «білім, кіріспе» (санскрит тілінде) деген ұғымды білдіреді.

Қытай тарихында конфуцизм ілімі маңызды рөл атқарады. Оның негізін қалаған б.э.д. 551-479 жылдары өмір сүрген Қытай ойшылы Конфуций болды. Конфуцийдің этикалық-құқықтық және мінез-құлық нормалары мен міндеттері адам өмірінің барлық жағын қамтыған. Бұған дәстүр ережелері (ли), ата-аналар мен үлкендерге құрмет (сяо), адамдық қасиет (жэнь), адамдар қамқорлығы (шу), билеушіге адалдық (чжун), парыз (и) және т.б. жатады. Конфуций ілімінде: «Қайырымды адамның» негізгі сипаттары деп мына қағидаларды көрсетеді: «Жэнь» (адамгершілік)– адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста этикалық мінез-

құлық нормаларын сақтау: «Өзіңе тілемегенді өзгелерге жасама»; «Сяо» (баланың құрметі) – үлкен және кішінің арасындағы қарым-қатынас: ата-анаға және үлкенге құрмет.

Конфуций басқару ісіне байланысты Ли қағидасын қолданады. Ли (этикет) – сүйіспеншілік және рәсімдік әрекет. Сол уақытта «Ли» сөзі ата-бабалардың әруағына құрмет дегенді білдіретін. Ата-бабалар әруағы өте маңызды болды: әркім өздерінің ата-бабаларының әруағына құрбандық шалып, құрмет көрсету керек болатын. Ал, Конфуций осы рәсімді өзгертуге емес, қолдануға тырысты. Оның ойынша, әркім өзінің ата-бабаларын қалай құрметтесе, адамдарды да солай құрметтеу керек.

Конфуций ілімін жалғастырушы Сянь-цзы: «Адамдардың табиғаттан өз үлесін алуы немесе бай және кедей болып өмір сүруі олардың өздеріне байланысты. Адам баласы тумысынан қызғаншақ, дүниеқұмар, алакөз болып келеді, сондықтан да, олардың мінезіне жақсы тәрбие беріп қана табиғи қалыптан өзгертуге болады. Ол үшін адамдардың өзі де өзін-өзі тәрбиелеуге және бір-бірінің қателігін бетке батыл айтуы тиіс», -дей келіп: «Менің қателігімді дұрыс көрсеткен адам – менің ұстазым, менің игі ісімді дұрыс байқаған кісі – менің досым, ал, маған жағынғыш, жарамсақтанушылар – менің жауым», – деген тұжырым қалдырды.

Ал, ежелгі гректерде б.з.д. IX-VIII ғасырларда ежелгі мифтік көзқарастар архаистік поэзияда, одан кейін Гомердің «Илиада» және «Одиссея» поэмаларындағы оқиғалар (б.з.д. VII ғ.) гректердің әскери және қоғамдық өмірінен көптеген құнды мәліметтер береді. Мәселен, «Одиссея» поэмасында халық жиналысының рөлі мен маңызы анық суреттелген. Поэмада Гомер қолданған «дикс» (әділдік) және «темис» (әдет, әдет-ғұрыптық құқық) ұғымдары Гомер дәуіріндегі саяси-құқықтық жағдайды түсінуге жәрдемін тигізеді. Гомердің әдеп (дикс) қалыптасқан дәстүр мен әдет-ғұрыптың құқықтық (темис) негізі мен міндетін, өмірлік әдептің, оның адамдар арасындағы қарым-қатынастарда сақталуының нақты көрінісін білдіреді.

Гомер мен Гесиод поэмаларына тән адамдар әрекеті мен олардың өзара қарым-қатынастарындағы адамгершілік-құқықтық, тәртіптер туралы көзқарастар Ежелгі Грециядағы «Жен данышпан» деп аталғандардың шығармашылығында одан әрі жалғасын

табады. Оларға әдетте Фалес, Питгак, Периандр, Биант, Солон, Клеобул және Хилон енген. Олар полистік өмірде әділетті заңдардың үстем болуын батыл жақтады. Мемлекеттік басқаруда халық билігі демократияны жақтаған гректің ұлы ойшылы Демокрит аристократияның пайдалы жақтары бар екендігін айтты. Оның пайымдауынша: «Ақымақтардың ел басқарғанынан бағынғаны артық. Табиғатты да үздіктер мен саналылардың басқаратыны мәлім, сондықтан да жоғары ақыл мен адамгершілік қасиеттері бар адамдардың билігі дұрыс болып табылады. Заңдар адамдардың қоғамдағы қалыпты өмірін қамтамасыз етуге және сондай нәтижеге жетуге қажетті жағдай жасауы тиіс».

Эпикур философиясының басты міндеті мақсатқа ұмтылған адамның мінез-құлқы туралы ілімге талдау жасау болды. Ол мемлекеттік биліктің басты мақсаты адамдардың өзара қауіпсіздігін сақтау, бір-бірінен қорқу сезімін жою және зиян келтіруіне жол бермеу. Эпикурдың түсіндіруінше: «Заңдар ақылдылардың зұлымдық жасауы үшін емес, шараға қаталдық жасалмауы үшін шығарылған».

Ежелгі Римнің атақты шешені әрі ойшылы Цицерон «Құдайлардың табиғаты туралы», «Міндеттілік туралы», «Жамандық пен жақсылықтың шегі туралы» және «Заңдар туралы» еңбектерінде ақиқатты, әділеттілікті, білімділікті және сабырлылықты кең ауқымда қарастыра отырып, азаматтар басқаға зиянын тигізбегуге, басқаның меншігіне қол сұқпауға, әділетсіздікке жол бермеуге, әділетсіздіктен жапа шеккендерге көмек беруге және жалпы игілікпен еңбек етуге тиіс екендігін атап өтеді. Цицеронның ойынша: «Адамды жан-жақты жетілуге итермелейтін төрт ізгі нәрсе бар, олар: ақыл, әділетті болу, ерлік және сабырлылық. Адам неғұрлым ақ, әділ болған сайын, соғұрлым басқадан арамдық күтпейді». Арамдық пен әділетсіздіктің аз ғана жұғыны бар адамдардың өзі де өзгелерді сондай көреді. Әділдік Цицеронның ойынша, басқаға зиян келтірмеу және басқаның меншігін бұзбау. «Әділеттілікке қойылатын бірінші талап, – деп көрсетті, – ешкімнің де басқаға зиян келтірмеуі, екіншіден, барлық адамның ортақ меншікті жалпылай, ал, жекеменшігін өз меншігіндей пайдалана алуы». Заңның көмегі мен күші туралы Цицерон: «Сот – сөйлейтін заң, ал, заң – әлсіз сот», – деген анықтама береді. (Цицерон, О государстве. О законах. 1966. 56 б.).

Ежелгі грек стоиктері сияқты Сенека да барлық себептерді құдайлық рух пен тағдырдан іздейді. Оның айтуынша, «Тағдыр заңы» өз дегеніне бағындырады. Өздерінің өмірдегі ауыр тауқыметіне риза болмағандар да, молшылықта өмір сүретіндер де тағдырға қарсы тұруға талпыныс жасайды, өйткені, адамның табиғаты – тойымсыз да, қанағатсыз. Заңдар өзінің жазылған немесе жазылмағандығымен ғана ерекшеленбейді. Оның айтуынша: «Жазылмаған кейбір заңдар жазылған заңдардан да қаталырақ». (Утченко С.Л., Древний Рим. События. Люди. Идеи. 1969. 63 б.). Адамдар жеке басының мүддесі үшін ғана емес, басқалар үшін де, қоғам мен мемлекет үшін де өмір сүруі тиіс. Бұл қағида туралы Сенека: «Өзі туралы ғана ойлап, барлық нәрседен өз пайдасын іздейтін адам бақытты бола алмайды. Өзің үшін өмір сүргің келсе, өзгелер үшін де өмір сүр», – деген тұжырым жасайды.

Адамның ақыл-ойы мен адамгершілігін жан-жақты жетілдіруді және оған міндетті түрде сүйенуді уағыздаған Эпиктет байлық пен құлдықты терең сынға алды. Аристотельдің «Өзіңе ұнамағанды басқаға істеме» деген канатты сөзін серік еткен ол: «Құл болу өзіңе ұнамаса, басқаны құлға айналдырма. Егер құлдың қызметінсіз ешнәрсе істей алмасаң, онда ең алдымен, өзіңді құл есебіне жатқыз», – деген тұжырым жасайды.

Мұсылман құқығы рулық-тайпалық құрылыстың ыдырау және Араб халифатында VII-X ғасырларда феодалдық қоғамның қалыптасу кезеңінде пайда болды. Мұсылмандық құқықтың дінмен байланысы өзінің түбегейлі тұжырымдамасы мен теориялық қайнар көзі негізінде басқа құқықтық нормалардан өзгешелігімен ерекшеленеді. Мұсылман құқығы заң ғылымының жеке саласы емес, ол – ислам ілімінің бір ғана саласы. Мұнда ислам дінінің қағидалары шарифат адамдардың мүддесі үшін жүзеге асуы тиіс міндетті идея ретінде көрсетілген. Шарифатты орындамаған жағдайда адам заң бұзушы болып табылады. Демек, «Этиканың барлық міндеттері христандық-еуропалық әдептен гөрі, мұсылман әдебінен нақты көрініс табады» (Гусейнов А.А., Апресян Р.Г., Этика. 1999. 107 б.).

632 жылы Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін VIII ғасырдың басына дейін мұсылман құқығының дамуы жүйеленбеген жолмен жүрді. Мұхаммедтен кейінгі оның

ізбасарлары: Әбубәкір, Омар, Оспан және Әли нақты дауларды шешкенде Құран мен суннаға сүйенеді. Егер қандай да бір сұраққа жауап табылмаған кезде олар жаңа діни қағидалар мен нормаларды қалыптастырды. Француз ғалымы Морис Букель: «Құранның барлық сүрелерін ұғыну үшін, менің пайымдауымша, қыруар ғылымдармен шұғылданып, игерген, жетілген энциклопедиялық білімдар, жаужүрек адам болу керек», – десе, академик В.В. Бартольд: «Исламның басты артықшылығы, мұсылман әлемінің сол дәуірдегі білімді халықтардың алдында болуы, әрине, материалдық һәм рухани мәдениет жағынан бірдей мәдени біріншілікті ұстауында жатады. Исламият ғылымды қолдайды, әлпештейді. Ислам ғылымының ешқандай қағидаларына кереғарлық танытпайды, қайшылық жасамайды. Ислам ғылымының нағыз бұлағы болып табылады», – деп атап өтеді. Шынында да, мұсылмандық теория бойынша мұсылмандық құқықтың барлық нормалары Құраннан және суннадан алынған. Сондықтан да, этика ғылымының нағыз энциклопедиясы – Құран Кәрім, хадистер мен сүрелер.

Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с) үмбеттеріне қалдырған хадистері ислам дінін танытуға қоса, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ар-иман, обал-сауап, тағы басқа әдеп нормалары жайындағы ұлы өнеге болып табылады. Бірнеше мысалдар келтірсек, Пайғамбарымыз (с.а.у) хадистерінде: «Нағыз таза жүрек адам ол – мінез-құлығы жақсы болған мүмін», – деген (Имам Нәуәуи, Хадистер жинағы (риядус-салихин). 2012. 271 б.). Әбу Дәрда (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.а.у): Қиямет күні мүміннің таразысында көркем мінезден де ауыр басатын ешнәрсе болмайды. Расында, Аллаһ тағала бейпілауыз дәрекіні жек көреді», – деп айтты», – деген (Хадистер жинағы. 2012. 272 б.). Сондай-ақ, «Кешірімді бол, жақсылыққа шақыр әрі надандардан теріс айнал (яғни, олардың қылығына және айтқан сөздеріне мән берме)», – дейді (Хадистер жинағы. 2012. 274 б.).

Әдеп – адамдар арасындағы күрделі өзара қарым-қатынастарды жарасымдылық, сыйымдылық, қолайлылық, жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік, имандылық тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Мысалы, «Төрт қасиет бар. Ол кімде болса, оған екі дүниенің де жақсылығы бұйырады. Ол: 1. Шүкіршілік еткен жүрек. 2. Зікір еткен тіл.

3. Бәлеге сабыр еткен жан. 4. Еріне, малына қиянат етпеген әйел» немесе «дәрежені көтеретін үш нәрсе: 1. Сәлемді ашық, дауыстап беру. 2. Аш адамға тамақ беру. 3. Түнде адамдар ұйықтап жатқанда намаз оқу» деген хадистерде пайдалы ілімдер жүйесін байқауымызға болады.

Адам баласының қоғамда бағалануы, ардақталуы адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамдық тұрғысынан реттейтін болса, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді. «Әлбетте, Аллаһ Тағала сіздердің дене-бітімдеріңізге, яки келбет-пішімдеріңізге назар салмайды, бірақ сіздердің жүректеріңізге, атқарған істеріңізге қарайды», – деген хадистің астарына үніліп көріңізші. Тағы бірнеше хадистерден мысал келтірсек: «Әр нәрсенің кілті бар: жаннаттың кілті – адалдық, пәктікте; тозақтың кілті – арамдық», «Сауабы тиетін іс істегенде қуаныңыз, күнә жасаған кезде ренжіңіз, демек, сіз сонда ғана шын мәніндегі мұсылмансыз». Бұрынғы пайғамбарлардан қалған сөз: «Ұялмасан, қалаған ісінді істей бер!». Аманатқа қиянат жасаушыға иман жоқ, уәдеде тұрмайтындарда ұят жоқ. Құлаққа жаман естілетін сөзден сақтан. Өсек деген не? Білесіңдер ме? Ол адамдар арасына от салу үшін бір-біріне сөз тасу», «Дүниеде бес кесапат бар: салақ, олақ, содыр, ұрлық, қорқақ».

Мұсылман құқығында қатып қалған догма жоқ. Қандай да бір істі болмасын шариғат жолымен шешуге болады. Мұсылман құқығының тұтастығы мен икемділігі және күштілігі де осыдан айқын көрінеді.

Кезінде қазақтың дала демократиясының өзіндік нормативтік-құқықтық негіздері болды. Ол әдетке, ғұрыпқа, ережеге негізделді. Билер сотында қаралатын жер дауы, жесір дауы, ер дауы, мүлік дауы осындай заңдарға негізделіп шешілді. Тіпті билер ең жиі қолданатын жаза айып салудың өзі күрделі құқықтық институт болды. Осы тұста академик Салық Зиманов: «Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «дала заңының» билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер болды. Би, ең алдымен, сот (судья). Бидің өзі де, билігі де түп-тамырымен халықтың тарихына байланысты болды. Сол себепті ол беделді, дәстүрлі билік қатарында

болды. Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады», – деп жазады (С. Зиманов, Қазақтың ата заңдары. 2001. 17 б.).

Би көшпелі қоғамда қашанда билік басынан ажырамаған тұлға, хан кеңесшісі қызметін атқарды. Бұл – «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп аталатын замандарда өмір сүрген Майқы биден бері үзілмей келе жатқан көшпелі қоғамның көп өзгеріске ұшырамаған құқықтық дәстүрлі институты. Мөңке би өз болжамдарын жүйелеп, хатқа түсіре алған жоқ. Дегенмен, көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда өмір сүрген ол заман аңысын аңдап, оның кескін-кейпін дәл болжай білген. Мөңкенің ел арасында кеңінен тараған мына бір толғауы да бүгінгі заман келбетін дәл беріп тұрғандай:

«Құрамалы-қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,
Ай сайын басқан жиын болады.
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады,
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады.
Сарылып көлік тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың...»

(Егемен Қазақстан. – 2003. – 22 қараша. М. Құл-Мұхаммед, Мөңке би. Аңыз бен ақиқат).

Қалалық жердегі құрамалы-қорғанды үйлер, айнымалы, төкпелі соттар, халыққа пайдасы жоқ жиындар, алашұбар тіл, дүдәмалдау дін, базаршы болған әйелдер, қазаншы болған еркектер, көлік тосқан жұрт, құны жоқ құнды қағаздар екі ғасыр бұрын Мөңке болжаған бүгінгі күннің шынайы шындығы екені даусыз. Демек, біз Мөңке би көкірегі ояу, болашақтың беталысын, бағытын болжай білген сұңғыла адам болғандығын аңғарамыз.

Басты этикалық міндеттер журналистиканың да құқықтық алаңынан айқын көрініс табады. Айталық, Ресей, Австралия, Австрия, Ұлыбритания, Германия, Испания, Канада, Нидерланд-

ды, Норвегия, АҚШ, Франция, Швеция, т.б. елдердің қабылдаған бұқаралық ақпарат құралдарының нормаларын қарастырсақ.

1. Елдің Конституциясы. Ұлыбританиядан басқа қалған елдерде сөз бостандығы бар.

2. БАҚ туралы жалпыұлттық заң Ресейден басқа Австрия мен Швецияда қабылданған. Францияда БАҚ туралы тек түрлі кодекстерде айтылып өткен. Ал, жеті елде (Австралия, Канада, Нидерланды, Норвегия, Испания, Ұлыбритания, АҚШ) баспасөз жөнінде бөлек заңы жоқ.

3. Тіркеу міндеті барлық елдерден бірауыздан қабылданған болатын. Кейбір ерекшеліктер: Францияда декларация прокурор канцеляриясында тіркеледі, ал, Австралия мен Австрияда редакция әр нөмірінде баспа қызметкерлерінің аты-жөнін, мекенжайын көрсетіп отыруға міндетті.

4. Жекеменшік құқығы. Франция мен Германияда өте қатал заңдар қабылданған. Ал, Австралия, Канада, Норвегия, Ұлыбритания, АҚШ-та БАҚ-ның әр түрімен бір уақытта иелік етуге біршама шектеулер бар. Сол Францияда шетелдіктерге БАҚ-ның 20% пайыздан астам акцияларын иемденуге тыйым салынған. Керісінше, бұл мәселе бойынша Ресейде ешқандай тыйымдар мен шектеулер жоқтың қасы.

5. Жауап күту құқығы. Австралия, Канада, Ұлыбританияда – жоққа шығару немесе түзетуге рұқсат жоқ, ал, АҚШ-тың Жоғарғы Соты жауап қайтару құқығын талап ететін заңдарды конституциялық емес деп тапты. Ал, Ресейде жауап күту құқығы «БАҚ туралы Заңында» арнайы баппен көрсетілген.

6. Жала жабудың жазасы Франция, Германия мен Швецияда жала жабу туралы істер азаматтық және қылмыстық заң бұзушылық негізінде қарастырылады. Мұнда айыппұл мемлекеттің пайдасына шешіледі, ал, азаматтық тұрғыда жапа шеккен адамның пайдасына шешілетін көрінеді. Австрия мен Ұлыбританияда – мәліметтердің жалғандығын жазалаушы дәлелдеуі керек болса, Норвегияда – жазаланушы, Швецияда жауапқа тек редактор тартылады екен.

7. Парламент отырыстарына қатысу құқығы Австрия, Германия, Швецияда жүзеге асады. Ресейде Мемлекеттік Дума жанынан көптеген журналистер жыл сайын аккредитация алып отырады.

8. Саяси жарнаманы шектеу. Сайлау алдындағы науқан барысындағы жарнамаларды есептемегенде, саяси жарнамалар Гер-

мания мен Испанияда шектелген. Франция мен Ұлыбританияда керісінше, сайлау алдындағы жарнамалар шектеледі. Ал, «Жарнама жөніндегі» ресейлік заңның саяси жарнамаға қатысы жоқ.

Жалпы, барлық елдерде құқық жүйесінің шығар тұғыры Конституция болып табылатыны белгілі. Ол – ой мен сөз бостандығының кепілі, цензураға тиым салушы, идеологиялық плюрализм, ақпараттың еркін таратылып жүруіне жол беруші.

Қазақстандағы алғашқы Конституция жобасының авторы Барлыбек Сыртанов екендігін профессор Сәкен Өзбеков жан-жақты зерттеп, қалың жұртшылыққа мәлімет етті. Уставтың толық мәтінін ол 1992 жылы «Түрік бірлігі» газетіне (№1), 1994 жылы «Әділет министрлігінің хабаршысы» журналына (№2) жариялауға өз ықпалын тигізді.

Белгілі заңгер Сәкен Өзбековтың жинастырған мәліметтеріне қарағанда, қазақ елінің тұңғыш Конституциясы 1911 жылдың 3 маусымынан басталады. «Барлыбек Сыртанов өте құпия түрде Әлихан Бөкейхановпен бірге ақылдаса отырып, Ресей астанасындағы бай кітапхананың қорын пайдалану барысында Конституция жобасын жазып бітірген деп тұжырым жасауға әбден негіз бар», – деген пікір айтады ғалым.

Барлыбек Сыртанов 1910-1913 жылдар аралығында құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі колониясынан шығарып, оны тәуелсіз республика статусы бар мемлекет қылып құру жөнінде Устав жазды. Оның қаламынан туған «Қазақ елінің Уставы» небәрі 28 баптан тұрады және соған қарамастан, мазмұны осы күні де білгір заңгер ғалымдарды қайран қалдырады. Уставтың ең негізгі идеясы – Қазақстанды Ресей отарынан шығару және дербес тәуелсіз мемлекет құру. Бұл идеяны ол төңкеріс жасау немесе құрылу күрес арқылы емес, керісінше, парламенттік жолмен, съезд шақыру, халық сайлаған депутаттардың шешім қабылдауы арқылы іс жүзіне асыруды басты мақсат етіп қояды. «Уставтың» кіріспе сөзінде ол осы мақсаттағы ойларын былайша қорытады: «Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей, бейбіт жолмен өз жерімізде тәуелсіз ел болу мақсатында... жеке Қазақ елі республикасын құрамыз» (Алматы ақшамы. – 2007. – 12-14 маусым. С. Өзбекұлы, Алғашқы Конституция жобасының авторы – Барлыбек Сыртанов).

Уставтың бірнеше баптарында Б. Сыртанов адам құқығының мемлекетте тиімді қорғалуының ең маңызды мәселелерінің сапына жатқызады. Оның ойынша, барлық демократиялық санаттағы қоғамда жеке адам дініне, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, шыққан тегіне, атқаратын қызметі мен лауазымына қарамастан заң алдында тең болуы тиіс. Бұл талап – өркениеттіліктің, еркіндік пен бостандықтың іргетасы. Уставта ол: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон мен құдай алдында жауап береді», – деп атап көрсетеді (Алматы ақшамы. – 2007. – 14 маусым. С.Өзбекұлы). Оның мұндай көрегендік саяси көзқарасы бүгінгі күннің талабына сай келетінін дүниежүзілік саяси-әлеуметтік тәжірибе өзінен-өзі дәлелдеп отыр.

Демократиялық мемлекеттердегі жеке адамның еркін пікір айту, плюрализм идеясын қазақ заңгері жан-тәнімен қолдайды. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі құқықтық мемлекеттерде негізгі міндет ретінде іс жүзіне асырылып жатқан «тыйым салмағанның бәріне рұқсат етіледі деген» қағиданы іс жүзіне асыруды сол заманның өзінде-ақ жақтаған. Уставтың 13-бабында мынандай пікір бар: «Қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына һәм партияларға кіруіне ешбір тыйым жоқ». Оның пікірінше, мемлекетте тек қана: «нәсілдердің бір-біріне қарсы итеретін ұйымдардың, партиялардың, адам баласының істеріне тыйым салынады» (Алматы ақшамы. – 2007. – 14 маусым. С. Өзбекұлы).

Б. Сыртанов – «Қазақ елінің уставының» ғана емес, сонымен қатар, «Ынтымақ ережесінің» де авторы болғандығын зерттеушілер Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров мұражайының қолжазбалар қорындағы «Бұқабай балаларының «Ынтымақ ережесі» (Барлыбек Сыртанұлы 50 үй арасында мынадай ұйым ашады) деп аталатын құжат арқылы анықтап беріп отыр. Бар болғаны 15 баптан тұратын «Ынтымақ ережесі» тек құқықтық мәселелермен ғана шектелмейді, кешегінің де, бүгінгінің де әдеби-эстетикалық мәселелерін де меңзеп, көксейді. «Ынтымақ ережесінің» 10, 14-баптарында былай делінеді: «10. Ұрлық, өтірік, боктау, ойнас тіпті болмасын. Болса, абақтыдан басқа көпке атшапан болсын; 14. Карта, басқа құмар ойнамасқа» (Айқын. – 2008. – 25 желтоқсан. Н. Аманжол. Барлыбек Сыртанов һәм алғашқы

Ата Заң). Өркениетті елдерді былай қойғанда, дамыған, дамушы елдердің көпшілігінде қағаз жүзіндегі мұндай моральдық ереже жоқ. Құжаттың қай уақытта, қандай жағдайда жазылғанын ескеріп, оның сол кездегі һәм бүгінгі көнермеген ерекшеліктерін негізге алсақ, «Қазақ елінің Уставын» – тұңғыш Ата Заңымыз деп мақтануымызға тұрарлық дүние.

Қазақ қоғамының ХХ ғасырдағы тарихында бес Конституция 1926, 1937, 1978, 1993 және 1995 жылдары дүниеге келгені баршамызға аян. Тарихшылар 1926 жылғы Қырғыз Социалистік Кеңестік Республикасының Конституциясын Кеңестік замандағы қазақтың алғашқы Ата Заңы деп есептеп жүр. Мәселен, зерттеуші Ғ. Маймаков: «1926 жылы 18 ақпанда ҚАКСР ОАК-ті ҚАКСР-інің Конституциясының жобасын қабылдады... Конституция жобасы 7 бөлім, 18 тарау, 103 баптан тұрды. Жобаның бірінші бөлімі ретінде 1920 жылғы Бүкілқазақтың Құрылтай съезінде қабылданған «ҚАКСР-інің еңбекшілері құқығының декларациясы» енді», – деп жазады (Ғ Маймаков, Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. 2000. 123 б.). Бұл жердегі тілге тиек болып отырған Қырғыз Кеңестік Конституциясы еді. Алайда Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы қорында орыс тіліндегі 1924 жылғы Қырғыз Социалистік Кеңестік Республикасының Конституциясының (негізгі заңының) жобасы, түзетілген данасы, 1926 жылғы қабылданған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Конституция (негізгі заңы) дұрысында: 1926 жылғы еліміздің Ата заңының аталуы Қазақ автономиялық республикасының Конституциясы екен (Ақиқат. – 2005. – №6. 12 б. А. Оразова. Кеңестік дәуірдегі Ата заң).

Қазақ елінің конституционализм тұғырының келесі белесі жерімізде өз автономиялық республикамыздың құрылғаннан кейінгі (1920 жылғы 26 тамыздағы декрет) кезендеріндегі Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясын жасауға байланысты дайындық жұмыстардың жандануы. Осы кезде қазіргі Қазақстан және оның тұрғылықты халқы қазақтар 1925 жылғы 19 сәуірге дейін Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы және қырғыздар деп аталынды. Қазақ халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру үшін 1925 жылғы 19 сәуірдегі ҚАКСР Кеңестердің V съезінде ендігі жерде «қырғыз» атауы «қазақ» ата-

уымен алмастырылсын, – деген қаулы қабылданды. Іле-шала, 1925 жылғы 25 маусымда Бүкілресейлік ОАК-нің қаулысымен Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы болып аталынды. Осыдан кейін 1926 жылдың 18 ақпанында Қазақ ОАК-нің V шақырылымында Қазақ КСР-і Конституциясының ақтық редакциясы тыңдалып, қабылдансын, – деген қаулы шықты. Қаулыға Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы (Негізгі заңы) тіркелген (Ақиқат. – 2005. – №6. 16 б. А. Оразова. Кеңестік дәуірдегі Ата заң).

Екінші Конституциямыз негізгі заң ретінде 1937 жылы жеңімпаз социализм конституциясы түрінде, үшіншісі 1978 жылы жетілген социализм конституциясы ретінде өмірге қайта жаңарып келді. Яғни, қай-қайсысы да өз кезеңінің айнасы іспетті мәнде өмірге келіпті. Жоғарғы Кеңес жоғары өкілді орган ретінде 1937 жылғы ҚСР Конституциясымен белгіленді. Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясы да Жоғарғы Кеңесті мемлекеттік биліктің жоғары органы ретінде таныды. Ол КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясында көрсетілген республика құзырындағы барлық мәселелерді шешуге құқылы болды.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылдады. Бұл егемен мемлекеттің Ата Заңын әзірлеп, қабылдаудың алғашқы тәжірибесі еді. Қазіргі еліміз Парламентінің тарихи дамуы 1995 жылдың 30 тамызындағы республикалық референдумда қабылданған Конституциядан бастау алады.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Ел егемендігі мен тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше. Осы мәселеге көңіл бөлген елбасы Н. Назарбаев: «...біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табуы керек. Оның үстіне бізде өзіміздің ішкі және сыртқы саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті», – деп атап айтқаны белгілі. Жетпіс жылдан астам

уақыт бойына дара идеологияның құрсауында болған халыққа жаңа тұрпатты мемлекет құрудың өзектілігі мен қажеттілігі тұра-сында насихат айту, иландыру жұмысын жүргізу, айтуға ғана жеңіл болғанымен, іс жүзінде оңай шаруа емес еді.

Міне, осынау тарихи жүкті атқару республиканың бұқаралық ақпарат құралдарына тапсырылды. Оны жүзеге асыру үшін оқырмандар аудиториясын еліктіру үшін саяси әдіс-тәсілдерді ұтқырлықпен қолдану қажеттігі сөзсіз еді. Қоғамдық ой-сана үрдісінде әділ айтылып жүргендей, бұқаралық ақпарат құралдары шын мәнінде «төртінші билік» тұтқасына айнала бастағаны жа-сырын емес. Себебі, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санасына, қоғамның саяси жүйесіне ықпал етудің аса күшті құралы екені мәлім.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Ежелгі Шығыстағы, Грециядағы, Римдегі, Батыс Еуропадағы құ-қықтық ілім.
2. Араб Шығысы мен мұсылман елдеріндегі құқықтық ойлар.
3. Көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтық билік.
4. Журналистиканың басты құқықтық-этикалық міндеттері.
5. Қазақ елі Конституциясының тарихи жолы.

**2.2. Журналистің
этикалық
кодекстері**

Журналистік этика – журналистің өз әлеу-меттік рөлін атқару кезіндегі іс-әрекетінің моральдық аспектісін белгілейтін ережелер жиынтығы (В.М. Теплюк). Бұл ережелер ар-найы Кодекстерде жинақталады. Кодекс – қоғамдық қатынастардың бір саласындағы қарым-қатынастарды реттейтін бірегей заң-намалық акт. «Журналистік этика» термині – жаңалықтарды таңдау кезіндегі шешім шығаруда жетекшілікке алатын ұғым. Ал, «Журналистикадағы этика» – редакция қызметкерлеріне арнала-тын іс-әрекеттер кодексі.

Ресми этикалық кодекстерді жасаудағы себептердің бірі – заң шығарушы құрылымдарының ақтандақтарын толтыруға ұмтылыс болса, екінші жағынан, заң бұзушылықтар санатына жатпайтын этикалық олқылықтарды қарау болып табылады. Құқықтық актілер этикалық нормалардың теңелетін өлшемі секілді. Айта кетерлігі,

Кодекстің көптеген жайлары «БАҚ туралы Заңның» баптарын қайталап жататындығы. Этикалық нормалар жинағы әкімшілік күшке ие бола алмайды. Ол еңбек келісімшартында есепке алынбайды және белгілі бір норманы бұзғандығы үшін берілетін жазалар жүйесі айқындалмаған. Сондықтан, кәсіби міндеттерді қабылдау, қабылдамау – әркімнің жеке шаруасы. Осыған сәйкес, этика кодексі журналистің жеке міндеттерін қолдауы үшін бағыт-бағдар қызметін атқаруы мүмкін. Этикалық кодекстер негізінен журналистің өнегелі болмысын аша түсетін ортақ міндеттерді қорытады.

Финляндиялық зерттеуші Парс Бруун: «...Ең алғашқы құжат ретінде Кодекс шамамен 1900 жылы Швецияда жасалынды. Алайда, сол кездері бұл белгілі шеңберден шыға алмады», – деп жазады (Караван. – 1994. – 7 қаңтар, Оқырман сұрақтарына жауап). 1918 жылы Францияда «Мінез-құлық хартиясы» деген атпен өткен журналистердің ұлттық синдикатында журналистік Кодекс қабылданды.

1921 жылы Гонолулуда (Гавайя штаты) американдық Джеймс Броун «Журналист практикасының этикалық нормаларының кодексін» ұсынды. 1923 жылы Америка Құрама Штаттарында «Журнализм канондары» деген атпен Кодекс қабылданды. 1946 жылы Халықаралық журналистика ұйымы құрылды. АҚШ-та журналистік этика туралы көптеген жұмыстар жарияланып, тіпті арнайы журнал да басылып шығады. Осындай алғашқы журналистік этика Кодекстерінің мазмұнына қарағанда, оларға сол уақытта кең етек жайған еркін баспасөз тұжырымдамасымен тигізген әсері зор болды. XX ғасырдың басында пайда болған тұжырымдама Джордж Мильтон, Т. Джефферсон, Дж-Ст. Милль идеяларына негізделген еді. Өйткені баспасөз қоғамдық институт болып табылады. Оның басты мақсаты – оқырманды ақпаратпен камтамасыз ету, көңілін көтеру және үкімет тарапынан жасалынатын бақылауға жәрдемдесу болды.

Қазіргі журналистика тәжірибесін терең зерттеген Мэрил мен Дэннис екі түрлі байламға келді. Бірі «журналист пен этика – сәйкессіз ұғымдар» десе, екіншісі «Америка журналисі этиканы сақтайды», – деп атап өтті. Бірақ жекелеген журналистердің этика нормаларын сақтайтыны, не сақтамайтындығы емес,

белгілі бір ұжымда басылым имиджіне нұқсан келмес үшін журналистердің бәрін сол қағидаларға мойынсұндыру маңызды. Осы ретте көптеген редакциялар тілшіні қызметке қабылдау кезінде қол қойылатын келісім-шартқа «этика кодексін ұстану» деген тармақша енгізеді. Немес кәсіби іс-қимылдар тізбегін жасайды. Мұндай құжат көбінесе редакцияның этикалық саясатына байланысты болады. Этикалық саясат негізі – кодекстер мен нормалар және редакцияның тәжірибелік негізде түйіндеген мәселелері. Және түрлі журналистік ұйымдар қабылдайтын кодекстер мен нормалардың заңдық күші жоқ және олар тек қана «идеалдар мен мақсаттар ишараты» болып табылады.

Осы тұста Ұлыбритания баспасөзінің өкілі Антония Лойд-Джоуиз: «1991 жылға дейін ағылшын журналистерінің жалпы мойындалған кәсіптік мінез-құлық туралы» Кодексі бар еді. Бірақ көптеген жанжалқұмар немесе «сары басылымдар» бұл Кодекс ережелерін бұзуды әдетке айналдырды. Осындай жағдайлардың себебімен бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын қайта қарауға тура келді. Сөйтіп, «Пресскоунсил» комиссиясы (баспасөз кеңесі) журналистердің кәсіптік әдебін реттейтін жаңа Кодекс шығарды. Осы құжаттардың ережелеріне сәйкес баспасөз: нақты, шыншыл болуы тиіс; егерде басылым бетінде қателік жіберіліп қалса, онда кешірім сұрайтын материалдар басылғаны жөн; журналистер фактілер, жорамал, шолу арасындағы айырмашылықты білуге тиіс; журналистердің жеке адамдар өміріне араласуға, қол сұғуға, заңға қайшы келетін әдіс-тәсілдерімен ақпарат жинауға құқығы жоқ», – деп жазады (Англия. – 1992. №2. – 91 б. Лойд-Джоуиз А. Свобода слова).

Қазіргі ағылшын журналистеріне қойылатын этикалық, моральдық талаптарға тоқталып өтсек. Ағылшын журналистерінің Кодексінде мынадай бес міндет көрсетілген: 1. Адамның жеке өміріне, әсіресе, халық арасында жаманды-жақсылы аты шыққан адамдардың өміріне араласу, қоғам мүддесіне негізделу керек. 2. Қажет жағдайда газет бетінде жауап жариялауға мүмкіндік беріледі. 3. Қателіктер тез түзетіліп, түзетулер көрінетін жерде жарияланады. 4. Жария ету үшін ақпарат тек қана шыншыл және ашық жолмен алынады, бұл талап қоғам мүддесі үшін зор маңызы бар материалдарға қойылмайды. Кітаптары, мемуарлары, т.б. үшін

газеттер қылмыскерлерге ақша төлемейді. 5. Газеттер, егер де мұның әңгімеге қатысы болмаса, адамның нәсілі, терінің түсі және діни көзқарасына сілтеме жасамайды.

Ұлыбританияның БАҚ-на үкімет, саяси партиялар ешқандай бақылау жасамайды. Баспасөз ұйымдары «Баспасөз туралы» Заңды басшылыққа алып, өз жұмыстарын өздері реттеп отырады. Мерзімді басылымдар – не туралы, қалай жазамыз десе ерікті, олар әртүрлі материалдар жариялауға құқылы. Дегенмен, ұлтаралық қатынастарды шиеленістіретін, біреуге жала жабатын және «Ресми құпия ақпарат туралы» Заңға қайшы келетін хабарлардың жарыққа шығуына жол берілмейді. Сонымен қатар, кейбір сот істері туралы есепті түгел, толық түрде басуға тыйым салынған. Үкіметтің Қорғаныс, баспасөз және хабарлама жөніндегі Комиссиясы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатымен БАҚ-на кейбір ақпарат, мәліметтерді жария етуге тыйым салады. Заң жүзінде бұл комиссияға бағынуға міндетті емес БАҚ-ның барлығы да оның нұсқауларымен санасып отырады. Кей кездерде құпия болып қалуға тиіс ақпараттың жарыққа шығуына жол бермеу мақсатымен үкімет қатал шаралар қолданады, тіпті істі сотқа беруге дейін барады.

АҚШ-тың бір ерекшелігі, бұл мемлекетте Баспасөз туралы Заң жоқ, есесіне Конституцияның бірінші өзгертуі бар. Журналистер «демократия сыйы» деп атайтын бұл өзгерту Үкіметке баспасөз жұмыстарына араласуға тыйым салып, журналистердің сөз бостандығын қамтамасыз етеді. АҚШ-тағы кәсіби журналистер қоғамының «Практикалық журналистикадағы этика» анықтамалығында: «Ақиқатты іздеңіз және ол туралы мейлінше толық мағлұмат беріп отырыңыз. Құқығы жоқтарға сөз беріңіз. Еркін қимылдаңыз. Өзіңізді тәуелді ететін тұлғалардан қашық жүріңіз. Өзгелерге зияныңыз тимесін. Ақпарат көздеріне, кейіпкерлеріңізге және әріптестеріңізге журналистік мақсаттарыңызға жетудің жолы деп емес, сыйлауға тұрарлық тұлға ретінде қараңыз», – деген анықтама бар.

Кодекстің БАҚ-ы үшін тигізер пайдасының көп екені сөзсіз. Шынын айту керек, журналистер өздеріне берілген бостандықтарды пайдаланып, шектен шығып, этика, моральдың талап-ережелерін бұзып та жатады. Мәселен, «Дүниежүзіне әйгілі

ағылшын әншісі Элтон Джон туралы көп таралымды «Сан» газеті бәлелі мақала жариялап, әлгі кейіпкердің рұқсатынсыз алынған фотосуреттерді басқан. Баспасөздің мұндай озбырлығына наразы болған әнші бұл газет үстінен сотқа арыз берді. Бірақ бұл дау екі жақтың келісімге келуімен шешілді. «Сан» газеті Элтон Джонға бір миллион фунт стрелинг айып төлеп, соттағы іс тоқтатылды. Тағы бір мысалға тоқталып кетейік. Теледидар актері Горден Кей боран кезінде қатты жарақаттанып, аурухана палатасына ес-түссіз жатқан кезінде екі журналист оны суретке түсіріп алып, жария етті. Емделіп болып, ауруханадан шыққан актер газет үстінен сотқа арыз беріп, істі ұтып шығады» (Англия. – 1992. №2. – 122 б. Лойд-Джоуиз А. Свобода слова). Осындай оқиғалардың себебімен баспасөз бен бұқара арасындағы қарым-қатынас нашарлап, баспасөздің беделі түсе бастады. Журналистің кәсіптік мінез-құлығы Кодексінің қайтадан қабылдануы осыдан.

Енді Америка Құрама Штаттарының тәжірибесіне тоқталайық. Журналистерге, оның ішінде радиода істейтін қызметкерлерге қойылатын этикалық талаптарды «Азаттық» радиостанциясының комментаторы Вадим Белоцерковскийдің «Журналист» журналына берген сұхбатынан көруге болады. Онда әйгілі радиокомментатор радиожурналистер үшін негізгі төрт шартты атап айтады: 1-шарт. «Сыбыстарды пайдаланба!» Эфирге берілетін фактілердің барлығы кем дегенде екі түрлі ақпарат көздерімен дәлелденуге, расталуға тиіс; 2-шарт. «Арандатпа!» Арандатушы насихат жүргізуге қатаң тыйым салынған. Біздің митингілерге шақыруға, ұлтаралық қатынастарды шиеленістіруге және сөз жоқ, заңды үкіметті құлатуға үндеуге қакымыз жоқ; 3-шарт. «Эфирде сандырақтама!» Басқаша айтқанда, бізге қанішерлер, сатқындар сияқты неше атаулар такқан тоқырау заманындағы кеңестік баспасөзге ұқсап кетпе; 4-шарт. Мүмкіндігінше, біздің радиоқабылдағыштар мен студиялар орналасқан мемлекеттердің өкіметін сынамауға тырыс. Қарап отырсаңыз мұның өзі дипломатияға жатады (Журналист. – 1990. №10. 74-75 бб. Фере Г. «Свобода» без грима).

Баспасөз қызметкерлері үшін оқырмандардың сеніміне қалайша кірудің жолын көрсетіп, кеңес берген «Уэстчестер Ролэнд ньюспейперз» газеттер тобының вице-президенті әрі атқарушы редакторы Лоуренс К. Бопре мынадай негізгі талаптарды атап

көрсетті: «Сенімге ие болу үшін журналистерге нақтылық, ақпарат көзіне сілтеме жасау, адалдық, көңіл білдіру, жақсы мінез-құлықтар сияқты қасиеттер тән болу керек» (Журналист. – 1993. №10. – 48-49 бб. Школа Американской журналистики).

Сөйтіп дүниежүзінің барлық елдерінде, оның ішінде сөз бостандығы дамыған мемлекеттерде журналистердің қызметін реттеп отыратын, журналистиканың халықтың сеніміне, құрметіне бөленуін қамтамасыз ететін этикалық талаптар бар. Олар журналистиканың беделін көтеруге, сайып келгенде, бүкіл қоғамға қызмет етеді. Озық елдерден біздің жаңадан қалыптасып келе жатқан еркін журналистиканың үйренері көп.

Қазіргі басылымдар таралымы сұранысқа тікелей байланысты, сондықтан, әрбір мерзімді басылым оқырманды қызықтыратын, көңілінен шығатын неше түрлі материалдар жариялап жатады. Оқырман аудиториясы үшін қатаң бәсеке кезінде этикалық талаптардың жолда қалу жағдайлары жоқ емес. Әрине, газет-журнал материалдары бойынша жүргізілетін сот істері шет елдерге қарағанда бізде сирек, бірақ әдептілікке жатпайтын материалдардың жарыққа шығуы кейде кездесіп жатады. Журналистің кәсіби этикасы түрлі жағдайлардағы шығармашылық деңгейіндегі біліктілігі мен адамдармен қарым-қатынасы нәтижесінде көрініс тауып отырады. Бүгінде еліміздің мәселелерін жасырмай, ашық айту – журналист әдебінің талабы. Журналист еңбегінің жемісті нәтижесі мен жеке басының қадір-қасиеттеріне байланысты. Зерттеуші А. Капто: «Ескі ағылшын мақалында айтылғандай, егер дәрігердің қателіктерін жер, заңгердің қателіктерін түрме жасыратын болса, газетші, телерепортер, радиожурналистің жіберген кемшіліктері сол сәтте-ақ бәріне әйгілі болады», – деп жазады (Диалог. – 1990. №3. 24 б. Капто А., Не навреди). Бұл өте дұрыс, дәл жазылған. БАҚ-тың қай түрін алсаңыз да, миллиондаған аудиториясы бар. Сондықтан журналистің этикалық талаптарды бұзуы, кемшіліктерге ұрынуының келтіретін зияны зор.

Қазақстан журналистері мен кеңестік КСРО мемлекеттері журналистерінің кәсіби этикалық Кодексіні салыстыру барысында екі құжаттың арасындағы біршама өзгерістер барына көз жеткізуге болады. Атап айтсақ, кеңестік этикалық Кодекс қазіргі егемен еліміздің Кодексіне қарағанда әлдеқайда толық. Ондағы қағидалар

мен баптар егжей-тегжейлі, тарқатылып жазылған, кішігірім жайттар да тиянақты көрсетілген. Мұндай ұсақ-түйек жайттар журналист жауапкершілікке тартылған жағдайда оның кінәлі немесе кінәсіз екендігін дәлелдеу үшін өте маңызды. Себебі, жауапты сәтте олардың маңыздылығы арта түседі. Мысалы, КСРО мемлекеттері журналистерінің кәсіби этикалық Кодексінің «Тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы іс-әрекеттер» деген 10-бабында: «Егер де журналист сот шешімі шықпай тұрып, өз материалында күдіктіні қылмыскер етіп көрсетсе немесе басқа да тәсілдермен сот шешімінің тәуелсіздігіне шек келтірсе, сотталушының құқығына нұқсан көрсетсе, тұлғаның ар-намысы мен қадір-қасиетіне қарсы іс-әрекет жасады деп айыпталады», – делінген. Яғни, құқық қорғаушылармен ұсталған азаматтың кінәсі сотта мойындалмай, журналист оны қылмыскер етіп жазуына болмайды. Ұсталған адам алдымен күдікті болады, сотта ісі қарала бастаған уақыттан бастап ол айыпталушы болады, сот айыпталушының кінәсін мойындап, оған жаза кескен уақыт аралығында ол сотталушы болады, ал темір торға тоғытылған сәттен бастап ол қылмыскер аталады. Міне, журналист дәл осындай өрескел қателіктерді жасамас үшін тарқатыла жазылған кішігірім жайттар өте маңызды. Бұл тек бір ғана мысал. Ал, Қазақстан журналистерінің кәсіби этика Кодексінде осы тәрізді жайттар толыққанды қарастырылмаған. Тек жалпылама түсініктер көп.

Сондай-ақ, еліміздің журналистерінің кәсіби этика Кодексінде демократиялық қоғам құруға, БАҚ пен билікті әлеуметтік бірлестік құруға шақыратын ұрандар көбірек. «БАҚ көпшілік санасына үрей, қорқыныш сезімін тудыратын, ұжымдық невроз әкелетін феномен ретінде, жарияланатын ақпаратты жіті таңдап, қажетінше мөлшерлеу керектігі» айтылған екен. Ал, КСРО мемлекеттері журналистерінің кәсіби этика Кодексінде керісінше, «Журналист деректерді таңдау, баяндау мен бағалау, өңдеу мен тарату кезінде қоғамдық маңыздылығына сүйенеді. Ол БАҚ-тың пікірлер алуандығын, яғни, плюрализмді объективті түрде жариялауына атсалысуы керек. Журналистің қоғамдық маңыздылығы бар ақпаратты жасырып қалуға, деректерді өзгертуге, оларды жалған баяндауға құқығы жоқ», – делінген. Яғни, біздің Кодекс журналистерді қоғамның санасына кері әсер ететін жайттарды жа-

рия етпей, адамға үрей, қорқыныш әкелетін материалдардан алшақ болуға шақырса, екіншісі, журналистерге барынша шынайы болуды, деректерді тұмшаламай жеткізуді бұйырып отыр.

Тағы бір тілге тиек болатын жайт, еліміздің Кодексында сайлау науқаны кезінде БАҚ-та жарияланатын материалдардың тәртібі мен дұрыстығы туралы жайттар жақсы көрсетілген. Бұл КСРО мемлекеттері журналистерінің кәсіби этикасында мүлде жоқ. Өкінішке орай, мазмұны мен маңыздылығы жағынан КСРО мемлекеттері журналистерінің кәсіби этика Кодексінің үштен бір ғана пайызын құрайтын Қазақстан журналистерінің кәсіби этика Кодексі әлі де көпсатылы өзгертулерді қажет етеді. Еліміздің журналистер Кодексі тек кіріспе бөлім ретінде ғана дайындалып, онда көрсетілуі тиіс көптеген жайттардың жазылмауы, құжаттың атүсті дайындалғандығы туралы хабар береді.

Елімізде журналистік әдепке қатысты тұңғыш құжат «Қазақстан Республикасындағы Ұлтаралық қатынастарды жазып көрсетудегі этика кодексі» болып табылады (Егемен Қазақстан. – 1997. – 31 қазан. Ғ Мүсірепов, Журналистік этика). Оның түпкі мәні еліміздегі ұлтаралық қатынастарды жазудағы мақсаттарға келіп тіреледі. Өйткені, оның өзіндік себептері бар. Қазақстанда қазақтан басқа да ұлт өкілдері тұрады. Осындай көп ұлтты мемлекеттің ішкі бірлігін сақтауда бұқаралық ақпарат құралдары елеулі рөл атқаратыны сөзсіз. Сондықтан да, журналистердің ұлтаралық қатынастарды жазуы барысында кәсіби этикаға баса назар аударылуы бұқаралық ақпарат құралдарында объективті көзқарас қалыптастырады. Осы бағытта журналист өзінің кәсіби этикасын қаншалықты ұстанатындығын көрсетеді.

Қазақстан Журналистер одағы мен «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігі қазақстандық журналистердің ортақ мойынсұнатын этикалық кодексін жұртшылық талқысына тастаған болатын. Кодекс біраз уақыт қаралып, 2012 жылдың күзінде еліміздің бірқатар жетекші БАҚ басшылары, республикалық басылымның бас редакторлары қатысқан алқалы жиында ақырғы талқылаудан өтіп, соңғы нұсқасы арнайы хаттамаға қол қою арқылы қабылданды. Осы ретте Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев: «Біз осыдан 10 жыл бұрын Түркістан қаласында журналистерге арналған ортақ кодексті

қабылдау мәселесін көтерген едік. Ол кезде де біреуі келісіп, біреуі келіспеген болатын. Бірақ та биыл жазда Елбасының осы жайлы арнайы тапсырмасы болғандықтан, біз бұл кодексті қайта қарауға бел шештік. Республиканың бірнеше қалаларында жиналыс өткізіп, адамдармен пікірлесіп осындай қадамға келдік. Бұл тікелей ақпарат министрлігімен бірге ұйымдастырылды. Айтар болсақ, біз әр бапты нақты талқыладық. Бұл кодекс жас журналистерге, университеттің журналистика факультетінде оқитын студенттерге қажет деп ойлаймын. Алайда, бұл кодекстің заңды күші жоқ», – деп атап өтеді (Әділет. – 2012. – 7 қараша. С. Асанов, Қабылданған этикалық кодекстің заңды күші жоқ. Алайда ол жастарға аса қажет!). Басқа мемлекеттерде журналистердің бағынатын этикалық мәні аса жоғары этикалық кодекстері бар. Ал біздегі бұл кодекстің заңды күшінің болмауы бәрімізді ойландыратын жайт.

Журналистикада «БАҚ туралы Заң» бар. «БАҚ туралы Заңмен» қатар, өзге де заң, кодекстер қолданылады. Егер журналист баспасөз арқылы біреуге тіл тигізсе, «Қылмыстық кодекске» сай жазаланады, азаматтардың абыройын төгіп, намысына тисе іскерлік беделін нұқсан келтірсе, «Азаматтық кодекс» арқылы айыпталады. Қазіргі таңда журналистер сыбайлас жемқорлықты, қоғамды жайлаған басқа да індеттер мен келеңсіздіктерді батыл әшкерелей алады және жамандық атаулының тамырына балта шауып, еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қоса алады.

Осы жағдайдың барлығы ескеріліп, 1991 жылдың 24 сәуірінде Кеңестер Одағы ыдырамай тұрған уақытта КСРО-ның конфедерациялық негіздегі журналистер Одағының I съезі «Журналистің кәсіптік этикалық Кодексі» қабылдады. Бұл Кодекстің негізгі мақсаты – демократия мен жариялылық жағдайында сөз бостандығын теріс пайдалануға жол бермей, журналистиканың мәдениеттілігі мен әдептілік дәрежесін сақтауды қамтамасыз ету болып табылады. Құжат үш бөлімнен, он үш баптан тұрады. Кодекстің «Журналистің кәсіптік этикасының принциптері» деп аталатын бірінші бөлімінде журналистің кәсіптік этикасының негізгі міндеттері былайша көрсетілген: «1. Журналистің әлеуметтік жауапкершілігі 2. Адамдардың шынайы ақпарат алуға деген құқығы.

3. Журналистің бъективті шындыққа адал болуы, ар-ұяттылық.
4. Журналистің кәсіби шынайылығы. 5. Адамның жеке басының өмірі мен қадір-қасиетін құрметтеу. 6. Жалпыадамзаттық қоғамдық құндылықтарды қадірлеу. 7. Ақпарат аймағындағы жаңа халықаралық тәртіпке ықпалдасу».

Осы жеті міндетті жеке-жеке алып қарастырсақ.

1. Журналистің әлеуметтік жауапкершілігі.

Қазір журналист ең алдымен, қоғам, оқырман, көрермен, тыңдарман алдында жауапты, жұртшылыққа қызмет етіп, ақпаратпен қамтамасыз етеді. «Азаматтардың ақпарат алу құқығын қамтамасыз ету – журналистің ең бірінші парызы» (Журналист. – 1991. №6. 9-12 бб., Журналистің кәсіптік этикасының Кодексі). Журналистикада ақпарат халықтың игілігіне жұмсалатын зат ретінде пайдаланылады. Ол дегеніңіз – журналист берген ақпараты үшін жауапты. Демек, журналист мемлекеттік, қоғамдық маңызы зор оқиғалар жөнінде дер кезінде ақпарат беруі тиіс.

Журналист әлеумет мүддесін көздейді. Халықтың мүддесіне жат, Конституцияға, демократияға қайшы келетін нәрселер журналист үшін де жат болу керек. Журналист моральдық, этикалық жанынан таза болуға тиіс, сонда ол өз жұмысын жақсы атқарады. Ол қоғам алдында ұсынып отырған хабары үшін жауапты болады, демек оның баспасөз, телевизия немесе радио арқылы тартқан жаңалығы шындыққа сай болуға тиіс. Сонымен қатар «БАҚ туралы» заңда және Кодексте көрсетілгендей, баспасөз, телевизия, радио арқылы қоғам мүддесіне сай келмейтін, жеке азаматтардың Конституцияда кепілдік берілген құқықтарын бұзатын, соғыспен зорлық-зомбылықты мадақтайтын, ұлттар арасына іріткі салатын, әлеуметтік, нәсілдік, діни астамшылықты дәріптейтін, зұлымдық, порнография сияқты зиянды құбылыстарды насихаттайтын ақпарат жаңалықты жариялауға жол берілмейді. Бұқаралық ақпарат құралдарын жариялылыққа үстемдік орнату, қоғамдық пікірді басқару үшін пайдалануға болмайды (Қазақстан Республикасының Бұқаралық ақпарат туралы Заңы. 2006. 66 б.). Осыдан олар қалың бұқараға әдептен аспаған ақпаратты жеткізуге міндетті деген ой қылаң береді.

Өкінішке орай, еркіндік алған Қазақстанның 1990 жылдардағы баспасөзінде демократияны дұрыс түсінбей не-

месе берілген бостандықтарды өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін журналистің кәсіптік этика Кодексінің міндеттеріне қайшы келетін материалдарды көптеп кездестіруімізге болады. Мәселен, 1990 жылдардың орта тұсында өздерінің шовинистік позициясын ашықтан-ашық ұстанып отырған «Караван» газеті оқырман назарын бірден аударып үлгерді. Осы ретте «Жас Алаш» газетінде доцент Төлеу Қарамендиннің «Бұрмалау бұғауы немесе орыстар мен қазақтарды араздастыруға жол бермейік» атты материалы жарық көрді. Онда автор «Караван» газетінің шовинистік бағытын сынап, көздеген мақсаттарын ашып береді. Үзінді келтірейік: «...Караван» газеті арқылы республиканың Конституциялық құрылым негіздерін тексеруді үгіттеп жүрген Гитлер, Шацких, Гуревичтерге келетін болсақ, менің пікірім мынадай. «Караван» газетін және институтты, акционерлік қоғамды басқара отырып, Қазақстан халқының басым көпшілігі сияқты материалдық тапшылық көріп отырған жоқ. Сондықтан олар Қазақстаннан кетуге асығып отырған да жоқ. Бұл – біріншіден. Екіншіден, Ресейге көшіп кеткен жағдайда, оларды жылы қабылдай қоймайды. Онда онсыз да әккілері жетеді. Бұған қоса олардың гүлденуі үшін ешқандай да қайнар жоқ. АҚШ-қа келсе мемлекеттік ағылшын тілін білуі тиіс. Израильге көшсе ивритті білуі қажет. Ал мемлекеттік қазақ тілін олар мойындағысы да, білгісі де келмейді. Сонда олар үшін бір ғана жолдың болғаны: тексеру жолымен Конституциялық құрылымның негіздерін жоққа шығару. Олар осы арқылы Қазақстандағы екі ірі этнос қазақтар мен орыстарды араздастырып қойғысы келеді...» (Жас Алаш. – 1994. – 28 сәуір. Т. Қарамендин, Бұрмалау бұғауы немесе орыстар мен қазақтарды араздастыруға жол бермейік). Бұл мақала бүгінде түрлі жанжалқұмар басылымдар қаптап кеткен кезде, ақ пен қараны ажырата білуге, кімнің не көздегенін көре білуге мүмкіндік береді.

Журналист бүкіл қоғам үшін қызмет жасайды, адамдардың жаңалыққа деген сұранысын қанағаттандырады. БАҚ-ның аудиториясы өте кең, олардың тарататын хабарларының жетпейтін жері жоқ. Сондықтан да, журналист өзінің қызметін ойдағыдай атқаруға тиіс. Бұл үшін ол өз мамандығын терең меңгеріп, шеберлікпен жұмыс жасау керек. Журналистикамен кәсіби біліктілігі жоғары адамдардың айналысқаны жөн.

2. *Адамдардың шынайы ақпарат алуға деген құқығы.*

Журналистің ең алғашқы міндеті – объективті шындықты шынайы бейнелеу арқылы адамдарға дұрыс әрі анық ақпарат берудегі кепілі. Журналист дәйектердің түпнұскалық мағынасын сақтап және маңызды байланыстарды аша отырып, өзгертулер енгізбей, адал баяндауы керек. Жартылыс, табиғат және болған оқиғаның жайты мен оның қазіргі күйі барынша объективті түрде түсінікті болуы үшін, сондай-ақ, қоғамның әлемге байланысты нақты түсінік қалыптастыруы үшін жеткілікті ақпарат беріп, өзінің шығармашылық мүмкіндіктерін толығымен пайдалануы керек.

1990 жылдардың басында біздің басылымдарда тексерілмеген фактілердің жариялана беруі жиі кездесіп отырды. Осыны «Казахстанская правда» газетіне берген сұхбатында журналист Камал Смайылов былайша мойындады: «К сожалению, в некоторых изданиях имели место публикации, где использовались неточные, непроверенные факты. Особенно опасны такие моменты, когда речь идет о межнациональных отношениях...» (Казахстанская правда. – 1994. – 7 май. К. Смайылов).

Журналист еңбегіне қойылатын негізгі маңызды талаптардың бірі – ақпараттың шыншыл, әділетті, әділ болуы. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкері өзі жария еткен хабар-ошары арқылы өмірдің көрінісін жасайды, бұл шындыққа сай болу үшін, журналист болған оқиғаны, фактіні сол күйінде, өңін айналдырмай, өзгертпей, еш нәрсе қоспай оқырман, көрермен, тыңдарманға жеткізуге тиіс. Сонда ғана адамдар орын алған өзгерістер, құбылыстар туралы нақты түсінік ала алады. Әрине, фактілер, жағымды да, жағымсыз да болады, сол себептен шыншыл, әділ болу онайға түспейді. Бірақ журналист мамандығы осыны талап етеді, демек журналист фактіні іріктеу, бағалау, өңдеу, тарату кезінде объективтілік міндетін басшылыққа алуы тиіс; БАҚ-та міндетті түрде пікір алалығына жол берілуі керек.

«Тура биде туған жоқ» дегендей, журналист болған жайға, фактіге әділ көзбен, шыншылдықпен, ешқандай бөтен ықпалсыз қарап, салқынқандылықпен таразылау керек. Журналист бүкіл қоғам үшін қызмет етеді, соған жауап береді, сондықтан ол белгілі бір топтың, таптың мүддесін емес, бүкіл қоғамның мүддесін көздеуге тиіс. Журналистің қоғамдық маңызы бар ақпаратты жасыруға, фактіні біреудің пайдасына бұрмалауға құқығы жоқ.

3. *Журналистің объективті шындыққа адал болуы, ар-ұяттылық.*

Осы міндетке сәйкес журналист арлы, ұятты болуға тиісті. Материалды жарияламас бұрын ол фактіні мұқият тексеріп, хабарларды өте дәл етіп, ыждаһаттылықпен дайындау керек. Құжаттардан және басқа да ақпарат көздерінен алынған хабар, жаңалықты журналист қаз-қалпында жеткізуге міндетті. Америка журналистеріне берген кеңестерінде Лоуренс К. Бопре, «Уэстчестер Рокленд ньюспейперз» газеттер тобының вице-президенті әрі атқарушы редакторы былай деп жазады: «Кез келген ақпаратқа сенімсіздікпен, күдікпен қараңыз. Оны екі рет тексеріп алыңыз. Америка газеттерінің редакцияларында мынадай мәтел бар: «Ақпаратты туған анаңыз хабарласа да, тексеріп алыңыз...» (Журналист. – 1993. №10. 48 б. Школа Американской журналистики). Немесе «Азаттық» радиостанциясының комментаторы Вадим Белоцерковскийдің айтқанына көңіл бөлейік, ол былай деген еді: «Бізде эфирге берілетін фактілердің барлығы кем дегенде екі түрлі ақпарат көздерімен дәлелдену, расталу керек» (Журналист. – 1990. №10. 74 б. Фере Г. «Свобода» без грима).

Сөйтіп, журналист, ең алдымен, фактіні тәптіштеп тексеріп алуы керек. Екіншіден, ол фактілерді бұрмалау, ешбір дәлелі жоқ пікірлерді жария ету, ойдан шығару, өтірік ақпаратты тарату сияқты нәрселерден аулақ жүріп, арына кір келтірмей, ұятқа қалмау керек. Үшіншіден, кемшілік, қате жасалып қалған жағдайда журналист міндетті түрде газет, журнал, телевизия не радио арқылы кешірім сұрап, кемшілікті мойындап, теріске шығаратын материалды жариялауға тиіс. Бұл туралы Лоуренс К. Бопре былай дейді: «Ең маңыздысы: егер сіздікі дұрыс болмаса – мұны мойындаңыз, газетте жедел және ашық түрде қателерді түзеу тәжірибесінің болғаны абзал. Газеттердің көп бөлігінде бұл үшін арнайы орын берілген...» (Журналист. – 1993. №10. 48 б. Школа Американской журналистики).

Журналистика кәсібінің болмысы журналистен ақпараттың жалпыға бірдей ашық болуына ықпал етуі мен қоғамның журналист жұмысына етене араласуын талап етеді. Бұл дегеніңіз – қателерді түзету міндеті мен жауап қайтаруға деген құқық.

4. Журналистің кәсіби шынайылығы.

Осы міндетті шын мәнінде орындайтын журналист ешқашан да өзінің қызметі беретін мүмкіндіктерді жеке басының немесе туған-туыстарының мүддесі үшін пайдаланбайды. Қандай жағдай болмасын, БАҚ-ты лайықсыз мақсаттарға жету үшін пайдаланып, өзіне ұнамаған азаматтарды қудалау, олардан кек алу үшін қолдануға жол берілмеуі тиіс.

Журналистиканың беделін түсіретін нәрселердің бірі – плагиат, яғни, сұхбат берген адамның, белгілі материал авторының сөзінен, әдеби шығармадан, тағы басқалардан үзінді келтіріп, оны өз еңбегінің жемісі етіп көрсету. Бұл туралы сонау 18 ғасырда ұлы ғалым М.В. Ломоносов: «Ең алдымен, журналист өз әріптестері айтқан пікір, ойларды ұрлап, өзінікі етіп көрсету – ең ұят нәрсе екенін ұғып алуға тиіс...», – деген орынды пікір айтқан (История русской журналистики. Хрестоматия. 1991. 13 б.).

Осы тұста жас ақын Маржан Ерушованың «Қазақстан-Заман» газетіне берген (29 желтоқсан 2008) сұхбатынан мысал келтірсек: «2003 жылы Махамбет Өтемісұлы бабамыздың 200 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде тойланды. Ұлы той қарсаңында «Махамбет» атты поэмамды жаздым. 2003 жылы «Арыс» баспасынан «Жыр арқауы – Махамбет» деген жинақ шықты. Осы жинақта Атыраулық бір ақынның өлеңін беріп, авторы – Маржан Ершуова деп жазып қойыпты. Мен бұл баспаға өлең тапсырған жоқпын. Ал сол жылы шыққан «Жалын», «Сарыарқа» журналдары менің «Махамбет» поэмамды үзіп-жұлып, өңін өзгертіп жарияласа, сол жылы шыққан «Атыраулық ақын-жазушылардың 100 томдығының» 58-томында менің өлендерім жарық көрді. Бұл кітаптың ішінде де бас-аяғы бүтін бір өлеңім жоқ. Бұл жағдайлар мені қатты мазалады. Авторлық құқығым туралы жылы жауып қойдым да, шығармашылыққа шындап кірістім», – дейді. Маржанның басындағы жайт өзге шығармашылық иелерінде де кездесіп жататыны жасырын емес. Ең бастысы, осындай қателіктерге ұрынбай, жазылған дүниеге сілтеме беріп отырғанымыз жөн сияқты.

Плагиатқа қатысты тағы бір мысал келтірсек, 2004 жылдары Парламенттің қарауына жеті депутат «Мұғалім мәртебесі туралы» Заң жобасын ұсынған еді. Кейіннен аңғарғанымыздай, дәл осындай Заңды, сөзбе-сөз, үтірме-үтір, нүктеме-нүкте Қырғыз Респу-

бликасы 2001 жылдың 14 қаңтарында қабылдап тастаған екен. Бұл жөнінде «Ақ жол Қазақстан» газеті «Жетеудің «Жеті жарғысы» атты мақалада (25 маусым 2004) жан-жақты талдап көрсетті.

Адалдық міндетіне қайшы келетін әрекеттердің бірі – оқырман, көрермен, тыңдарман атынан материал, хат жариялап, кейіпкердің айтқан сөзінен бір үзіндіні ғана бөліп алып жариялап, оның айтқан ой-пікірінің өңін айналдырып, бұрмалау. Осының бәрі БАҚ беделін түсіріп, журналистерге деген сенімсіздік, сыйламаушылық туғызады.

5. Адамның жеке басының өмірі мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Журналист өз қызметін атқару барысында адамдардың құқықтарын қорғап, жеке басын құрметтеуі тиіс. Адамдардың жеке құқықтарына Конституцияда кепілдік берілген: «Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырамас құқығын ең қымбат қазына деп таниды және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асырады» немесе: «Адамның және азаматтың ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға болмайды» (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1993. 5 б.).

Даулы мәселелер туралы жазғанда журналист өте сақ, әдепті болуға тиіс, кінәсі анықталған азаматтар жөнінде ақпарат жариялаған кезде де сөздерді таңдап, неғұрлым сыпайы болғаны дұрыс. Баспасөз зерттеушісі В.М. Теплюк бұл туралы былай жазады: «Журналист ең алдымен, өзінің материалдарымен соттың шешімін ауыстырмауға, одан озып кетпеуге, кінәсі анықталмаған адамға кір жұқтырмауға тырысу керек» (Теплюк В.М. Этика журналистского творчества. 1980. С. 22.).

Кейде журналистер жеке адамның өміріне қол сұғып, оның келісімінсіз мұндай ақпаратты жария етеді. Бұл да әдепке жатпайды, бірақ кейбір аса маңызды жағдайларда мұндай әрекетке жол беріледі. Мұны дәлелдеу үшін журналистің кәсіптік этикасының Кодексінен үзінді келтірген жөн: «Ол жеке өмірге араласудан аулақ жүріп, осы сияқты мәліметтерді жария етуге тек мынадай жағдайда жол береді: егер бұл қоғам мүддесін қорғау үшін қажет болса» (Журналист. – 1991. №6. 12 б. Журналистің кәсіптік этикасының Кодексі).

Дәл қазіргі кезде Ресейде адамның жеке өміріне араласудан қорғау туралы заң жоқ, тек кейбір мәселелерге қатысты ғана бақылаулар

орнатқан. Мәселен, жеке және отбасы құпиясын күзету (24-бап). Конституция тұлғаның жеке өмірі туралы оның рұқсатынсыз ақпаратты жинауға, сақтауға және таратуға тыйым салады.

Бұл ережелерден тыс, арнайы журналистер үшін (және қалған азаматтардың әрекетімен жүзеге аспайтын), «БАҚ туралы Заңның» 49-бап, 5-тармағына сәйкес, егер ақпарат қоғамдық мүдде тұрғысында болған жағдайда, мұндай ақпаратты таратуға рұқсат етіледі делінген.

Тұлғаның құқыққа карама-қайшылық және моральды емес әрекет жасағаны туралы хабарламалар дәл осы ережеге сәйкес келіп жатуы мүмкін.

Кәсіби моральдың шарттары журналистен адамның қадір-қасиеті мен адам құқықтарын қадірлеуді талап етеді. Яғни, адам құқығын қорғайтын халықаралық құқық мен талаптарға сай тұлғаның жеке өмір сүруге деген бостандығы мен абыройына нұқсан келтірмей, оның атына жалған жала жабумен айналыспай, айыптаудан аулақ болуды талап етеді.

6. Жалпыадамзаттық қоғамдық құндылықтарды қадірлеу.

Кәсіби талаптар журналистен қоғамның құндылықтарын, демократиялық көзқарастары мен адамгершілік қасиеттерін сыйлауды талап етеді. Осы міндетті басшылыққа алған журналист адамгершілік, бейбітшілік, демократия, әлеуметтік даму, адам құқықтарын бірінші орынға қояды, соны дәріптейді. Журналист мамандығының мақсат-мұраты туралы В.М. Теплюк мынадай пікір білдіреді: «Журналист үшін ең маңыздысы – азаматтылық, адамдардың өмірін жақсартуға тырысу» (Теплюк В.М. Этика журналистского творчества. 1980. 29 б.). БАҚ арқылы журналист ядролық соғысты, ұлттар арасындағы араздықты болдырмауға, адамзат үшін маңызы зор экологиялық мәселелердің шешімін іздестіруге, дамудың төменгі сатысында қалған елдерде етек алған кедейлік пен түрлі ауруларға қарсы күресуге, тарих және мәдени ескерткіштерін талан-таражға салмай, қорғауға атсалысуға тиіс.

Нағыз журналист жалпы қоғамдық адамгершілік құндылықтарын, бейбітшілік, демократия, әлеуметтік ілгерілеу, адам құқығы мен ұлттық бостандықты алдыңғы қатарға қояды. Ол әрбір ұлттық мәдениеттің ерекшеліктеріне, құндылықтарына, қадір-қасиетіне, әр елдің өз саяси, әлеуметтік қайта құруына бел-

сене араласады. Қарым-қатынас арқылы журналист бейбітшілік пен әділеттіліктің орнауына, халықаралық қайшылықтардың туынданбауына, қарусыздандыру мен ұлттық дамуға деген әлемдік сенімді нығайтады. Журналистердің кәсіби этикасы журналисті тиісті халықаралық келісімдер, декларациялар мен резолюцияларды білуді міндеттейді.

1990 жылдары орыс тілді баспасөзде шовинистік бағыттағы, орыс пен қазақ арасына өрт салуды мақсат ететін материалдар да өте көп жарияланды. Мысалы, «Казахстанская правда» газетінде Г. Черкасовтың «Давайте уважать родной язык» атты мақаласы жарияланып, орыс тілді азаматтарды қазақтың жер атауларын орыс тіліне лайықты етіп атауға шақырады. Автор Алма-Ата деген атаудың «Алматы» деп өзгертілгенін ұнатпайды. Ол былай жазады: «...Город Усть-Каменогорск основали русские. Со временем здесь стали жить казахи. И по законам своего языка стали называть его Оскемен...». Сонда Г. Черкасовтың пікірінше, қазақтар өз жерінің аттарын қазақша, ал, орыстар орысша атай беруге тиіс. Оның ұсынысы мынадай: «И давайте в казахских текстах, речах писать и говорить по-казахски – Кокшетау, Костанай, Оскемен, Алматы, в русских – по-русски – Кокчетав, Кустанай, Усть-Каменогорск, Алма-Ата» (Казахстанская правда. – 1994. – 7 апрель. Черкасов Г. Давайте уважать родной язык).

Жалпы, көпшіліктің адами құндылықтарын сыйлау міндеттері журналистен арандатушылықтың кез келген түрімен айналыспауын, қырғиқабақ соғысты жақтамауын, қару-жарактың әсіресе ядролық бомбаның үстемін көтермеуін, кез келген зорлық түрімен айналысуға, жеккөрушілік пен кемсітушілік, оның ішінде нәсіпшілдікке ден қоймауын талап етеді. Сондай-ақ, езушілік тәртіпке, жаңғырған отаршылдыққа, кедейшілік, аштық, аурулар сияқты адамзатқа зиян келтіретін басқа да апаттарға қарсы тұруға шақырады. Осындай жұмыстың нәтижесінде журналист халықтар арасындағы түсініспеушілік пен жанжалдың тамырына балта шабады. Басқа елдердің қажеттіліктері мен тілектеріне отандастарының көңілін аудартады, жынысы, жасы, тілі, ұлты, діні мен діліне қарамастан, барлық ұлттар мен адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін арттыруға ықпалдасады.

7. Ақпарат аймағындағы жаңа халықаралық тәртіпке ықпалдасу.

Журналист әрдайым өз мамандығының беделін көтеруге ұмтылу керек. Бұған жету үшін журналистерге моральдық, материалдық жағынан жағдай жасалуға тиіс. Материалдық жағынан тәуелсіз қызметкер шын мәнінде ерікті болады. Журналистика қауіпті жұмыстардың бірі болып табылады. Көптеген елдерде журналистер қуғын-сүргінге ұшырап, мерт болып та жатады. Сондықтан да, БАҚ-тың өкілдері бірін-бірі қолдап, көмек көрсетіп, қамқорлық жасап, ынтымақтас болуы керек. Журналистер өз мамандығына кір келтірмей, оған деген сенімсіздік туғызбау үшін бір-бірімен ақылдасып, тәжірибе бөлісіп отырса жөн болады. Егер де журналист әдепсіздік немесе тағы басқа тәртіпсіздік жасаса, әріптестері оны жазалауға, айыптауға, жөнге салуға тиіс, өйткені дана халық айтқандай, «Бірдің кесірі мыңға тиеді».

1948 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» дүниежүзінде жоғары бағаланды. Бізде бұл Декларация тек тоталитарлық жүйе жойылған соң ғана мойындалып, баспасөз беттерінде жарияланды. Өкінішке орай, ұлттар арасында іріткі салатын, соғысқа шақыратын материалдар жоқ емес. Ресейдің «Неделя» апталығы өзінің бір нөмірінде Виктор Зуевтың «Куда вы теперь, казаки?» атты арандатушы мақаласын жариялады. Онда автор Қазақстанда тұратын орыстарға үндеу салып, олардың жағдайын ойлағандай болып, көтерілуге шақырады. Ол былай жазған: «Станут ли русские мириться со складывающимся сегодня положением граждан второго сорта? А если не станут, то такой путь выберут? Похоже, сегодня об этом никто особенно не думает. Как всегда, ждем, пока об этом никто особенно не думает. Как всегда, ждем, пока грохнет». Қазақтардың ұлттық намысына тимекші болып: «Казахстан назывался Автономной Киргизской Республикой, казахи – киргизами, киргизы – каракиргизами», – деп жазады (Неделя. – 1994. – № 14. Зуев В. Куда вы теперь, казаки?).

Осы шовинистік бағыттағы мақалаға қарсы «Түркістан» газетінде акын Аманхан Әлімовтың «Бұл ашықтан-ашық соғысқа шақыру емес пе екен...» атты материалы жарияланды. Автор: «Бұл майға от құйып, елді ашықтан-ашық қан төгуге шақыру емей не?», – деп ашына пікір білдіре келіп, бұл арандатушы жарияланымды талдап, сынап, Ипатъев жылнамасын, Л.Гумилев еңбегінен үзінділер

келтіріп, тас-талқанын шығарады (Түркістан. – 1994. – 9 мамыр. А. Әлімов, Бұл ашықтан-ашық соғысқа шақыру емес пе екен).

Журналист этикасы белгілі бір ережелердің қосындысын құрайды. Осындай кәсіби мораль журналистік кодекстен көрініс табады. Батыс елдердің баспасөз кодекстерінде – шынайылық пен әділеттілік, жарыққа шығар алдындағы материал бойынша, әрбір адамның пікірін білу міндеті ақпаратты заңсыз жолмен ашпау, т.б. секілді түсініктер қаралған. Жалпы, кодексте орын алған міндеттер мен нормаларды бұзушылық істері журналистік ұйымдарда қаралуы мүмкін. Олар заң бұзушыларға сөгіс, ескертулер жариялайтындары белгілі. Ең бастысы, журналист – өзі сенімді ақпараттарды ғана таратуына құқылы. Екіншіден, құпия ақпаратты жеке басының мәселесін шешуіне пайдаланбауы керек. Үшіншіден, журналист өз жұмысын атқару барысында өзінің қызметтестерінен басқа, жоғарыдағылардың қысым жасап араласуларына жол бермеуі керек. Төртіншіден, журналистің кәсіби статусы мемлекеттік басқару мекемелеріндегі қызметтермен қоса атқарылуына мүмкін еместігін көрсетеді.

Этика – кәсіби моральдың құрылымын зерттейтін ғылым десек, журналистке моральдық нормаларды ұстану – ең бір қажетті қасиет. Тіпті ең егжей-тегжейлі қабылданған кодекстің өзі журналистің аяқасты тап болған оқиғасына түсінік бере алмауы мүмкін. Бұл кезде тек журналистің кәсіби этикасы мен ар-ұяты ғана рөл атқаруы мүмкін.

Журналист – кәсіп иесі. Сондықтан, оның әрбір қимылы белгілі бір адами, кәсіби заңдармен шектелуі тиіс. Кейбір журналистер еш нәрсеге жіті мән бермей, кәсіби әдептілік сатының биігіне «өзінің өмір сүру қағидасы» арқылы көтеріліп, кемшіліктер жіберген тұста этикалық кодекс немесе канондар арқылы ақталып жатады. Кейде шектен шығу салдарынан тіпті арысыз атанып та жатады. Бұл жағдайда өз қатесін дер кезінде түзетуге шешім қабылдаса, оның алда әлі де талай қиындықтарға тап болары сөзсіз. Журналистер арасындағы мұндай өрескел жайттар көбінесе өзін-өзі жоғары бағалаудан келіп туындайды. Көп ретте олар өз бойындағы қабілеттің жоқтығын есепке алмай жатып, барлық кінәні тек кәсібіне арта салады. Сондықтан да, ең алдымен, журналистика мамандығын таңдау үшін оның маңыздылығы мен қажеттілігін терең сезіну қажет.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Құқықтық актілердегі этикалық нормалар мен ережелер.
2. Шетел журналистикасының этикалық кодекстері.
3. «Журналистің кәсіптік этикасы Кодексінің» міндеттері.
4. Бүгінгі отандық журналистика этикалық кодексінің жай-күйі.

2.3. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы»**Заң және журналистің кәсіби этикалық жауапкершілігі**

Құқықтық мемлекетте бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет етуінің негізі ақпарат бостандығымен тікелей байланысты. Бірақ ешбір бостандық шектеусіз болмайды, ол құқықтық және этикалық жауапкершілікпен

шектелуі тиіс. Журналистиканың қоғамдық өмірге әсерінің мүмкіндіктері мен іс-әрекеттерінің бостандығы көбірек болған сайын, оның жауапкершілігі де арта түседі. Әрбір журналист кәсіби парызын ақтағанда, журналистикаға тиісті талаптарға өзінің шығармашылығымен, шыншыл әрі объективті жарияланымдарымен жауап қайтаруы тиіс. Ең бастысы, журналистің жоғары мәдениеті болып, этика кодексін жіті сақтауы керек. Сонымен бірге, әр елдің өзінің «Бұқаралық ақпарат құралдары» туралы Заңы болады. Бұл әрбір елдің журналистикасының басты нормативті құжаты болып табылады. Онда журналистердің құқықтары мен міндеттерінің сипаты, редакция мен құрылтайшылар арақатынасын айқындайтын мәселелер, сондай-ақ, баспагерлер, бұқара, азаматтар ақпарат көздерімен арада болатын жайлар қарастырылады.

Елімізде бұқаралық ақпарат құралдары бостандық алды. Бұл 1991 жылы қабылданған «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы» Заңның I бабында көрсетілген: «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары ерікті. Азаматтарға Қазақ ССР Конституциясы кепілдік берген сөз бостандығы мен баспасөз бостандығы баспасөзді және басқа бұқаралық хабарлама құралдарын қоса кез келген формада пікірілер мен нанымдар айту, хабарлама, идеялар іздестіру, таңдау, алу және тарату правосын білдіреді. Бұқаралық хабарламаға цензура жасауға жол берілмейді» (Егемен Қазақстан. – 1991. – 21 қазан. «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы» Заң).

Енді бұқаралық ақпарат құралдарының еріктілігі жағдайында журналистерге қойылатын талаптар да өзгерді. Бұрын журналист үгітші, насихатшы және ұйымдастырушы деп аталып келді, енді оның негізгі қызметі қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету; қазіргі журналист, ең алдымен, информатор болып табылады. Әрбір журналист өзі үшін жауап беруге міндетті, жария етілген әрбір сөзі, мақаласы үшін жауапты болады. Журналистиканың даму деңгейі, қоғамдағы беделі әрбір басылымның, жеке журналистің қызметіне, баспасөз бостандығының қандай дәрежеде пайдаланылып жүргеніне тікелей байланысты. Демек, біздің елде демократия орнады деп сөз бостандығын теріс пайдаланып, кез келген ақпаратты жария етуге болмайды.

Бұл туралы «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы» Заңның I тарауының 5-бабында жазылған: «Бұқаралық хабарлама құралдарын мемлекет немесе заңмен арнайы қорғалатын, өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария ету, қолданылып жүрген мемлекеттік және қоғамдық құрылысты күштеп құлатуға немесе өзгертуге, республиканың егемендігі мен территориялық тұтастығын бұзуға шақыру, соғысты, зорлық-зомбылық пен қатігездікті, нәсілдік, ұлттық, таптық, діни астамшылықты немесе төзімсіздікті насихаттау, порнография тарату үшін, қылмыстық жолмен жазаланатын өзге де іс-әрекеттер жасау мақсатында пайдалануға жол берілмейді. Бұқаралық хабарлама құралдарын азаматтардың жеке өміріне араласу, олардың аржданы мен қадір-қасиетіне қол сұғу үшін пайдалануға тыйым салынады және ол қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қудаланады» (Егемен Қазақстан. – 1991. – 21 қазан. «Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы» Заң).

Құқық нормаларын біліп, сақтаған журналист өзінің жоғары құқықтық мәдениетін көрсетпес бұрын, БАҚ-ның сапалы жұмыс істеуіне зор септігін тигізетіні хақ. Бұл орайда, редакцияны ақпарат жинау мен тарату кезінде жіберіп алуы мүмкін заңдық қателерден аман алып шығуы сөзімізге дәлел бола алады. Тағы да адам құқықтары жөніндегі Еуропа соты, бұқаралық ақпарат құралдары мен баспасөз бостандығын қорғау жөніндегі мемлекеттік комитет, Президент жанындағы ақпараттық келіспеушіліктер жөніндегі

сот палатасы, жариялылықты қорғау қоры, этика жөніндегі журналистер одағының комиссиясы, т.б. толып жатқан құрылымдар журналистің қызмет бабындағы азаматтық, кәсіби құқықтарын қорғауға арналған. Ал, кейінгілер заң бұзса немесе цензура енгізілсе, редакция жұмысына араласса, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын біреулер соттың шешімінсіз тоқтатса, таралымды алып жойып жіберген, т.б. жағдайларда қылмыстық, әкімшілік, с.с. жауапкершілікке тартылатын болады.

Баршамызға белгілі ХХ ғасырда журналистика өз бағытын жоғалтып, тоталитарлық тәртіптің қаруына айналды. Мұндағы мақсат – БАҚ арқылы қоғам санасын басқару. Нәтижесінде, қоғам көп уақытқа әлеуметтік-тарихи құбылыстарды дұрыс түсінбей, сананың бағыты адаса бастады. Бұл жағдайда журналистер арасынан кәсіби міндет пен кәсіби жауапкершілік деген ұғымды түсінбейтіндер көптеп кездесуде. Олардың кейбіреуі бұл ұғымды білсе де білмегенсіп, тіпті жоққа шығарды. Соның салдарынан өте қауіпті қалыптар редакция мен журналистер арасында өрши түсті.

Елдерде болып жатқан драматизмге толы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайлар, бірегей идеологияның жоқтығы, бұқаралық ақпарат құралдарының бәсекелестігі, журналистердің «төртінші билікпіз» деп шалқуы, жіберген қателерге жауапсыздықпен қарауы соңында көптеген құқықтық әрі этикалық нормалардың бұзылуына әкеліп соғады.

Президенттің 2003 жылғы 4 сәуірдегі Қазақстан халқына Жолдауында: «БАҚ туралы жаңа заң қабылдау қажеттігі пісіп-жетілді, онда сөз бостандығын қамтамасыз етудің, сондай-ақ, журналистерді меншіктенушілердің қысымынан қорғаудың осы заманғы нақты жағдайы ескерілуге, сондай-ақ, шенеуніктердің еркін баспасөздің қызметіне араласқаны үшін жауапкершілігі күшейтілуге тиіс», – деп атап көрсетті. Осыған байланысты өз қызметін бұқаралық ақпарат құралдары саласында жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымдар «Бұқаралық ақпарат құралдары» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» екі заң жобасын әзірлеп, 2005 жылғы 18 сәуірінде Қазақстан Журналистерінің IV Конгресінде

жұртшылыққа ұсынған болатын. Бұлар еркін баспасөздің мүддесін де, сондай-ақ, бұқаралық ақпарат құралдарының өздеріне берілген бостандықты асыра пайдалануын болғызбау жөніндегі мемлекеттің міндетін де толық көрсетеді.

Қоғамдық дамудың қай кезеңіне көз салсаңыз, азат күштердің жеңіліске ұшырап, әділетсіздіктің үстемдік құрған шақтарын тарих парағы айғақтап бере алады. Қазіргі таңда журналистер тарихи ақиқатты тануда, қоғамдық ұстанымын таңдауда айтарлықтай көп ілгері басты. Кәсіби қабілеттері артып, білім, таным көкжиектері кеңейді. Нәтижесінде, масс-медиа жүйесіндегі еркін іс қызметке даңғыл жол ашылды. Демократиялық саяси биік мәдениетке жету үшін оның басты мінбері болып табылатын масс-медиа қызметіне «Қоғамдық жауапкершілікке негізделген журналистика» атты жаңа саяси мәдениеттің үлгісі талап етіліп отыр. Президент Н.Ә. Назарбаев 2005 жылғы кезекті Жолдауында: «Сөз бостандығын, ақпарат алу мен таратуды қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да шарттар алдағы уақытта да дәйекті түрде жасалады әрі қорғалатын болады. Сонымен қатар, сөз бостандығын пайдаланудағы шектен шығушылыққа қатар тосқауыл қойылуы шарт», – деді. Бұл жерде Президент сөз бостандығын, ақпарат алу және тарату бостандығын қамтамасыз ететін барлық қажетті құқықтық және басқа да жағдайларды одан әрі дәйектілікпен жасау және қорғау қажеттігін атап көрсетіп отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнаманы жетілдіретін заң жобасын әзірлеу Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні тану тұрғысынан аса өзекті болып отыр. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт 1966 жылдың 16 желтоқсанында БҰҰ Бас Ассамблеясымен қабылданды. Пактыны 35 мемлекет бекіткеннен кейін, 1976 жылдың 23 наурызында күшіне енді. Қазіргі кезде Пактінің қатысушылары 130-дан астам мемлекет болып табылады. 2009 жылдың 11 ақпанында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пактіге Факультативті хаттаманы бекіту туралы» Заңға қол қойды. Айта кету керек, азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактіге қатысушы мемлекет өз аумағы шегінде және оның құқықтық өкілеттігі астындағы барлық тұлғаларға нәсіліне, түсіне, жынысы-

на, тіліне, дініне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлдіктік жаһына, тууы немесе басқа да жағдайларға қатысты кемсітусіз құқык пен бостандықты қамтамасыз етуі тиіс.

Қоғамдық жауапкершілік дегеніміз – белгілі дәрежеде құқык иеленетін, тағы сол мөлшерде өзіне жүктелген міндетті де атқаратын және екеуінің де салмағы тең өлшенетін ұғым. Демек, қоғамдық жауапкершілікті сезінетін журналистика демократияны мінсіз, кіршіксіз таза ұстауды БАҚ жүйесі өз мойнына алады, өз қызметтерін осы өлшем бойынша бағалатады дегенге саяды. Заңдық, құқықтық актілер жүйесіне негіздеп, іс қызмет жүргізетін мемлекет бар кезде қоғамдағы барлық әрекет заңмен реттелетіні белгілі. Одан қоғамдық-шығармашылық және экономикалық бостандықтың барлық пішіндері, критерийі, сипаттары да тыс қалмайды. Ағылшын саясаткері Ж. Мильтон Парламентте сөйлеген сөзінде: «Мүмкіндігі бар күллі көзқарастардың самалы еркін ессін. Көзқарастар еркін рыногы пайда болған кезде ғана шындық жалғанды жеңе алады. Шындық бәрінен де күшті. Сондықтан адамдарға өтірікке, алдауға, қарсы еркін және ашық күресулеріне мүмкіндік беру керек. Әділетсіздікке қарсы күресудің ең сенімді жалғыз дұрыс жолы – осы», – деген екен.

Конституциялық жауапкершілік заңдық, саяси және моральдық жауапкершілік нысанасында көріне алады. Дегенмен, «абсолютті бостандық» деген болмайды. Сондықтан, кейбір керек деген шектеулер міндетті түрде орын алады. Мәселен, тұлғаның ар-ожданы мемлекет тарапынан қорғалады. Жеке өмірге кол сұқпаушылық; жеке және отбасылық құпиялар; жақсы атын қорғау; кісінің рұқсатынсыз ол туралы ақпарат жинау; сақтау және таратуға тиым салатын заң; жаугершілік, наразылықты насихаттауға да тиым салатын заңдардың болуы.

Елдің рухын көтеру, ұлттың мақтаныш сезімін оята білу, отансүйгіштік, ұлтжандылық, елжандылық қасиеттерді қалыптастыру тәуелсіз мемлекетіміздің өтпелі кезеңі үшін айрықша мәселе еді. Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны ерекше. Еліміздің Конституциясының 18-бабында: «Бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматқа өзінің құқықтары мен мүдделеріне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге

міндетті», – деп атап көрсетілсе (Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995. 30 тамыз. 37 б. (2007. 21. 05. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). 2007), Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңында оның «...мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбысбейне жазбасы және бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны», – болып табылатыны айқындалды (Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заңы». 2005. 49 б.). Міне, бұл – журналист жауапкершілігінің артқандығының заң жүзіндегі көрінісі. Мұнымен қатар, журналистің жеке басының тәрбие деңгейін, мәдениеттілігін, әдептілігін қоғам алдындағы өзінің парызын қалай түсінетіндігін аңғартатын этикалық мәселелер бар. Этикалық талаптар, нормалар жазылмаған заң деп те аталып жүреді, олардың орындалуы не орындалмауының маңызы өте зор.

Редакциялар мен журналистер жұмыс барысында түрлі нормативті актілермен бетпе-бет қалып жатады. Арасында журналистік құқықтарға ешбір қатысы жоқтары да кездеседі. Айталық, ақпаратты жинау мен таратуда азаматтық құқықтармен кезігіп қалса; тұлғаның ар-ожданына қарсы әрекет еткен журналистер қылмыстық іске тап болады; ұжымдағы қызметтік қарым-қатынастарда еңбек және әкімшілік жауапқа тартылуы мүмкін; редакцияның шаруашылық істерін жүргізуде қаржылық құқықтарға тәуелді болуы әбден мүмкін.

Журналистиканың барлық міндеттерінің ішінде – адамгершілік, шынайылық пен объективтілік, журналистің әлеуметтік ортада жүріс-тұрысын қадағалайтын этикалық нормалардың негізі болып табылады. Оларға қойылатын басты талап – тек қана шындықты жазу, оқиғаларды зерттеп-тергеуде ешқандай қателіктер жібермеу. Бұл талапты орындамаған журналист өзі жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралының абыройын түсірмес бұрын, заңдық құқықтық жауапкершілікті жүктеп алуы мүмкін. Бәсекелестік күрес жағдайында әрі дұрыс қалыптаспаған ақпараттық нарықта көптеген журналистер мен редакциялар «БАҚ туралы заңды» дұрыс орындамай жүрген жайы да бар. Бұған қоса, біле тұра жіберілетін қателер де жоқ емес. Өйткені, соңғы уақытта бұқаралық ақпарат құралдарының көмегіне жүгініп жауласатын топтар пайда болды.

Мұнда БАҚ-тың билік тұтқасын ұстағандардың қол шоқпарына айналып кету қаупі сөз болып отыр.

Кейде журналистер дау-дамай туғызсақ, әйгілі болып кетеміз деген теріс пиғылды ойда жүреді. Мұндай заң бұзушылықты дәлелдеп шығу оңай емес. Өйткені журналист пен редакцияның ақпарат көзін құпия түрде ұстауларына құқылы екендігін ескерген жөн. Егер журналистің немесе редакцияның кінәсі дәлелденсе, бұрынырақта жаза ретінде кешірім сұрап, талапкерді ақтап шығатын екінші материал телерадио не баспасөз беттерінен жарық көретін. Қазір бұған қоса, жәбірленушіге моральдық шығындары үшін айыппұл төленуі міндетті. Бұл айыппұл сол дау туғызған жариялымнан түсетін қаламақидан бірнеше есе асып түседі. Әрине, мәселені соттың қарауына дейін апармаған жөн. Дегенмен, мүлдем ешқандай қателер жібермеуге тырысу керек.

Журналист қызметі – қауіпті. Көптеген шет елдерде соғыстар жүріп жатады, соның зардабын журналистер де шегеді. Мысалы, «Экспресс К» газетінде жазылғандай, Алжирде үшінші ақпан күні террористік істің нәтижесінде француз журналисі қаза тауып, австралиялық журналист ауыр жарақаттанды. «Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап Алжирде мерт болған шетел азаматтарының тізімінде француз журналисі жиырма сегізінші болды...», – деп жазады. Ресейде шығатын «Известия» газеті фотосурет және мәтін жариялады, одан үзінді келтіріп жіберейік: «Жалпыға бірдей сайлау алдында Оңтүстік Африка Республикасы үшін үйреншікті болып кеткен АНК және «Инката» арасындағы қарулы қақтығыс кезінде Иоханесбург маңында фоторепортер Кен Остербург қаза тапты...». Немесе әлемнің «ыстық нүктелерінің» бірі – Словакияда «Еркін Еуропа» радиостанциясының үш корреспонденті өз жұмыстарын атқару үстінде соққыға ұшырады.

Кез келген мәселенің ушығып, өршіп тұрған жағдайында қызуқандылыққа салынып, баспасөз беттеріне, радио мен телевидение арналарына журналистердің берген қатқыл, қарамақайшы хабарлары қоғамдық тіркеудің қалыптасуына кері әсерін тигізетіні белгілі. Сондықтан журналистердің мұндай жағдайдағы басты мақсаты бұқаралық аудиторияға рухани біртұтастылықты қамтамасыз ету болып табылады. Басылым бетіндегі әр мақаласымен, телевизиялық әр кадрымен, радиода айтылған әр

сөзімен әлеуметтік әділеттіліктің идеяларына қызмет етіп, жұртшылықтың сұранысын қанағаттандыруы тиіс.

Осы орайда, редакция ұжымы, бас редактор, журналист шындыққа жанаспайтынын, біреуге кері әсер тигізетіндей ақпараттарды таратқаны үшін: 1. Міндетті мәлімдемелерге қатысулы болса. 2. Ақпарат агенттіктерінен алынса. 3. Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, құрылымдардың, кәсіпорындардың, бірлестіктердің т.б. баспасөз қызметтерінің материалдарында немесе сұрау салынған ақпараттың жауабында көрсетіліп өтсе. 4. Отырыстарда депутаттардың, съезде делегаттардың, мемлекеттік ұйымдарда лауазымды адамдардың сөйлеген сөздерінен алынған үзінділер сөзбе-сөз қайталанса. 5. Редакциялануға жатпайтын мәтіндерде немесе эфирге бірден берілетін авторлық шығармаларда кездесе. 6. Басқа бұқаралық ақпарат құралдары таратқан материалдардың дәлме-дәл көшірмесі болса жауапқа тартылмайды.

Бүгінгі таңда журналистердің конституциялық құқықтары жиі бұзылады. Мысалы, бірнеше жыл оппозициялық БАҚ-та жұмыс істеген әріптестерімізді мемлекеттік БАҚ-тар жұмысқа қабылдамай жатады. Бір өкініштісі, сол жұмыссыз журналистер газет редакциясына берген өтінішінің екінші данасын сотқа апаруды біле бермейді. Яғни, Еңбек кодексінде «Журналистердің еңбек ету құқықтары» деген бөлім жоқ. Шетелдердегі сияқты қазақстандық журналистердің де жеке өміріне, жақын-жуықтарының өміріне қауіп төнеді. Бұл жерде де журналистерді қорғайтын заңдық негіз жоқ.

Қазақстанда журналистердің соққыға жығылуы, пышақталуы соңғы кездері көбейіп кетті. Мұны Қазақстанның қоғамдық-қауіпсіздік саласының немқұрайдылығынан көруге болады. Әйтпесе журналистеріміз өз қызметін мүлтіксіз істеп отыр. Яғни, халыққа еркін ой, еркін пікірлерін берді. Осы ретте интернет желісінде хабар тарататын «Азаттық» радиосының директоры Едіге Мағауин: «Тапа-тал түсте журналистердің пышақталуы қай жағынан айтсаңыз да, кездейсоқтыққа жатпайды. Сондай-ақ, мұндай әрекеттер елдегі белгілі бір саяси үрдістің көрінісі іспетті. Бұны жеке бөліп қараудың қажеті жоқ. Өйткені бұл бір ғана «Азаттық» журналистерімен шектеліп отырған іс емес. Басқа да БАҚ қызметкерлерін қамтып отыр ғой. Мәселен, жуырда «Общес-

твенная позиция» газетінің тілшісі Бақытжан Нұрпейісов соққыға жығылды ғой. Сондықтан да мұны жай кездейсоқтық іс деп айта алмаймын», – дейді (Тасжарған. – 2009. – 1 сәуір. Е. Мағауин, Журналистің пышақталуы – елдегі саяси үрдістің көрінісі...).

Енді заңнамаларымызды салыстыру үшін, Ресейді мысалға алайық. 2010 жылы Ресей президенті жанындағы азаматтық қоғам мен адам құқықтары институттарын дамыту жөніндегі кеңес РФ Қылмыстық Кодексінің 144-бабына («Журналистердің заңды кәсіби қызметіне кедергі келтіру») жаңа бөлім қосуды ұсынды. Яғни журналистер мен құқық қорғаушыларға шабуыл жасағандар 6 жылға дейін темір торға қамалуы мүмкін. Онымен қоса, Мемлекеттік Думаның депутаты Борис Резник журналистерді соққыға жыққаны үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейтетін заң жобасын палатаға ұсынды. Яғни ол РФ-ның ҚК-нің 277-бабына тиісті өзгертулер енгізіп, журналистерді мемлекет пен қоғам қайраткерлеріне теңестіру керектігін айтты. Қылмыстық Кодекске сәйкес, БАҚ өкілдерінің өміріне қауіп төндірген адам 12-ден 20 жылға дейін бас бостандығынан айырылады, не өмір бойы түрмеге қамалады.

Отандық журналистер мемлекет қорғауына қатты зәру. «БАҚ туралы» заңда БАҚ қызметі реттелгенімен, журналистердің құқықтары толық қорғалмаған. Отандық журналистер біріккен кәсіподақ құрып, «Журналистердің мәртебесі туралы» заң жобасын әзірлеуі керек. Содан соң, заң жобасын еліміздегі барлық журналистердің назарына ұсынып, олардың ұтқыр ұсыныстарын қосып, соңғы нұсқасын ел Парламентіне жіберу керек.

2011 жылдың маусымында қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдары бас редакторларының алғашқы форумы болып өткені белгілі. Оған қатысушылар баспасөз қауымдастығын көптен алаңдатып жүрген көкейкесті мәселелерді ортаға салып, қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарын іс жүзінде қолдау қажеттігі жөнінде арнайы мәлімдеме жасады. Мәлімдемеде «Бұқаралық ақпарат құралдарын мемлекеттік қолдау туралы» жаңа заң қабылдау, отандық баспа және электрондық бұқаралық ақпарат құралдары үшін қосымша құн салығын толық алып тастау, БАҚ қызметкерлерін әлеуметтік қолдауды іске асыру, атап айтқанда, журналистерді әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланатындардың

тізіміне қосу (сыйақы, баспана беру, ипотекалық жеңілдіктер), зейнетақы тағайындағанда кәсіби санатын анықтау қажет делінген. Осындай орынды талаптарды қолдай отырып, тағы бір өткір мәселе – журналистердің жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына назар аудару қажет.

Қоғамымыздағы сөз бен шығармашылық еркіндікке конституциялық кепілдіктің берілуі бұқаралық ақпарат құралдарының шапшаң дамуына жол ашты, оған деген мемлекеттік монополияны жойды, жаңа бағыт, жаңа сарындағы БАҚ нарығын дүниеге әкелді. Нәтижесінде мемлекеттік БАҚ-пен қатар, оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы БАҚ өзара бәсекелестікке түсті, журналистердің белсенділігі артты. Міне, осындай жағдайда елімізде болып жатқан оқиғаларды шынайы жазу, ақиқатты айту, кәсіби міндетін адал атқару – журналистердің абыройлы борышы.

Осы ретте кезінде Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Жарасбай Сүлейменов ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовке депутаттық сауал жолдаған еді. Депутат өз сауалында: «Журналистер тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, өмірде болып жатқан құбылыстарға өз бағасын беруге, акты – ақ, қараны – қара деп, оқырманға, қалың елге жол көрсетуге тиіс. Әрине, осы талап үдесінен көріну оңай емес, екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қоғамда шындықты бетке айтатындарды ұнатпайтындар да, олардан өш алғысы келетіндер де жоқ емес. Міне, сондықтан да журналистерді қудалау, тілшілердің заңды кәсіби қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу әрекеттері әлі тиылмай келеді. Баспасөзді саяси ойындарға немесе қаржы-өнеркәсіп топтарының өзара текетіресіне тарту әрекеттері де елімізде өркениетті ақпараттық кеңістік қалыптастыруға кері әсер етуде. Осындай әрекеттердің салдарынан Қазақстанда да журналистиканың қауіпті мамандыққа айналып бара жатқаны жасырын сыр емес. Соңғы он жылда ғана елімізде түрлі себептермен қырыққа жуық журналистің қаза болғаны бізде журналистердің құқықтары мен кәсіби мүдделерін қорғау жағы ақсап жатқанын, басқа мамандықтардың иелеріне қарағанда, олардың мемлекеттің қорғауына өте-мөте мұқтаж екенін көрсетеді», – деп атап өтті. (Datkz. – 2011. – 4 маусым. Ж. Сүлейменов, Журналистерді қорғайтын Заң керек). Шындығында да БАҚ өкілдеріне қай тараптан

болмасын қысым көрсетілмеуге, сыртқы күштер журналистерге өздерінің кәсіби міндеттерін адал атқаруларына жағдай жасауға әрі шындықты айтуға, ізденуге, ақпаратты табуға мүмкіндік берулері тиіс.

Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүзеге асыру сот ісін жүргізудің ашықтығы, айқындығы және жариялылығы принциптеріне негізделген. Бұл міндеттер сот жүйесінің қызметі жөнінде оң қоғамдық пікір қалыптастыруға, халықтың сотқа сенімін арттыруға бағытталған және соттар мен бұқаралық ақпарат құралдарының өзара қарым-қатынасының негізін құрайды. Сондықтан да, сот тақырыбына арналған жарияланымдардың сапасы, кәсіби деңгейі, ақпараттардың ақиқат болуы сот жүйесі үшін өте маңызды. Өйткені, соттың жұмысы туралы ақпарат тарататын, сол арқылы қоғамдық пікір тудыратын хабар көзі – бұқаралық ақпарат құралдары.

Негізінен, сот пен бұқаралық ақпарат құралдарының арасындағы қарым-қатынасқа біржақты қарауға болмайды, ол өзара түсіністікке негізделіп, екіжақты жүруі тиіс. Өйткені сот адамдардың тағдырына араласса, бұқаралық ақпарат құралдары олардың санасына ықпал етеді. Егер соттан әділеттілік талап етілсе, бұқаралық ақпарат құралдарынан әдептілік, шыншылдық талап етілуі тиіс. Өзгенің пікірін сыйлау үлгісін бұқаралық ақпарат құралдары өздері көрсетсе жөн болар еді. Жалпы журналистер Жоғарғы сот пен облыстық соттардың веб-сайттарымен жиі танысып отырса, өздеріне қажетті көп ақпарат алар еді. Мәселен, 2009 жылдың қорытындысы бойынша, республика соттарынан 77 судья өз еркімен және басқа жұмысқа ауысуына байланысты жұмыстан кетсе, 45 судья отставкаға кеткен (Алаш айнасы, 16 қыркүйек, 2010. Ж. Әбдиев, Сот әділ, ақпарат құралдары шыншыл болса керек).

2009 жылы шілде айында Қазақстан Президенті Интернет желісіне қосымша қадағалау орнатқан «Ақпараттық-коммуникативті желілер туралы заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңға сәйкес, барлық Интернет-ресурстар (сайттар, блогтар, чаттар, форумдар, Интернет-дүкендері мен т.б.) БАҚ теңестіріледі, ал олардың иелері журналистермен қатар қылмыстық, азаматтық және

әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Сонымен қатар, Заң Интернет-провайдерлер мен сайт иелерін Интернет-ресурстарында тіркелу кезінде жазылатын Интернетті пайдаланушылар мен абоненттердің жеке мәліметтерінің бәрін екі жыл бойы сақтауға міндеттеді. Сондай-ақ, осы заң бойынша кез келген БАҚ тоқтату мен жабудың жаңа негіздері енгізілген.

2009 жылы желтоқсан айында «Азаматтардың құқықтарын қорғау және жеке өмірлеріне қол сұқпаушылық мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң қабылданды. Заң бойынша тұлғаның жеке өмірі туралы мәліметтерді заңсыз жинау және БАҚ арқылы тарату үшін бес жылға дейін бас бостандығынан айыру туралы жаза енгізілген.

Дүниежүзінің барлық елдерінде, оның ішінде сөз бостандығы дамыған мемлекеттерде журналистердің қызметін реттеп отыратын, журналистиканың халықтың сеніміне, құрметіне бөленуін қамтамасыз ететін этикалық талаптар бар. Олар журналистиканың беделін көтеруге, сайып келгенде, бүкіл қоғамға қызмет етеді. Озық елдерден біздің жаңадан қалыптасып келе жатқан еркін журналистиканың үйренері көп.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Заң және баспасөз.
2. Журналистердің конституциялық құқықтарының бұзылу себептері.
3. Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті.

2.4. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама мәдениеті

Заман талабына сай адамдар өресі күн санап тоқтаусыз өсуде. Сонымен бірге, қажеттілік көлемі сұранысты ұлғайтып, ерекше бір қызмет түрін яғни, жарнама ұғымы пайда болды. Жарнама анықтамасына келетін болсақ: «Жарнама – спектакль, концерт, лекция немесе көрермендерге арналған басқа да мәдени шаралар, спорттық жарыстар, ойын-сауықтар туралы хабарландырудың бір түрі» (Қазақ Совет Энциклопедиясы, Т. 4. 1982). Келесі бір анықтамада: «Жарнама – адамдардың беймәлім тобына арналған және жеке немесе заңды тұлғаларға, тауарға, тауар белгілеріне, жұмыстарға,

көрсетілетін қызметтерге қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға арналған және оларды өткізуге жәрдемдесетін кез келген нысанда, кез келген құралдардың көмегімен таратылатын және орналастырылатын ақпарат», – деп көрсетілген (Жарнама туралы Республикасының Заңы. – 2003. – 19 желтоқсан) Қарап отырсаңыз, жарнама белгілі бір қызмет көрсету түріне, тауарға оқырманның қызығушылығын ояту мақсатын көздейді.

Жариялануына қарай жарнама ақылы және жанама деп бөлінеді. Жарнаманың жеке адамдарға керекті хабарландыру, құлақтандыру, сақтандыру секілді түрлері болады. Бүгінгі таңда белгілі бір кәсіпорынның өнімін жарнамалау өте кең тарап отыр. Ол үшін сол өнімнің қасиеттерін көрсетеді. Яғни, ақпараттық сипаттағы жарнама болады.

Қазіргі кезде электронды ақпарат құралдарында қандай бір сұраныстағы тауарды, көрерменге немесе тындарманға жеткізу, қарапайым қажеттілік ретінде қарастырылады. Адамдар өз керегін іздемей-ақ, алдын-ала ақпарат ала алады. Бүгінгі күні жарнаманың ерекшеліктеріне келетін болсақ: біріншіден, қоғамдық сипаттама; екіншіден, үгіттеуге қаражат сатып алушы өз хабарын бірнеше рет қайталай алады; үшіншіден, мәнерлілік, түс, дыбыс, шифр арқылы тауарды тартымды көрсете алады; төртіншіден, иесіз, яғни жарнама монолог түрінде жасалады. Міне, осылардың бәрі бүгінгі күнгі жарнаманың бойында жатыр. Бірақ елең етерлік ұсақ-түйектер жарнамамыздың бойынан көптеп кездесіп жатқандары анық байқалады. Осы тұста журналистердің мәдениеті, қатаң қадағаланатын талаптары аса қажет сияқты.

Газет жарнамасының негізгі құралы – сөз. Сөз құдіретімен белгілі бір тауар немесе қызмет көрсету түрі суреттеледі, оқырман санасына жетеді. Газет жарнамасындағы сөздің басты міндеті оқырман назарын өзіне аудару, қызығушылығын тудырып, ойына әсер ету.

Жарнама стилі көпқырлы болып келеді. Өйткені, тұтынушыға өз қызметі не тауарын мүдделі жарнама берушілер үшін қатып қалған жарнама жасаудың заңы жоқ. Оларда толық шығармашылық еркіндік бар.

Ал, жарнамада көп кездесетін стилистикалық қателер сөзді дұрыс қолданбау, лексикалық бірлікті бұзу, сөйлемнің

дұрыс құрылмауы себептерінен туындайды. Жарнама мәтінін жазғанда автор ең алдымен, сөздердің орындылығын, сөйлемнің синтаксистік тұтастығына басты назар аударуы шарт. Осы тұста К. Федин: «Сөздің дәлдігі – стиль ғана емес, пікірдің басты талабы», – деп атап өтеді (Федин К. Писатель, искусство, время. М., 1961.) Өкінішке орай, мұндай талаптар көп жағдайда орындала бермейді. Мысалы, «Әсем-ай» компаниясының минерал суы зауыты әзірлеген Сарыағаш шипалы суы ыдысына (бөтелкесіне) жапсырылған қағазында (этикеткасында) мынадай жазулар бар:

Сары Ағаш

1956

Асем-ай

Сапа кепілдігіне 5 жыл!

Осындағы елімізге кеңінен танымал болған атақты Сарыағаш курортының атына байланысты шығарылған емдік қасиеті мол Сарыағаш минерал суы неліктен «Сары Ағаш» болып жазылған? Сарыағаш минерал суы халыққа арнап шығарылатындықтан, сөздерінде қате болмауы тиіс. Сондай-ақ, қазақ «әсем» дейтін әдемі сөзді ешуақытта «Асем» деп айтпаған (Түркістан, – 2003. 6 ақпан. Шымкент өнімдеріндегі шылықтар мен былықтар). Қандай жарнама болмасын ол тұтынушыға арналады. Ал, тұтынушы дегеніміз бұл – халық. Сондықтан да, жарнаманың сәтті болуы мәтінінің сауатты жазылуына да байланысты. Жарнама саласында қызмет атқаратын журналист тіл маманы болуға тиіс. Жоғары тіл мәдениеті белгілі бір ой білдіру үшін әрбір сөзді үнемді, нақты әрі орынды етіп қолдануы қажет. Яғни, белгілі бір ой, пікір айту үшін әрбір сөзді салмақтап, саралап, зерттеп, оған өзі тұщынып, көңілі толып, содан кейін барып жазуы тиіс. Жоғары тіл мәдениеті әрқашан лексикалық варианттар мен грамматикалық ережелерді дұрыс сақтауға көмек береді. Сөйлеу мәдениеті мен тіл шеберлігін меңгеру үшін әдеби тілді міндетті түрде білу қажет. Әдеби тіл нормасы деп пікір, ой айтуға жеңіл, қолайлы әдіс-тәсіл айтылады. Осы норманың бұзылуы жарнама тиімділігін кемітетін тілдік қателер тудырады. Жарнаманың көп жерлерінде тұрақты сөз тіркесінің бұзылуынан пайда болған тілдік қателер де кездеседі. Осы ретте публицист А. Смаил: «Ең алдымен, қате жарнамалардың жіберілмеуіне, ілінбеуіне әкімдіктер мен тіл басқармалары жауап

беру керек. Үлкен қалаларда, облыс орталықтарында қайта-қайта қате жарнамалардың ілініп жатуы әкімдіктегілердің өз міндеттерін дұрыс атқара алмай отырғандығынан. «Тіл туралы» және «Жарнама туралы» Заңда да жарнама мәтінін сауатты жазу мәселесі қарастырылған. Тек грамматикалық қателер ғана емес, рухани қателерді жібермеу мәселесі де назардан тыс қалмаған. Жарнамада жіберілген қателер үшін заңда тиісті жауапкершілікке тартудың жолдары да көрсетілген. Негізінен, жарнамамен айналысатындар қазақша сауатсыз. Әсіресе, тарихи тұлғаларға қатысты атаулар, қазақтың байырғы сөздері өрескел қатемен жазылады. Сондай-ақ, жер-жердегі дүкен, мейрамханар секілді мекемелердің атауларын да Тіл басқармасы қадағалауы керек», – деп атап өтеді (Алаш айнасы. – 2010. – 31 шілде. А. Сенбаева. Тиісті заңдар бола тұра, қазақ тіліндегі қате жарнамалардың жойылмай отыруының сыры неде?).

Шынында да мұндай қателерге бой алдырмау үшін мәтіннің тек грамматикалық жағына ғана назар аудармай, әр жеке сөздің басқа сөздермен байланысын да тексеріп отыру қажет. Көп жағдайда лексикалық тұтастық пен сөйлем бірлігіне назар аударылады. Ал, сөйлемнің синтаксистік құрылымынан қате кетсе, тіпті ақпарат, айтылар ой мағынасы өзгеріп кетуі де мүмкін. Жарнама тілінің кемшін тұстары, стилистикалық қателер көп қырлы. Олар жарнаманың ақпараттылығы мен әсерін төмендетіп, оқырман қабылдауына кедергі келтіріп, тіпті кері әсерін туғызуы ықтимал. Дұрыс, орынды, анық сөз – жарты табыс. Егер журналист стилистикалық құралдарды жарнаманың өзіндік табиғатына сай дұрыс қолдана білсе, оның тиімділігі әлдеқайда жоғары болмақ.

Жарнама мысалы көп. Бір мысал: «Егер спортшы жетістікке жетем десе, жақсы спорттық формасында болуы керек» (Спорт киімдері сататын дүкен жарнамасы). Кейде аударма сөздер де ұтымды қолданылуы мүмкін. Мысалы, «кофе» араб тілінен аударғанда «адамға нәр беретін», «шаршағанда дем алдыратын» деген мағына береді. Шынында да, бұл хош иісті сусын жаныңызды сергітіп, көңіл-күйіңізді жақсартады (Белгілі бір маркалы кофенің жарнамасы).

Журналист Кәмшат Тасболатованың «Айқын апта» газетіндегі «Көзқарас» айдарында жарық көрген «Жынойнақтың ордасы немесе Ресей прокуратурасының қаһарына ұшыраған «Дом-2» Қазақстанда неге қадағаланбайды?» (18-қыркүйек, 2008)

атты мақаласында: «Елімізде сол баяғы ұлттық идеологияның жоқтығынан отандық БАҚ-тар эфир уақытын толтыру үшін Ресейдің қалған-құтқан бағдарламаларын қазақ көрермендеріне тықпалаумен келеді. Отандық БАҚ-тарда «нені көрсетуге болады, нені көрсетуге болмайды» дегендей ортақ ұстаным жоқ. Содан болар, елімізде шетелдік телеарналар көрсетілімінің ретрансляциясы 20 пайызға дейін қысқартылса да, 70 жыл бойы орыстың телевидениесіне тәуелді болып келген кейбір арна басшылары әлі де «бұл тәуелділіктен» қол үзгісі жоқ», – деген шынайы пікір білдіреді. Шынында да, ресейлік «Дом-2» бағдарламасындағы жастардың іс-әрекеті біздің менталитетімізге сай келмейді. Релити-шоуға қатысушы ұл-қыздардың аузынан шығатын былапыт сөздер мен бір-бірімен жанжалдасып жататындары сорақы дүние екені даусыз.

«Дом-2» бағдарламасы Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» заңын өрескел бұзуда. Аталмыш Заңның 13-бабына сәйкес: «Темекі және темекі бұйымдарын, алкоголь өніміне, темекі және темекі бұйымдарына сұраныс пен қызығушылықты ынталандыруға бағытталған әртүрлі іс-шаралар, соның ішінде ұтыстар, лотереялар ойнату нысанында жарнамалауға тыйым салынады». Ал бұл бағдарламада неше түрлі темекіні шегіп, ашық түрде жарнамалайды. Бұл – біздің қазақы салтымыз бен мұсылмандық ұстанымымызға қарсы келетін, еш үлгі бермейтін әрекет.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 3-тарау, 14-бабына көз жүгіртсек, елімізде алкоголь өнімдерін жарнамалауға 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап тыйым салынған болатын. Сондай-ақ, темекі және темекі бұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады. Мұнымен мәселе шешіліп кеткен жоқ. Бірақ, қазір көше бойы мен теледидардан бұрынғыдай спирттік ішімдік пен темекі өнімдеріне қатысты қаптаған жарнамалар легін байқамаймыз. Есесіне, кейбір ілініп тұрған спирттік ішімдіктердің жарнамаларының тұсына «алкогольсіз» немесе «табиғи ауыз суы деп» жазып, жымиған қызыл киімді славян қызының бейнесімен қоса іліп қояды. Егер тағы сол Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңына сүйенетін болсақ, 7-баптың 14-тармақшасында жалған жарнамаға

арналады. Яғни, жарнама берушінің өз жарнамасын ақылмен зерделей отырып, жарнама тұтынушысын алдап, адастыратындай мақсатта пайдаланса, ол жарнама жалған болып есептеледі. Бұл жарнама қатарына жатқызылмайды.

Қазіргі қазақ жарнама тілінде өрескел қателер көп. Қазақ жарнамасы көп ретте аударма арқылы жасалады. Міне, сондықтан да аудару кезінде қазақ тіл нормаларын сақтамау, сөз мағынасын емес сол өзге тілдегі сөздің нақты аудармасын жасау жарнама мәтінінің күлкі туғызардай дәрежеге жол ашады. Бірнеше аудармаларға назар аударайық. Строительные материалы – *Құрылыс заттары*. Оптом и в розницу – *Көтерме және бөлшек*. Бұл мысалда сөйлем тиянақсыз, аяқталмаған. Негізгі ой – құрылыс заттарының көтерме және бөлшек бағамен сатылатындығында, яғни бұл сөйлем «баға» деген сөзді керек етіп тұр. Демек, «Құрылыс заттары. Көтерме және бөлшек бағамен». Келесі мысал, Магазин продуктов и промышленных товаров – *Азық-түлік және өнеркәсіп тауарлары дүкені*. Бұл жерде «тауарлар» деген сөзге ілік септігін, яғни «-нің» жалғауын қоссақ, сөйлем түсінікті, мәтін сауатты құрылған болар еді: *Азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының дүкені*.

Қазақ тілінде жарнама жасап жатырмыз деген аты болмаса затынан қазақшылықтың исі де сезілмейді. Жарнама мәтінінің бірінші орыс тілінде жазылып сосын қазақ тіліне аударылғаны сол сәтте қасында болмасақ та, бірден көзге ұрып тұр. Осы жерде жарнаманың аударма-мәтіні жөнінде бірер сөз айта кетсек артық болмас. Біздегі аударманың кейбірі сөздің орыс тіліндегі мағынасын тікелей қазақша берумен ерекшеленеді. Біріншіден, аударма жасаудың да өзінің де реті, тәртібі болуы керек сияқты. Сөзбе-сөз аударылған аудармамен көпке бармасымыз анық. Екіншіден, аударманы қазақ тілінің маманы жасаса, орашалақ сөйлемдер мен сөз тіркестері болмаған болар еді. Жарнама берушілер бұл екі шығындану ғой деп келіспеуі де, бірақ тауарларымызға ана тілімізді белшесінен басатын жарнама бергеннен бермегеннің өзі артық шығар.

Қалай десек те қазақ тілінде жарнама керек. Оның қалың оқырманға қалай жеткізу мәселесімен жарнаманы беруші мен жасаушылар айналысатыны да түсінікті. Қазіргідей нарық заманында жарнама жасату мол ақшаға келіп тірелетіні сөзсіз. Жарнама

беруші қыруар қаржы жұмсап, жарнама жасатып жатқандықтан мәтіннің жұртшылыққа арналып дұрыс әрі түсінікті жазылуын, жалпы алғанда, жарнаманың дұрыс жасалуын қадағалауға тиісті. Жарнаманың дұрыс-бұрыс болуына жасаушы емес, беруші адам мүдделі болуы керек. Себебі, ертеңгі күні жарнаманың нәтижесін көретін де солар .

Десек те, жарнама берушілердің өз мүдделеріне немқұрайды қарап отырғанын газет бетіндегі жарнамалардан көруімізге болады. Бұл осы бетімен жалғаса беретін болса Жарнама туралы 2003 жылғы 19 желтоқсандағы № 508-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында «жөнсіз жарнама» деп атап көрсетілген түріне баратынымыз анық. «Жөнсіз жарнама – мазмұнына, уақытына, таратылу, орналастырылу орнына және тәсіліне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуына жол берілген жосықсыз, дәйексіз, әдепсіз, көрінеу жалған және жасырын жарнама» (Жарнама туралы Қазақстан Республикасының Заңы. – 2003. – 19 желтоқсан).

Жалпы, түрлі сірескен аудармалар қазақ тілінің еркін көсіліп даму, сөздік қорын молайту мүмкіндігін шектейді. Әсіресе, аударғанда тек орыс тілінің мағыналы жағына басымдық беру қазақ тіліндегі сөз бен ұғым арасын алшақтатады. Осыдан соң сана кез келген сөздің мағынасын орыс сөзінің ұғымымен қабылдауға мәжбүр болады. Егер біз ресми құжаттар мен жарнамалардың мәтінін қазірден бастап төл тілімізде жазбасақ, тіліміз жұтаң тартып қана қоймайды, сөздік қорымыздың бай екеніне күмәндана қарайтындардың қатары өсе береді. Өйткені, біз қазірдің өзінде қазақ тіліндегі жарнамалардың мәтінін түсіну үшін оның орыс тіліндегі мәтінімен салыстырып жүрміз.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Жарнама туралы түсінік.
2. Жарнама түрлері.
3. Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңы.
4. Қазақ тіліндегі жарнамаларға қойылатын талаптар.
5. Қазақ жарнамасындағы қате аудармалар.
6. Жарнаманың қоғамдағы рөлі.

ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІБИ ЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

3.1 Журналист шығармашылығындағы сөз әдебі және бұқаралық ақпарат құралдары

Журналист әдебі дегеніміз – журналистің абырой-атағын жоғары ұстауы, оған кір келтірмеуі, кәсіби парызы және этикалық нормасы. Журналистің әдебі мен сөз мәдениеті – қатар жүретін ұғым. Сөз мәдениеті қоғам өмірінде адамдармен өзара пікірлесу, түсінісу қызметін атқарады. Сондықтан да, тілді оймен байланысты өткір құрал ретінде жұмсай білу үшін оның даму заңдылығына, қазіргі жағдайына, байлығына, негізгі қағидаларына қанық болу керек. Сөз сөйлеушінің ойын, сезімін білдіріп қана қоймай, оның мінездемесі де болып табылатындықтан, журналистің тәрбиелік деңгейін сөзінің сипатынан байқауымызға болады.

Қазақ – о бастан сөз құдіретін жете түсініп, сөзге аса мән берген халық. Ел ішінде ауыз әдебиетінің, айтыс, терме, жыр, дастан, шешендік өнердің қатты дамығандығы – осының айғағы. Ата-бабаларымыз сөзге қатысты мәнді мақал-мәтелдерді де көп айтқан: «Жақсы байқап сөйлер, жаман – шайқап сөйлер», «Оттың шаласынан сөздің шаласы жаман», «Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады», «Көз жетпеген жерге сөз жетеді» т.с.с. Сөйлей білу – үлкен өнер. Ол мол білімді, ой өрісі мен қиял кеңістігін қажет етеді. Абай: «Тіл өнері дертпен тең», – деп бекер айтпаған. Сөйлеудегі ең жақсы қасиет – ой-пікірін қысқа әрі дәл айтқызып жеткізушілік. Орыс жазушысы А.П. Чеховтың: «Қысқалық – таланттың сыңары», – деуі де сондықтан. Алтын, күміс, гауһардың қымбат саналуы, олардың аздығы тазалығы десек, қысқа, қоспасыз, ұғымды сөз де қадірлі болып табылады. Сөйлеудің қасиеті – әдептілігі және әдемілігімен қоса, сайып келгенде, жалған айту, өтірік сөйлеу кісілікке жатпайды. Сөйлеуге қатысты тағы бір әдептіліктің бір

түрі – орынды, әділ сөзге тоқтау. Сөз қадірін танып, мойындау дегеніміз ірілікті, кісілікті білдіреді.

Өз заманында зағип ақын Ахмед Йүгінеки «Ақиқат сыйы» атты еңбегінде: «Әдептіліктің басы – аузын бағу». «Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – сөздің асылы». «Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте», «Қайырымсыз кісі жеміссіз ағаш сияқты», «Егер кісіден саған жақсылық келсе, еселеп қайтар. Ол адамның тілегін тіле», – деп аталы сөз айтса, Ассириялық Ахикар ұлына: «Ұлым, егер сен: «Қайтсем ақылды болам?» – деп жүрегінмен қиналсаң мынаны біл: «Аузыңнан жалған сөз шықпайтын болсын, қолыңды ұрлықтан тый, сонда ақыл кіреді», – деген өсиет мұрасын қалдырған екен. Осындай дана ойлардан кейін бүгінгі журналистер үшін ең бастысы, сөз әдебін сақтап, мәдениеттің биік сатысынан көрінгендері абзал дегіміз келеді. Өйткені, ана тілінде сөйлеу, оған деген көзқарас ең зор адамшылық, мәдениеттілік, тәрбиелілік, әдептілік өлшемі болып табылады.

Адамның жас кезінен дұрыс, сауатты сөйлеуге дағдылануы – ізгі қасиеттердің бірі. Мұсылман жұртшылығы бұған үлкен жауапкершілікпен қараған. Өйткені, қасиетті Құранда бұл турасында: «Расында да, сіздерді қорғаушылар бар. Мәртебелі жазушылар. Не істегендеріңізді бүкпесіз біліп тұрады», – деп («Инфитар» сүресі, 10-12-аяттар), әр адамда аузынан шыққан сөзді жазып алып тұратын екі періште болатындығын ескерткен (Ислам және өркениет. – 2009. – 11-20 желтоқсан. Қ. Бағашар. Адамның сөзі – ақылының таразысы). Сүйікті Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) өміріне көз салсақ, сөз сөйлеуге аса бір байыппен қарағанын көреміз. Айша анамыздың айтуынша, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) сөз сөйлегенде асықпай-аптықпай баппен сөйлеген. Қажет кезінде ұғынықты болу үшін, айтқан сөзін бірнеше рет қайталаудан жалықпаған (Тирмизи, Мәнакиб, 9). Сөздері мірдің оғындай өткір, әрі даналыққа толы болғандықтан, естіген жанға қатты әсер еткен. Оны бір тыңдаған жан тағы да тыңдауға құмартқан. Тілі таза әрі шұрайлы, барынша ұғынықты болған. Бұны өз сөзінде: «Арабтардың ішіндегі ең таза, шешен сөйлейтіні менмін», – деп білдірген, «Өйткені, Аллаһ тағала маған тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айта білетін ерекше қасиет дарытқан», – деп түсіндіретін (Ислам және өркениет. – 2009. – 11-20 желтоқсан. Қ. Бағашар. Адамның сөзі – ақылының таразысы).

Демек, қысқа қайырып, токетерін ғана айтып, тындарманға пайдасы тиетін, ойлы көңілден туған сөзді ғана айтуға дағдылаған дұрыс. Кезінде әдебиет зерттеушісі Мәулен Балақаев өзінің «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» атты еңбегінде: «Адам тәлім-тәрбиесіз, өнер-білімсіз, іс-әрекетсіз өмір сүрмек емес. Кісі білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды тіл арқылы үйренеді. Қазақ халқы да ежелден шешендікке әуес, тіл өнеріне жетік халық, тіл өнерін басқа өнерден кем санамайды. Осыған орай қазақ халқы тіл өнерінің небір әсем кестелерін, орасан көп тіл байлықтарын тудырды. Соларды игеру, халықтың тіл байлығына мұрагер болу – ана тілін ардақтайтын азаматтың ісі», – деп орынды атап өткен. Сөз мәдениеті үшін күрес – тіл мәдениеті, сайып келгенде, тіл тазалығы, ой дәлдігі үшін күрес. Осы кезекте орыс жазушысы А.М. Горький: «Тіл тазалығы үшін күрес – мәдениет құралы үшін күрес», – десе, жазушы Ғ. Мүсірепов: «Мәдениеттілік пен әдептің белгісі жақсы сөйлеуден басталады», – деген пікірге тоқталады.

Тіл – халықтың сан ғасырлық санасы мен зердесінен сүзіліп өтіп, шыңдалудан танбаған, тарихтың жауындары мен дауылдарынан да өтіп, халықпен бірге жасасып келе жатқан құдіретті құбылыс. Өмірдің ажырамас арқау тіліне айналған тіл сөйлеумен шектелмейді, әрбір қоғамдық өзгерулердің өн бойынан табылып, оның өркенді міндеттерін шешу құралы, үні де бола біледі. Қазақ тілі 1989 жылы қыркүйек айының 22-інде тұңғыш «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы» Заңы қабылданып, оны талқылау бүкілхалықтық деңгейде жүргізілді. Сонымен бірге, тәуелсіз елдің Конституциясын қабылдау, заман талабына сай Тіл туралы Заңның екінші рет қабылданған тұсында да аталған мәселе қазақ баспасөзіне үлкен міндеттер жүктеумен қатар, олардың бағыт-бағдарын айқындап берген сын да болды.

Кезінде «Ана тілін білмеген – ана сүтін татпаған» деп ұлағатты сөз қалдырған Бауыржан Момышұлы өзінің «Ана тілін ардақта» (15 ақпан 1944 жыл) атты өлеңінде:

Көшеде бояу ерін сылқылдаған,
Былдырлап, орысшалап жырқылдаған.
Ұмытып ана тілін, салт-санасын,

Не қалды тілімізде жыртылмаған.
Отбасы түсініксіз жатқан былдыр,
Газетте қазақ сөзі аз, шылдыр-мылдыр.
Оқысаң алып кітап шым-шытырық,
Опырмай, сандырақ па, бұл не былжыр?! –

деп ана тілінің мүшкіл халін шынайы тұрғыда таразыға салғанын аңғарамыз. Бұл ойдың астарында тіл құрыса ұлттың да құритынын, ал, ұлт құрыса, ұлттық мәдениет, дәстүр, сана-сезім де түгелдей жойылатыны жатыр. Демек, Отанға деген құрмет пен сүйіспеншілік – ұлттық тілден бастау алады. Тіл білмегеннен кейін де кейбір жастарымыз қазақ тарихын білмейді, тарихын білмеген соң, салт-дәстүрін, мәдениетін жете ұғынбайды. Осыдан барып тұла бойында ұлттық намысы жұтаң жастар ұлт рухын сыйлаудан алшақтап, отаншылдық сезімі орнықсызданады. Оны күнделікті өмір дәлелдеп отыр.

Ақын Қадыр Мырзалиевтің «Домбыра» кітабының алғы-сөзіндегі «Тиек» атты өлеңінде:

«Шындық та жетел сияқты,
Жыбырлап тұрар тамақта», –

деген тамаша тіркес бар. Сол тәрізді бүгінгі үлкен кемшілік – мемлекеттік тілге қатысты қабылданған заңдық нормалар мен құжаттардың орындалуын қадағалаудың жоқтығы. Тиісті ұйымдар тарапынан бақылаудың жоқтығынан Үкіметтің 1998 жылғы 14 тамызда қабылдаған «Мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту туралы» қаулысындағы: «Іс қағаздарын жүргізу және ресми құжаттар әзірлеуге қатысты құрылымдар мамандарының мемлекеттік тілді білуі мен оны мемлекет қаржысының есебінен оқып-үйренуі кәсіби біліктілік талаптары қатарына жатқызылсын», – деген қағида да ұмыт болды. Осы қаулыда «Орталық атқару органдары 1999 жылдың 1 қаңтарына дейін өздерінің ресми шараларын, алқа мәжілістері мен түрлі жиындарын өткізетін залдарын ілеспе аударма жасауға қажетті техникалық құрал-жабдықтармен, мамандармен қамтамасыз етсін», – деген тапсырма да қадағалаусыз қалды. Осыған байланысты республикалық билік мекемелеріндегі жиындарда сөйленген

сөздер екінші тілге аударылмай, негізінен қазақ тілділер өзінің табиғи құқығын пайдалана алмай, кейбіреулердің айтатынындай, «түсінікті тілде» орыс тілінде сөйлеуге мәжбүр болып жүр. Соның салдарынан қазақ азаматы өз тілінде ақпарат алу және сөйлеу құқығынан айырылып, конституциялық норма тікелей бұзылып отыр.

Бұрыннан белгілі болып отырғандай, бұқаралық ақпарат құралдары тілдік орта жасауға тікелей ықпал етеді. Былайша қарағанда, мемлекеттік арналар бойынша басқа тілдерде берілетін хабарлар уақыт көлемі жөнінен мемлекеттік тілде берілетінінен аспауы керек. Ал бізде жағдай керісінше, нақты мәліметке жүгінсек: «Қазір республикамызда 2116 БАҚ (оның 80 пайызы мемлекеттік емес жұмыс істейді. Оның ішінде 1327 газет, 591 журнал, 147 телекомпания және 11 ақпараттық агенттік бар» (Егемен Қазақстан. – 2005. 19 сәуір. М. Төлепберген, Ақпарат кеңістігі және уақыт талабы). «Жүзден астам телерадиокомпанияның тек 11-і ғана мемлекеттік тілде хабар береді. Бұл небәрі 5-ақ пайыз, ал, орыс тіліндегісі – 48 пайыз. Яғни, бұл – электронды ақпарат құралдары оларда жүзден асады деген сөз. 574 облыстық мерзімді басылымдардың қазақ тілінде 30 пайызы ғана шығады, 52 пайызы – орыс тілінде» (Егемен Қазақстан, – 1996. 19 қараша, Е. Бекболатова, Халық тілі – оның жан-дүниесінің айнасы).

Қазіргі таңда Қазақстан халықтарының 13 тілінде 218 газет және журнал шығады. Қазақ радиосының «Евразия» халықтарының арнасында – орыс, неміс, ұйғыр, кәріс, татар, әзірбайжан тілдерінде бағдарлама жұмыс істейді. Украин, поляк, ағылшын, неміс, кәріс, ұйғыр, түрік, дүнген, өзбек, татар және басқа тілдерде 7 радиостанция хабар таратады. Төрт ұлттық газет – «Дойче альгемайне», «Кореильбо», «Украински новини», «Уйгур авазы» мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Бүгінгі мемлекеттік тіл саясатының басты бағыттарының бірі – мемлекеттік тілді барлық азаматтардың арнайы белгіленген көлемде меңгеруі үшін жағдай туғызу.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» еңбегінде мемлекеттік қазақ тілінің рөлі туралы былай дейді: «Идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арасында қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығу мәселесі де болуға тиіс. Мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы

кою тұрғысынан емес, қайта керісінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізгі және мемлекеттік тілмен қатар қазір Еуропа, шығыс тілдерін де үйрену үшін қажетті жағдай жасауға міндетті». (Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде. Қазақстан – XX ғасыр. – Алматы. 25-26 бб.)

Кезінде «Azamat kz» газетінің 2005 жылғы 31 наурыз – 6 сәуірдегі санында Нұрлан Қабдайдың Парламент мәжілісінің депутаты Амангелді Айталымен «Тіл білмейтін Министрлер ұлтсыздығын, қазақ тіліне қарсылығын аудармашылары арқылы бүркемелеуде» тақырыбында жүргізген сұхбаты жарық көрді. Сұхбат барысында мемлекеттің жаппай қазақшаға көшуі, ең алдымен, ел тізгінін ұстаған жоғарыдағылардың ынта-жігеріне тікелей байланыстылығы, Парламент депутаттарының тілге деген ықыласы жан-жақты айтылады. Осы ретте Амангелді Айталы ана тіліне қатысты: «...біздің Қазақстан қоғамында қазақ тілі қандай деңгейде болса, бүгінгі мәжілісте де сондай деңгейде. Демек, бір топ депутаттар қазақ тілін сыйлайды, сол тілде сөйлейді, сол тілде мемлекеттік құжаттар дайындайды, сол тілде бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімдемелер жасайды, мақалалар жазады. Екінші бір топтың тілі – жартылай орыс, жартылай қазақ. Қазақша сөйлесе, жаза алмайды, қазақша ойлай алмайды, пікірін жеткізе алмайды. Үшінші топ – түгелдей орыс тілінде сөйлеп, орысша ойлап, орысша жазатын депутаттар. Кейбір қазақша сөйлегісі келетін депутаттар күні бұрын сөздерін дайындап, орысша сөйлеген ұят болар, мен өзімнің ана тілімде сөйлейін деп келіп, қазақша сөйлеушілердің қатары бірте-бірте көбейіп келеді...», – деген салмақты пікір білдіріп, толғақты ой тастайды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады және бұл пікірлердің бәрі ашынғандықтан туындаған, ащы да болса шындық екенін көзіқарақты оқырманның мойындамасына амалы жоқ.

Франция, Ұлыбритания, Албания сияқты өркениеті дамыған елдерде БАҚ хабарларында бөгде тілдердің сөз арасында кездейсоқ кірістірілуінің өзіне үлкен мән беріледі. Оны қолдаушылар қатаң айыпталатындықтарын жиі естиміз. Ал, бізде орыс тілі қолданылмаса, ортамыз ойсырап, мәдениетіміз құлдырап кететіндей көреміз.

1996 жылы қос палаталы кәсіби Парламент болғанда Тілдер туралы Заң талқылаудан өтті. Сонда депутаттар арасында қызу талқылаулар болды. Қазақ тілі мемлекеттік тіл дегенге бұл жолы ешкім қарсы шықпаса да, орыс тілі де мемлекеттік тіл болсын деген талап қойылды. Бірақ Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Өмірбек Жолдасбеков, Шаһмардан Есенов, Манаш Қозыбаев, Шерхан Мұртаза, Қаратай Тұрысов, Мақтай Сағдиев, Әбіш Кекілбаев, Қуаныш Сұлтанов, Жабайхан Әбділдин т.с.с. ұлттық намысты қолдан бермейтін азаматтарымыздың араласуымен орыс тілі ресми тіл дегенге келтірді.

Шындығында да орыс тілінде сөйлейтін қандастарымыздың қазіргі жағдайлары, саяси көзқарастары талай адамды ойландырып жүргені анық. Мұның бәрі кезінде сол ұрпақтың ұлттық тәрбие мен сана-сезімнен, тарихи негізден, мәдениет пен әдебиетпен қалай сусындағандығына байланысты. Қазіргі қоғамдағы өзгерістер біздің көзімізді бір ғана мәселеге жеткізді. Тек қазақ ұлты және осы ұлттың Қазақстан деп аталатын елге негіз болып отырғанын мойындайтын, қазақ халқының мұн-мұқтажын, арман-мақсатын өздерінің мүддесіндей түсінетін басқа ұлт өкілдерінің азаматтары ғана болашақ Қазақ елін орната алады. Ондай қоғамның орнауы үшін әрбір қазақта ұлттық намыс пен азаматтық көзқарас болуы шарт.

Бұл тұрғыда бұқаралық ақпарат құралдарының атқарар жүгі орасан зор. БАҚ стилі, тілі журналистердің білімі мен мәдени деңгейіне тікелей байланысты. БАҚ арқылы төрткүл дүниеге тарап жататын тіл құдіретінің асқақтауы да әлсіреуі де – солардың арына сын. Журналистік әдеп әсіресе, жазу-сызуың оқырман алдында сайрап тұратын, көз алдына көрініп, назарына ұсынылатын газет материалдарында бірден байқалады. Ахметше айтар болсақ, «Газет – халықтың көзі, тілі һәм құлағы». Ендеше журналист әдебінің көрінісін алдымен, белді басылымдардағы беделіне назар аударудан бастап сараптағанды жөн көрдік.

Осы ретте біраз басылымдардың этикалық нормадан ауытқып кететін тұстары жөнінде айта кеткенді жөн көрдік. Алдымен, республикалық «Жас Алаш» газеті журналистерінің публицистикалық жарияланымдары жөнінде тілге тиек етсек.

Жалпыұлттық басылым «Жас Алаш» – негізінен жастарға арналғанымен, кезінде еліміздегі белгілі де беделді

журналистерімізді шынықтырып шығарған ұстахана іспетті. Бүгінде газеттің бір нөмірін кемінде 150 мың адам оқиды. Ал, жарты жылдағы оқырман саны 8 миллионнан асты. Апталық таралымы – 140 000 дана. «Жас Алаш» тәуелсіз басылым болғанымен, өз құрылтайшысының емес, халықты толғандыратын мәселелердің көптеп жазылуына, қоғамның пікірін қалыптастыруға көп ықпал етеді. «Жас Алаш» күнделікті жаңалықтарымен қатар, «Студент» «Ырғақ», «Мыңнан бір мезет», «Отбасы» деген қосымшалары арқылы оқырман жүрегіне жол тауып отырады. Сонымен қатар, газет бағытын саясат пен экономика, әдебиет пен мәдениет, өндіріс пен экология, қылмыс және заң, қаржы және басқару жүйесі, маркетинг пен менеджмент, білім беру мен денсаулық сақтау, өнер мен өзге де тақырыптарға да бұрып, осы салаларда газет тілшілері көбірек қалам тербейді. Осы ретте республикалық басылымның қоғам діттеген мәселені қозғап, көпшілік ойынан шыға алатындығын айқындау барысында біраз мәселелерге, әсіресе, тілшілердің журналистік әдеп, сөз мәдениеті деңгейлерін біраз бағамдауға тырыстық.

Газет тілшілері ішінде шындығын айтамыз деп кейде сөз қолданыстарында жазу, ой айту мәдениетінен шығып кететіндері кездесіп жатады. Мәселен, *«Ерекеңнің қазіргі жүріс-тұрысына қарасаң, тірсегін сокқан соканы әзер сүйретіп келе жатқандай құдды... Ертісбаев сияқты сайрауықтардың сүйкімсіздеу үні өзге түгілі, президенттің де құлағын сарсытып жіберген шығар?»* (Е. Биеке. Ертісбаевтың ертегісі. Депутаттар өкпелегенде не істейді? Президентке импичмент жариялай ма? 25 мамыр 2010); *«Әлиев өз артын өзі ашпас. Егер хабардар болса, Әбіқаевтың бүгінгісін де сөз етсін. Кіммен жатып. кіммен тұрғанын емес, әрине. Кландық топтар арасындағы қақтығыста қандай әрекет жасап жатқанын... Әлиев те қорасын торуылдап жүрген «қызылкөз бәлелерді» бір үркітіп қою үшін анда-санда өстіп Ақордаға қарата «тарс» еткізіп қоятыны бар...»* (Е. Биеке. Әлиевтің әләулайы. 25 мамыр 2010); *«Біздің елдің құқық қорғаушылары осылай қол қайырады, айқайласаң, аузыңды айырады...»* (М. Шерім. Қыздар көтерілісі. 1 ақпан 2011); *«Мәсімов Президенттің жанында бүгежектеп, мәймөнкелеп тұрады қашан көрсең де. Бір сөзбен айтқанда, «ұлт көшбасшысына» жайдары, күлегеш, майысқак,*

мәймөңке Мәсімовтан еш қауіп жоқ...» (Е. Рахым. Саясаттағы «мәңгіліктің» ғұмыры бітуге таяу. 14 сәуір 2011) т.с.с. мақалаларда анайылық, дөрекілік басым жатқандығын аңғармау мүмкін емес. Әдемі ой дәлдігі арқылы да терең мағына беріп, мазмұнды оймен қоса оқырманын баурап алуға болады. «Өнер алды – қызыл тілдің» басты мақсатының бірі осында жатыр.

Баспасөз еркіндігінің мұраты – ақиқат пен әділдік. Ақиқат тұлғаланған ортада әділдік заңғарланады. Кезіндегі «Жас Алаштың» тілшісі болған Жұлдыз Әбділданың «Ит жетектеген әйел», «Өліара» және тағы басқа материалдары осы заңнамаға қарсы екенін аңғарамыз. Жұлдыздың «Ит жетектеген әйел» атты мақаласы (12 қыркүйек, 2007) жарық көрген сәтте «Қазақстан іскер әйелдер» қауымдастығы «Жас Алаш» газетін сотқа беруі мүмкін», – деген ақпаратты газеттен, тіптен радио хабардан естідік. Әрине, журналист материалы қоғамда пікірталас тудыру керек. Десек те, адамның жеке басына тиісу сөздері немесе адамның ар-намысына тию – журналистік әдеп ауылынан алыс. «Қазақстан іскер әйелдер» қауымдастығының президенті Раушан Сәрсенбаева «Жас Алашты» осы материал үшін сотқа берді. Бірақ Жұлдыз Әбділда мақаланың басты кейіпкерлерінің бірі «Асар» партиясының төрайымы Дариға Назарбаеваға өз ойларын: *«Іскер әйелдер» қауымдастығының артында «Асар», «Отан» партиясы тұр. Керісінше, олардың әрекеттерінен тапсырыстың ізі білінеді, ал біз ешқашан ондай саяси ойындарға араласқан емеспіз...»,* – деген пікірлермен білдірді. Газет тілшісі материалында асыра сілтеушілік пен заңға қайшы тұстар бар екенін «Әділ сөз» ұйымының сарапшысы Ғалия Әженова әйелдер қауымдастығының мәлімдемесін де тілге тиек етті. Ал, «Жас Алаш» газетінің тілшісі Шыңғыс Мұқан: «Әйелдер қауымдастығының таққан айыбы намысымызға тиеді», – деп өз бастарына араша түсумен болды. Бұл дегеніміз – журналистік материалдан қоғам қозғап, халық естігісі келген жаңалықты ала алмады деген сөз емес. Керісінше, бұл еңбек дау-дамай мен өсектің арасынан шыға алмай қалды. Бірде-бір нақты фактісі жоқ жалған әңгімеге құрылған мақала авторы факті ретінде «Биліктегі сенімді адамның айтуынша», – деп жазады. Ол адамның аты, не қай бөлімде істейтіні беймәлім?

Газеттің 2007 жылғы 29 сәуіріндегі санында Ж. Әбділданың «2001-діеске түсірген 2007...» атты мақаласындағы: *«Үштағанның»*

үш бұты қазір үш жаққа қарап тұр. Аққу, шортан һәм шаян сынды құдды», – деп теңеп айтамын деп артық айтып жіберген өрескел сөйлеміне көзіңіз еріксіз түседі. Бұл тіл білімінің атасы, ғалым Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» атты еңбегіндегі «Сөз дұрыстығы», «Тіл көрнектігі», «Тіл тазалығы», «Тіл анықтығы», «Тіл дәлдігі» деген анықтамада нақты көрсетілген тілші әдебіне қатысты талапқа қайшы келетіні жасырын емес. Егер әр журналист осы Ахмет Байтұрсынұлы нақты айтып кеткен талапты оқыған болса, тілші шеңберінен шықпас еді.

Енді «Жас қазақ» газетіндегі журналистік әдеп жайлы сөз қозғасақ. «Жас қазақ» ұлттық апталық газеті 2005 жылдың 7 қаңтарынан бастап шығып келеді. «Жас қазақ» ұлттық апталығы аптасына бір рет, жұма күні, 12 беттік көлемде жарық көреді. Апталық таралымы – 20030 дана. Газетте қоғамдық өмірдің барлық салалары дерлік толық қамтылады. Басылымның басты қағидасы – ақиқатты және адамдардың ақиқатқа көз жеткізу, білу құқығын қастерлеу. «Жас қазақ» қоғамда жасырын ешқандай құпия болмауы керек деп санайды. Сондықтан да, біржақты көзқараспен шектеліп қалмай, қандай қайшылықты жағдайлар, айтыс-тартыстар болсын, пікірталасқа қатысы бар тараптардың барлығына да өз мінберін ұсынуға әзір.

«Жас қазақ» газеті бүгінде республика көлемінде түйткілді мәселелердің түйінін шеше көтеріп жүрген басылымдардың бірегейі болып отырғандықтан, сан мыңдаған оқырман талабы мен талғамынан шығып жүр. Апталық газет ә дегеннен салмақты мәселелерге саралы сараптама жасау арқылы оқырман жүрегін жаулап алды. Шымбайға батар шындықты шырқырата айтуда ұлт мүддесі көзделеді.

Алайда басылымның бұрынғы тілшісі Ерлан Әбдірұлы «Жетімдер» фильмі жайында» (14 сәуір, 2007) мақаласында әуесқой режиссер Еркін Рақыштың «Жетімдер» фильміне қатты сын айтып, артық кеткен тұстарын айтпай кетпеуге болмайды. Бұған жауап ретінде режиссер «Айқын» газетінің 2008 жылғы 20 желтоқсанында «Маған бір миллион берсе, ел көретін бес кино түсірер едім...» атты сұхбатында Ерланға: «Менің кинома Бокстың рөліне өтпей қалғаны үшін үнемі фильмдерімді сынайды», – деп айтқан. Осы сұхбаттан соң Ерлан Әбдірұлы «Жас

қазақта» ақпанның 7 күнгі санында Еркін Рақышқа осы басылым арқылы үлкен соққы береді. Ол режиссердің пікірінен өзін ақтап, Еркін Рақышты қасындағы сценарист қызымен бірге ащы әжуамен мысқылдайды. Режиссерға: *«Аспаз түсірген фильм қайдан оңсын»* деген айып тағады. Бұл этикалық тұрғыдан Ерлан Әбдірұлының журналистке тән емес, өрескел, қызба мінезін көрсетеді. Тілші өзіндік эмоцияға көбірек беріліп, істің байыбына бармай, ашуға бой алдырады. Кей әріптестеріміздің басылым бетін айтыс алаңына айналдыруы журналистік әдептің бұзылуына жол бастайтыны рас.

Дәл осындай өрескел қателер тәуелсіз басылымдарда жиі орын алып отырады. Мәселен, тәуелсіз «Дат» газетінде біз байқаған біраз кемшіліктерді тілге тиек етсек: *«Мың өліп, мың тірілген» қазекең енді мың күліп, мың жылайтын болды. Тәп-тәуір «сайлау» деген аты бар саяси түсінікті тұрсидан төмен сырғыта салдық...»* (Е.Бапи. Мырза... қай? 23 ақпан 2011); *«... Бұрынғы еңіреуің қандай болғанын білесің, ендігісі қалай боларын Мәсімов-ақаң мәймитін айтып берді: бұйыртса, осы күзде қымбатшылық қысады. Мәсімовтің күз дегені – арғы мыңқыл. Бергісі сайлау өткенше қымбатшылықтың ауылын күзге қарай сырғытып қойғаны. Әйтпесе әр облыстың әкімі қазірдің өзінде қызылкөз қымбатшылықты күйек желіктірген бұқадай бұқтырып отыр...»* (Е. Бапи. Сайлау мүбәрәк болсын! 3 наурыз 2011).

Баспасөз зерттеушісі Б.В. Стрельцов: «Публицистиканың ең күрделі жанрларының бірі – мақала. Бұл жанрға тән нәрсе – нақты өмір шындығын кең ауқымда қамту, қорытындылау мен жалпылаудың тереңдігі, алдын ала болжау, ой-толғамдардың негізділігі мен қайталанбастығы», – деп жазады (240 б. Основы публицистики. Жанры. 1990). Сондықтан, журналистік тақырыптың тууы қашанда әлеуметтік сұранысқа байланысты болғандықтан, журналистің айқын міндеті шынайы көрінуі тиіс.

Журналист – шығармашылық иесі. Журналист оқырман қауымының рухани қажеттілігін толық өтеу үшін өмір ортасында, халық арасында болып, олардың сұраныстарын білгенде ғана көптің сенімінен шығатыны белгілі. Сондықтан, оқылмайтын материал жазатын журналистің болғанынан болмағаны жақсы. Бұл – жалпы шығармашылық жұмысқа кері әсерін тигізетін жаман әдет. Өзінің қателігін біле тұра мойындамай оны дұрыс етіп

көрсетуге жөнсіз әрекеттену, өзге көзқарастарды сыйламау, оларды орынсыз кекетіп-мұқату, әлдекімді өшпенділікпен сынап, кек алу, дәлелсіз, дәйексіз дүниелерді тексермей жариялап жіберу, қоғамдық маңызы аз ұсақ-түйек бірдемелерді «айғайлатып» көрсету журналистеріміздің ісінде кейде көрініс беріп қалып жатады. Бұл – БАҚ-тың беделін түсіретін, журналистің кәсіби этикасына нұқсан келтіретін жағымсыз көріністер.

Сондай-ақ, кәсіби мамандығы арқылы өзгеге қоқан-лоққы жасау, қорқыту арқылы жеке басының мүддесін көздеу, пайда табуды мақсат ету сияқты жөнсіздіктер де өмірде жоқ емес. Әсіресе, кейбір білім, парасаты төмен «тілшісымақтардың» арасында «эфирге шығарып, миллиондардың алдында маскара етемін», «газетке жазып, быт-шытыңды шығарамын», – деп байбалам салып аттандап кететіндер бар. Қолынан келері шамалы әлдекімдердің шіреніп, көкке қарап жүретіндерінің де куәсі болып қаламыз.

Сөйлеу мәдениеті, жалпы БАҚ мәдениеті мәселесі онша жиі көтерілмей жүргені белгілі. Тіліміздің қоғамдық қызметінің арта түсуіне байланысты ол күн тәртібінен түспеуі керек. Себебі, немқұрайлылық пен жауапсыздықтан немесе өзге де себептерден тіл нормасының сақталмауы байқалып қалуда. Оның бірі – ауызша сөйлеу мәдениетіне қатысты кемістіктер. Қарапайым сөйлеуші де, телерадио журналистері мен хабар жүргізушілер де тіліміздің өз табиғатына сай айтылуына мән беруі тиіс. Яғни, тілдің өзіне тән дыбыс құрылысы мен буын жігіне, екпін сақталуына, сөз ырғағына баса мән берілуі керек. Қазақ сөзінің құлаққа естілер әуен-ырғағы табиғи таза болуы, өзіндік үні бұзылмағаны жөн. Өйткені қазақ тілінің де өзіне тән сөйлеу заңдылықтары бар. Сөйлеу мәдениеті бүгінгі күн тәртібіне ерекше қойылуы керек, себебі, сөздің дұрыс жазылуы, сөзді орнымен қолдану қандай сауаттылықты қажет етсе, дұрыс айту, сөйлеу мәдениеті де сондай сауаттылықты талап етеді.

Кезінде ғұлама әл-Фарабидің өзі: «Жазуға шеберлік жазуға жетілген адамда ғана болады, ал жазуға жетілу адам оны тамаша етіп орындауға әдеттенгенде болады. Шебер жазу мүмкіншілігі адамда жазу шеберлігін үйренуден бұрын болады, ал жазуға жетіліп үйренгеннен кейін, бұл шеберлік өнерпаздықтың арқасында болады. Шешен сөйлей білу үшін, ең алдымен, ойды дұрыстап, жүйелеп сөйлей білу қажет. Бұлай болмай, ойдың таза,

сол қалпында тыңдаушыға жетуі неғайбыл», – деп жазады (13 б. Әл-Фараби, 1975).

Қазіргі жаһандану дәуірінде халықтың ұлттық мәдениетін сақтап қалушы негізгі күштің бірі – бұл БАҚ. Бүгінде Қазақстан БАҚ-ы өзіндік бет-бейнесін сақтап, дамып, қалыптасу үстінде. Ақпарат нарығында еркіндіктің кең өріс алуы – БАҚ-тың сан жағынан өсуін айқындайды. Оның жағымды жағы – БАҚ-тың жаңа түрлерінің көбеюінде. Соның арқасында ақпараттың жеделдігі артты, туындылардың мазмұны, шеберліктері жетілдірілді. Ал, оның кері әсері де бар. Ақпарат айдынында бейберекеттілік орын алды. Сапасыз газеттер көбейіп, арзанқол материалдармен кәсіби журналистиканың беделін түсіре бастады. Соңғы төрт-бес жылдың көлемінде елімізде қаптаған сары басылымдар сапасыз газет-журналдар көбейді. Техника мен ғылым дамыған қазіргі кезеңде қарапайым оқырман сапасы төмен, құндылығы саяз, саңырауқұлақтай қаптаған сары басылымға ерекше көңіл бөліп, рухани тәлім-тәрбиесі мол төл басылымдарды шетке ысырып қойды. Әсіресе, ондай басылымдар халық көп жүретін сауда орындарында, бекеттерде көп сатылып жатады.

Ал еліміздегі республикаға тарайтын кейбір басылымдар жоғары оқу орындары мен мемлекеттік мекемелерден әрі аса алмай отыратын жайы бар. Есесіне, еліміздің кейбір аймақтарынан шығатын, ұятты түріп қойған «Ләззат», «Демалыс», «Сен және мен», «Қызық газет», «Екеудің құпиясы», «Махаббат», «Тағдыр», «Хикая», «Кездесу» секілді тағы басқа газет-журналдар мен мұндалап тұрады. Одан қалса, дүнгіршектер мен дүкендерде есепсіз орын алып отырған шетелдік «Лиза», «Вот так!», «Гоол!», «Отдохни!» секілді журналдар жалаңаш қыздарды жарнамалап, рухани дағдарысқа ұшыраған халықты көз алдына елестетеді. Осы орайда, аталған бұқаралық құралдың тізгінін ұстап отырған редакция ұжымы Қазақстан Республикасы «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңының 3-тарау, 4-бабында: «Порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы радио, теледидар бағдарламаларының эфирге шығарылуына, сондай-ақ, кино және бейне өнімінің көрсетілуіне, қатігездік пен зорлықты насихаттауға тыйым салынады», – деп көрсетілген ескертпе мен міндетке назар аудармайтындығы көңілге қылаң түсіреді.

Ғалымдар «Сары баспасөз» деп көпшілікке арналған бульварлық басылымдарды атайды. Зерттеушілер пікірінше, бұл басылымдар – негізінен қалтасы жұқалтаң, талғамы төмендеу, орта білімді оқырманға арналған және айқай-шулы өсек-аянды жазуға құмар, иллюстрациясы мол газеттер. Көп жылдар бойы батырлар жырымен сусындап, даланың қасиетін бойына сіңірген қазақ халқы аз жылдың ішінде, әсіресе, тәуелсіздік алған жылдан бері оны мен солын танымай, тәлім-тәрбиесі мол рухани нәр беретін газет-журналдарды оқымайтын дәрежеге жетті. Оған дәлел, кез келген қоғамдық көліктер мен ұзақ сапарға қатынайтын пойыздарға міне қалсаңыз, әрбір жолаушының қолынан кезіктіретініңіз – қаптаған сары басылымдар. Сонымен бірге, батыс пен шығысқа еліктеудің де әсері бар. Мәселен, «Кездесу», «Сен және мен», «Демалыс» тағы да басқа сары басылымдардың қай-қайсысының да болмасын бірінші бетінен ұрлық-қарлықты, адам өлімі жайлы оқиғаларды жиі көреміз. Бұл басылымдарда жұмыс істейтін журналистер «тосын» оқиғаларды жазуға әр уақытта даяр тұрады. Тіпті, газет ісімен ақша табуды мақсат еткендердің көпшілігі қолдан сенсация жасауға ұмтылады екен.

Жоғарыда аты аталған сары басылымдардың бейәдеп мағынадағы мазмұнына дәлел келтірсек, мәселен, «Кездесу» газетінде жарияланған мақалаға зер салсақ (Кездесу. – 2009. №5. О. Оралбеков, Куәгерді өлтіру керек). Ішіне үңілместен бұрын сыртқы мұқабасындағы «Суреттің текске қатысы жоқ» деген сілтемеде грамматикалық қате тайға таңба басқандай көрініп тұр. Бұдан автордың: «Суреттің мәтінге еш қатысы жоқ» деген ойды жеткізгісі келгенін, алайда сауатсыздық пен немқұрайлылыққа жол беріп отырғандығы аңғарылады. Бұдан шығар қорытынды журналист өз жауапкершілігін аяқасты етіп, этикалық норманың бұзылуына себеп болуда. Бір «қызығы» мұндай мазмұндағы басылымдарда да «Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген» деген сілтеме көрсетілген. Бірақ, бұқаралық құралдың осындай жауапты мекемеде тіркелгеніне қарамастан бейәдеп сөздер мен сөз нормасының бұзылуына орын бергендігіне іштей налысың. Сары басылымдар арқылы сөз әдебінің бұзылуына негіз болып отырғандығымызды сезініп, бұл олқылықтың орнын тез арада қалпына келтіргеніміз жөн.

Бүгінгі таңда еліміздің ақпарат кеңістігі сан жағынан аздық етіп отырған жоқ. Соған қарамастан, баспасөз дүңгіршектерінде қаптаған ресейлік басылымдардың арасынан қазақ газетін көрсек, көзімізге оттай басылары жасырын емес. Бұл ана тіліміздегі ақпаратқа әлі де болса азырқанып жүргенімізді аңғартады. Сондықтан болар, қазақ тілінде жарық көрген қандай да бір жаңа басылымды оқырман қалт жібермейді. Кезінде айына бір мәрте оқырманмен жүздесіп тұратын «Мырза» атты газет біраз уақыт өз оқырманына жол тартқанын білеміз. Газеттің негізгі жүгін көтеріп, салмақтап тұрған «Жігіттер бар, нарқасқа!» тұрақты айдарында жарияланған сұхбатта елімізге белгілі тұлғалар мен өнер, мәдениет қайраткерлерінен келелі әңгімелер оқырманға өріліп жол тартып отырды. «Спорт» беті де өзіне жүктелген міндетін мінсіз атқарып тұрды.

Дегенмен, газетте құнды дүниемен қатар, салмағы арзан дүниеге де жол көп берілгендігін байқауымызға болады. Мысалы, газеттің 2008 жылғы №4 санының бірінші бетіндегі: «Мақашағамыз бос сөзбен аттандай бергенше, өзінің туған қызын, немересін, шөбересін жезөкшелер үйіне өткізіп немесе азаматтық некеге тұрғызып «үлгі» көрсетсе сөзі өтімді болады», – деген тұрпайы сөйлем кез келген оқырманды елең еткізеді. Екінші бетіне белгілі ғалымның суретін басып, маңдайшасына: «Бэби бумның атасы алжиын депті» деген тақырып қойыпты. Мұндай сөз еститіндей ғалымға не болыпты деген оймен мұқият оқысаңыз, шын мәнінде, мақала кейіпкері ешкімнің «басын жарып, көзін шығармаған». Автор М. Тәтімнің «Айқын» газетіне берген бір сұхбатында азаматтық неке жайында өз пікірін, көзқарасын білдіргені үшін танымал тұлғаны «алжыған», «батыстың қаңсығын таңсық көргіш», «бейшара», «жалтақ» деп жер-жебіріне жеткізген екен. Бұл автор тарапынан әдепсіздіктің айқын көрінісін аңғартады. Өйткені өз ойын байыпты, парасатты тұрғыда талдап, жеткізуге болар еді. Алайда автордың газетті ұрыс-керіс алаңына айналдырып жіберуі осындай артық дүниенің тууына мәжбүр болған.

«Мырза» газетінің «Есіңді жи, еркек!» атты тұрақты айдарында тілші бірнеше әйел алушылықты ұлттық идея деңгейіне дейін көтере насихаттайды. Бәлкім, бұл ат төбеліндей аз ғана топтың арманы болар. Алайда, өркениетке бет бұрған тұста мұны барлығының қолдамайтындығы айдан анық.

Осыдан келіп, ақпарат құралдарының қайсысы болсын, әдептен озбауды, моральдық азғындыққа ұшырамауды көздегені орынды. Егер журналист дерек пен материалға атүсті қараса онда әдептің бұзылуына әкеліп соғады. Сондықтан да, адал әрі әділ болу, өмірдің объективті шындығын жеткізуші, сол арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырушы «төртінші билік» өкілдерінің өтірік айтуға, жалған ақпарат таратуға, әдептен озуға еш құқығы жоқ. Өйткені журналист әдебі, сөз мәдениеті оның жазбасынан көрініс тауып тұрады. «Терең өзен тынық ағады, білімді адам байыпты келеді», – дегендей парасатты, ақылды журналист ешқашан асығыс мақала жазбайды және ешқашан қателесуге тиіс емес. Керісінше, қарапайым әрі терең, шебер жазылған ойлы мақалалары арқылы елді елең еткізіп, толғандырып отырады. Жоғары білікті, терең ойлы, ары таза, әдебі мығым журналист қана оқырманын шын сөзімен сендіре алады. Ал, шындықты жасырып, бос сөз қуып, жалған айтып, жалтақтаған мақала кездесіп жатса, оны жазған журналистің әдебіне – сын.

Ендігі кезекте көгілдір экрансыз күніңді елестету мүмкін емес деген көпшіліктің ережесіз қағидасын ескере отырып, бүгінгі таңдағы телеарналар қалың бұқараға қандай бағдарлама ұсынуда деген сұраққа жауап іздеп көрсек. Кезінде «Қылкөпір» деген бағдарлама арқылы бақсы мен балгердің, емші мен тәуіптің қызу тартысы «31-арнадан» көрсетілгенін білеміз. Ондағы үрейлі әуен, бақсы-балгерлер, көріпкелдердің сезген-білгендерін басқа бөлмеде болжау керектігі мен бағдарлама жүргізушісінің сөйлеу ырғағынан «НТК»-дағы «Битва экстрасенсов» бағдарламасының тікелей көшірмесі екенін аңғаруға болады. Сондай-ақ, осыған ұқсас «СТВ» телеарнасынан «Узнай свою судьбу» бағдарламасы беріліп жүр. Түнгі уақытта эфирге шығатын бұл телебағдарламаның мақсат-мүддесінің қандай екендігін білу қиын. Бейбіт Бөженнің «Айқын апта» газетінде (27 қараша, 2007) жарық көрген «Балгерлердің бағдарламасы керек пе?» атты мақаласы осы бағдарламаға қатысты біраз ойды ортаға тастайды. Автор студияға шақырылған бақсы-балгердің телефон шалған көрермендерден туған жылын, айын және күнін сұрап, сол жерде карта ашып, әлі келгенше айтып беруге тырысатынын біздің мұсылмандық ұстанымымызға қайшы келетін дүние екендігін айтады. Автордың ойынша, мұндай

бағдарламалардың пайдасынан зияны көп, осындай жүрдім-бардым дүниелерге, көшірме хабарларға жол бермегеніміз жөн. Әсіресе, қазіргі жаһандану заманында халқымыздың ұлттық ерекшеліктерін, менталитетіміз, салт-дәстүрлеріміз, жалпы, рухани құндылықтарымызды сақтап қалуымыз керек.

Есей Жәнісұлының «Жас қазақ» газетінде жарық көрген «Кімге «қызык», кімге шұжық?» (2 ақпан, 2007) атты мақаласында бәрімізді шаршатып бітірген КТК телеарнасындағы «Қызык радиосы» бағдарламасын сынға алады. Аталмыш бағдарламаның бір-екі сюжетін, мағынасы жоқ сөйлемдерін мысалға келтіреді. Сөйтіп, бұл бағдарламаның «ең сорақы тұсы» деп төмендегілерді айтады: «а) әзіл айта білмейді; ә) қазақ тілін барынша мансұқтайды; б) ұлттық әдепті мүлде сақтамайды; в) хабар барысында өз бағдарламаларының атын дұрыс атамайды». Жалпы, автормен толықтай келісуге болады.

Журналистік әдептің бұзылатын тағы бір тұсы – кейбір телеарнада сөздің бұрмалануы. Мысалы, «Алматы» телеарнасының журналистері кейде: «Хабарымыз өз мәресіне жетті» деп қорытындылап жатады. Бейнебір телехабар бір мәреден басталып, келесі мәремен аяқталатын жарыс іспеттес. Сондай-ақ, бұл арнада аңғарғанымыз, журналистер қылмыстық істерге байланысты көбіне «құрықталды» деген сөзді қолданады. «Қолға түсірді, ұстады, тұтқындады» деген тіркестердің орнына, арна тілшілері малға қатысты айтылатын осы сөз тіркесін қолдануға құмар.

Балаларға арналған хабарлардан кезінде «Хабар» арнасында «Сиқырлы әріптер» хабарының мәні зор болды. Хабардың осылай аталуында да ерекше мән жатыр, яғни, қазақ және орыс тілінің жүгін көтерген бағдарламаның негізгі мұраты бүлдіршіндерге тіл үйретуді көздеді. Әсіресе, қазақ тілін меңгерудің тиімді тәсілі таңдалып алынды. Бағдарлама арнайы сценарий аясында театрлық көрініс түрінде жүрді. Бұл бағдарламаның әрбір сағаты әріп танып, тіл үйренуге жетеледі. Сондай-ақ балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеп, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық құндылықтарды қадірлеуге үйретті десек артық айтпаған болар едік.

«Бүгінгі таңдағы бұқаралық ақпарат құралдарының бір бөлігі сапалы дүние таратумен ерекшеленсе, енді бірі сапасыз насихаттарға орын беріп жүр. Мәселен, «КТК» телеарнасынан

берілетін «Анда-санда» және «Наша Казаша» (бұл – ресейлік «Наша Russia» бағдарламасының тікелей көшірмесі), «Жайдарман клуб» (Jaidarman club) (бұл да – ресейлік «Комеди клуб» (Comedy club) бағдарламасының тікелей көшірмесі) т.с.с. бағдарламалары арзан күлкімен халықты бір серпілтіп, тек эфирдегі өздеріне берілген уақытты толтыру мақсатын ғана көздегені жасырын емес. Өйткені бұл бағдарламаларда ана тілімізді бұрмалап, жөнсіз әзілге қосуы ешқандай да тәрбиелік мәнді аңғартпайды.

Мемлекеттік тілдің беделін әрбір азаматтың өмірлік қажетіне айналатындай, қазақстандық патриотизмнің құрамды бөлігі болатындай деңгейге көтеру қажет. Мемлекеттік тілдің – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында: а) мемлекеттік органдарда іс жүргізуге мемлекеттік тілді енгізу; ә) бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ тілінде берілген хабарлардың көлемін 50 пайыздан асыру; б) білім, мәдениет және халыққа қызмет көрсету салаларында қазақ тілінің қолданылуын қамтамасыз ету мәселелеріне бағытталатын болуы керек.

Тіл – барлық мәдениеттің негізі, іргетасы. Ана тіліне иек артпаған ұлттық мәдениет мәдениет болып жарытпайды. Ана тілінде әдебиет оқымаса, ана тілінде хат-хабар жаза алмаса, ең бастысы, ана тілінде ойлай алмаса, ол баланың ауызекі тілін тілдік тұрғыдан білім деп есептеуге болмайды. Ана тілінің тағдырына атүсті қарау ұлттық мәдениетті соңында апатқа апарып тірейді. Осы тұста қоғамдық ойдың пәрменді құралы ақпараттың мемлекеттік стратегиялық маңызы орасан зор. Ең алдымен, ақпараттың ұжымдық қайнар көздері (іскер клубтар кездесулері, баспасөз мәслихат т.с.с. шаралар) қазақ тілінде жүргізілуі тиіс. Екіншіден, жазу мен сөйлеу мәдениетіндегі сауаттылықты журналистердің өздерінен бастау керек. Бұл орайда журналист қауымының атқарар жүгі де жеңіл емес. Әрбір журналист мемлекеттің, қоғамның, халықтың мүддесін дұрыс түсіне отырып, өз ісіне барынша адал қызмет етуі керек. Сонымен қатар, журналистік этиканы дұрыс сақтап, ақпарат берудің мәдени нормаларын қатаң сақтаса, ұлт пен мемлекетке берері мол болмақ.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Сөз мәдениетіне қойылатын талаптар мен міндеттер.
2. Бұқаралық ақпарат құралдарында журналистің сауатты жазуы мен дұрыс сөйлеу тәсілі.
3. Бүгінгі сары басылымдардың тілі мен стилі, этикалық норма деңгейі.
4. Мемлекеттік тіл мәселесі және БАҚ.

**3.2. Журналистің
сұхбат алу әдебі және
құжаттармен
жұмыс істеу тәртібі**

Журналист әр уақытта әңгімелеседі, мамандығының ерекшелігі сонда: әңгімелесіп, сұрап алмағанынша, ештеңе де біле алмайсың. Ал, жаңалықсыз, жаңа фактілерсіз, дәлелдерсіз публицистика өмір сүре алмайды. Журналист сұхбатты корреспонденция, мақала, очерк немесе фельетон т.б. жазу үшін алады. Күн тәртібіне қойылған өмірдің өзі ұсынып отырған қоғамдық мәні бар мәселе жөнінде журналист белгілі бір адамның ой-пікірін біледі немесе сол мәселе жөнінде онымен сөйлеседі. Осыларды әдеби өңдеп, қорытып жазады. Міне, осы талаптарға сай жазылған материал хабар жанрының бір түрі сұхбат болып табылады.

Қазіргі кезде сұхбат ең жиі берілетін тиімді де ықпалды жанрға айналып отыр. БАҚ қызметі негізінен ақпараттық сипат алса, бұл тұрғыдан сұхбаттың атқаратын рөлі зор. Сұхбатқа профессор Т.С. Амандосов: «Күн тәртібінде өмірдің өзі ұсынып отырған қоғамдық маңызы бар мәселе жөнінде журналист белгілі бір адамның ой-пікірін біледі, немесе сол мәселе жөнінде одан түсініктеме алады, онымен сөйлеседі, осыларды өңдеп, қорытып жазады, міне, осы талаптарда сай жазылған материал газеттің хабар жанрының бір түрі – интервью болып табылады», – деп анықтама берсе, (Т. Амандосов, Қазақ Совет баспасөзінің жанрлары. 1968, 55 б.) сұхбаттың мақсаты жөнінде профессор Т.Қ. Қожакеев былай деп жазады: «Интервьюдің мақсаты – қоғамдық маңызы зор бір мәселе, оқиға, тың бастама, қызықты құбылыс жөніндегі соған қатысы бар, өзі араласқан беделді де білікті адамдардың, мамандардың пікірімен жұртшылықты таныстыру» (Т. Қожакеев, Жас тілшілер серігі. 1991. 64 б.).

Журналист кәсібі қоғам қызығушылық тудыратын құбылыстарды халық атынан тергеуге құқылы етеді. Тақырып таңдау

мен мекен-жай табу, жарияланымның мақсатын айқындау мен фактілерді екшеп алу, кейіпкердің болмысын бағалау немесе оқиға табиғатын түсіну, материал құру ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Журналистің жұмысы бастан-аяқ моральдық қарым-қатынастар орнатумен тығыз байланыста, сондықтан қызметі өнегелілік сипатта болады. Журналист қоғам қайраткерлерімен немесе белгілі бір салада істеп жүрген озаттармен сан алуан мәселелер жөнінде әңгімелесіп, пікір алысады. Әрине, бұл әңгімелер мен пікірдің біздің өміріміз үшін маңызы мен қоғамдық-саяси мәні зор болуға тиіс. Әңгіме болып отырған мәселенің мән-жайын жақсы білетін, болған оқиғаны дұрыс бағалай алатын адамнан сұхбат алу ақпарат құралдары үшін өте бағалы нәрсе болып саналады.

Фактілерді жинағанда, журналист түрлі ақпарат көздеріне: жеке адамға, ұжымдық деректерге жүгінеді. Жұртшылық журналистерге өздері және жақын-жолдастары туралы ешқандай мәлімет беруге міндетті емес. Оларды сөйлету үшін бұйымтайынды салмақты себептермен жеткізіп, көндіруің керек болады. Егер адамдар материал жинауда қарсылық тудырса, оларды қызмет бабын пайдаланып, қорқытып-үркітудің қажеті жоқ. Керісінше, айтып отырған дәлелдеріне құлақ асу керек. Мүмкін жұртшылық назарына шығармайтын құпиялардың болуы не айтқаны келмейтін келеңсіз жайлардың болуы әбден мүмкін. Сондықтан, түсіністікпен қарап, кейіпкерді асықтырмай, керісінше, оның сеніміне кіріп алуға тырысу керек.

Журналист сұхбат алу үшін қоғам, мемлекет қайраткерлеріне, Қазақстанға келген шетел азаматтарына, өнер қайраткерлеріне жолығуы мүмкін. Бұл адамдармен әңгімелескенде қалың бұқараның назарын аударып, ой-өрісін кеңітерлік қоғамдық мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс. Қоғам қайраткерлерінен алынатын сұхбат кең мағыналы болып келді. Мәселен, «Қазақ әдебиеті» газетінің 2007 жылғы 2 наурызында Аягүл Мантаеваның Қазақстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаевпен жүргізген сұхбаты жарық көрді. Сұхбат үш бөлімнен тұрады: 1. «Талант қолдан жасалмайды». 2. «Саз өңдеушілерді екінші композитор деп айтуға қарсы емеспін». 3. «Қазақ ұлттық идеяға негізделуі тиіс». Өнші өмірінің әр кезеңіне қатысты қойылған сауалдар сұхбаттың мәнін аша түседі. Тілші ди-

дарласу барысында әнші болмысына лайықты сұрақтарды орынды қоя отырып, сұхбатты сәтті шығара білген.

Профессор Т. Қожакеев сұхбаттың тартымды, сәтті шығуы үшін журналистерге мынадай ақыл-кеңес береді: «Ең алдымен, ол әңгімені сыпайы, әдепті түрде, екі жаққа да жайлы, тиімді бағытта жүргізе білуі керек. Халыққа ең қажетті, олардың білгісі келіп отырған мәселелерді дәл ашатын, нақты да керекті жауап алуға болатын сұраулар қоюға тиіс. Әрі берілген жауап, айтылған әңгіменің оқырмандарды қызықтыратын ең қажетті жерлерін таңдап ала білуге міндетті. Қозғалатын мәселенің сипатына, онда нендей жайттардың ашылуы қажеттігіне орай, әңгімелесушінің кім екеніне қарай интервьюдің ең тиімді түрін таңдау да – өнер» (73 б. Т. Қожакеев, 1991).

Кейіпкерден сұхбат алатын журналистке көптеген талаптар қойылады. Сұхбат жүргізу өнері шеберлікті, тәжірибелікті қажет етеді. Сұхбат алу – өте жауапты, қиын процесс, онда журналистің мәдениеттілік деңгейі, алған тәрбиесі, білімділігі, ұқыптылығы айқын көрінеді. Мәселен, журналист кейіпкермен кездесу туралы алдын-ала келісіп алған соң, өз басының қасиеттерін: өзінің дәлдігін, тәртіптілігін байқатып, тиісті уақытта кешікпей келуге міндетті. Екіншіден, журналистің сыртқы көрінісі, киген киімі, тіпті эстетикалық талғамының өзі үлкен рөл атқарады. Өйткені алғашқы уақытта туғызған жағымсыз, теріс әсерді жуып-шаюдың қиынға соғуы әбден мүмкін. Үшіншіден, тілші белгілі бір маманнан не лауазымды адамнан сұхбат алмас бұрын сол сала бойынша әдебиеттермен танысып, түрлі социологиялық т.б. зерттеулердің нәтижелерін қарап, дұрыстап дайындалып келуі керек.

Сұхбатқа ақпарат жинаудың бір сәтті жолы әңгімелесушінің көңіл-күйін сезіп отыру, ондағы өзгерістерге мән беру болып табылады. Әңгіменің барысын асқан сақтықпен дамыта отырып, керекті арнаға салу, ең қажетті деген нақты әрі дәл сұрақтар қойып отырудың өзі үлкен өнер боп саналады. Сұхбат алу жөнінде белгілі журналист Анатолий Аграновский былай жазады: «Әкемнің, қарт журналистің, берген кеңесі әлі есімде: «Бірінші интервьюге барғанда – өзің сөйле. Екінші кеште тыңдай беруіңе болады. Сонда ғана сәтті әңгіме шығады» (Аграновский А., Суть дела. 1968. 4 б.).

Америка Құрама Штаттарында тележурналистерге арналған көмекші құралда сұхбат алу жөнінде төмендегідей ақыл-кеңес берілген: «Сұхбат алуға дайындалған уақытта кейіпкермен мүмкіндігінше дұрыс, толық әңгімелесіп алып, әрі қарай хабарға түсіруге әзірлеу үшін алдын ала бірнеше минут арнауыңыз керек. Егер сіздің кейіпкеріңіз бұдан бұрын хабарға түсіп көрмеген адам болса, онда ол, әдеттегідей, сасқалақтап, камера алдында өзін-өзі қалай ұстау керектігін білмейді. Бұл кісінің қысылмай, өзіне-өзі сеніп, қойылған сауалдарға жауаптар қайтара алатындай жағдайда болуы үшін, оған бірнеше кәсіби кеңес бергеніңіз дұрыс болады» (Журналист, 1993. – № 5. С. 29. Вы должны сломать лед).

Осы тұста сұхбаттың қандай жерде, мысалы, студияда, лауазымды адамның кабинетінде, қоғамдық орында тағы басқа жерлерде жүріп жатқандығының маңызы бар. Өйткені, адамдар көбінесе сұхбаттың жұмыс жағдайында, мысалы, кабинетте өтуін ұнатады. Тәжірибесі мол, шебер журналист алғашқы минуттардан бастап сұхбат беретін адамның өзіне деген сенімін тудырады, сөйтіп оның әңгімесі сәтті шығады. Себебі, сөз жоқ, журналистке деген көзқарасы дұрыс, оған толық сенетін кейіпкер қойылған сұрақтарға түгелдей қанағаттанарлық жауап, әрі ақпарат беруге тырысады. Зерттеуші В.М. Теплюк сұхбат алу жөнінде мынадай пікір білдірген: «Журналистің әңгімеге «еркін енуі», адамдармен байланыс, қарым-қатынас орната білуі материалдың сәтті шығуына көп жағдайда ықпал етеді. Осы тұста журналист өзіне жайлы жұмыс жағдайын жасап, кейіпкерінің еркін сезінуіне септігін тигізетіндей әрекет таңдап алуы тиіс...» (Теплюк В.М. Этика журналистского творчества. 1980. 62 б.).

Сұхбаттың сәтті шығуы үшін журналист әңгіме барысындағы кейіпкердің мінез-құлқында, көңіл-күйінде болып жатқан өзгерістерді байқай алатын, сол арқылы сұхбаттың достық рәуіште жүруін қамтамасыз ете алатындай сыпайы психолог болуы тиіс. Мәдениетті, тәжірибелі журналист әңгімені ақырын ғана өзіне керекті арнаға ыңғайластырып, бағыттайды, мұны оның сұхбат кезінде қойған сауалдарынан байқауға болады. Америка журналистеріне арналған көмекші құралдан үзінді келтірсек: «Зілді, арандатушы сұрақтарды қойғаннан аулақ жүріңіз. Егер де сіз батыл, оның үстіне әдепті болсаңыз, онда дегеніңізге жетуіңіз

әбден мүмкін. Бірақ мұны қиын сұрақтарды қоюға болмайды деп түсініп қалмаңыз. Сауалдардыңыз мығым болсын, алайда ешбір қажеті жоқ эмоциясыз қойыңыз. Осы тұста: «Әйеліңізді ұрып-соғуды қашан қояды екенсіз?» – деген сияқты арандатушы сұрақтарға орын болмайды» (Журналист. – 1993. – № 5. 29-30 б. Вы должны сломать лед).

Кей кездерде лауазымды адамдар сұхбат кезінде қоғам алдында өзінің беделін түсіре алатын, жіберген кемшілігін көрсететін ақпаратты жария етпей, жасыруға тырысады, қоғамдық маңызы зор, бірақ өзіне ұнамайтын күрделі сұрақтарға жауап қайтарғылары келмей, толық ақпарат бермейді. Осындай жағдайдың болмауы үшін журналист сұрақтарды бір-бірлеп қана қоюға тиіс, егер ол бірден екі-үш сауалды қойып жіберсе, онда кейіпкер, бұл сауалдардың біреуін ұмытып кетіп, немесе қасақана жауап қайтармай, тура жауаптан жалтарып кетуге тырысады. Сондықтан, көпті көрген шебер журналист сұрақтарды бір-бірлеп қойып, сауалға жауап алған соң ғана келесісіне көшеді. Егер кейіпкер сонда да мемлекеттік, ұлттық, қоғамдық маңызы бар сұрауға жауап қайтармай қойса, онда оны қайтадан, сыртқы түрін сәл өзгертіп қоюға болады. «...Егер сіздің сауалға жауап қайтарылмай жатса, оны шамалап өзгерген пішінде қайталап жіберіңіз. Келесі сұрақтарға ауысудың қажеті жоқ. Жағдайды толық анықтап алғаныңыз жөн» (Журналист. – 1993. – № 5. 30 б. Вы должны сломать лед).

Егер журналист сәтті де толық ақпарат жариялаймын десе, оның міндеті нақты, тиянақты сұрақтар қою болмақ. Тілшілер «иә» немесе «жоқ» деген қысқа, өте қарапайым жауап қайтаруға болатындай сауалдардан аулақ болу керек. Журналистің алдында тұрған мақсат – кейіпкерді сөйлету, өзін және оқырман, көрермен, тыңдарман қауымын қызықтырып отырған ақпарат алу болғасын, сұрауларды шебер де айқын қоя білу керек.

Сонымен, сұхбаттың сәтті, әсерлі шығуы үшін төмендегі шарттарды білген артық болмас:

1. Дәл, ұқыпты, тәртіпті болып, кездесуге белгіленген уақытта кешікпей келу.
2. Эстетикалық жайларға көңіл бөлу (өзінің дұрыс киім киюі, шаш үлгісі т.с.с.).
3. Сұхбат алуға дайындалып келу.

4. Кейіпкердің өзін-өзі еркін, жайлы, ыңғайлы сезінуі үшін жағдай жасау.
5. Сенімділік тудыру, психологиялық сәттерді байқау.
6. Кейіпкерді сөйлете білу.
7. Арандатушы, адамның ар-намысына тиетін сұрақтарға жол бермеу.
8. Сауалдарды бір-бірлеп қою.
9. Жауабы қайтарылмаған маңызды сұрақтарды сәл өзгертіп, қайталау.
10. Сұрақтар нақты, тиянақты болуға тиіс.

Қазақстан журналистикасында сұхбат этикасының орындалмауы жағдайлары кездесіп отырады, бірақ, көбінесе, бұл жағдайлар тілші мен кейіпкердің арасында қалады, оны басылым бетінен немесе теледидардан редакциялаудың нәтижесінде көре алмаймыз. Бірақ, журналистер бұған қарамай, өздерінің жақсы маман болуы үшін этикаға көңіл бөлу керек. Журналистің сұхбат алушыға берер сұрақтарының негіздері біріншіден, әңгімелесуші адамының білімін тексеріп алу (мәселен, газеттегі материалды оқыдыңыз ба?); екіншіден, қамтылған мәселе төңірегіндегі ой-пікірін білу; үшіншіден, алынған мәліметтерді, фактіні нақтылап алу. Қойылатын сұрақтар: ашық немесе жабық; өзіндік немесе бөгделік; тура немесе кері т.б. болып келеді. Сұхбат алу үшін журналист алдына келіп отырған адам туралы біраз деректерден хабардар болуы керек; пікірлері нәтиже берерліктей болуы тиіс; сұхбат алушыға бірден сұрақ қоймай, мәселен, жұмыс кабинетіндегі бір мүсінге, картинаға т.б. қатысты сұрақтан бастау; әңгімелесу барысында өзін еркін ұстау, оңай сұрақтар қою арқылы серпілтіп алу; келесі кезектегі қиын сұрақтарға дайындалып отыру.

Журналист В. Аграновский өзінің «Ради единного слова» (1978) кітабында: 1. Кәсіби журналист ең алдымен, әңгімелесуші адамның ойын білу мақсатында, содан кейін ғана сұрақтарға жауап алу мақсатында бару керек. 2. Әңгіме қызықты болу үшін немесе алынған сұхбат өз жемісін берсін десеңіз, журналист сұрақты міндетті түрде қою керек деген ұғымда емес, еркін түрде, еркін мақсатта қою керек. 3. Журналист әңгімелесушіні сабырмен, мұқият тыңдай білуі керек. Осы тұста журналистке қажетті бірнеше белгілерді айтуға болады: а) дөрекі сұрақтар қоймау ке-

рек; ә) айтушының сөйлеуіне мүмкіндік беру керек; б) үндемей тыңдауға үйрену; в) түсінбеген жағдайда сұрақты қайталау керек. Журналистің сұрақтары: а) түсінікті әрі қысқа болуы шарт; ә) күрделі жауап беруге міндеттемеу керек, кейде «иә», «жоқ» жауаптарына да қанағаттануы керек», – деп атап өтеді.

Кейде сұхбат беруші адамыңыз жариялауға болмайтын мәліметтерді беруі мүмкін. Ондай жағдайда жарыққа шығару не шығармау керектігін редакция шешетінін ескеретін болсақ, журналист бұл туралы кейіпкерін хабардар етуі тиіс. Кейде ресми түрде редакциядан жариялауға болмайтын мәселені жарыққа шығармауын сұрайды. Осылайша, ешбір жақты ренжітпей-ақ мәселені шешуге болады.

Егер де журналист сұхбаттасушысына және оның берген ақпараттарына қызығушылық танытпай, селқостықпен қарайтын болса, онда фактілерді жинау мен оны жарыққа шығарудың сапасы төмендеуі мүмкін. Сонымен қатар, этикалық қателіктерге журналистің әңгімелейтін тақырыпты толық меңгермеуі, дұрыс тыңдамауы, ыңғайсыздық туғызатын сұрақтар қоюы, т.б. жатады. Мұндай жағдайларда есте болатын басты нәрселер: өзінді-өзің бақылау, сана-сезіміңнің дұрыс болуы және өзің істейтін газет, радиостанция, телеарнаның абыройын ойлау болып табылады.

«Жас қазақ» газетінде сұхбат жанры «Біздің сұхбат» деген тұрақты айдарда беріліп жүр. «Біздің сұхбаттың» өзіне тән бірнеше ерекшеліктері бар. Мәселен, бірінші ерекшелігі, сұхбат берушінің өмірбаяны, қайда оқығаны, еңбек жолын қалай бастағаны, осы күнге дейін қандай атақ, дәрежелерге дейін көтерілгендігі, қазіргі қызметі, отбасы, т.б. мәліметтерді «өмірдерек» деп аталатын тақырыпшада беріледі. Бұл – бір жағынан оқырманға керек дүниелер. Айталық, әрбір оқырманның талғамы әртүрлі. Мәселен, ән, жыр сүйер оқырмандар шығармашылығы мен өнеріне қызығатын өнер иелерінің өмірбаянынан толық мәлімет алғысы келетінін ескерсек, мұндағы «өмірдерек» тақырыпшасымен сұхбат берушінің өмірбаянынан өз оқырмандарына хабардар етіп отыруы артық емес. Ал, «Айқын» газетінің «Ақ сөйле!» айдарында сұхбат беруші адамның өмірбаяны мүлдем берілмейтіндіктен, оның кім болғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. Сондықтан осыны ескеру қажет.

Екінші ерекшелігі, газеттің қалыбы үлкен (А2) болғандықтан мұнда сұхбат әңгімеге айналады. Профессор Т. Амандосов интервьюдің әңгіме түрі деп атаған түрін осы газеттен көруге болады. Сұхбат берушіге қатысты немесе ол басқарып отырған мекемеге байланысты келелі мәселелер қозғалады. Көкейдегі бірқатар сұрақтар қойылып, оған қонымды жауаптар алынады. Мұнда дәстүрлі сұрақтардың (кейбір басылымдардағыдай «өнерге қалай келдіңіз? оған кім себеп болды? ұстазыңыз кім?») т.б.) берілмейтіндігі сұхбаттың маңыздылығын арттырып отыр.

Үшіншіден, осыған дейін газетте «Біздің анкета» атты айдар аясында елімізге белгілі адамдар арасында сауалнама ұйымдастырылып келеді. Сұрақтар да әдеттегідей: «Астың қай түрін ұнатасыз?» «Соңғы оқыған кітабыңыз?» «Қандай көлік жүргізесіз?» «Спорттың қай түрімен шұғылданасыз?» «Ең сүйіп тыңдайтын әнііз?» «Ең сүйікті актерііз?» «Театрға соңғы рет қашан және қандай қойылымға бардыңыз?» «Қай телеарнаны жіті бақылап отырасыз?» «Саясаткерден кімді жоғары бағалайсыз?» т.б.

Кез келген мәселенің анық-қанығын оқырманға жеткізуде, соған қатысты адамның ой-пікірін, көзқарасын жан-жақты біліп, сұхбаттасу арқылы мән-жайдың қайда жатқанын білуге болады. Алайда газеттің бір нөмірінде 2-3, тіпті одан да көп сұхбаттар орын алып жүр. Бұл – «Жас қазақ» газетіне де тән құбылыс. Әрине, бір жанрдың бір нөмірде бірнеше рет қайталануы – оқырманды жалықтырады. Бір айта кетерлігі, «Жас қазақ» газетінде жарияланған сұхбат сұрақтары көңілге қонымды, оқырман көкейіндегі сауалды дөп басып, объектіге бағыттайды. Әрине, жақсы сұрақтардың қойылуы – журналистің сол саланы немесе сол мәселені жіті зерттегенін аңғарса керек. Бұл жағдайдың «Жас қазақ» газеті журналистерінде көбірек кездесетіні қуантады.

Ал, тележурналистің тікелей эфир кезінде әрбір артық дене қимылы, іс- әрекеті миллиондаған көрерменнің көз алдында болады. Мәдениеттілік пен шешендіктің, ақыл-ойдың тоғысар арнасы да – осы тұс. Адам үшін ең басты қасиеттердің бірі: мінез-құлық тәртібін сақтау, сөйлей білу мәнері мен өзін-өзі ұстай білу ерекшелігі болып табылады. Эфирге шыққан жүргізушілер: «Сәлеметсіздер ме, құрметті көрермендер!» «Кеш жарық, қымбатты теледидар көрермендері!» «Ассалаумағалейкум, қымбатты қауым!» деп бас-

тап, хабар аяқталарда: «Эфирде келесі кездескенше, сау-саламатта болыңыздар!» «Қош-сау болыңыздар!» дегендей жағымды сөздермен қоштасып жатады. Эфирдегі жүргізушінің әрбір сөзге мән беріп, өң кіргізіп, жүргізе білуі де – әдептіліктің бір үлгісі.

Мәселен, «Хабардағы» Нұртілеу Иманғалиұлының «Бетпбеті», «Қазақстан» телеарнасының эфирінде берілген Қасым Аманжолдың «Шынның жүзі», Жұмабай Шаштайұлының «Үзеңгі жолдасы» тұлға портретін ашып беруден бастап, қоғамды толғандырған барлық тақырыптарды жайып салуға ұмтылған салмақты да салиқалы хабарлар болып, өз аудиториясын қалыптастырды. Көпшіліктің көңілінен шыққан бұл сұхбаттардың әрқайсысының көтерер жүгі де әр басқа болды.

Алпысыншы жылдардың орта тұсында экранға жол тартқан, теледидарымыздың дәстүрлі дамуына көркемдігімен, бейнелілігімен ерекшеленген сұхбат жанрындағы бағдарламалардың бірі – Сұлтан Оразалиннің «Сұхбат» хабары. Оны жасағанда автордың алдына қойған мақсаты қатары сиреп бара жатқан үлкен сөз зергерлері мен өнер адамдарының өзін, әңгімесін табиғи қалпында таспада қалдыру еді.

Кезіндегі Сағат Әшімбаевтың «Парызы мен қарызы», қоғамның ащы шындығын ашына айтқан Шерхан Мұртазаның «Ұлт пен санасы», өзіндік болмыс-бітімімен келіп қосылған Бейбіт Құсанбектің «Өмір-өзен» хабары руханиятымыздың орны суымас ошағы болып тарихта қалды. Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, жетілдіруі – сұхбат алушы журналист үшін өте қажет міндет. Мінез-құлық тәртібін сақтау, сөйлей білу мәнері өз-өзін ұстай білу ерекшелігі болып табылады. Адамдарды тыңдай білу, ой-пікірлерін саралап, тұжырым жасау дегеніміздің өзі – айналып келгенде, журналистің жоғары мәдениетімен, этикалық игі тәрбиесімен астасып жататын күрделі дүние.

Қоғамдық пікірді анықтау мақсатында белгілі бір нақты сұраққа әртүрлі адамдардан жауап алынатын сауалнамалық сұхбат та радиода арақідік көрініс табады. Радиодағы бүгінгі көп сұхбаттардың дені жеке тұлғаның образын ашуға тырысады. Мұндай портреттік сұхбаттар әлеуметтік-психологиялық сипатымен ерекшелінеді. Есен Сәриевтің «Әлқисса» (тарихта болған тұлғалардың қазіргі

ұрпақтарымен сырласу) хабары, Еділ Уәлікұлының «Біздің елдің жігіттері» (қоғамға еңбегі сіңген белді жігіттер мен азаматтар туралы) бағдарламасы, Серік Сейітманның «Тамшы» (жас ақындар өмірімен, шығармашылығымен таныстыру) хабары, Мұхтар Тұртайұлының «Ел іші – өнер кеніші» (өнерді меңгерген жастарды таныстыру) бағдарламасы, Айнұр Абайқызының «Өнер адамы» (өнер адамының өмірі мен шығармашылығы жайлы) хабары адам бойындағы құнды қасиеттерді анықтауға негізделеді.

Сұхбат жанрының элементтері радионың кері байланыс, радиоүндесу сынды пішіндерінде жиі ұшырысады. Студиядағы жүргізуші мен телефон желісіндегі тыңдарманның тікелей эфирдегі әңгімесі, сұрақ-жауап түріндегі пікір алмасуы, яғни кері байланыс – радионың ең белсенді пішіні. Бұл пішін психологиялық желіске құрылады. Жүргізуші сұхбаттаса отырып, тыңдарман ойына барлау жасайды, өз ойын соған сәйкес сабақтайды. Кері байланыста тыңдарман жүргізуші тастаған сауал төңірегінде ой қозғау үшін немесе ол қойған нақты сұраққа жауап беруі үшін ойланып алуына уақыт қажет. Сондықтан бұл пішін әуенмен әрленіп, сазбен көмкерілуі тиіс. Сондай-ақ радиода жүретін ток-шоу немесе тікелей эфирдегі қызу пікірталас та сұхбат жанрын ұтымды пайдаланады. Жүргізуші телефон желісіндегі мінберде тақырыбы салмақты, табиғаты заман тынысымен астасатын айтулы мәселені өзек етеді.

XVIII ғасырда өмір сүрген американдық ағартушы Бенджамин Франклин өзіне «Күнделікті ұсақ ізгіліктердің 13 ережесін» жасаған екен. Оған: ұстанымдылық, үнсіздік, тәртіп, шешімдік, іскерлік, анықтық, әділдік, үнемділік, тазалық, сабырлық, шаңжұқтырмаушылық, салқынқандылық, сыпайылық секілді қасиеттер кірген.

Кез келген журналист сұхбат жанрына бару үшін түрлі деректер мен құжаттарды да пайдалануы мүмкін. Осы тұста журналистің құжаттармен жұмыс істеу тәртібіне тоқталып өтсек.

Өмірге қатысты ақпараты бар материалдардың барлығы құжат болып табылады. Құжаттар қағаз бетінде, таспада, фотоқағазда болуы мүмкін. Құжаттар ресми және ресми емес болып екі топқа бөлінеді.

Ресми құжаттарға Үкіметтің қаулы, қарарлары, саяси партиялардың жарғылары, есептер, социологиялық зерттеулердің нәтижелері, түрлі тізбелер т.б. жатады.

Ресми емес құжаттарға адамның тууы туралы куәлігі, төлқұжат, аттестат, диплом, фотосурет, күнделік, қолжазба, естелік, мемуар, хаттар, әдеби шығармалар, ұнтаспалар, бейнетаспалар т.б. жатады.

Қазіргі кезде журналистика неғұрлым дәлелді, салмақты, объективті болуға ұмтылып, ақпарат көзі ретінде неше түрлі құжаттарды көптеп пайдаланады.

Тарихта орын алған елеулі оқиғалар жөнінде, өзінің артынан өшпес із қалдырған қоғам қайраткерлері туралы жазғанда журналистер тарихи құжаттарға сүйенеді, олардан үзінділер келтіреді. Сонымен қатар, даулы мәселелерді әңгіме еткен кезде журналистер белгілі бір көзқарасты, пікірді дәлелдеп шығуға тырысады, осы жолда олардың материалы құр сөз болып шықпау үшін құжаттарда көрсетілген, дәлелдік күші зор деректер жария етіледі. Құжаттардың растығы мен дәлелдігі міне, осы екі қасиеті үшін журналистер оларды жоғары бағалайды. Құжаттар және оларды пайдалану туралы В.М. Теплюк өзінің еңбегінде тереңірек жазған (Теплюк В.М., *Этика журналистского творчества*. 1980).

Енді құжаттармен жұмыс істеуде қойылатын этикалық талаптарға тоқталайық. Алдымен қолға тиген құжатты пайдаланбас бұрын, журналист оның растығына, түпнұсқалығына, өмірге сай екендігіне көз жеткізіп алуға тиіс. Себебі, кей кездерде мұндай қағаздардың қолдан жасалып, теріс ақпарат беруі мүмкін.

Екіншіден, журналист құжаттардың қай түрін болмасын шыншылдықпен, объективтілікпен, өңін айналдырмай пайдалануға тиіс. Кей уақытта журналистер құжат мәтініндегі абзацты толық емес, бір сөйлемін үзіп алып жариялайды, сол арқылы мәтіннің мазмұны өзгеріп кетеді. Бұл – этикаға жатпайтын нәрсе.

Үшіншіден, журналист құжаттарды өзінің ойын дәлелдеп шығу үшін немесе бір адамның өмір жолын баяндау, тарихи оқиғаларды елестету үшін пайдаланғанда міндетті түрде ақпарат көзіне сілтеме жасауға тиіс. Плагиат, журналистің кәсіптік этикасының Кодексында көрсетілгендей, әдептілікті бұзу болып табылады. Осы талап тек журналистерге емес, басылымдарға да қойылады. Мысалы, «Қазақстан жаршысы» газеті былай деп ескерткен: «Мате-

риалдар көшіріп басылған жағдайда «Қазақстан жаршысынан» алынғандығы туралы сілтеме жасалуға тиіс».

Төртіншіден, құжаттарды пайдаланып болған соң, оларды бүлдірмей, тоздырмай, тиісті уақытында өткізу керек.

Сонымен қатар, құжаттармен жұмыс істеу барысында оларды өз мақсатына пайдалануға, мазмұнын бұрмалауға жол берілмейді.

Жеке адамның құжаттарын, мысалы, фотосуретті, хаттарды, естеліктерді жария ету үшін олардың иесімен алдын ала келісіп алған жөн.

Газет бетінде оқырман хаттары да жарияланып жатады, кейде бірнеше хат бір материалға біріктіріледі, сонда әрбір хатты тырнақшалар қою арқылы басқаларынан ажыратып басу керек.

Журналист материал жазған кезде белгілі бір құжаттың мәтіні, оған берілген комментарий және өз мақаласының мәтінін ажыратып қоюға тиіс. Құжаттармен жұмыс істеу кезінде журналистік этикаға қайшы келетін жағдайлар Кодексте көрсетілген:

«...егер журналист ақпаратты бұрмаласа, құжат немесе басқа ақпарат көзінің мазмұнын өзгертсе, пайдаланып отырған құжатқа мағыналық өзгертулер енгізсе;

...егер журналист автордың келісімінсіз оқырман, көрермен немесе тыңдарманның хатын өзгерту және қысқарту жолымен мәтіннің мазмұнын бұрмаласа;

...егер журналист оқырман, көрермен, тыңдарман хаттарын қолдан жасау арқылы жұртшылықты адастырса немесе өзінің материалын басқа нақты адамның пікірі және шығармашылық нәтижесі етіп көрсетсе...

... егер журналист, басқа біреудің шығармасын пайдалана отырып, оны түгелімен немесе бір бөлігін өзінікі етіп көрсетсе, оның шын мәніндегі авторын және пайдаланған көзін көрсетпесе...» (Журналист. – 1991. №6, 12 б. Журналистің кәсіптік этикасының Кодексі).

Сонымен, құжаттардың қай түрін болса да пайдаланған уақытта журналист этикалық талаптарды ұмытпай, соларға сәйкес жұмыс жасауға тиіс.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Сұхбат жанрына қойылатын талаптар мен міндеттер.

2. Журналистің сұхбат алу әдебі.
3. БАҚ-тағы ұтымды шыққан шебер журналист сұхбаттары.
4. Журналистің құжаттармен жұмыс істеу әдіс-тәсілі.

3.3. Жаһандану үдерісіндегі журналист мәселелері мен этикалық талап-міндеттері

XXI ғасыр – «ақпарат ғасыры» деп те аталып жүр. Әрбір қоғамда ақпараттың алатын орны ұшан-теңіз. Өркениетті бүгінгі қоғамда минут сайын, тіпті секунд сайын жаңа ақпараттар пайда болып, көзді ашып-жұмғанша шапшаң жылдамдықпен таралып жатады. Ақпарат тасқынының өтінде тұрған біздің қоғам өзіне қажетті жаңалықты талдап, талғаммен пайдалануы да ерекше маңызды. Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2001 жылдың 17 наурызында Қазақстан теледидары мен радиосының республикалық корпорациясында болған кезде БАҚ-тың «Халыққа жақ, санаға сақ» болуы керектігін айтқан болатын. Сонымен бірге, ақпарат құралдарының Қарулы Күштермен қатар тұратынын, Қарулы Күш Отанды қоғап, ел тыныштығын сақтаса, ақпарат құралдары адамның санасына айрықша ықпал ететінін атап көрсеткен еді. Елбасы өз сөзінде ұлттар арасына жік салатын, елдік мүддеге кереағар келетін жағымсыз ақпараттардың ел қауіпсіздігіне қатер төндіретінін де ескерткен. Бұдан әрбір мемлекеттің БАҚ-ы өз елінің мемлекеттік мүддесі мен тәуелсіздігіне қызмет етуі керек деген қорытынды шығаруға болады.

Қазіргі таңда дүниежүзілік ақпарат әлеміндегі ірі өзгерістерден, белең алып келе жатқан жаһандану үдерістерінен ешбір елдің саяси өмірі мен бұқаралық ақпарат құралдары тыс тұра алмайтын күрделі кезеңмен бетпе-бет жүздесіп отырмыз. Академик Ғарифолла Есім айтқандай: «... біздің өмір сүріп жатқан қоғамымыздың мазмұнын анықтайтын фактор – ақпарат. Оны біз ақпараттық қоғам деп те жүрміз. Бүкіл әлем бір сәтте үйіңізге сыйып кетеді. Интернет, электрондық пошта жүйесі, жетілген коммуникация әлемді тұтастырып барады. Бұрынғыдай әр елдің «сырын» жасыру мүмкін емес. Ел ішіндегі оқиға күні ертең әлем тілдеріндегі басылым беттерінде жария естілмек. Мұның бәрі қазақстандықтардың ой-өрісіне, сезім-санасына, мінезіне, тұрмысына сапалы өзгерістер енгізуде».

Баспасөз – адамдардың рухани өмірінің ажырамас бөлігі, олардың санасына, жан-сезіміне ықпал жасайтын қуатты құрал. Әрбір сауатты адам күнделікті газет оқуға күштар. Өйткені, ол өмірде болып жатқан жайды білгісі келеді. Сол арқылы қоғамдағы өз орнын түсінеді. Сондықтан да, баспасөз қоғамда маңызды да игілікті рөл атқарады. Осыдан келіп бүгінде баспасөздің қоғамға ықпалы күн сайын артып келе жатыр. Жаһандандудың ел ішіне еніп, ұсақ ұлттарды ірі ұлттардың жұтып қоятын осынау алмағайып дәуірінде ұлттық сананы қалыптастыруда баспасөздің атқарар қызметі зор. Қазір Қазақстанда 2 мыңның үстінде БАҚ-болғанымен, олардың әрқайсысының өзіндік атқарар міндеті бар. Дербес мемлекеттің өзіндік мүддесін іске асыруға бағытталған ақпараттық жүйенің қалыптасуы да – маңызды мәселе.

Журналистика тек ақпарат берумен шектелмей, халықтың мұқтажын жоқтап, мүддесін қорғайтын төртінші билік иесі бола білуі тиіс. Журналист – тек ақпаратты жасап, таратушы ғана емес, сондай-ақ, жауап беруші. Барлық болып жатқан оқиғалар журналистиканың ақпарат түріндегі өнімі болып табылады. Ақпарат қаншалықты сенімді болған сайын, соншалықты әлеумет үкімет билігіне араласа алады. Қаншалықты жалған болған сайын, соншалықты қоғамға қауіп төнуі мүмкін. Қазіргі журналистерден халық шындықты шырылдап, бүкпесіз ашық айтуды талап етеді. Журналист – қоғамдағы әділеттіктің тілеулесі әрі халық мүддесінің жанашыры болғандықтан, ерекше ілтипатқа лайық. Этикалық, моральдық үдделердің дұрыс-терісін, ақ-қарасын халық қана әділдікпен айырып бере алады. Осы ретте баспасөз зерттеуші В.М. Гороховтың: «Журналист шығармашылығындағы мәселе бір ғана фактіні емес, фактілер жүйесін, бір ғана қарым-қатынасты емес, қарым-қатынастар жиынтығын көрсетеді. Журналист мақаласында оқырман үшін өте маңызды, кезек күттірмейтін мәселенің көтерілуі жарияланымдарының сапасы мен кәсіби қадір-қасиетін арттырады. Журналист көрсетіп берген мәселелердің шешімі оқырман санасында ұзақ сақталады», – деген пікірін ескергеніміз жөн сияқты (Горохов В.М., Основы журналистского мастерства. 1989. 90 б.). Өйткені, журналистердің жазған еңбектері, ең бастысы одан шыққан қорытындылары көптеген бұқара халықтың мүддесіне тиісті болып табылады.

БАҚ арқылы қоғамның көзқарасы, оқиғаны түсінуі үнемі өзгеріп отырады. Журналистке қойылатын моральдық талаптың қиындығы жоқ. Қиыны сол – талапты дұрыс пайдалана білу. Олар өз қызметін адамдармен, мемлекеттік және мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдармен тікелей байланысты жүзеге асыратындықтан, белгілі бір деңгейде әдеп талаптарын орындауы керек әрі әдеп нормасынан аспағаны дұрыс. Осыдан келіп, кез келген оқиға, деректі шынайы беру журналистің кәсіби шеберлігіне байланысты. Журналистикада ақпарат тұтыным мәні тұрғысында емес, қоғамдық игілік ретінде түсіндіріледі. Бұл дегеніміз – журналистке берілетін ақпарат үшін жауапкершілік жүктеледі деген сөз. Яғни, әлеуметтік жауапкершілік журналистен кез келген жағдайда өзінің құқықтық санасына сай әрекет етуін талап етеді. Журналистік әдептің тағы бір мәні журналистің өзіндік ұстанымына келіп жалғасады. Көрермен таласа көретін хабардың, оқырман тұщына оқитын мақала мазмұны да оның қалай жасалып, жазылатынына байланысты. Журналист жазған туынды жайындағы бұқаралық ой, пікірге сүйене отырып, оқырманның тілегін және қоғам нені қалайтынын немесе қолдайтынын, неге қарсылығын біле алады. Мұндай мағлұмат пен пайым журналистің алдағы ісіндегі ар-ұждан бағыт-бағдарын анықтап беретіндігімен пайдалы. Ал ар-ұждан бағыт-бағдарын анықтау журналист үшін әдеп пен мәдениеттің бір нысаны болмақ. Сайып келгенде, әдеп ұстанымы дегеніміз – журналистің өз қызметі мен жауапкершілігін саналы түрде түсінуі, әдептен озбау үшін белгілі бір бағыт-бағдар ұстануы. Журналистиканың бір ерекшелігі өзге мамандықтан гөрі қоғам алдындағы жауапкершілігінің басымдау түсіп жататындығында. Ол көбінесе журналистік әдеп арқылы көрініс табады.

Журналистиканың өлшемі ел тәуелсіздігін нығайтуға, демократияны тереңдетуге қосқан үлесімен өлшенеді. Қай мемлекетпен салыстырғанда да қазақ журналистикасы көштен қалған деуге келмейді, ортаңқол журналистиканың қатарында. Бізде қазір қазақтілді және орыстілді журналистика бар. Екеуінің айырмашылығы – жер мен көктей. Орыстілді журналистика азаматтық қоғам орнату, барлық ұлт өкілдерінің тең дәрежеде болуы, олардың қорғалуы сияқты мәселелерге көбірек көңіл бөледі. Ал, қазақ журналистикасы қазақтың ұлттық мұратының,

мемлекетінің нығаюына атсалысады. Орыстілді журналистикасында – тұрмыстық, сенсациялық нәрселерге бейімділік көбірек байқалатын болса, қазақ журналистикасы – ұлт келешегіне алаңдап, тіліміз, дініміз қалай болады, болашағымыз қандай дәрежеде дегендей тақырыптарды қаузады. Солай бола тұра, біздің журналистердің әлеуметтік жағдайы шетел журналистерінің ахуалынан әлдеқайда төмен.

Қазақ баспасөзінің рөлін бір-ақ нәрседен білуге болады. Қазір бізге шетелден тарайтыны бар, өзімізден шығатыны бар, тек қана газет-журналдың өзі 4 мыңнан астам. Оның 6-7 пайызы ғана – қазақ тілінде. Бұл цифрдың астарында қазақ тілді баспасөздің ұлттың руханиятына, ұлттың зердесіне ықпалының қай деңгейде екенін байқауға болады. Бұл ретте жіберіп алған кемшілігіміз өте үлкен. Ақпараттық кеңістік ұлттың мүддесінде бел алмай, ұлттың көсегесі көгере алмайды. Жаңсақ пікірлердің жетегінде кетеді. Өзге, шетелдің зиянды зымиян ой-пікірлердің ықпалында кетеді. Әсіресе, теледидар арқылы ұлт өзінің ұлттық қасиетін шайып алуы мүмкін. Ұрпақты мүлде басқа арнаға түсіруі мүмкін.

Әрине, қоғамды түзейтін де, қоғамды бұзатын да БАҚ десе соншалықты қателеспеспіз. Сондықтан да, бүгінгі күні ұлттық баспасөздің сапасына қатты көңіл бөлу қажет. Өйткені, қазіргі ұлттық баспасөзде қазақтың мемлекет құрушы ұлт екенін көрсетпей, керісінше, біздің ұлттық деңгейімізге сай болмайтын тақырыптар өршіп бара жатқан сыңайлы. Бұндай жайттың әсіресе зиялы қауым өкілдері тарапынан қозғалатыны өкінішті-ақ. Мәселен, бүгінгі оқырман «Шыңғыс хан қазақ па, қазақ емес пе?» «Абылай хан мықты ма, әлде Әбілқайыр хан ба?» немесе «Қазақстандық ұлт дұрыс па, қазақ ұлты дұрыс па?» деген секілді айтыс-тартыстардың, бекершілік әңгімесінің куәсі болып отыр. Мүмкін бұндай болымсыз дүниелер белгілі бір деңгейде, белгілі бір топқа қажет болып отырған шығар. Екінші бір мәселе, Қазақстанда орыс тілінде таралатын газет-журналдар көп-ақ. Сонда олардың негізгі тұтынушысы да, оқырманы да Қазақстанда көп деген сөз. Ал, сол баспасөздің қаншасы қазақтың мұңын айтып, жырын жырлап жүргендігі беймәлім. Сондықтан да, қазақтың ұлттық құндылықтары туралы пікірталастар, ұлттың дамуына қатысты нәрселер орыс тілді баспасөзде көбірек қамтылып тұрғаны дұрыс. Бұл біздің ақпараттық қорғанысымызды күшейте түсер еді.

Мәселен, баспасөздік бір мәселеге қатысты түрлі көзқарастар бойынша айтыстар жүріп жатыр делік. Бұны орыс тілді газет жариялайды, көпшілік жұрт соны оқиды. Ертесінде дәл сол орыс тілді газет көтерген мәселеге қарсы қазақ тілді газет те жазып бағады. Яғни, қазақ тілді аудиторияның орыс тілді баспасөзде сөзін сөйлейтін, сондай айтыстарда қазақ тілділердің «құрышын қандыратын» жазғыш азаматтар жетіспейді. Қазақстандағы орыс тілді баспасөзде ұлттық мүдде үшін – тіл, дін, діл үшін айтыса алатын сөз ұстаушылар аз. Болса да, орыс тілді баспасөзде жазылатын ұлттық мүдде тұрғысындағы мақалалар көңілге қонымды шықпайды, адамды, оқырманды нандырып, баурап әкете алмайды. Дегенмен, мүлдем жоққа шығаруға болмас. Бірқатар дәл осы тақырыпта орыс тілінде мәселе көтеріп, жазып жүрген азаматтар бар. Бұл – бір ақпараттық-баспасөздік күрестегі жаңа үрдіс.

БАҚ-тың қоғамдық пікір тудырудағы және осыған ықпал етуі өте үлкен мәселе. БАҚ-сыз саясат жүргізу мүмкін де емес. Шындығына келгенде, бүгінгі күні орыс тілді басылымға шыққан мәселеге жұртшылық дереу назар аударады. Көпшілік саясаткерлер, өздерінің атышулы сұхбаттарын, қоғамға ой салатын пікірлерін орыс баспасөзіне өткізіп, сол арқылы қалың қоғамға танылғысы келеді. Ал, қазақ тіліндегі баспасөзде көтерілген сындар, пікірлер қоғамды дүр сілкіндіруі қиындау болып тұрған жайы бар. Сондықтан да, екі тілді жақсы меңгерген жаңа буынға, орыс тілді аудиторияда қазақтың ұлттық мүддесін қорғай алатындарға көбірек арқа сүйеу қажет, оларды шама келгенше қолдау керек.

Алайда бүгінгі қазақ баспасөзінің артықшылық тұстары жөнінде «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры Жұмабек Кенжалин өз пікірін былайша атап өтеді: «Біз көбіне өзімізді «орыс басылымдары озып кетті, біз қалып қойдық» дегенге сендіріп алғанбыз. Шынын айтқанда, «орыс басылымдарындағы мәселені қазақ басылымдары көтермейді» деген тәрізді сөздің уақыты өткен. Бұл осыдан бес-алты жыл бұрынғы жағдай еді. Қазір мүлде басқа сипат үстем алып келеді. Бес-алты жыл бұрын демократияның елең-алаң тұсында орыс тілді басылымдар өңшең бір «алып кетті», «соғып кетті», «өлтіріп кетті», «бөктіріп кетті» деген жайларға негізделген «қуырылған фактілерді» беретін. Сондайда орыс тілді басылымды ұрлық-қарлық, қарақшылық тақырыптары ғана жай-

лап алған болатын. Ал біздің қазақ басылымдары ұлттық мәселені көтерді. Руханият жайына баса назар аударды. Қазақтілді басылымдар қазір де осы бетінен айныған жоқ. Осыдан біраз бұрын қазақ басылымдарындағы мақалаларды орыс тіліне аударып беретін «Дайджест» деген басылым шыға бастаған болатын. Бірақ неге екені белгісіз, қазір сол газет тоқтап қалды. Бұл басылым қазақша басылған дүниелерді аударып басып, қазақтілділер мен орыстілділер арасындағы алтын көпір тәрізді еді». (Алаш айнасы. – 2009. 25 желтоқсан. Қ. Қари, Орыс басылымдарындағы мәселені қазақ басылымдары көтермейді» деген сөздің уақыты өтті).

Қазір көп жағдайда билік БАҚ-тың айтқанымен санаса бермейді, оны өзінің үні ретінде пайдаланғысы келеді. Осы тұста «Президент және халық» газетінің бас редакторы Марат Тоқашбаев: «Журналистикаға мемлекеттен қолдау жоқ. Көптеген басылымдар осыдан зардап шегеді. Мемлекеттен әлеуметтік жеңілдіктер мен баспанамен қамтуға (ипотека, үйлерді жалға беру т.б.) журналистер қалыс қалады. Журналистерге осындай жеңілдіктер қарастырылса, қоғамның демократиялық дамуына игі әсерін тигізер еді. Әлеуметтік мәселеде журналистердің жағдайы газет редакциясының экономикалық ахуалына тікелей байланысты. Қазір Қазақстандағы жарнамалардың 97 пайызы орыс тілінде беріледі. Ал қазақи басылымдар мен электронды құралдар 3 пайызды ғана құрайды. Сондықтан, қазақ тілін 50 де 50 қылып енгізгені тәрізді, жарнама туралы заңға да осындай мүмкіндік берілсе, қазақ журналистикасына үлкен дем, көмек болар еді», – деген пікір білдіреді (Жас қазақ. – 2011. 24 маусым. М. Тоқашбаев. Журналистикаға мемлекеттен қолдау қажет). Осылайша журналистер мәселесін өздері көтеріп жатқанда шешімін тауып жатса құба-құп.

Қазіргі уақытта сөз бен шығармашылық еркіндігіне жол берілгендіктен, бұқаралық ақпарат құралдары шапшаң дамып жатыр. Журналистикаға деген мемлекеттік монополияның жойылуы жаңа бағыттағы БАҚ нарығын дүниеге әкелді. Осының салдарынан, мемлекеттік БАҚ-пен қатар оппозициялық, тәуелсіз және салалық сипаттағы бұқаралық ақпарат құралдары өзара бәсекелестікке түсіп, нәтижесінде қазақ журналистерінің белсенділігі артты.

Жиған тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, журналистер өмірде болып жатқан құбылыстарға өз бағасын беріп, «ақты – ақ,

қараны – қара» деп, оқырманға, қалың елге жол көрсетуі қажет. Осы талап үдесінен көріну де оңай емес. Өйткені, қазіргі қоғамда шындықты бетке айтатындарды ұнатпайтындар да, олардан өш алғысы келетіндер де бар. Сондықтан да, журналистерді қудалау, тілшілердің заңды кәсіби қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу әрекеттері әлі тиылмай келеді. Осындай әрекеттердің салдарынан Қазақстанда да журналистиканың қауіпті мамандыққа айналып бара жатқаны шындық. Журналистерге өздерінің кәсіби міндеттерін адал атқаруларына жағдай жасап, шындықты айтуға, ізденуге, ақпаратты табуға мүмкіндік беру керек. Бұл жағдайда мемлекет қоғамдық міндетін адал атқарып жүрген журналистердің еңбегін ұдайы назарда ұстап, қауіпсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Қызметінің қоғамдық маңызын ескере отырып, қалам иелерін түрлі қауіп-қатерлерден қорғап, өмірі мен денсаулығына қауіп төндіргендерді қатаң жазалау қажет. Егер қоғамды жаңа деңгейге көтеріп, баспасөзді және журналистерді жан-жақтан жасалатын шабуылдар мен зорлық-зомбылықтардан қорғаймыз десек, ең алдымен, бұқаралық ақпарат құралдары туралы ұлттық заңнаманы одан әрі жетілдіруіміз қажет. Бізде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, БАҚ туралы Заң бар. Кез келген қазақстандық ақпарат құралы мейлі ол оппозициялық болсын, мейлі белгілі бір меншік иесіне қызмет етсін, мейлі тәуелсіз басылым болсын ол бәрібір осы заң аясынан ешқайда аса алмайды.

Профессор С. Қозыбаев бүгінгі журналистика мәселелерін: «Ақпараттық кеңістікті беттен алып, төске шабу арқылы қалыптастыру емес, мәселе – ақпаратты кәсіби және шынайы түрде беру. Қазақстандағы 2200 ақпарат құралының 900-і газет-журналдар екен. Бірақ сол 900-ден саусағыңды бүгіп отырып, оқылымды деген 25 басылымды зорға атайсың. Бізде көп ойланбастан бірден макулатураға жіберетін газеттер жетеді. Екінші жағынан осындай уақытта әлеуметтік қиыншылықтың қамытын киіп жүрген жұртты «газет оқымайсың» деп тағы кінәлауға тағы болмайды. Дегенмен кез келген мемлекетте журналистика тегеурінді, ықпалды әлеуметтік институтқа айналуы тиіс. Мен журналистиканы «хирургиялық пышақ» деп есептеймін. Журналистиканың тілімен адам емдеуге де, сол тілмен адам өлтіруге болады... Біздің тағы бір аса сақ болатын тұсымыз бар, біз өз еліміздегі ақпараттық

кеңістікке бөгде адамдардың иелік етуіне жол бермеуіміз керек», – деп атап өтеді (Жас қазақ. – 2005. 23 желтоқсан. Ж. Әшімжан., Е. Қуатайұлы, Журналистика – хирургиялық пышақ...).

Журналист кәсіби этиканы қашанда құрметтеуге, оны аяқасты етпеуі тиіс. Жазған жарияланымдары қаншалықты сәтті шығып, ел ықыласына бөленген сайын ол соншалық кішіпейіл, елгезек, адал бола түсуі керек. Себебі, журналист мамандығының бір ерекшелігі, ол үнемі елдің көзіне, халықтың бақылауына болатындығында. Оқырман журналистің жазған әрбір мақаласына баға беріп отырады. Оның жазған дүниелерінен менменсіген, мақтанған сыңай байқалса автордың өзінен бұрын оқырман дереу сезіп қояды. Біреу болмаса да біреулер сырттай бақылап отыр дегенді журналист естен шығармауы керек. Сондықтан журналист адам өзінің жеке басының мүддесін ешқашан да қоғамдық, халықтық ортақ мұраттан жоғары қоймайды. Егер көптің көкейіндегі өзекті ойларды тауып айта алсаң, оны лайықты формамен ашып көрсете білсең әр оқырман, көрермен тыңдаушы қауым «расында солай», «тауып айтты-ау», «енді солай болу керек қой» десіп бір серпіліп, өз бағаларын беріп жатады.

Баспасөз зерттеушісі М.С. Черепанов: «Публицистика – мемлекеттің уақыт ағымында барлық міндеттерін жүйелі түрде шешетін, көпшілік пен партия арасын байланыстыратын, көпшіліктің саяси ұғым туралы түсінігін қалыптастыратын саясаттың тұрмыстық ең қажетті түрі», – деп жазды. (Черепанов М.С., Проблемы теории публицистики. 1971. 24 б.). Елбасы отандық БАҚ-ты осы заманғы деңгейде ұдайы дамыту қажеттігіне мән бере отырып, тағы бір маңызды міндет жүктеді. Ол – еліміздің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстанның ұлттық мүдделерін халықаралық аренада, нақтырақ айтқанда, ғаламдық ақпараттық кеңістікке ілгерілету мақсаты. Егер біз бірімізді тек бір қырынан баса жаншып, журналистке тән әдептен ада болсақ, алысқа бармайтынымыз ақиқат. Бұл бір жағынан соңғы кезде әлем жұртшылығы жиі қаузайттын бұқаралық ақпарат пәрмендігін түсіріп, қоғамның тыныштығын бұзатыны анық. Елбасының сөзімен айтсақ: «Қоғамға шынайы ақпарат керек. Біріншіден, азаматтардың нақты өмірдің, сондай-ақ, көпірме сөздің қайда екенін, екіншіден, ақиқаттың және қарақан бастың қамы үшін

бұрмалаушылықтың қайда екенін, үшіншіден, іскерлік, парасат, сондай-ақ пысықайлық қайда екенін, төртіншіден, халыққа қызмет етудің, сонымен бірге, билік үшін лас әрекеттің қайда екенін білуге мүмкіндік беретін ақпарат керек» (Егемен Қазақстан. – 2003. – 25 сәуір. Н.Ә. Назарбаев, Түсінісу, үн қатысу жолын табайық).

Жалпы, журналист адам өміріне жақын болуы тиіс. Мәселені тереңдеп зерттеген, оның оңтайлы шешілуіне ықпал ете алған жанды әрі қызықты жазылған публицистикалық еңбек қана журналистің абыройын көтереді. Сондықтан да публицистке қойылатын негізгі талаптар төмендегідей:

Біріншіден, қажымай-талмай еңбек етуге дағдыланып, қандай да мәселеге болсын немқұрайды қарамау.

Екіншіден, мәселенің қоғамдық-саяси, экономикалық, моральдық және тәжірибелік маңызын бағалай отырып, нағыз шығармашылық қабілетін таныта білу керек.

Үшіншіден, дерек, материалдарды көптің ізденісі мен сұранысына сәйкестендіріп, қызықты әрі тиімді тәсілмен тартымды жаза білу.

Өз міндеті мен жауапкершілігін терең сезіне білу, іскерлікті, кішіпейілділікті, мәдениеттілікті қастерлеу – журналистің кәсібіне, күнделікті қызметіне әбден сіңісті болған этикалық қасиет болып табылады. Жеке бастың мүддесін көздеп, өзінің қарақан басының қамы үшін баспасөз мінберін пайдалануға әрекеттену БАҚ қызметкерлері арасында кездесіп жатады. Мұны этикалық, моральдық жағынан азғындау деп таныған жөн.

Адал әрі әділ болу – журналист этикасының ең бір игі қасиеті. Өмірдің объективтік шындығын көпке жеткізуші, сол арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырушы, төртінші билік иелерінің ешқашан да өтірік айтуға, жалған ақпарат таратуға қақысы жоқ. Бұл екінші жағынан журналист этикасының да қастерлі қасиеті болып табылады.

Журналистік мамандықтың бір ерекшелігі, әртүрлі көзқарастағы, сан қилы мінез құлықты көптеген адамдармен күнделікті жолығып, сөйлесіп, жақын сырласудың арқасында ғана шығармашылық туындыларын жасайды. Сондықтан адамдармен тіл табыса білетін, ақылды, байсалды, мінезі жайлы болғаны дұрыс. Сонда ғана адамдардың сеніміне кіре алады, ой-

пікірлерін айтқызады, өзіне қажетті ақпараттарды табады. Мұндай қабілеттерді игеру үшін де этикалық үлкен жауапкершілік, тәлім-тәрбие керек. Ешкімге тіс жарып айтпаған, жақын-жуық туыстарына ашпаған сырларын адамдар журналистке ғана сеніп жеткізетіндей ахуалды қалыптастыру – журналистің шеберлігі мен дарындылығының сыртында оның этикалық деңгейіне, қарым-қатынасының биік мәдениетіне тікелей байланысты. Ол үшін өзі де біреуге сене алатын, сол арқылы өзгенің де сенімін ақтай білетін этикалық қастерлі қасиетті игерген болуы абзал.

Егер журналистің қылығынан білгірсу, мақтаншақтық, кеудемсоқтық секілді жағымсыз әрекеттер байқалып жатса, онда оның моральдық жағынан азғындай бастағанының белгісі және оның салқыны эзірленген теле-радио бағдарламасына да, жариялатқан шығармасына да тиері заңдылық. Сонымен қатар, мұндай кері мінез журналистің дарынын да тежейтіні сөзсіз. Нағыз ақылды әрі білімді және этикалық тәрбиелі журналист сапалы жақсы жарияланымдар жасаған сайын сабырлы да салмақты кейпін сақтай біледі, одан да артық туынды жасауға талаптанып, іздене түседі.

Ұлы ойшыл Абай өзінің отыз екінші қара сөзінде: «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауаты бар. Сол мінез бұзылсын! Көрсеқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шайқалып қала берсең, мінездің беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл бір ақыл үшін, ар үшін болсын!» – деп этикалық тәлім берелік ұлағатты сөзін осыдан бір ғасыр бұрын айтқан екен. Бұл сөз қашанда мәнін жоймасы хақ.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалары:

1. Отандық журналистерді қудалау, тілшілердің заңды кәсіби қызметіне бөгет жасау, ақпаратқа қол жеткізуді шектеу әрекеттерінің басты себебі неде?
2. Бүгінгі журналистердің қоғамдық жауапкершілігі.
3. Журналист мәселелері мен этикалық талап-міндеттері.
4. Журналист жарияланымдарының сапасы мен кәсіби қадір-қасиеті.

**«Журналист этикасы» базалық пәні бойынша
тест тапсырмалары:**

1. Этика ғылымының нағыз энциклопедиясы:

- A) Құран Кәрім. Хадистер мен сүрелер;
- B) Әл-Фарабидің «Ғылымдар тізбегі» энциклопедиялық трактаты;
- C) Қазақ совет энциклопедиясы;
- D) Ибн Синаның «Білім кітабы» энциклопедиялық трактаты;
- E) Философия энциклопедиясы.

2. «Надан ел қуанбас нәрсеге қуанады және қуанғанда не айтып, не қойғанын, не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Және ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұялмайды. Мұның бәрі – надандық, ақымақтық әсері». Бұл жолдардың авторы кім?

- A) Ахмет Иассауи;
- B) Абай Құнанбаев;
- C) Шәкәрім Құдайбердиев;
- D) Әбсаттар Дербісалиев;
- E) Жүсіп Баласағұн.

3. Этика ғылымы дегеніміз:

- A) кәсіби моральдың құрылымын зерттейтін ғылым;
- B) мәдениет саласын зерттейтін ғылым;
- C) әдептілік туралы ғылым;
- D) тәрбие жөніндегі ғылым;
- E) ар-ұят туралы ғылым.

4. Этикет термині нені ұғындырады?

- A) бүкіладамзаттық тәрбие мағынасын беретін латын сөзі;
- B) интеллект мағынасын беретін ағылшын сөзі;
- C) әлем мәдениеті мағынасын беретін грек сөзі;
- D) тәртіп мағынасын беретін француз сөзі;
- E) кәсіптік әдебі мағынасын беретін араб сөзі.

5. Әл-Фараби этикасының ең жоғары категориясы:

- A) адалдық;
- B) ар-ұят;
- C) шыншылдық;
- D) адамгершілік;
- E) бақыт.

6. «Қайырымды адам өзінің өлімін зорлап жеделдетуге тиісті емес, өйткені өмірге деген сүйіспеншіліктің өзі ізгіліктің сарқылмас көзі болып табылады», – деген пікірді айтқан ойшылды атаңыз:

- A) Махмұд Қашқари;
- B) Жүсіп Баласағұн;
- C) Әл-Фараби;
- D) Ахмет Иассауи;
- E) Әлішер Науаи.

7. «Саяси және дипломатиялық» этикет қай жылы пайда болды?

- A) 1278 жылы;
- B) 1810 жылы;
- C) 1907 жылы;
- D) 1985 жылы;
- E) 2000 жылы.

8. Алғашқы жалпы Азаматтық этикет туралы ескерткіш болып табылатын еңбекті атаныз:

- A) Жүсіп Баласағұнның «Ізгілік білім» еңбегі;
- B) Ежелгі Рим ақыны Овидийдің «Өнерді бағалау» шығармасы;
- C) Әл-Фарабидің «Әлеуметтік-этикалық трактаттары»;
- D) В.В. Малявиннің «Конфуций» еңбегі;
- E) Испандық жазушы Петроус Альфонсидың «Әдепті мінез-құлық ережелері туралы» кітабы.

9. «Тек шындықты ғана жазатын боласыз, егер олай шықпаса, мына мен өзім Сіздің қолыңызды шорт кесіп тастаймын», – деген пікірді айтқан кім?

- A) Шерхан Мұртаза;
- B) Иосиф Сталин;
- C) Мұстафа Кемал Ататүрік;
- D) Бауыржан Момышұлы;
- E) Шыңғыс хан.

10. Кәсіби мораль дегеніміз:

- A) еңбек етуші әр қызметкердің жұмыс істеу барысында өз-өзін ұстауы;
- B) журналистік іскерлікті таныту;
- C) журналистің тіл мәдениетінің жоғары болуы;
- D) еңбек ету заңдылығын орындау;
- E) журналистің киіну әдебі.

11. Журналистің құқықтарына жатпайтыны қайсысы:

- А) журналист ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға құқылы;
- В) журналист алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге құқылы;
- С) журналист өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға құқылы;
- Д) журналист қоғамға үлгі боларлық тұлға болуға құқылы.
- Е) журналист материалдардың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға құқылы.

12. Мына жолдардың авторын атаңыз: «Жалпақ әлемді аузына қарату үшін ерлік керек, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек».

- А) Әбіш Кекілбаев;
- В) Махамбет Өтемісұлы;
- С) Алтынбек Сәрсенбаев;
- Д) Қасым Қайсенов;
- Е) Нұртөре Жүсіп.

13. «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы» тұңғыш Заңы қашан қабылданды?

- А) 30 тамыз 1985 жылы;
- В) 25 қазан 1991 жылы;
- С) 10 желтоқсан 1986 жылы;
- Д) 22 қыркүйек 1989 жылы;
- Е) 1 қаңтар 1990 жылы.

14. Журналистерге, оның ішінде радиода істейтін қызметкерлерге қойылатын этикалық талаптарға жатпайтын шартты атаңыз:

- А) Дайын болған мәтінді іріктеп, талдамай оқыма!
- В) “Сыбыстарды пайдаләнба!” Эфирге берілетін фактілердің барлығы кем дегенде екі түрлі ақпарат көздерімен дәлелденуге, расталуға тиіс;
- С) “Арандатпа!” Арандатушы насихат жүргізуге қатаң тыйым салынған;
- Д) “Эфирде сандырақтама!” Басқаша айтқанда, бізге кәнішерлер, сатқындар сияқты неше атаулар таккан тоқырау заманындағы кеңестік баспасөзге ұқсап кетпе;
- Е) Мүмкіндігінше, біздің радиоқабылдағыштар мен студиялар орналасқан мемлекеттердің өкіметін сынамауға тырыс.

15. Ағылшын журналистерінің Кодексінде жоқ міндетті көрсетіңіз:

А) жария ету үшін ақпарат тек қана шыншыл және ашық жолмен алынады;

В) газеттер, егер де мұның әңгімеге қатысы болмаса, адамның нәсілі, терінің түсі және діни көзқарасына сілтеме жасалмайды;

С) қателіктер тез түзетіліп, түзетулер көрінетін жерде жарияланады;

Д) қажет жағдайда газет бетінде жауап жариялауға мүмкіндік беріледі;

Е) баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары ерікті.

16. «Профессиональная этика журналиста» кітабының авторы:

А) Авраамов Д.

В) Рэндалл Д.

С) Теплюк В.М.

Д) Карнеги Дейл.

Е) Прохоров Е.П.

17. «Ақырын қимылдайтын, асықпайтын, сабырлы, ұстамды адамдар. Олар ешқашанда біреуді жәбірлеуге, даттауға асықпайды. Бұлар адал достар, қандай қиын сәттерде қасыңнан табылады». Адамның бұл мінез-құлқы қай топқа байланысты айтылған:

А) сангвиник;

В) меланхолик;

С) флегматик;

Д) холерик;

Е) юморист.

18. Журналистің атқаратын негізгі қызметіне мыналардың қайсысы жатпайды:

А) қоғамдық пікірге құлақ асу;

В) халықаралық үкімет тарапынан жасалынатын бақылауға жәрдемдесу;

С) қоғамды биліктің наразылығына қарамастан шынайы ақпаратпен толық қамтамасыз ету;

Д) халықты үкіметтің жүргізіп отырған ішкі, сыртқы саясатымен кеңінен таныстырып отыру;

Е) баспасөз бетінде жала жабуға, әдепсіздікке, жеке басқа тіл тигізушілікке бармау.

19. Бүгінгі журналистің кәсіби этикасы алдында тұрған басты міндетке жатпайтынын көрсетіңіз:

А) қоғамға қатысты барлық құндылықтарды сақтап, қорғау, барлық жағдайда азаматтық дұрыс көзқарастар қалыптастыру;

В) демократиялық қоғам институттарымен санасып, елінің халықаралық және құқықтық заңдылықтарын сақтау;

С) кез келген адам баласының ар-ұяты мен намысына сыйластықпен қарап, өзін-өзі тәртіпті ұстау, сондай-ақ, ортақ қабылданған этикалық-моральдық заңдылықтарды сақтау;

Д) барлық кәсіби жұмыстарды тек жоғары деңгейде және шынайы орындау;

Е) табиғатқа, қоршаған ортаға, тіршілік атаулыға қамқорлықпен қарау.

20. «Ескі ағылшын мақалында айтылғандай, егер дәрігердің қателіктерін жер, заңгердің қателіктерін түрме жасыратын болса, газетші, телерепортер, радиожурналистің жіберген кемшіліктері сол сәтте-ақ бәріне әйгілі болады», – деген жолдардың авторы кім?

А) Лазутина Г.

В) Свитич Л.

С) Капто А.

Д) Авраамов Д.

Е) Ширяева А.

21. «Ақпаратты туған анаңыз хабарласа да, тексеріп алыңыз...», – деген мәтелді қай елдің журналистері жиі қолданады:

А) қазақ журналистері;

В) ағылшын журналистері;

С) америка журналистері;

Д) қырғыз журналистері;

Е) түрік журналистері,

22. Ақпараттық этика дегеніміз:

А) журналистің тіл шеберлігі;

В) сөз өнеріндегі әдептілік мәселесі;

С) БАҚ, Интернет арқылы ой бөлісу;

Д) журналистің ақпарат беру мәдениеті;

Е) журналистің ақпарат алуы мен таратуындағы жаңашыл ізденістері.

23. Журналист сұхбатының сәтті, әсерлі шығуы үшін қажетті шарттарға жатпайтынын көрсетіңіз:

А) дәл, ұқыпты, тәртіпті болып, кездесуге белгіленген уақытта кешікпей келу;

В) арандатушы, адамның ар-намысына тиетін сұрақтар қою;

С) жауабы қайтарылмаған маңызды сұрақтарды сәл өзгертіп, қайталау;

Д) кейіпкердің өзін-өзі еркін, жайлы, ыңғайлы сезінуі үшін жағдай жасау;

Е) сенімділік тудыру, психологиялық сәттерді байқау.

24. Газет жарнамасының мәтініне қойылатын негізгі талаптарға жатпайтыны қайсысы:

А) жарнама мәтіні нақты, бір мақсатқа ғана арналған болуы шарт;

В) жарнама мәтіні дәлелді, логикалық құрылымы дұрыс әрі түсінуге жеңіл болуы тиіс;

С) жарнама мәтіні қысқа әрі тартымды болуы керек;

Д) жарнама мәтіні әдеби сауатты жазылуы қажет;

Е) жарнама мәтіні бұйрық түрінде болуы тиіс.

25. Оқырман хаттары басылымның:

А) ажарын кіргізеді;

В) дизайнын жақсартуға септігін тигізеді;

С) оқырмандарының нақты санын аңғартады;

Д) белгілі бір мәселені қозғау мен шешуге аудиторияны қатыстыруын көрсетеді;

Е) іскерлік мүмкіндігін байқатады.

26. Баспасөз бостандығы:

А) шексіз-шетсіз;

В) журналистің қалауына қарай;

С) әкімшіліктің ықтиярында;

Д) заң аясында еркін пікір білдіру;

Е) басылым иесінің қолында.

27. Сұхбаттағы журналистің рөлі:

А) тыңдаушы;

В) ұйымдастырушы;

С) насихатшы;

Д) әңгімеге бағыт беруші;

Е) әңгімені сырттай бақылаушы.

28. Қазіргі баспасөз пәрменділігі неден көрінеді?

- A) әкімшілік орындардың қолдауынан;
- B) қоғамдық ұйымдардың мақұлдауынан;
- C) әлеуметкерлік зерттеулер қорытындысынан;
- D) басылым тиражының шынайы өсуінен;
- E) мадақтау материалдардың көбеюінен.

29. Бас мақаланың қазіргі көрініс беруінің бір формасы:

- A) дайджест;
- B) бас редактор бағаны;
- C) ақпараттар топтамасы;
- D) шолу;
- E) түсіндірме.

30. Жарнамалық ақпараттың насихаттық сипаты:

- A) өнімнің ел экономикасына берер пайдасы ашып көрсетіледі;
- B) бұйымның дизайны туралы мәлімет беріледі;
- C) үлгінің бағасы туралы ақпарат таратылады;
- D) товардың өзіндік құны туралы дерек беріледі;
- E) материалдың төзімділігі туралы пікір білдіріледі.

31. Журналисті әміршілдік-әкімшілік озбырлықтан қорғайтындыр:

- A) банкирлер, коммерсанттар;
- B) заң, оқырман, әріптестер;
- C) депутаттар, Президент әкімшілігі;
- D) мораль, әдеп, тәрбие;
- E) халықаралық қоғамдастық, партия лидерлері.

32. Заң орындарының тексерісі (расследование) мен журналистік тексерістің айырмашылығы:

A) заң орындары істің ақ-қарасын тексеріп барып, оған моральдық үкім айтады, ал журналист тексерісінен кейін оған сот үкім шығарады;

B) алғашқысында іс заңдылық тұрғысынан қарастырылады, ал соңғысында іс мораль және заңдылық тұрғысынан қарастырылады да, оның ақ-қарасына баспасөз арқылы баға беріледі;

C) біріншісінде тексеруді журналистер жүргізеді, екіншісінде тексеруді құқық орындарының өкілдері жүргізеді;

D) заң орындарының тексеруі адамды ақтап алу үшін жүргізілсе, журналистік тексеру оның кінәсін табу үшін жүргізіледі;

Е) біріншісінде заң орындары объектіні қаралауға, соңғысында объектіні ақтап алу тенденциясы байқалады.

33. Журналистердің беделді халықаралық сыйлығы кімнің атымен аталған?

- А) Уильям Херст;
- В) Джозеф Пулицер;
- С) Ярослав Гашек;
- Д) Нельсон Рокфеллер;
- Е) Аллен Даллес.

34. «В. Белинскийдің эстетикалық талғамы қапысыз», – дейтін көрнекті орыс жазушысы:

- А) И. Тургенев;
- В) Л. Толстой;
- С) Н. Некрасов;
- Д) Ф. Достоевский;
- Е) А. Чехов

35. Рецензияға қойылатын талаптар:

- А) туындының тек эстетикалық, образдылық жағын сөз етумен шектелу;
- В) шығармаға таптық, партиялық тұрғыдан баға беру;
- С) туындыға нәсілдік, ұлттық тұрғыдан баға беру;
- Д) жариялылыққа, плюрализмге сүйене отырып, туынды авторының демократия үрдістеріне қарсы идеялық жау екенін көрсету;
- Е) эстетикалық жоғары талғампаздық, бағалау дәлдігі, талдаудың тереңдігі, талантқа деген жанашырлық.

36. Журналистік тексеріске (расследование) қажетті қағидалар:

- А) құжат, дерек пен мәліметтен гөрі ел аузындағы қауесетке сенген жөн;
- В) құқық органдарынан аулақ жүріп, ақпаратты жасырын жолмен тапқан абзал;
- С) мәліметті тек жоғарғы органдардан алған ләзім;
- Д) биресми деректерге мүлде назар аудармаған жөн;
- Е) ақпарат алу заңына сүйенген жөн, жұғымдылық қажет, анықтамалықтарды жақсы білу керек.

37. Мақалада дерек пен факті не үшін пайдаланылады?

- A) негізгі ойды шашырата түсу үшін;
- B) басты идеяны бүркемелей түсу мақсатында;
- C) белгілі бір идеяны бекемдейтін мысал ретінде;
- D) мақала ажарлы шығу үшін;
- E) мақала оқылықты болу үшін.

38. Публицистикалық материалдағы журналист образы неден көрінеді?

- A) болған оқиғаға журналист көзқарасынан, оның позициясынан;
- B) кейіпкерлер образынан, іс-қимылынан;
- C) жиналған деректерден, мәліметтерден;
- D) тілі мен стилінен;
- E) материал композициясынан.

39. Криминалдық хроника дегеніміз:

- A) бір жыл ішінде болған оқиғаларды баяндау;
- B) бір күн ішінде болған оқиғаларды баяндау;
- C) бір ай ішіндегі жол-транспорт оқиғаларына шолу жасау;
- D) қылмыстық топтармен күрес жөніндегі очерк;
- E) ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресті көрсететін сериялы репортаж.

40. Сын туралы концептуалды пікір айтқан қазақ ақыны, философы:

- A) Міржақып Дулатов;
- B) Сұлтанмахмұт Торайғыров;
- C) Мағжан Жұмабаев;
- D) Шәкәрім Құдайбердиев;
- E) Ілияс Жансүгіров.

41. Әлемдегі ең шағын форматты 16 беттік газет қай елде шығады?

- A) Англия;
- B) Қытай;
- C) Египет;
- D) Бразилия;
- E) Канада.

42. Проблемалық мақалада фактілер әр аймақтан алынады. Неге?

- А) салыстыру үшін;
- В) журналист алғырлығын аңғарту үшін;
- С) аудиторияны тарту үшін;
- Д) ресми орындардың көзіне түсу үшін;
- Е) мәліметтер молдығын байқату үшін.

43. Ресми құжаттарға жатпайтыны қайсысы:

- А) Үкіметтің қаулы, қарарлары;
- В) социологиялық зерттеулердің нәтижелері;
- С) саяси партиялардың уставтары;
- Д) есептер;
- Е) хаттар.

44. Журналистің қанша моральдық-этикалық міндеттері бар:

- А) бесеу;
- В) алтау;
- С) жетеу;
- Д) сегіз;
- Е) тоғыз.

45. Түркия тәжірибесі бойынша БАҚ-тың кәсіби қағидаларына кірмейтінін көрсетіңіз:

А) ойлау, ар-ұждан және ойын білдіру еркіндігін шектеуші, жалпы халықтың этикалық құндылықтарын аяқасты етуші, діни сенімдер мен жанұя институтының негіздерін құлатушы ақпараттарды таратуға болмайды;

В) журналист қатыгездік пен зорлық-зомбылықты уағыздайтын, сонымен қатар адами құндылықтарды рәсуа қылатын ақпараттарды таратпайды;

С) ақпарат агенттіктерінен келіп түскен ақпараттарды пайдаланғанда агенттіктің аты аталмайды;

Д) сот үкімімен «қылмысты», «айыпты» яки «кінәлі» саналмайынша ешкімді қылмысты, айыпты, кінәлі деп жариялауға болмайды;

Е) БАҚ-та ешкімді нәсілі, ұлты, жынысы, жасы, денсаулығы, денедегі ақаулығы (кемтарлығы), әлеуметтік деңгейі және діни сенімдері бойынша төмендетуге, қорлауға, сөгуге болмайды.

46. Эстетикалық талғам дегеніміз:

- А) рухани ізденіс;
- В) адамның зердесі;
- С) тәрбиелік норма;
- Д) мәдениеттілік;
- Е) имандылық.

47. «Қысқалық – таланттын сыңары», – деген орыс жазушысы кім?

- А) М. Шолохов;
- В) А.П.Чехов;
- С) Л. Толстой;
- Д) А. Пушкин;
- Е) М. Горький.

48. Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңы қай кезде шықты?

- А) 2000 жылы;
- В) 2004 жылы;
- С) 2001 жылы;
- Д) 2002 жылы;
- Е) 2003 жылы.

49. «Соңғы 20 жылдың ішінде біздің ана тілімізді жақсы білуден гөрі “білемін!” деушілер көбейіп барады. Сөйте отырып, ана тілін менсінбейтін, қалай болса солай бұралай беретін жауапсыздықтарын жасыра да алмайды. Жауапсыздықтың екінші аты– талантсыздық. Талант пен жауапсыздық, өтірік пен шындық, көлгірсу мен жанашырлық бір жүректе сыйыса алмауы керек...», – деген шынайы пікірді айтқан қазақ жазушысы кім?

- А) Мұхтар Әуезов;
- В) Ғабит Мүсірепов;
- С) Шерхан Мұртаза;
- Д) Әбіш Кекілбаев;
- Е) Мұхтар Шаханов.

50. Пресс-релиз дегеніміз:

- А) басылымды тіркеуге берілетін рұқсат;
- В) басылымның фирмасы;

- С) басылымның логотипі;
- Д) баспасөз мәслихатына шақырылған журналистерге арнап дайындалған мәліметтер;
- Е) сатуға дайындалған басылымдар.

51. Моральдың теориялық негіздері мен талаптарын кәсіби сана саласы ретінде қарастыратын, адамдардың әрекет кезіндегі мінез-құлқын реттейтін ғылым:

- А) Эстетика;
- В) Этика;
- С) Логика;
- Д) Этикет;
- Е) Философия.

52. Журнал шығару ісі бойынша әлемде бірінші орын алатын елді ата:

- А) АҚШ;
- В) Германия;
- С) Қытай;
- Д) Үндістан;
- Е) Франция.

53. Журналистердің кәсіби мәдениетіне, мінез-құлқына, түрлі жағдайлардағы әрекеттеріне қатысты саланы көрсетіңіз:

- А) әлеуметтану ғылымы;
- В) журналистердің кәсіби этикасы;
- С) философия ғылымы;
- Д) лингвистика ғылымы;
- Е) логистика ғылымы.

54. «Журналист – оның әріптестері» қарым-қатынасындағы кәсіби этиканың бұзылуын көрсетіңіз:

- А) жала жабу;
- В) соғыс ашу;
- С) өсек айту;
- Д) жалған ақпарат тарату;
- Е) плагиат.

55. Журналист қандай тұлға?

- А) саяси;

- В) қоғамдық;
- С) заңдық;
- Д) қаламгерлік;
- Е) шығармашылық.

56. Тіл мәдениеті нешеге бөлінеді?

- А) беске;
- В) екіге;
- С) төртке;
- Д) үшке;
- Е) бөлінбейді.

57. Көсемсөздің шешенсөзден айырмашылығы неде?

- А) көсемдер ғана айтатын сөз;
- В) ауызбен айтылатындығында;
- С) жазумен айтылады;
- Д) ақпарат беретіндігінде;
- Е) көркем пішінде болатындығы.

58. Журналистке қоғам қоятын талапты ата:

- А) байлыққа кенелу;
- В) кәсіби тұрғыдан әділдік;
- С) мол пайда табу;
- Д) өз беделін көтеру;
- Е) билікке баламалық.

59. «Сөз дұрыстығы», «Тіл тазалығы», «Тіл дәлдігі», «Тіл анықтығы» теориялық анықтамалар авторы:

- А) М. Жұмабаев;
- В) С. Сейфулин;
- С) М. Қаратаев;
- Д) А. Байтұрсынұлы;
- Е) Ж. Аймауытұлы.

60. «Патриотизмді бүкіл қоғамның жалпы күшімен әсіресе, жастар арасында, біздің балаларымыздың бойында қалыптастыруымыз керек», – дегенді айтқан кім?

- А) Н.Ә. Назарбаев;
- В) Ә. Нұршайықов;
- С) Б. Момышұлы;

- Д) М. Шаханов;
- Е) И. Тасмағамбетов.

61. «Қазақ дәстүрі ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды. Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды. Балаға деген махаббатқа ешбір махаббат теңдесе алмайды», - деген ойды білдірген жазушы:

- А) Ә. Табылдиев;
- В) М. Әуезов;
- С) Ғ. Мүсірепов;
- Д) М. Әлімбаев;
- Е) Ғ. Мұстафин.

62. Зерттеуде кездесетін қиындықтарға жатпайтынын көрсетіңіз:

- А) зерттеу жобасы әрқашан жоспарланған уақыттан асып кетеді;
- В) әріптестерің саған не ойлайтынын немесе жасайтынын жасырмай айтады;
- С) зерттеу жобасына жұмсалатын ақша сомасына қарамастан, жобаның аяқталуы әрқашан қымбатқа түседі;
- Д) фактілердегі ең айқын қателерді тауып түзету үшін біраз уақыт кетеді;
- Е) зерттеу жұмысы аяқталғаннан кейін қаншама адам пікір білдіріп, қалай жақсартуға болатынын айтқанмен маңызы болмайды.

63. Дүниедегі кесәпатқа жатпайтыны қайсысы:

- А) мылжың;
- В) ұрлық;
- С) қорқак;
- Д) салақ;
- Е) олақ.

64. Мына нақылды кім айтты: «Он мың атты әскер бітіре алмаған істі бір өнер адамы бітіре алады».

- А) Шыңғыс хан;
- В) Ақсақ Темір;
- С) Бауыржан Момышұлы;
- Д) Ататүрік;
- Е) Ш. Айманов.

65. «Біліп айтқан сөз білікті саналар,

Біліксіз сөз басынды жеп табалар.

Көп сөйлеме, аз айт бірер түйінін,

Бір сөзбен шеш тәмәм сөздің түйінін», – деген ойлы пікір кімдікі?

- А) Мәшһүр Жүсіп;
- В) Шәкәрім;
- С) Махмұт Қашқари;
- Д) Қорқыт;
- Е) Жүсіп Баласағұн.

66. Қазақстан журналистері кәсіби этикалық кодексінің міндеттеріне кірмейтінін көрсетіңіз:

А) журналист Қазақстан Республикасының кәсіби этикасын сақтап жұмыс жасайды;

В) журналист кәсіби жұмысында экстремизм мен азаматтық құқыққа қайшы келетін барлық қысымдарды құптай алады;

С) журналист өзінің хабарларында деректерді, болжамды айғақтарды айқын анық көрсете алады;

Д) құпия түрде алынған ақпарат көздерін жарияламауға журналистің құқығы бар;

Е) журналист әріптестерінің кәсіби құқықтарын сақтайды және адалдық бәсекелестікті мойындайды.

67. Баспасөз кеңесінің негізгі міндеттеріне жатпайтыны қайсысы:

А) этикалық қағидалар қызметінің ортасына жататынын тексереді;

В) қабылданған шешімдерді анықтығын және көпшіліктігін қамтамасыз ету;

С) мемлекет бақылайтын баспасөзден, азаматтық қоғам бақылайтын баспасөзге ауысуға көмек береді;

Д) этикалық қағидалардың өзгертуіне ұсыныс беру;

Е) журналистердің кәсіби стандартын белгілеу.

68. Платонның еңбегіне жатпайтынын көрсетіңіз?

А) «Федон» (әдептілік туралы);

В) «Критон» (занды сыйлау туралы);

С) «Апология» (Сократты қорғау);

Д) «Зандар»;

Е) «Саясат».

69. «Гомер акын бүкіл Эллада қауымын тәрбиелейді», – деген пікірді білдірген ойшыл кім?

- А) Әл-Фараби;
- В) Фирдоуси;
- С) М. Дулати;
- Д) Платон;
- Е) А. Иассауи.

70. Орталық Атқару Комитетінің «Кенселердегі істерді қазақ тілінде жүргізу туралы» декреті қай жылы қабылданды?

- А) 1924 жылдың 1 шілдесінде;
- В) 1925 жылдың 29 қаңтарында;
- С) 1923 жылдың 22 қарашасында;
- Д) 1927 жылдың 22 наурызында;
- Е) 1929 жылдың 1 мамырында.

71. «Газеттің мақсаты: кәсіп ету, ғылым үйрету тұрғысында», – деп қай газетте жазылып отырған?

- А) «Серке» газетінде;
- В) «Ешiм даласы» газетінде;
- С) «Алаш» газетінде;
- Д) «Кедей сөзі» газетінде;
- Е) «Қазақстан» газетінде.

72. «Жэнь» (адамгершілік) – адамдар арасындағы өзара қарым-қатынаста этикалық мінез-құлық нормаларын сақтау: «Өзіңе тілемегенді өзгелерге жасама», – қай ілімнің қағидасы?

- А) Дао ілімі;
- В) Конфуций ілімі;
- С) Хань Фэй ілімі;
- Д) Шан Ян ілімі;
- Е) Легизм ілімі.

73. «Ізгі ниеттілер – бақытты», сөдеген тұжырым авторы:

- А) Сократ;
- В) Эпикур;
- С) Аристотель;
- Д) Стагирит;
- Е) Платон.

74. Ресей журналистінің кәсіби этика кодексі міндеттеріне кірмейтінін көрсетіңіз:

А) шындықты сыйлау және азаматтың шындықты білу құқығын сыйлау – осының бәрі журналистің бірінші міндеті.

В) журналист тек өзіне нақты белгілі болған мәліметті не белгілі ақпарат көзіне сене мағлұматты таратады және түсініктеме береді.

С) журналист өз мамандығына байланысты алынған жасырын хабарды жеке мүддесі немесе жақын туыстарының мүддесі үшін қолдануына болмайды.

Д) журналист жоғарыда айтылған принциптерді бұзуға алып келетін тапсырмадан бас тартады.

Е) журналист әрқашан осы кодексте көрсетілген кәсіби этика принциптеріне сүйене отыра қадам жасауы міндет, оның қабылдауы, мақұлдауы және де орындауы Ресейдің журналистер одағының мүшелігіне шарт.

75. Журналистің мәдениетті болуы дегеніміз:

А) журналистің ой құндылығы;

В) журналистің кәсіби біліктілігі, зиялылығы;

С) журналистің тәрбиелілігі;

Д) журналистің байқағыштығы;

Е) журналистің сабырлылығы.

76. Латвия журналистерінің этикалық кодексіндегі басылым құқығына кірмейтінін көрсетіңіз:

А) журналист ақпарат көзін алғанда аса мұқият болуы керек. Ол хабарлаған мәлімет немесе келтірген цитаталар аса зеректікпен тексерілуі тиіс;

В) басылымдарда нақты ақпарат түсінік сөзден анық түрде бөлініп тұруы тиіс;

С) журналистер әсіресе сот процестерін көтерген кезде айрықша сақ болуы керек;

Д) билікке, қоғамдық өмірді басқаруға арналған аса маңызды әлеуметтік институты ретінде оған құрметпен қарау қажет;

Е) негізсіз ақпаратты жариялаған жағдайда редакция, тез арада және өте көрнекі жерге беріле отырып кешірім сұрауы тиіс.

77. «Заң қолданып, мәжбүрлеп тәрбиелеген адамнан санасын сеніммен, дәлелмен тәрбиелеген адамның артықшылығы басым», – деген ойлы пікір авторын атаңыз:

А) Кант;

- В) Әл-Фараби;
- С) Аристотель;
- Д) Демокрит;
- Е) Ахмет Яссауи.

78. «Баланы дүниеге келген сәтінен бастап тәрбиелеу керек. Бала тәрбиелеудің негізі 5 жасқа дейін қаланады және сіздің 5 жасқа дейін берген тәрбиеніз бүкіл тәрбиелеу процесінің 90 пайызына жуығы болады», – деген пікірді білдірген педагог ғалымды атаңыз:

- А) Д.Н. Уснадзе;
- В) А. Макаренко;
- С) Л.С. Выготский;
- Д) И.С. Славина;
- Е) Б.Г. Ананьев.

79. «Есі жаңа кіріп келе жатқан балаға барынша әділетті болу, ретсіз жекіп, жерлемеу керек. Және атыс-шабыс пен ұрыс-керіске толы бейнефильмдерді көруіне жол бермеуіміз керек. Жаман сөздерді баланың құлағына үйретпеуіміз тиіс», – деген пікірді қай саланың өкілі білдірген?

- А) педагогтер;
- В) ғалымдар;
- С) журналистер;
- Д) психологтар;
- Е) философтар.

80. «Өз тарихын білмейінше және оған белгілі бір көзқараста болмайынша, ешқандай мәдениеттің дамуы мүмкін емес», – деген пікірді кім білдірді?

- А) М. Қойгелдиев;
- В) Т. Омарбеков;
- С) Л.Гумилев;
- Д) А.Янушкевич;
- Е) М. Қозыбаев.

81. «Журналистер – күнкілдек, сыншы әрі кеңесші. Олар басыларды да өз ықпалында ұстайды және халыққа да бағыт-бағдар көрсетеді. Мың жау әскерінен гөрі, жат пиғылды төрт газеттен көбірек қорқу керек», – деген ойды кім айтқан?

- А) Н.Ә. Назарбаев;

- В) Шыңғыс хан;
- С) Л.И. Брежнев;
- Д) И. Сталин;
- Е) Наполеон.

82. Жастарға арналған «Толыспаған Толстойлар мен шала Шекспирлер» кімнің сөзі?

- А) Сәбит Мұқановтың;
- В) Мұхтар Әуезовтың;
- С) Бейімбет Майлиннің;
- Д) Сәкен Сейфуллиннің;
- Е) Илияс Жансүгіровтың.

83. «Адамның әдеті – өз портретінің айнасы», – деп айтқан ойшыл кім?

- А) Дидро;
- В) Сенека;
- С) Гете;
- Д) Горгий;
- Е) Ницше.

84. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы сөз бостандығын шектеудің, ақпарат таратудың халықаралық журналистика актілерінде көрсетілген ережесіне енбейтіні қайсысы:

А) бұқаралық ақпарат құралдарында соғыс және оның іс-әрекеттерін насихаттауға тыйым салынады;

В) халықаралық қақтығыстар тудыруға, геноцидті насихаттауға, ұлттық белгілері бойынша адамды қорлауға тыйым салынады;

С) адам құқығын және бостандығын жүзеге асыруға тыйым салынады;

Д) Конституциялық жүйені бұзу мақсатпен көпшілікті шақыруға тыйым салынады;

Е) мемлекет тыйым салған экономикалық және саяси мүддесін жария етуге тыйым салынады.

85. Тәуелсіз баспасөздің сипатына жатпайтыны қайсысы:

- А) саяси партиялардың органы;
- В) экономикалық тұрғыдан толықтай дербес;
- С) статусы жағынан жеке-дара;
- Д) мемлекеттік немесе үкіметтік емес;
- Е) заңдық, құқықтық тұрғыдан еркін.

86. Журналистің қоғамдық жауапкершілігіне жатпайтыны қайсысы:

- А) қоғам алдындағы жалпыға ортақ мәселелерді дұрыс шешу;
- В) тапсырыспен әлдекімді орынсыз кінәлау;
- С) қоғамдық құндылықтарды сақтау;
- Д) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы пікір, көзқарас білдіретін туындылар аражігін ажырату;
- Е) мемлекет пен үкімет қызметіне халықтық бақылау жасау.

87. «Қашан жазбауға мүмкіндігің болмаса, сол уақытта ғана қолыңа қалам ал», – деген өсиетті қалдырған кім?

- А) К. Федин;
- В) Л. Толстой;
- С) М. Әуезов;
- Д) Ғ. Мүсірепов;
- Е) В. Белинский.

88. Жұрт алдында сөйлеу шеберлігінің басты шарттарына жатпайтыны қайсысы:

- А) сөйлеушінің даусы құбылмалы, әрі жайдары болуға тиіс;
- В) өз ойыңды өз сөзіңмен, әдеби тілге тән сөздермен, әсерлі, қызықты етіп жеткізуге тырысу керек;
- С) айтайын деген ойыңды әбден ығыр болған, үйреншікті сөздерден бастау;
- Д) айтқан сөзің қысқа, әрі тұжырымды болсын;
- Е) көпшілік алдында жақсы сөйлеудің ең негізгі шарты – дайындық.

89. Журналист міндетіне жатпайтыны қайсысы:

- А) журналист Қазақстан Республикасы заңдарын басшылыққа ала отырып, өзі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға міндетті;
- В) журналист шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға міндетті;
- С) журналист ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерін қанағаттандыруға міндетті;
- Д) журналист қай салада болмасын, өз таланты мен кәсіби біліктігін көрсетуге міндетті;
- Е) журналист жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге міндетті.

89. Зиялылық дегеніміз:

- А) білімділік;
- В) ішкі мәдениеттің сыртқы көрінісі;
- С) рухани байлық;
- Д) тектілік;
- Е) тәрбиелілік.

90. Авторлық құқық қанша уақыт сақталады?

- А) елу жыл;
- В) өмір бойы;
- С) жүз жыл;
- Д) өмір бойы және қайтыс болғаннан кейін елу жыл;
- Е) жетпіс бес жыл.

91. Авторлық құқық және сабақтас құқық туралы заң қашан шықты?

- А) 1993 жылы;
- В) 1994 жылы;
- С) 1995 жылы;
- Д) 1996 жылы;
- Е) 1997 жылы.

92. Журналист этикасының ең алғашқы принциптері:

- А) «Мінез-құлық хартиясының» принциптері;
- В) «Америка журналистикасының этикасы» принциптері;
- С) «Журналистің кәсіби этикасы, халықаралық принциптері»;
- Д) «Журналист практикасының этикасы және нормалар кодексі» принциптері;
- Е) «Америка журналистерінің кәсіби этикасы мен эстетикасы» принциптері.

93. Ең алғаш рет «сары басылымдар» қай жылы, қай мемлекетте пайда болды?

- А) 1830 жылы АҚШ-та;
- В) 1900 жылы Англияда;
- С) 1850 жылы Германияда;
- Д) 1890 жылы Ресейде;
- Е) 1810 жылы Қытайда.

94. Журналистің құжаттармен жұмыс істеуіне қойылатын этикалық талаптарға жатпайтыны қайсысы:

А) қолға тиген құжатты пайдаланбас бұрын, журналист оның растығына, түпнұсқалығына, өмірге сай екендігіне көз жеткізіп алуға тиіс;

В) журналист құжаттармен жұмыс істеу барысында құжат мәтіндегі абзацты толық емес, бір сөйлемін үзіп алып оларды өз мақсатына пайдалануына болады;

С) журналист құжаттарды өзінің ойын дәлелдеп шығу үшін, немесе бір адамның өмір жолын баяндау, тарихи оқиғаларды елестету үшін пайдаланғанда міндетті түрде ақпарат көзіне сілтеме жасауға тиіс;

Д) журналист құжаттардың қай түрін болмасын шыншылдықпен, объективтілікпен, өңін айналдырмай пайдалануға тиіс;

Е) құжаттарды пайдаланып болған соң, оларды бүлдірмей, тоздырмай, тиісті уақытында өткізу керек.

95. «Журналистік тақырып әрқашан айқын міндеттемелік сипатқа ие. Газеттегі шығарма тақырыбы көркем әдебиет тақырыбына қарағанда әлеуметтік сұранысқа тікелей жауап береді», – деп жазған орыс ғалымын атаңыз:

- А) В.М. Горохов;
- В) Г.В. Лазутина;
- С) Е.П. Прохоров;
- Д) М.Н. Ким;
- Е) Л.И. Здровега.

96. Е.П. Прохоров «Этика человечности» еңбегін қай жылы жазды?

- А) 1986 жылы;
- В) 1987 жылы;
- С) 1988 жылы;
- Д) 1989 жылы;
- Е) 1990 жылы.

97. Қазақстан Республикасының «Қызмет этикасы ережелері» қашан шықты?

- А) 1997 жылы;
- В) 1998 жылы;
- С) 1999 жылы;
- Д) 2000 жылы;
- Е) 2001 жылы.

98. «Көп біліп, дөп сөйлеген – шешен, аз біліп, көп сөйлеген – мылжын», – деп түйіндеген кім?

- А) М. Әуезов;
- В) Т. Қожакеев;
- С) З. Қабдолов;
- Д) Т. Амандосов;
- Е) Т. Кәкішев.

99. Қазақстан Республикасының «Ақпарат, ақпараттандыру және ақпаратты қорғау туралы» Заны қай кезде шықты?

- А) 2003 жылы;
- В) 2004 жылы;
- С) 2005 жылы;
- Д) 2006 жылы;
- Е) 2007 жылы.

100. Публицист этикасының ең игі қасиеті:

- А) жылдамдық және алғырлық;
- В) адалдық әрі әділдік;
- С) беделділік және белсенділік;
- Д) қайырымдылық және мейірімділік;
- Е) кісілік және кішілік.

101. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заны қашан шықты?

- А) 1996 жылдың 24 желтоқсанында;
- В) 1997 жылдың 1 шілдесінде;
- С) 1998 жылдың 12 қазанында;
- Д) 1999 жылдың 1 ақпанында;
- Е) 2000 жылдың 25 наурызында.

102. 1911 жылы жазылған «Қазақтың өкпесі» атты мақала авторы кім?

- А) Ахмет Байтұрсынов;
- В) Тұрар Рысқұлов;
- С) Міржақып Дулатов;
- Д) Мұстафа Шоқай;
- Е) Мұхамеджан Сералин.

103. «Бойымдағы игі қасиеттердің барлығы үшін мен ең алдымен кітапқа қарыздармын», – деген ұлағатты сөз кімдікі?

- А) М. Горький;
- В) В. Белинский;
- С) М. Твен;
- Д) Р. Роллан;
- Е) А. Дольский.

104. Журналистің кәсіби парызы мен этикалық нормасын анықтайтын критерий:

- А) намысты, атақты болу;
- В) абырой-атағын жоғары ұстап, оған кір келтірмеу;
- С) заңды жақсы білу;
- Д) мамандығын құрметтеу;
- Е) Отанын сүю.

105. Журналистің мінезі, этикалық келбеті дайындаған материалында көрініп тұрады. Ал мінез жайлы аса көрегендікпен «...мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын», – деп айтқан авторды анықтаңыз:

- А) Ы.Алтынсарин;
- В) Ш.Уәлиханов;
- С) М.Қашқари;
- Д) Ж. Баласағұн.
- Е) А. Құнанбаев.

106. Сараптама жазуда ескеретін мәселелерге жатпайтынын көрсетіңіз:

- А) сараптамалық мақаланың өзегін табуға тырысу;
- В) түрлі көзқарастар жиынтығына иек арту;
- С) тақырыптың маңыздылығына басты назар аудару;
- Д) сілтеме жасауды ұмытпау;
- Е) жазған дүниені жанашырлықпен қарау.

107. Тілшіге қажетті ең басты шартты ата:

- А) бәсекеге қабілетті болу;
- В) түрлі көзқараста тың идеялы болу;
- С) жақсы жаза білу;
- Д) адамдармен сөйлесіп, байланыс орната білу;
- Е) сауаттылық, зеректік, шапшаңдық қажет.

108. Кез келген журналист өз ұлтын, дәстүрін, ырымдарын, салт-санасын жетік білмесе бұл тақырыпқа бара алмайды:

- А) руханият;
- В) әдебиет;
- С) өнер;
- Д) этика, мораль;
- Е) этикет.

109. «Тіл тазалығы дегеніміз – ана тілдің сөзін басқа тілдің сөзімен шұбарламау, басқа тілден сөз тұтыну қажет болса, жұртқа сіңісіп, құлақтарына үйір болған, мағынасы халыққа түсінікті сөздерді алу», – деп А.Байтұрсынұлы қай еңбегінде жазған?

- А) «Бастауыш мектеп»;
- В) «Оқыту жайынан»;
- С) «Қазақша оқу жайынан»;
- Д) «Мектеп керектері»;
- Е) «Әдебиет танытқыш».

110. Мұхаммед Пайғамбардың хадистеріне жатпайтыны қайсысы:

А) Алланың берген ризығына разы бол – басқалардан гөрі дәулеттірек өмір сүресің;

В) өзін сүйген нәрсені басқаларға да лайықты деп біл – сау-саламат жүресің;

С) көршіңізге жақсылық жасаңыз – ұйқыңыз тыныш болады;

Д) арам нәрселерден сақтанғын – адамдардың арасындағы ғибадаттысы боласың;

Е) көңілді жүріп, көбірек күлу қажет. Көп күлкі қуаныш әкеледі, өмір жасыңды ұзартады.

111. Басылым материалдарын жүйелеу әдісі:

- А) беттеу;
- В) безендіру;
- С) тақырып қою;
- Д) араластыра орналастыр;
- Е) айдарларға топтастыру.

112. Ақпарат жинаудың, оны таратудың құқықтық негіздері:

- А) рұқсатсыз ақпарат жинай алмайсың;
- В) басшы органдардан ақпарат алуға қақың жоқ;
- С) кез келген ақпаратты тарата аласың;

- Д) заңды ақпарат жинауға және таратуға қақылысың;
- Е) журналист өз ақпаратының шындығына жауап бермейді.

113. «Әдет-ғұрып өзінің көнелілігімен бекиды, бірақ оған әркез уақыт сәулесі түсіп отырады. Ол ата-бабамыздан қалған мұра есебінде буыннан-буынға, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып келеді. Әдет-ғұрып халықтың бітім-тұлғасын жасайды, топтастырады, онсыз халық бет-пішінсіз соғылған мүсін тәрізді», – деп жазған авторды атаңыз:

- А) Өзбекәлі Жәнібеков;
- В) В.Г. Белинский;
- С) Ғабит Мүсірепов;
- Д) Ақселеу Сейдімбек;
- Е) И.Г. Гердер.

114. «Мақала ғылыми трактатқа жақын. Әдетте мақалада ауқымды фактілер қамтылады», – деген ой айтқан орыс зерттеушісін атаңыз:

- А) В. Здровега;
- В) В. Пельт;
- С) М. Черепанов;
- Д) Г. Бочаров;
- Е) Е. Прохоров.

115. Ғалым Г. Лазутина журналистің кәсіби этикасының басты міндетіне нені жатқызады:

- А) рұқсат етілген және рұқсат берілмеген ақпаратты алу;
- В) журналистің қоғамдық ұстанымдары және өзіндік ойлау мәселелерін білу;
- С) кейбір заңнамалар және медиа әдептерді сақтау;
- Д) әдептің нормаларының бұзылу себептерін анықтау;
- Е) шығармашылық белсендік таныту, тәртіпті болу.

116. «Шовинизм мен ұлтшылдықты ұран еткен адамдар қай ұлтта да, қай халықта да бар. Біреулердің ұлы мемлекеттік шовинизмі басқалардың ұлтшылдығын қоздырады. Екі ағым да зиянды, қауіпті және адамзаттың даму жолын тежей түседі...», – деген пікірді білдірген қоғам қайраткерін атаңыз:

- А) А. Асқаров;
- В) Д. Қонаев;

- С) Б. Әшімов;
- Д) К. Тұрысов;
- Е) М. Тәшенов.

117. «Ұлттық және діни құндылықтарды жоюды, бүлдіруді, қадірлемеуді насихаттайтын, адамдарды кемітетін, мүгедек және қартайған адамдарға қиянат жасалатын, нашақорлық, токсикомания, алкоголизм, темекі шегу және басқа да жағымсыз қылықтарды насихаттайтын көріністер мен хабарларды көрсетуге тыйым салынады», – деген тыйым қай елдің заңында көрсетілген?

- А) Ағылшын журналистерінің Кодексінде;
- В) 1991 жылдың 21 тамызында қабылданған “Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы” Заңда;
- С) 1910 жылғы Конзас этикалық Кодексінде;
- Д) 1900 жылғы швед Кодексінде;
- Е) Украинада 2003 жылы қабылданған «Қоғамдық моральды сақтау жөніндегі» Заңында.

118. Ұятты қалай түсінесің? – деген сауалға: «Меніңше ұят дегеніміз – сенім, тәрбие», – деп жауап берген батырды атаңыз:

- А) Сырым батыр;
- В) Қойгелді батыр;
- С) Сыпатай батыр;
- Д) Райымбек батыр;
- Е) Ескелді батыр.

119. «Сөз жоқ, бұл күнде тіл тәжірибесінде публицистиканың, көпшілік информация құралдары – баспасөздің, радио мен телевидениенің де рөлі күшейе түскенін мойындау қажет», – деген пікірді білдірген ғалымды атаңыз:

- А) Р. Сыздық;
- В) Н. Омашев;
- С) Т. Кәкішев;
- Д) Б. Жақып;
- Е) З. Қабдолов.

120. Аристотельдің «Никомахтың этикасында» жазылған ұлағатты ойды көрсетіңіз:

- А) «Адамдардың құқықтық жағдайындағы басты бөлінушілік, барлық адамдардың не еріктілер, не құлдар екендігінде»;

В) «Шат-шадыманға бөленгендердің ешқайсысы бақытсыз бола алмайды, өйткені ол ешқашан жиіркенішті және жаман (қылықтар) жасамайды»;

С) «Табиғаттан берілген біздің еркіндігіміз бен бостандығымызға ешнәрсе де кедергі келтірмеуі тиіс»;

Д) «Ақымақтардың ел басқарғанынан бағынғаны артық»;

Е) «Үндемеген адам – білімді, сөйлеген адам – білімсіз адам».

121. Аристотельдің этикасына Цицерон қандай анықтама береді?

А) идеялар теориясы;

В) moralis (моральдық);

С) майевтика (сөйлесу өнері);

Д) ақыл-ойдың кені;

Е) қайырымдылық заңдылығы.

122. Журналистердің кәсіби этикасына қойылатын халықаралық талаптар қай құжатта бекітілген:

А) «Журналистердің кәсіби этикасының халықаралық принциптері», 1983 ж.

В) 1918 жылғы Франциядағы «Мінез-құлық хартиясы»;

С) 1910 жылғы Конзас этикалық Кодексі;

Д) 1900 жылғы швед Кодексі;

Е) 1896 жылы Краков ар-ождан Кодексі.

123. «Коллаж» деген не?

А) материалдар топтамасы;

В) сызықтық әшекей;

С) тақырып;

Д) суретпен безендіру әдісі;

Е) дәйектер.

124. «Журналист шығармашылығындағы проблема бір ғана фактіні емес, фактілер жүйесін, бір ғана қарым-қатынасты емес, қарым-қатынастар жиынтығын көрсетеді. Журналист шығармаларында оқырман үшін өте маңызды, кезек күттірмейтін проблемалардың көтерілуі жарияланымдарының сапасы мен кәсіби қадір-қасиетін арттырады...», – деп жазған орыс баспасөзін зерттеуші ғалымды атаңыз?

А) В.М. Горохов;

В) Г.В. Лазутина;

- С) Е.П. Прохоров;
- Д) А.А. Тертычный;
- Е) Л.И. Здровега.

125. Қазақстанның медиа альянсы қашан құрылды?

- А) 12 маусым 1999 жылы;
- В) 6 шілде 2003 жылы;
- С) 23 ақпан 2006 жылы;
- Д) 28 маусым 2008 жылы;
- Е) 19 қаңтар 2010 жылы.

126. «Сен айтқанымды жазып алдың, бірақ та түсінген жоқсың. Себебі, мен бастаған мыңның кім екенін, менің кім екенімді, қазақтың салт-салтанатын, әдет-ғұрпын білмейсің. Мен айтқан қазақтың халық мақалдарын жазуға сенің қаламың шорқақ, тілін қысқа», – деген пікір кімдікі?

- А) Бауыржан Момышұлы;
- В) Мұзафар Әлімбаев;
- С) Ғабит Мүсірепов;
- Д) Мұхтар Әуезов;
- Е) Әзілхан Нұршайықов.

127. «Ұлым, егер сен: «Қайтсем ақылды болам?» деп жүрегіңмен қиналсаң мынаны біл: «Аузыңнан жалған сөз шықпайтын болсын, қолыңды ұрлықтан тый, сонда ақыл кіреді». Осы ұлағатты өсиетті қалдырған ойшыл:

- А) Демокрит;
- В) Ахикар;
- С) Фрэнсис Бэкон;
- Д) Ибн-Рушд;
- Е) Гассенди.

128. Мәдени құндылықтарға жатпайтынын көрсетініз:

- А) теңгелер, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық материалдар;
- В) фотосуреттер, куәліктер, жарлықтар және басқа да құжаттар;
- С) мәдениет қайраткерлерінің өміріне не ірі тарихи оқиғалар мен аса көрнекті адамдарға байланысты сәулет ескерткіштері, мемориалдық қорымдар, сондай-ақ парк және табиғи-ландшафттық объектілер;
- Д) өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, минералогияның, анатомияның сирек кездесетін коллекциялары мен үлгілері және палеонтология үшін ынта-ықылас туғызатын заттар;

Е) сирек кездесетін қолжазбалар, қолтаңбалар, құжаттар, хаттар жинақтары, кітаптар, басылып шыққан басылымдар және олардың коллекциялары.

129. «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған татулықты айт», – деген өлең жолдарының авторы кім?

- А) Сүйінбай;
- В) Шортанбай;
- С) Шашубай;
- Д) Жамбыл;
- Е) Абай.

130. Кәсіби этика нормаларының «Журналист – шығарма кейіпкері» қарым-қатынасындағы бұзылу жағдайын көрсетіңіз:

- А) Мақтаудан гөрі жазалау көп болу керек;
- В) Арандатушы насихатын жүргізу;
- С) Мүмкіндігінше, радиоқабылдағыштар мен студиялар орналасқан мемлекеттердің өкіметін сынау қажет;
- Д) Кейіпкердің аты-жөні, сырт келбеті мен дене кемшіліктерін келе-междеу;
- Е) Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру.

131. Мысыр ақыны Сәйф Сараи Лұқман әкімнен сұрапты: «Әдепті кімнен үйрендің? Сонда Лұқман әкім былай деп жауап беріпті:

- А) «Ақылдылардан үйрендім»;
- В) «Әдепсіздерден үйрендім. Олардың өзін-өзі ұстауына қарап, қайсысы көңіліме жақпаса, сол әдеттен бездім»;
- С) «Әдепті кітаптан үйрендім»;
- Д) «Айналамдағы адамдардан үйрендім»;
- Е) «Үлкендерден үйрендім».

132. «Мен Мекке жолында көп елдің үстінен өттім, бірде бірінде тегін нәрсе көрмедім. Ең ақыры суға дейін сатулы. Ақшаң болмаса, аштан өлесің. Қазақ ортасында ақшасыз, көліксіз, таныс-жақынсыз талайлар жан сақтап жүр», – деген үзінді қай жазушының шығармасынан алынды?

- А) Ғ. Мүсірепов «Оянған өлке»;
- В) М. Әуезов «Абай жолы»;

- С) Ш. Мұртаза «Қызыл жебе»;
- Д) Ш. Айтматов «Жан пида»;
- Е) Ғ.Мұстафин «Көз көрген».

133. «Сағат 7-ден 22-ге дейін зорлық, қан шығатын және қорқынышты көріністерді, сонымен бірге есірткілер пайдаланатын көріністерді көрсетуге тыйым салынады. Хабарлардың мәтіндерінде дөрекі және әдепсіз сөздер айтылмауы керек. Сонымен бірге сексуалды іс-әрекетке апаратын көріністер болмауы керек...», – деген заң қай мемлекетте бекітілген?

- А) 1923 жылы Америка Құрама Штаттарында қабылданған «Журнализм канондары» Кодексында;
- В) 1918 жылы Францияда қабылданған «Мінез-құлық хартиясында»;
- С) 1991 жылдың 21 тамызында қабылданған “Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы” Заңда;
- Д) Латвияның 1995 жылы қабылдаған «Телерадиохабар туралы» Заңының 18-бабында;
- Е) 1896 жылғы Краков ар-ождан Кодексында.

134. «Грек мәдениетінің идеяларыңыз ертедегі дүние тарихы кезең болып өмір сүре алмас еді де, ал Батыс Еуропалық мәдениет дүниеге келмеген болар еді», – деген пікір білдірген ғалымды атаңыз:

- А) А.Тойнби;
- В) Д.Белл;
- С) Н.Данилевский;
- Д) В.Йегер;
- Е) Ф.Вольтер.

135. «Әлпеті әдемінің бәрі әдепті бола бермейді. Әңгіме түсінің әрінде емес, ісінің мәнінде», «Тәлім-тәрбие көрмесе, қабілеттілік – зая, қабілеттілік жоқ жерде – тәрбие қайырсыз», – деген нақыл сөздерді білдірген кім?

- А) Сағди;
- В) Аристотель;
- С) Платон;
- Д) Сәйф Сараи;
- Е) Ахмед Йүгінеки.

136. Журналистің жеке стилі дегеніміз не?

- А) өз оқырманына белгілі бір мәселе төңірегінде ақпарат беруі;

В) оқырманына белгілі бір ойды жеткізудегі әр автордың өзіне тән тәсіл, шеберлігі;

С) оқырмандар аудиториясымен белгілі бір тақырып бойынша дискуссияға түсіп, дискурс тудыруы;

Д) журналистің оқиға ортасынан ақпарат беруі;

Е) журналистің белгілі бір оқиғаны түсіндіру барысындағы мамандармен кеңесуі.

137. Мына жолдардың авторын атаныз: «Шеберлік – ең алдымен көрегендік, өмір құбылыстарын жіті бақылап, қызыға зерттеп, терең сырын аша білушілік, маңызды фактілерді танып, ажырата білушілік».

А) Т. Нұртазин;

В) М. Қаратаев;

С) Ш. Елеукенов;

Д) Е. Ысмайылов;

Е) М. Базарбаев.

138. «Адам тәлім-тәрбиесіз, өнер-білімсіз, іс-әрекетсіз өмір сүрмек емес. Кісі білімді, тәлім-тәрбиені тіл арқылы алады, мәдениетті, өнерді, ғылымды тіл арқылы үйренеді», – деген тұжырымды пікір білдірген кім?

А) М. Балақаев;

В) Р. Сыздықова;

С) Т. Кәкішев;

Д) Ш. Мұртаза;

Е) Н. Уәлиев.

139. «Әркім дүниедегі жақсы-жаман істерінің нәтижесін көреді. Есеп-кітап басталады. Ұлы Алла құлдарын дүниедегі істегендерінен сұраққа тартады. Әр адамның жақсылық, жамандығы таразыланады. Жақсылығы ауыр тартқан мүміндер жәннатпен сыйланады да, жамандығы ауыр тартқандар тозақта жазаларын тартады. Қылмысты мүміндер жазаларын тартқаннан кейін жәннатқа кіреді де, кәпірлер мүлде тозақта қалады», – деген пікір кімдікі?

А) Әбсаттар Дербісәлі;

В) Халифа Алтай;

С) Махмұт Қашқари;

Д) Морис Букель;

Е) А. Лойд-Джоунз.

140. Кез келген журналистің Интернет саласында ұстанатын нормативтік құқықтық қағидатқа жатпайтынын көрсетіңіз:

А) кез келген журналист тұлға, қоғам және мемлекеттің заңдық мүдделердің маңызды құқықтарын реттейтін нормалар мен ережелерді біле отырып, азаматтардың жеке өмірін қорғауға, мемлекеттік ақпарат қауіпсіздігі саласындағы мүдделері сақтауға міндетті;

В) интернетте журналист іске асатын қоғамға қауіпті әрекеттерді болдырмау, әсіресе балағатты және ұятсыз ақпараттарды таратпауы керек;

С) интернетте журналист шығармашылық иесі ретінде авторлық және басқа да ерекше құқықтарды сақтауы қажет;

Д) журналист Интернеттің құқықтық нормаларын халықаралық-құқықтық деңгейде білуі тиіс;

Е) интернет арқылы ақпарат беру және қызмет көрсетуге байланысты мемлекеттік органдар және жеке тұлғалардың қатынастарын құқықтық негізде қарастырмау.

141. «Әдептіліктің басы – аузын бағу», «Ойланып сөйлеген кісінің сөзі – сөздің асылы», «Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте», «Қайырымсыз кісі жеміссіз ағаш сияқты», «Егер кісіден саған жақсылық келсе, еселеп қайтар. Ол адамның тілегін тіле», – деген қанатты сөздерді қалдырған ғұламаны атаңыз:

А) Махмұд Қашқари;

В) Ахмед Йүгінеки;

С) Мұхаммед Хайдар Дулати;

Д) Әл-Фараби;

Е) Ахмет Иассауи.

142. «Хан ақылды, әділ болса, қарашасы ынтымақты, батыл болса, кара жерден су ағызып, кеме жүргізеді. Ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорған, ел болуды ойлаңдар», – деп өсиет қалдырған кім?

А) Абылай хан;

В) Шыңғыс хан;

С) Ақсақ Темір;

Д) Әбілқайыр хан;

Е) Майқы би.

143. Мына пікірді кім білдіргенін көрсетіңіз: «Журналистік тақырыптың тууы әрқашан қызықты объект іздеумен немесе болашақ шығармаларының нысанына байланысты».

А) Н. Омашев;

- В) Б. Кенжебаев;
- С) Е.П. Прохоров;
- Д) С. Қозыбаев;
- Е) М.Н. Ким.

144. «Мал аласы – сыртында, адам аласы – ішінде», – деген нақылдың авторы:

- А) Бұқар жырау;
- В) Қазтуған жырау;
- С) Майлықожа ақын;
- Д) Асанқайғы;
- Е) Майқы би.

145. Авторлық құқық дегеніміз:

- А) шығарманы жасаушы адам құқығы;
- В) өзінің авторлығын мойындауды талап етуге құқық беретін жеке құқық әлуеті;
- С) ғылым, әдебиет және өнер туындылары;
- Д) шығарманы пайдалану;
- Е) жеке адамның ой еңбегі.

ӘДЕБИЕТТЕР

Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Норма-К, 2003.
2. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі // Егемен Қазақстан. – 1999. 21 шілде.
3. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Заң. – 1999. 11 тамыз.
4. Қазақстан Республикасының «Мәдениет туралы» Заңы // Егемен Қазақстан. – 1996. 28 желтоқсан.
5. Қазақстан Республикасында Ұлтаралық қатынастарды жазып көрсетудегі этика кодексі // Қазақ елі. 1999. 13 маусым.
6. Қызмет этикасы ережелері // Егемен Қазақстан. – 1998. 20 наурыз.
7. Судья этикасының кодексі // Заң. – 1997. 29 қаңтар.
8. Кропаткин П.А. Этика. – М., 1991.
9. Этическая мысль. – М., 1991.
10. Этика и идеология. – М., 1983.
11. Гусейнов А.А Введение в этику. – Москва, 1985.
12. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы, 1975.
13. Авраамов Д. Профессиональная этика журналиста. – М.: МГУ. 1991.
14. Этикет. (Энциклопедия. – М., 1999).
15. Кольцов М. Из мира этики.: (Восторг и яркость. – М., 1990)
16. Вольченко Л.Б. Гуманность, деликатность, вежливость и этикет. – М., 1992.
17. Правила Экета. – М., 1992.

Қосымша:

1. Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану. – Алматы, 2001.
2. Шамақайұлы Қ. Демократиялық қоғамдағы баспасөз және ақпарат құралдары. Астана, 2006.
3. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1999.
4. Оразбекова К. Иман және инабат. – Алматы, 1993.
5. Формановская Ф. Краснова Т.А. Речевой этикет. – М., 1992.
6. Әдептен озбайық. Ұжымдық жинақ. – Алматы, 1984.
7. Жарықбаев К., Табылдиев Ә. Әдеп және жантану. – Алматы, 1994.
8. Табылдиев Ә. Халық тағлымы. – Алматы, 1992.
9. Кенжеахметов С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 1994.
10. Сейдімбек А. Қазақ әлемі. – Алматы, 1997.
11. Егеубаев А. Кісілік кітабы. – Алматы, 1998.
12. Алтаев Ж. Қазақ халқының рухани мұралары. – Алматы, 1998.

*ҚОСЫМША***Қазақстандағы журналистердің кәсіби этикалық Кодексі**

1. Журналист Қазақстан Республикасының кәсіби этикасын сақтап жұмыс жасайды. Бұл Қазақстан Республикасындағы БАҚ жұмысында басты шарты болып табылады.

2. Өзінің кәсіби жұмысын атқара отырып, журналист жалпы қоғамдық құндылықтарды, демократиялық ұстанымдарды, еркін сөз, Конституция мен Қазақстан Республикасының Заңдарын сақтайды. Өтірік айып тағудан қашу үшін, журналист тек қана сенімді ақпаратты тарата алады. Журналист мемлекеттік басқару органдарының, саясаттық партиялардың, саяси қозғалыстардың, ұйымдардың, бизнес тарапынан болған қысымға қарамайды, жұмыс жасай алады.

3. Журналист өзінің хабарларында деректерді, болжамды, версияларды айқын, анық көрсете алады. Журналист лайықсыз амал-тәсілмен ақпарат ала алмайды. Журналист ақпаратты көрсетпеудегі азаматтық және заңдық құқықтарын мойындайды, бірақ, егер де оны көрсету мемлекеттік заңдылықтарына сәйкес келсе, мақаланы жариялау оның міндеті.

4. Ақпаратты жариялауда қате кетсе, журналист сол ақпаратты жариялаған БАҚ-та өзінің қатесін туралауға міндетті. Кодекс шығармашылық ұрлықтарды, деректерді бұрмалауды, жаланы, өтірік ақпарат таратуды және шындықты жасыруды, сонымен қатар, соған ақы алуды, ақпараттық қожан-лоқы көрсету бұлардың бәрін масқара деп есептейді. Ешкім журналистің хабарламасында немесе пікірінде өзінің қолтаңбасын өшіре алмайды. Журналист кәсіби тапсырыстан бас тарта алады, егер де негізгі Кодекс принциптеріне қарама-қайшы келсе.

5. Журналист кәсіби назарындағы нысанды адамдық ары мен қасиетін қадірлейді. Журналист кәсіби мамандығы бойынша болатын қауіп-қатерді, яғни, кудалауды, қысымдарды түсінеді. Журналист кәсіби жұмысын жасай отыра экстремизм мен азаматтық құқыққа қайшы келетін барлық қысымдарды құптамайды.

6. Бұл ақпаратты журналистің өзі ғана жария алады, егер де аноним адам өз сөздерін бұрмаласа және де бұл азаматтық қоғамға залал келтірсе.

7. Журналист рұқсатсыз жеке өмірге кіре алуы мүмкін, егерде ол қоғамның мүдделерін қорғаса. Бұл шектеу жанұялық, интимдік және рухани-зерде өміріне қатаң қадағаланады.

8. Осы Кодекс БАҚ жұмыс жасайтын журналистерге өзінің кәсіби міндеттерін мемлекеттік құрылымдық басқармада, заң және сот билігінде және де саяси партия басқаруында қатысуын құптамайды.

9. Журналист әріптестерінің кәсіби құқықтарын сақтайды және адалдық бәсекелестікті мойындайды. Журналист әріптестерінің кәсіби мүдделеріне нұқсан келтіретін жағдайлардан қашады.

10. Егер де қысым, қауіп, материалдық немесе моральдық залал келтірген жағдайда журналист Қазақстан Республикасының барлық Заңдарына сәйкес сот бойынша немесе басқа да жолдармен өзін қорғай алады.

**Бұқаралық ақпарат құралдары туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 23.07.1999
(2009.06.02. берілген өзгерістер мен толықтырулармен)**

Осы Заң бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес олардың бостандығына мемлекеттік кепілдіктерді белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **бұқаралық ақпарат** – тұлғалардың шектеусіз топтарына арналған баспа, дыбыс-бейне және өзге де хабарлары мен материалдары;

2) **бұқаралық ақпарат құралы** – мерзімді баспасөз басылымы, радио және теледидар бағдарламасы, киноқұжаттама, дыбыс-бейне жазбасы және көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі (интернет және басқалары) WEB- сайттарды қоса алғанда, бұқаралық ақпаратты мерзімді немесе үздіксіз жария таратудың басқа да нысаны;

3) **мерзімді баспасөз басылымы** – тұрақты атауы, ағымдағы нөмірі бар және кемінде үш айда бір рет шығарылатын газет, журнал, альманах, бюллетень, олардың қосымшасы;

4) **теледидар, радио, бейне, кино хроникалық бағдарламасы** – толық атауы бар және кемінде жарты жылда бір рет эфирге шығатын мерзімді дыбыс-бейне хабарлары мен берілімдерінің жиынтығы;

5) **эфирге шығу** – ұқсас және цифрлық электромагнитті жүйелерді пайдалана отырып, теледидар, радио бағдарламаларын, дыбыс-бейне жазбаларын тарату;

6) **бұқаралық ақпарат құралдарының өнімі** – мерзімді баспасөз басылымының жеке нөмірінің немесе дыбыс-бейне бағдарламасының таралымы немесе таралымының бір бөлігі, радио, теледидар, кино хроникалық бағдарламалардың жеке шығарылымы, көпшілік қол жеткізе алатын телекоммуникациялық желілердегі WEB-сайтта берілген ақпарат;

7) **ресми хабар** – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы одан әрі тарату мақсатымен мемлекеттік органдар беретін ақпарат;

8) **бұқаралық ақпарат құралының өнімін тарату** – мерзімді баспасөз басылымдарын сату (жазылу, жеткізу, үлестіру), радио, теледидар бағдарламаларын эфирге шығару, кинохроникалық бағдарламаларды көрсету;

9) **бұқаралық ақпарат құралының редакциясы** – жеке тұлға не бұқаралық ақпарат құралына материалдар жинауды, дайындауды және шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын шығармашылық ұжым;

бас редактор (редактор) – бұқаралық ақпарат құралының редакциясын басқаратын және оны шығару мен таратуға, эфирге шығаруға тиісінше өкілеттігі бар жеке тұлға;

11) **журналист (бұқаралық ақпарат құралының өкілі)** – еңбек қатынастары немесе өзге де шарттық қатынастар негізінде бұқаралық ақпарат құралы үшін хабарлар мен материалдар жинау, өңдеу және әзірлеу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

12) **таратушы** – меншік иесімен, баспагермен шарт бойынша немесе өзге де заңды негіздерде бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

13) **цензура** – бұқаралық ақпарат құралдарының хабарларын және материалдарын мемлекеттік органдармен, лауазымды адамдармен және өзге де ұйымдармен олардың талап ету бойынша

немесе өзге де негіздер бойынша хабарлар мен материалдарды не олардың жекелеген бөліктерін таратуды шектеу немесе оларға тыйым салу мақсатымен алдын ала келісу;

14) **эротикалық сипаттағы өнім** – тұтас алғанда және үнемі секске әуестенушілікті қаузайттын баспасөз басылымы немесе теледидар радио бағдарламасы;

15) **WEB-сайт** – Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғасының арнайы техникалық және бағдарламалық құралдардың көмегімен дайындалған, меншік иесі жаппай тарату мақсатында ақпарат беретін электронды өкілдік бет;

16) **ретрансляция** – техникалық құралдарды пайдалануға қарамастан, басқа бұқаралық ақпарат құралының теле- немесе радио бағдарламаларын (теле- немесе радио хабарларының жиынтығы) қабылдау және бір мезгілде не жазып алып толық және өзгеріссіз тарату;

17) **кешен** – бір-бірімен ортақ мақсаттарымен байланысты және бірыңғай құрылым құрайтын ғимараттар жиынтығы;

18) **аккредиттеу** – журналисті тағайындау рәсімі және оның өкілеттігін мемлекеттік органның, қоғамдық бірлестіктің және ұйымның тануы;

19) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті орган – бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган).

2-бап. Сөз, ақпаратты алу және тарату бостандығы

1. Сөз, шығармашылық бостандығына, өз көзқарастары мен сенімдерін баспа арқылы және өзге де нысанда білдіруге, ақпараттарды заңда тыйым салынбаған кез келген әдіспен алуға және таратуға Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік беріледі.

Цензураға тыйым салынады.

2. Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.

3. Мемлекеттік құпияны немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге, экстремизм немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға, терроризмге қарсы

операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты таратуға, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды, сондай-ақ қатыгездікке, зорлық-зомбылыққа бас ұруды және порнографияны насихаттауға жол берілмейді.

3-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

1. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік тілде және басқа да тілдерде таратылады.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасының тілдер туралы заңдарына сәйкес бұқаралық ақпаратты алу және оны тарату кезінде әркімнің ана тілін пайдалану құқығын қамтамасыз етеді.

3. Бұқаралық ақпарат құралдарының телевизиялық және радио бағдарламаларының мемлекеттік тілдегі апталық көлемі уақыты жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

Мемлекеттік тілдегі телевизиялық және радио бағдарламаларының әрқайсысының жергілікті уақыт бойынша нөл сағаттан бастап есептелетін ұзақтығы алты сағат болатын уақыт аралығындағы көлемі басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс. Бұл талап кабельдік, эфирлік-кабельдік телевизия желілеріне қолданылмайды.

4-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдары

1. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

1-1-тарау.

Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

4-1-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік реттеу телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды

ұйымдастыру жөніндегі қызметті құқықтық қамтамасыз ету, лицензиялау, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасының сақталуын бақылау арқылы жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган мен басқа да мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өздерінің құзыреті шегінде жүзеге асырады.

4-2-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы құзыреті Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асыру тәртібін айқындайды;

3) телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін бекітеді.

4-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган: 1) бұқаралық ақпарат құралдары саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен іске асыруды қамтамасыз етеді;

2) бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады;

3) телерадио хабарларын тарату құқығын алуға конкурстар өткізу ережесін бекітеді;

4) телевизия және (немесе) радио хабарларын тарату үшін радио жиіліктер номиналдарын бөлу жөніндегі ашық конкурстар өткізуді ұйымдастырады;

5) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметті лицензиялады жүзеге асырады;

6) лицензиаттың лицензияда көрсетілген шарттарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады және Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензияның қолданысын тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

8) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алудың бірыңғай тізілімін жүргізеді;

10) бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік және салалық (секторалдық) бағдарламаларды әзірлейді және іске асырады;

11) тарихи және (немесе) мәдени құндылығы бар жазылымдарды сақтау тәртібін айқындайды;

12) журналистерді аккредиттеу ережесін бекітеді;

13) жергілікті атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыруы жөніндегі қызметін үйлестіреді;

14) орталық және жергілікті атқарушы органдардың бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері жөніндегі қызметін үйлестіреді.

4-4-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

2) облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алуды жүзеге асырады;

3) арнайы стационарлық үй-жайларды орналастыру тәртібін және онда эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз өнімін өткізу ережесін бекітеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өңірлік деңгейде мемлекеттік ақпараттық саясатты

жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты қалыптастырады, орналастырады және оның жүзеге асырылуын бақылайды;

5) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте бұқаралық ақпарат құралдарының Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

6) уәкілетті органға статистикалық деректерді, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу жөніндегі ақпараттарды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау жөніндегі мәліметтерді табыс етеді.

4-5-бап. Мемлекеттік бақылау

1. Мемлекеттік бақылаудың мақсаты жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау мыналарды:

1. Осы Заңда көзделген талаптарды сақтау жөніндегі бақылауды;

2. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы таратылатын жарнамаға қатысты бақылауды қамтиды.

3. Уәкілетті орган, облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асыратын бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында орындалады.

4. Тексерудің түрлері:

– жоспарлы-алдыңғы тексерулерге қатысты Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген уақыт аралықтары ескеріліп жүргізілетін мемлекеттік орган жоспарлаған тексеру;

– жоспардан тыс – жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне дереу ден қоюды талап ететін қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты тағайындалатын тексеру;

– рейдтік-лицензияның, тіркеу және өзге де рұқсат ету құжаттарының болуын, сондай-ақ мемлекеттік органның бақылау объектісі болып табылатын бақылау жабдығының дұрыс қолданылуын тексеру.

5. Тексеру жүргізудің мерзімі нұсқама берілген кезден бастап күнтізбелік он бес күннен аспауға тиіс.

2-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін ұйымдастыру

5-бап. Бұқаралық ақпарат құралын құру құқығы

1. Бұқаралық ақпарат құралын құруға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың құқығы болады.

Бұқаралық ақпарат құралы заңды тұлға нысанында да, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі нысанында да құрылуы мүмкін.

Бұқаралық ақпарат құралдары өнімін шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асыруға, ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға:

1) мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәлік;

2) телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметпен айналысуға лицензия негіз болып табылады.

Бұл талаптар WEB-сайттарға қолданылмайды.

2. Заңды тұлғаның – Қазақстан Республикасындағы бұқаралық ақпарат құралы меншік иесінің немесе осы саладағы қызметті жүзеге асырушының акцияларының (үлесінің, пайының) 20 %-дан астамын шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына тыйым салынады.

6-бап. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі

1. Меншік иесі – бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі.

2. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі тиісті шарт негізінде өзінің меншікті, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты редакция, редактор, журналист, баспагер, таратушы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы.

7-бап. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы

1. Редакция меншік иесінің тапсыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралын әзірлеуді және шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асырады.

2. Редакцияға бас редактор (редактор) басшылық етеді.

2-1. Мыналар:

1) сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар;

2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынбаған немесе өтелмеген азаматтар;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;

4) өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған азаматтар соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде бас редактор (редактор) бола алмайды.

3. Меншік иесі мен редакция арасындағы қатынастар жарғымен және шартпен реттеледі.

8-бап. Ақпарат агенттігі

1. Ақпарат агенттігі – Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркелген, қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған заңды тұлға.

2. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған уақыты қоса берілуге тиіс.

3. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

4. Ақпарат агенттігіне осы Заңның 2, 10-баптарының күші қолданылады.

9-бап. Бұқаралық ақпарат құралының баспагері

1. Баспагер – бұқаралық ақпарат құралының өнімін өндіруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2. Егер меншік иесі бұқаралық ақпарат құралының әрі баспагері болмаса, меншік иесі мен баспагердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жеке шартпен белгіленеді. Азаматтығы жоқ адамдардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына тыйым салынады.

6-бап. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі

1. Меншік иесі – бұқаралық ақпарат құралын иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға, не жеке және (немесе) заңды тұлғалардың бірлестігі.

2. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі тиісті шарт негізінде өзінің меншікті, сондай-ақ басқа да бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты редакция, редактор, журналист, баспагер, таратушы ретінде іс-қимыл жасауға құқылы.

7-бап. Бұқаралық ақпарат құралының редакциясы

1. Редакция меншік иесінің тапсыруы бойынша бұқаралық ақпарат құралын әзірлеуді және шығаруды (эфирге шығаруды) жүзеге асырады.

2. Редакцияға бас редактор (редактор) басшылық етеді.

2-1. Мыналар:

1) сот іс-әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар;

2) тағайындау кезінде заңда белгіленген тәртіппен соттылығы алынбаған немесе өтелмеген азаматтар;

3) шетелдіктер не азаматтығы жоқ адамдар;

4) өздерінің кінәсінен бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) сот шешімімен тоқтатылған бұқаралық ақпарат құралының бас редакторлары (редакторлары) болған азаматтар соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде бас редактор (редактор) бола алмайды.

3. Меншік иесі мен редакция арасындағы қатынастар жарғымен және шартпен реттеледі.

8-бап. Ақпарат агенттігі

1. Ақпарат агенттігі – Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес тіркелген, қызметі ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды жинауға, қайта өңдеуге және таратуға бағытталған заңды тұлға.

2. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарында оның атауы мен шығарылған уақыты қоса берілуге тиіс.

3. Ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын бұқаралық ақпарат құралдары таратқан кезде ақпарат агенттігіне сілтеме жасауға міндетті.

4. Ақпарат агенттігіне осы Заңның 2, 10-баптарының күші қолданылады.

9-бап. Бұқаралық ақпарат құралының баспагері

1. Баспагер – бұқаралық ақпарат құралының өнімін өндіруді материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға.

2. Егер меншік иесі бұқаралық ақпарат құралының әрі баспагері болмаса, меншік иесі мен баспагердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі жеке шартпен белгіленеді.

10-бап. Мерзімді баспасөз басылымын және ақпарат агенттігін есепке қою, қайта есепке қою

1. Қазақстан Республикасының аумағында әрекет ететін мерзімді баспасөз басылымы мен ақпарат агенттігі уәкілетті органда міндетті түрде есепке қойылуға жатады.

2. Есепке қою, қайта есепке қою үшін мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің меншік иесі не оның уәкілеттік беруі бойынша әрекет ететін тұлға осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келетін өтініш береді.

3. Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қойған кезде, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің есепке қойылғанын куәландыратын құжаттың төлнұсқасын алған кезде Қазақстан Республикасының Салық кодексінде айқындалатын тәртіппен алым алынады.

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою, қайта есепке қою туралы өтініш түскен күнінен бастап он бес күн ішінде қаралуға тиіс.

Өтінішті қараудың қорытындылары бойынша уәкілетті орган мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің меншік иесіне есепке қою туралы куәлік береді не мынадай негіздер бойынша:

1) егер уәкілетті орган бұрын сол атпен және сол аумаққа таралатын не оның аты бұрын құрылған мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің атымен айырғысыз дәрежеде ұқсас мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қойғаны туралы куәлік берген болса;

2) егер өтініштің мазмұны осы Заңның 11-бабының талаптарына сай келмейтін болса;

3) егер мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қойғаны үшін алым төленбесе;

4) егер меншік иесінің ауысуына орай мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін қайта есепке қою туралы өтінішке мерзімді баспасөз басылымына және (немесе)

ақпарат агенттігіне меншік құқығын басқа тұлғаға беруді растайтын шарттың нотариалды түрде куәландырылған үзінді көшірмесі қоса тіркелмесе;

5) егер шығарылуын бұрын сот тоқтатқан аты (атының бір бөлігі) бірдей және тақырыптық бағыты тап сондай мерзімді баспасөз басылымы және (немесе) ақпарат агенттігі есепке қоюға мәлімделген болса немесе аты мен тақырыптық бағытын қайталайтын мерзімді баспасөз басылымы және (немесе) ақпарат агенттігі мәлімделген болса, сондай-ақ шығарылуы сот шешімімен тоқтатылған мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің меншік иесі немесе бас редакторы (редакторы) соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап үш жыл ішінде өтініш берген жағдайда есепке қоюдан бас тартады.

5. Мерзімді баспасөз басылымының меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап үш ай ішінде мерзімді баспасөз басылымының өнімін шығаруға кірісу құқығын сақтайды.

Ақпарат агенттігінің меншік иесі есепке қою туралы куәлікті алған күннен бастап алты ай ішінде ақпараттық сипаттағы хабарлар мен материалдарды таратуға кірісу құқығын сақтайды.

Мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің шығарылуын сот тоқтата тұрған жағдайларды қоспағанда, мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің өнімін шығару мерзімін өткізіп алған, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің өнімін шығару үш ай бойы тоқтап қалған жағдайда, уәкілетті органның шешімімен мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп танылады.

6. Мерзімді баспасөз басылымы және (немесе) ақпарат агенттігі меншік иесі ауысқан не ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ мерзімді баспасөз басылымының және (немесе) ақпарат агенттігінің аты, басылымның не материалдар мен хабарлардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты және шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда қайта есепке алынуға жатады.

11-бап. Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы өтініш

1. Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою туралы өтініште:

1) мерзімді баспасөз басылымы және (немесе) ақпарат агенттігі меншік иесінің атауы орналасқан жері, ұйымдық-құқықтық нысаны;

2) мерзімді баспасөз басылымының, ақпарат агенттігі материалдары мен хабарларының тілі (тілдері);

3) шығарылымның болжалды мерзімділігі;

4) негізгі тақырыптық бағыты;

5) таралу аумағы;

6) бас редактордың (редактордың) тегі, аты, әкесінің аты;

7) редакцияның мекенжайы көрсетілуге тиіс.

Өтінішке:

жеке тұлғалар үшін – кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжаттың нотариалды түрде куәландырылған көшірмесі;

занды тұлғалар үшін – заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің, құрылтай құжаттарының нотариалды түрде куәландырылған көшірмелері;

Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою үшін бюджетке алым төленгенін растайтын құжат қоса тіркеледі.

2. Мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпарат агенттігін есепке қою кезінде өзге талаптарды алға тартуға тыйым салынады.

12-бап. Бұқаралық ақпарат құралын есепке қоюдан босату

Таралымы:

– жүз данаға жетпейтін мерзімді баспасөз басылымдарын;

– ресми, нормативтік және өзге де актілерді;

– сот практикасының бюллетеньдерін;

– кабелдік желілермен таратылатын теле-, радио-, бейне-, кинохроникалық бағдарламаларды, егер қызмет көрсету аумағы бір ғимаратпен немесе кешенмен шектелген болса, есепке қою талап етілмейді.

13-бап. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтата тұру және тоқтату

1. Бұқаралық ақпарат құралын шығару (эфирге шығару) меншік иесінің немесе соттың шешімі бойынша тоқтатыла тұруы не тоқтатылуы мүмкін.

2. Басылымдардың бір немесе бірнеше нөмірінің шығарылуын, сондай-ақ радио және теледидар бағдарламаларының эфирге шығуын, өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын уақытша тоқтату, тоқтата тұру деп түсініледі. Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату тұруға үш айдан аспайтын мерзімге жол беріледі.

3. Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны жария ету, терроризмге қарсы операцияларды жүргізу кезеңінде олардың техникалық тәсілдері мен тактикасын ашатын ақпаратты тарату, есірткі құралдарын, психотроптық заттар мен прекурсорларды насихаттау, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық басымдықты үгіттеу немесе насихаттау, порнографиялық және арнайы жыныстық-эротикалық сипаттағы радио-, телебағдарламаларды тарату, сондай-ақ кино-және бейнеөнімдерді көрсету, осы Заңның 3-бабында, 10-бабының 6-тармағында көзделген талаптарды бұзу, сондай-ақ 14-бабының 3-1-тармағының, 15 және 16-баптарының талаптарын бір жыл ішінде қайталап бұзу белгіленген тәртіппен бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұруға негіз болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты насихаттау және үгіттеу, экстремизмді немесе терроризмді насихаттау, сондай-ақ белгіленген мерзімде бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру себептерін жоймау бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтатуға негіз болып табылады.

5. Меншік иесінің не соттың шешімі бойынша бұқаралық ақпарат құралының шығуын (эфирге шығуын) тоқтата тұрған не тоқтатқан жағдайда уәкілетті органға хабарлама жіберіледі.

Бұқаралық ақпарат құралын шығаруды (эфирге шығаруды) тоқтату оны есепке қою туралы куәліктің күшін жоюға әкеп соғады.

3-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін тарату**14-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін тарату**

1. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуды меншік иесінің шешімі бойынша оның өзі не шарт негізінде немесе өзге де заңды негіздерде редакция, баспагер, сондай-ақ ұйымдар мен азаматтар жүзеге асырады.

2. Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарын тек қана мөлдір ораммен буылып-түйілген күйінде және бөлшек саудада соған арнап әдейі бөлінген тұрақты үй-жайларда сатуға жол беріледі, олардың орналасқан жері мен ондағы сату ережелерін жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

Порнографиялық және арнаулы сексуалдық-эротикалық сипаттағы радио, теледидар бағдарламаларының эфирге шығарылуына, сондай-ақ кино және бейне өнімінің көрсетілуіне, кәсіптік пен зорлықты насихаттауға тыйым салынады.

3. Алкоголь өнімдерін жарнамалауға 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап тыйым салынады. Темекі және темекі бұйымдарын жарнамалауға тыйым салынады.

3-1. Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радио бағдарламаларын ретрансляциялау телерадио хабарларын тарату арналары арқылы берілетін хабарлардың жалпы көлемінің: 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап 50 %-нан, 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап 20 %-нан аспауға тиіс.

Бұл талап кабелдік және эфирлік-кабелдік теледидарлар тарататын хабарларға қолданылмайды.

4. Заңды негіздерде жүзеге асырылатын бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға жеке немесе заңды тұлғалар, сол сияқты мемлекеттік органдарды лауазымды адамдары тарапынан кедергі жасауға, заңсыз тәркілеуге, сондай-ақ таралымын немесе оның бір бөлігін жоюға заңды күшіне енген шешімі негізінде болмаса жол берілмейді.

15-бап. Шығарылым деректері

1. Мерзімді басылымның әрбір шығарылымында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) бұқаралық ақпарат құралының атауы;
- 2) бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі;
- 3) бас редактордың (редактордың) тегі және аты-жөні;

- 4) есепке қою туралы куәліктің нөмірі мен берілген күні және оны берген органның атауы;
- 5) басылымның мерзімділігі;
- 6) бұқаралық ақпарат құралының рет нөмірі мен жарық көрген күні;
- 7) таралымы;
- 8) баспахананың атауы, оның мекенжайы және редакцияның мекенжайы.

2. Бұқаралық ақпарат құралы эфирге әрбір шыққан сайын, ал үздіксіз хабар таратқан жағдайда тәулігіне кемінде төрт рет өзінің атауын жариялап отыруға міндетті.

16-бап. Мерзімді басылымдардың міндетті даналары мен теле-және радиохабарлар материалдарын сақтау

1. Мерзімді басылымдардың міндетті тегін даналарын, соның ішінде осы Заңның 12-бабына орай есепке қоюдан босатылғандарын олар әзірленген күні бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі немесе оның тапсыруы бойынша үшінші тұлға Ұлттық Мемлекеттік кітап палатасына, Ұлттық кітапханаға, Қазақстан Республикасы Парламентінің кітапханасына, уәкілетті органға жібереді.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарының (теледидар, радио хабарларын тарату) редакциялары эфирге шығарған өз хабарларының жазбаларын бір ай бойы сақтауға, сондай-ақ оларды өздерінің эфирлік жұмысының тіркеу журналында көрсетуге және оны соңғы жазба жасалған кезден бастап кемінде бір жыл сақтауға міндетті. Тарихи немесе мәдени жағынан құнды жазбалар уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен сақталады.

4-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдарының азаматтармен және ұйымдармен қатынасы

17-бап. Авторлық туындылар мен хаттар

1. Редакция пайдаланылатын туындыларға құқықты, оның ішінде интеллектуалдық меншікке авторлық және өзге де құқықтарды сақтауға міндетті.

2. Оқырмандар хаттарын жариялау кезінде олардың мәтінін қысқартуға және оның мазмұнының мағынасын бұрмаламай редакциялауға жол беріледі.

3. Егер заңда өзгеше көзделмесе, бұқаралық ақпарат құралы редакциясын ол қабылдамай тастаған материалды жариялауға ешкімнің де міндеттеуге құқығы жоқ.

18-бап. Ресми хабарлар

1. Мемлекеттік органдардың ресми хабарлары бұқаралық ақпарат құралдарында Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес орналастырылады.

2. Мемлекеттік органдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне, олардың меншік нысанына және кімге қарайтынына қарамастан, өтініш жасаған кезде, Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатынынан басқа ақпаратты тең шарттарда беруге міндетті.

2-1. Мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар сұратылып отырған ақпаратты өтініш түскен күннен бастап үш күннен кешіктірмей беруге не беру мерзімін немесе беруден бас тарту себебін көрсете отырып жауабын беруге міндетті.

Қосымша зерделеуді және тексеруді қажет ететін өтінішке жауап ол келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей берілуге тиіс.

Бұқаралық ақпарат құралынан қойылған мәселелерді шешу құзыретіне кірмейтін мемлекеттік органдарға немесе өзге де ұйымдарға өтініш келіп түскен жағдайда, осы өтініш бес күн мерзімнен кешіктірілмей тиісті органдарға жіберіліп, бұл туралы бұқаралық ақпарат құралына хабарлануға тиіс.

3. Сұралып отырған мәліметтерді беруден бас тартылуға бұқаралық ақпарат құралының өкілі мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдардың азаматтар құқығына қысым жасайтын заңсыз әрекеттеріне шағым жасауға арналған заңда көзделген тәртіппен жоғары тұрған органға немесе лауазымды адамға, не сотқа шағым жасауы мүмкін.

19-бап. Теріске шығару құқығы

1. Азамат немесе заңды тұлға өзінің ар-намысына, қадір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді сот тәртібімен теріске шығаруды талап етуге құқылы.

2. Егер азаматтың немесе заңды тұлғаның ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер бұқаралық ақпарат құралдарында таратылса, олар сол бұқаралық ақпарат құралдарында тегін теріске шығарылуға тиіс.

Егер аталған мәліметтер ұйымнан шыққан құжатта болған жағдайда, мұндай құжат алмастырылып немесе қайтарылып алынып, бұл құжаттағы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмейтіндігі туралы адресатқа міндетті түрде хабарлануға тиіс. Өзге реттерде теріске шығару тәртібін сот белгілейді.

3. Азаматтың немесе заңды тұлғаның бұқаралық ақпарат құралында теріске шығаруды не жауапты жариялау туралы талабы, егер бұқаралық ақпарат органы мұндай жарияланымнан бас тартса не бір айдың ішінде жарияланым жасамаса, сондай-ақ ол таратылған жағдайда, сотта қаралады.

4. Азаматқа немесе заңды тұлғаға қатысты олардың арнамысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтер таратылған болса, олар мұндай мәліметтерді теріске шығарумен қоса олардың таратылуынан өздеріне келтірілген залалдың немесе моральдық зиянның орнын толтыруды талап етуге құқылы.

5-тарау. Журналистің құқықтары мен міндеттері

20-бап. Журналистің құқықтары

Журналистің:

1) ақпаратты іздестіруді жүзеге асыруға, сұратуға, алуға және таратуға;

2) мемлекеттік органдарға, барлық меншік нысандарындағы ұйымдарға баруына және өзінің қызмет бабындағы міндеттерін жүзеге асыруға байланысты олардың лауазымды адамдарының қабылдауында болуға, жабық шара өткізу туралы шешім қабылданғаннан басқа жағдайда өзін тіркеген орган өткізетін барлық шараларға қатысуға;

3) Қазақстан Республикасының заң актілерінде тыйым салынған жағдайларды қоспағанда, жазбалар, соның ішінде оларды дыбыс-бейне техникасын, кино-фото түсіру құралдарын пайдалана отырып жасауға;

4) журналистің куәлігін көрсету арқылы дүлей апаттар болған аудандарда, митингілер мен демонстрацияларда, сондай-ақ қоғамдық, топтық және жеке мүдделер мен наразылықтарды өзге де білдіру нысандарына қатысуға;

5) құжаттар мен материалдардың мемлекеттік құпиялар болып табылатын мәліметтері бар үзінділерін қоспағанда, олармен танысуға рұқсат алуға;

- 6) алынатын ақпараттың дұрыстығын тексеруге;
- 7) алынған ақпараттық материалдарды тексеру кезінде мамандарға жүгінуге;
- 8) өзі дайындаған хабарлар мен материалдарға қолын қойып, шартты атын (бүркеншік атын) көрсетіп таратуға;
- 9) материалдың мазмұны редакциялық түзетуден кейін журналистің жеке сеніміне қайшы келсе, оған өз қолы қойылып жариялануынан бас тартуға;
- 10) авторлық және ақпарат көздерінің құпиясы соттың талап етуімен жарияланған жағдайларды қоспағанда, бұл құпияларды сақтауға құқығы бар.

21-бап. Журналистің міндеттері

Журналист:

- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын басшылыққа ала отырып, өзі шарттық қатынастарда тұрған бұқаралық ақпарат құралының қызмет бағдарламасын жүзеге асыруға;
- 2) шындыққа сәйкес келмейтін ақпаратты таратпауға;
- 3) ақпарат ұсынған адамдардың авторлығын көрсету туралы олар жасаған өтініштерді қанағаттандыруға;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың заңды құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзіне жүктелген өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

6-тарау. Журналистерді аккредиттеу

22-бап. Журналистерді аккредиттеу

1. Бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың келісімі бойынша олардың жанында өз журналистерін аккредиттей алады.

2. Журналист аккредиттелген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар оны өткізілетін отырыстар, кеңестер және өзге де шаралар жөнінде оған алдын ала хабарлауға, стенограммалармен, хаттамалармен және өзге де құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті.

3. Жабық шара өткізу туралы шешім қабылданған жағдайларды қоспағанда, аккредиттелген журналистің өзін аккредиттеген мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдар

өткізетін отырыстарға, кеңестерге және басқа да шараларға қатысуға құқығы бар.

4. Егер журналист аккредиттеу ережелерін бұзса не өзін аккредиттеген мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратса, оның аккредиттелуі күшін жоюы мүмкін.

23-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарын шетелдерде аккредиттеу. Егер халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралы иесінің Қазақстан Республикасының және өздері болған елдердің заңдарында көзделген тәртіппен басқа елдерде тілшілер қосынын ашуға, журналистерді аккредиттеуге құқығы бар.

24-бап. Қазақстан Республикасындағы шетел бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қызметі

1. Шетел бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдіктерін және олардың журналистерін аккредиттеуді Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасында аккредиттелген шетел журналистерінің және басқа да шетел бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің құқықтық жағдайы мен кәсіптік қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен реттеледі.

3. Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Заңның нормаларын бұзатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының өнімін таратуға сот тәртібімен тыйым салынады.

7-тарау. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін жауапкершілік

25-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін жауапкершілік негіздері

1. Азаматтардың немесе ұйымдардың (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.

Бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу үшін мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың оған кінәлі лауазымды адамдары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының иесі, таратушысы, бас редакторы (редакторы), таратылған хабарлар мен материалдардың авторлары жауапты болады.

2-1. Бұқаралық ақпарат құралының меншік иесі, бас редакторы (редакторы)

Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-таптық және рулық артықшылықты, қатыгездікті, зорлық пен порнографияны насихаттап, үгіттейтін хабарлар мен материалдарды таратқаны үшін, олардың алынған көздеріне қарамастан, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген жауаптылықта болады.

3. Журналистің заңды кәсіптік қызметіне кедергі жасау Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

26-бап. Шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату үшін жауапкершіліктен босатылатын реттер

Бұқаралық ақпарат құралында шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратқаны үшін:

1) егер бұл мәліметтер ресми хабарлар мен құжаттарда айтылған болса;

2) егер олар жарнама және ақпарат агенттіктерінен немесе мемлекеттік органдардың баспасөз қызметінен алынса;

3) егер олар өкілді органдар депутаттарының, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдарының және азаматтардың ресми сөйлеген сөздерінің сөзбе-сөз қайталанып берілуі болса;

4) егер олар алдын ала жазылып алынбай эфирге шығарылатын авторлық сөздерде не осы Заңға сәйкес редакциялауға жатпайтын мәтіндерде айтылса;

5) егер бұл мәліметтер осы Заңның 18-бабына сәйкес міндетті хабарларда айтылса, бас редактор (редактор), сондай-ақ журналист жауапты болмайды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ. 30.08.1995

14-бап

1. Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең.

2. Тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды.

20-бап

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.

39-бап

1. Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін.

2. Ұлтаралық татулықты бұзатын кез келген әрекет конституциялық емес деп танылады.

3. Саяси себептер бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қандай да бір түрде шектеуге жол берілмейді. Конституцияның 10; 11; 13-15-баптарында; 16- бабының 1-тармағында; 17-бабында; 19-бабында; 22-бабында; 26-бабының 2-тармағында көзделген құқықтар мен бостандықтар ешбір жағдайда да шектелмеуге тиіс.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІ, 16.07.1997 ж.

3-тарау. Адамның және азаматтың Конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарсы қылмыстар

141-бап. Азаматтардың тең құқықтылығын бұзу

1. Адамның (азаматтың) құқықтары мен бостандықтарын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық немесе мүліктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге көзқарасына сенімі, тұрғылықты жері, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына себептерімен немесе өзге кез келген жағдайлар бойынша тікелей немесе жанама шектеу – екі жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не үш айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған дәл сол әрекет – бес жүзден екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан сегіз айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

164-бап. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік немесе діни араздықты қоздыру

1. Әлеуметтік, ұлттық, рулық, нәсілдік, діни араздықты немесе алауыздықты қоздыруға, азаматтардың ұлттық ар-намысы мен қадір-қасиетін не діни сезімдерін қорлауға бағытталған қасақана іс-әрекеттер, сол сияқты азаматтардың дінге көзқарасына, тектік-топтық, ұлттық, рулық немесе нәсілдік қатыстылығы белгілері бойынша олардың айрықшалығын, артықшылығын немесе кемдігін насихаттау, егер осы әрекеттер көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып жасалса – бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының

мөлшерінде айыппұл салуға не алты айға дейінгі мерзімге қамауға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Адамдар тобымен немесе бірнеше рет жасалған, немесе күш көрсетумен не оны қолданамын деп қорқытумен ұштасқан, сол сияқты өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, адам не қоғамдық бірлестіктің жетекшісі жасаған нақ сол іс-әрекеттер – бес жүзден үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып, екі жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, ауыр зардаптарға әкеп соққан іс-әрекеттер – үш жылға дейінгі мерзімге белгілі лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып немесе онсыз үш жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі

342-бап. Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасын бұзу

1. Бұқаралық ақпарат құралдарын, ақпарат агенттіктерін есепке қоймай не олардың шығарылуын (эфирге шығуын) тоқтата тұру, тоқтату немесе есепке қою туралы куәліктің күші жойылды деп тану туралы шешім шығарылғаннан кейін олардың өнімін, сондай-ақ хабарлары мен материалдарын тарату;

– бұқаралық ақпарат құралының өнімі тәркілене отырып, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып та-

былатын заңды тұлғаларға – оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Телерадиохабарлар арналары бойынша мемлекеттік тілдегі хабарларды уақыты жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен аз тарату, – бұқаралық ақпарат құралының баспа өнімі немесе өзге де өнімі тәркілене отырып және шығарылуы (эфирге шығуы) үш айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – оннан елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың екінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, – телевизия және (немесе) радио хабарларын таратуды ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілген лицензиядан айыра отырып және бұқаралық ақпарат құралының шығарылуына (эфирге шығуына) тыйым салына отырып, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүз елуден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Меншік иесі не оның ұйымдық-құқықтық нысаны, атауы, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралының аты ауысқан, басылымның не хабардың тілі, таралу аумағы, негізгі тақырыптық бағыты, шығарылу мерзімділігі өзгерген жағдайларда, қайта есепке қоймай, бұқаралық ақпарат құралының өнімін, сондай-ақ ақпарат агенттігінің хабарлары мен материалдарын шығару, дайындау, көбейту және (немесе) тарату, – бұқаралық ақпарат құралының шығарылуы (эфирге шығуы) үш айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұрып, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан қырыққа дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, шағын немесе орта

кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға сегіз жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -бұқаралық ақпарат құралының шығарылуына (эфирге шығуына) тыйым салуға әкеп соғады.

6. Заңнамада белгіленген тәртіпті бұза отырып, шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының теле- және радио-бағдарламаларын қайталап беру, – лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің қырықтан елуге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, – бұқаралық ақпарат құралдарының шығарылуын (эфирге шығуын) үш айға дейінгі мерзімге тоқтата отырып, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің жетпістен жүзге дейінгі мөлшерінде, бұқаралық ақпарат құралдарының меншік иелеріне, заңды тұлғаларға жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

343-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық араздықты тұтандыруға бағытталған материалдарды жариялауға рұқсат беру

Нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік және діни араздықты тұтандыруға бағытталған, тектік-таптық артықшылықты, соғысты насихаттайтын, республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуге және аумақтық тұтастығын бұзуға шақыратын үндеуі бар мәліметтер мен материалдарды баспасөзде және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға рұқсат беру – бұқаралық ақпарат құралдарының лауазымды адамдарына айлық есептік көрсеткіштің жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не баспа өнімдері тәркілене отырып, он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

344-бап. Бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдерін, сол сияқты өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату

1. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу тасымалдау – бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды насихаттауға немесе үгіттеуге, экстремизмді немесе терроризмді насихаттауға және ақтауға бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін Қазақстан Республикасының аумағында тарату, – бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмаға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жиырма беске дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, – телевизия бағдарламалары мен (немесе) радиохабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айырып және заңды тұлғаның қызметіне тый-

ым сала отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуден жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге – жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты қоздыруды, қатыгездікті, зорлық-зомбылықты және порнографияны насихаттауға немесе үгіттеуге бағытталған мәліметтері мен материалдары бар бұқаралық ақпарат құралдарына жатпайтын өзге де өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағында даярлау, сақтау, әкелу, тасымалдау, тарату, – жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – айлық есептік көрсеткіштің жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі әкімшілік қамауға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – өнімдері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір мыңнан бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

5. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер, -телевизия және (немесе) радиохабарларын ұйымдастыру жөніндегі қызметке берілетін лицензиядан айырып және заңды тұлғаның қызметіне тыйым сала отырып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден екі жүз елуге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға – екі жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – үш жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға бір

мың бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

ҚР Мемлекеттік құпиялар туралы заңы **15.03.1999**

15-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жатқызу реті

1. Мемлекеттік құпиялар жайында өкілеттігі бар мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалардың тізімімен Мемлекеттік құпияларды жатқызу реті мемлекеттік органдардың басшыларымен жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияның құрастырушылармен Мемлекеттік органдар көрсетілген лауазымды тұлғалармен басқарады, оларды бұйрықпен өкілеттіктермен үлестіріледі.

2. Мемлекеттік құпияға жатқызуы олардың салалық, ведомстволық немесе бағдарламалық – мақсатқа сәйкес жүзеге асады. 11,12,13 және 14-бапқа сәйкес, мемлекеттік құпия мәліметтерін өкілеттігі бар мемлекеттік органдардың басшыларын анықтайтын негізгі заңын Қазақстан Республикасының үкіметімен, құпияға жататын ведомстволық (салалық) тізіммен жасалынады.

Бұл тізімге: бұйрыққа сәйкес өкілеттігі көрсетілген органдар және оның құпиялықтың дәрежесін анықтайды. Бағдарламалық өңдеумен аясында және қару-жарақ үлгілерінің жанартулары және әскери- техникалар, ғылыми-зерттеулер және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың көрсетілген үлгілерінің тапсырыс берушілерінің шешімімен және мәлімдеулердің бөлек тізімдері құпия сақтау мақсатта өңделеді. Бұл тізімдерді тиісті мемлекеттік органдардың немесе ұйымдардың бастықтарымен бекітіледі. Сондай тізімдердің мазмұнына сәйкес құпиялау мақсатта анықталады.

3. Мемлекеттік құпияларға мәліметтерді жатқызу қажеттілігі негізіне сәйкес мәліметтерді құпиялау принциптері мәліметті алған және өңдеген мемлекеттік органдарға және ұйымдарға жүктеледі.

4. Мемлекеттік құпиялылықты жатқызу негізі сот шешімімен шешіледі. Негізгі заңға сәйкес, соттың шешімімен негізсіз құпиялануға жататын мәліметтерді құпиялануға жатқызбайды.

Құпиялыққа жатқызбайтын мәліметтер:**1. Құпиялануға жатпайтын мәліметтер:**

1) төтенше жағдайларды және апаттарды, азаматтардың қауіпсіздігіне және денсаулығына қатері мен оның зардаптары, сонымен табиғи апаттар туралы және оның ресми болжаулары мен зардаптары туралы мәлімет;

2) экологияның күй-жағдайы денсаулық сақтау туралы санитариялық мәлімет, демографияның жағдайы, білім мен мәдениет, ауыл шаруашылық, сонымен қатар қылмыстылық жағдайлар туралы мәліметтер;

3) азаматтарға, лауазымды тұлғаларға немесе мекемеге мемлекет тарапынан берілетін жеңілдіктер мен өтемдер туралы мәлімет;

4) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзу туралы айғақтар;

5) Қазақстан Республикасының ұлттық банкісінің – актив мөлшері туралы және үкіметтегі (бюджеттегі) асыл металдардың резервінің және асыл тастары туралы мәлімет;

6) мемлекеттік органдар немесе ұйым тарапынан, және оның лауазымды тұлғалардың заң бұзушылығы туралы айғақтар;

7) бұқаралық жазалауларды, саяси, әлеуметтік және басқа да себептері туралы, соның ішінде, Негізгі заңның 14 бабына сәйкес қарастырылған мәліметтерден басқа, архивте тұрған мәліметтер.

2. Жоғарыда аталған мәліметтерді құпияландырған лауазымды тұлға, Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапкершілікке алынады. Азаматтар сол шешімге шағым арыз беруге құқылы.

**Журналистердің халықаралық федерациясы
Журналистердің мінез-құлық принциптерінің
декларациясы**

1954 жылдың 25-28 сәуірінде Бордо қаласында өткен Халықаралық журналистердің Федерациясының Екінші Дүниежүзілік Конгресінде қабылдаған; өзгертулер 1986 жылы 2-6 маусымында Хельсинкиде болған XVIII Дүниежүзілік Конгресте енгізілді.

Халықаралық декларациясы журналистердің кәсіби мінез-құлық стандартына, ақпаратты алу, тарату және оны жариялау, оқиғаларды суреттеуіне сәйкес жарияланады.

1. Шындықты сыйлау және азаматтың шындықты білу құқығын сыйлау – осының бәрі журналистің бірінші міндеті.

2. Журналист өзінің кәсіби қызметін атқара отырып, ақпаратты адал жинау аясында бостандыққа, ашық түсініктемелерге және сынға құқығын сақтауға міндетті.

3. Журналист тек өзіне белгілі ақпарат көздеріне мен әрекет жасауы тиіс. Журналист маңызы бар ақпаратты бағаламауға болмайды немесе құжатты бұрмаламауға болмайды.

4. Журналист адал тәсілмен алынған ақпаратты, фотосуреттерді, құжаттарды қолдануы тиіс.

5. Журналист дұрыстауға арналған барлық мүмкіндіктерді қолданып немесе зиян келтіре алатын ақпаратты әшкерелеуге мүмкіндігін қолдануы тиіс.

6. Журналист кәсіби құпиялылықты сақтауға және ақпарат көздерін жарияламауға міндетті.

7. Журналист БАҚ арқылы таратылған ақпараттың қауіп-қатері туралы өзіне есеп беруі тиіс және нәсіл, жыныс, жыныстық, тіл, дін, саяси көзқарас туралы және тағы басқа да ұлттық, әлеуметтік тұрғыдағы еріксіз дикриминацияға ынталануынан аулақ болу тиіс.

8. Журналист келесі кәсіби бұзушылықты есептеуі тиіс:

– плагиат

– айғақтарды әдейі бұрмалау

– өсек, қорлау, дәлелсіз айыпталу

– материалды жариялауда кез келген пара алу түрлері.

9. Журналист деген жоғары атқа лайықты болу үшін, жоғарыда аталған принциптерді орындау өз міндеті деп есептеуі тиіс. Өзінің мемлекеттік заң шекарасында, журналист өзінің кәсіби мәселесін орындауда, соның ішінде үкімет пен басқа да жауапты тұлғалардың алдында тек әріптестерінің заң құзыретін мойындайды.

**Кәсіби журналистер қоғамының этикалық
нормаларының кодексі (1996)
Бастама бөлім**

Кәсіби Журналистер қоғамының мүшелері азаматтардың ақпаратты білуі әділділік пен демократияның негізі деп есептейді. Журналистің міндеті – шындықты іздеуге көмектесу және мәселенің, оқиғаның объективті, жан-жақты жарықтандыруы болып табылады. Адал журналист деп өзінің жұмыс жасайтын БАҚ-тың мамандыруына қандай бағытта жазуына және атына тәуелсіз түрде қоғам алдында қоғам мүдделеріне адал қызмет ететін журналисті айтады. Кәсіби адалдылық – журналистке деген сенімінің басты негізі. Қоғам мүшелері қазіргі этикалық нормасын мойындап қана қоймай және қоғам принциптері мен практикалық стандартын жариялайды.

Шындықты іздеп және оны адамдарға жеткізіңіз

Журналист ақпарат жинайды, түсініктеме беруде адал, байсалды да, батыл болу тиіс.

Журналист міндетті:

– кез келген ақпарат көздерінен түскен ақпараттың анықтығын тексеру, қателерден қашқақтау. Қасақана айғақтарды бұрмалау ешқандай шартта қолданылмауы тиіс;

– өз мақалаңыздың «кейіпкерімен» кездесіп, қылмысқа немесе қылығына жауап беруге, қарсы айыптауға барлық мүмкіншілігін жасау;

– мүмкіншіліктеріңізге қарай ақпарат көздерін көрсету. Қоғамның ақпарат көздеріне толық сенімді болуы құқылы.

– анонимдік ақпарат көздеріне уәде бермес бұрын, оның дәлелін анықтауы тиіс. Ақпаратты айырбастағанда барлық уәделеріңізді орындалу шартын толық ашу керек. Берген уәдеңізді орындауға тиіссіз.

– мақалаға, ақпаратқа, тақырыпқа қойылатын реакция туғызатын фотосуреттер, бейне және аудио материалдар, графикалар, дыбыс үзінділері мен дәйексөздер сенімді болуы қажет. Олардың материалдың оңайтылған түріне қабылдануына немесе оның контекстен тыс жарыққа шығарылмауы тиіс;

– қандай жағдайда болмасын фотосуреттердің, видео-материалдардың мазмұнын бұрмаламауға болмайды. Бейненің анықтығын көрсету үшін ғана техникалық әдісті қолдауға болады. Құрастырылған материалдар және фотоиллюстрациялар таңбалаған болуы тиіс;

– болған оқиғаларды қайта көрсетпеу, бұл адамды адастырады. Егерде сондай көрсету болған жағдайда, оны міндетті түрде көрермендерге хабардар ету керек;

– ақпаратты жинаудың жасырылуын және басқа да құпия әдістерінен қашқақтау керек. Тек қоғамға маңызды қажетті ақпаратты дәстүрлі тәсілмен ала алмаған жағдайда қолдануға болады. Сондай әдістердің қолдану қажеттігін сол сюжетте түсіндірілуі тиіс;

– плагиатпен ешқашан айналыспау;

– адамдық табиғи жаратылысы туралы дұрыс және жағымсыз жақтарын, тіпті көпшілікке ұнамаса да батыл айта білу керек;

– өзінің жеке мәдениетілігінің құндылығын қадірлеп және оны басқаларға байланыстырмау қажет. Адамдарға қатысты нәсілдік, сексуалдық бағдарына, жасқа, ұлтқа, жыныстық қарым-қатынасқа, дене мүшесінің құрылысының жетіспеушіліктеріне және де әлеуметтік тәнділігіне қатысты стереотиптен аулақ болғаны дұрыс;

– әдеттегідей өз ойларын айта алмайтын жандарға өз ойларын айтуға мүмкіншілігін беру. Ресми немесе бейресми ақпарат көздерінің анық және сенімді болуы әртүрлі дәрежеде болуын есте сақтаңыз.

– жаңалықтар репортажы мен мүдделердің қорғау арасында анық шекараны орнату. Талдау мен түсініктемелер берілген айғақты немесе контексті бұрмаламауы тиіс.

– жанамалар мен жаңалықтарды бөліп алу және екеуінің айырмашылығын жоятын будандардан аулақ болуы тиіс.

Әлеуметтік маңызы бар мәселелердің ашық талқылануын қамтамасыз ету және ресми құжаттарға қол жеткізуін ерекше міндет деп есептеңіз.

Минимум зиянға апарыңыз

Кәсіби этика норманың талаптарын орындайтын журналистер, өздерінің ақпарат көздерін, мақала кейіпкерін және де әріптестерін сыйлауға лайықты адам ретінде көреді.

Журналист міндетті:

– репортаж нәтижесінде зиян келтіру мүмкіндігі бар адамдарға аса көңіл бөлінуі тиіс. Балалар мен қорғансыз деп саналатын ақпарат көздеріне ерекше сергектік көрсету керек;

– ақпарат жинағанда немесе сұхбат алғанда, фотосуретке түсірер алдында сергек болыңыз;

– хабар жинауда немесе оны жариялау алдында біреуге зиян және жан ауруын болатындығына есеп бере отырып, жаңалықты іздеу.

– үкіметке ұмтылатын, беделін көтергісі келетін, өзіне назар аударғысы келетін лауазымды тұлғаларға қарағанда, әрбір қарапайым азамат жеке өмірінің қорғалуы құқығын мойындаңыз. Жеке өмірге қол сұғуға тек қоғамның аса қажеттілігімен ғана мойындалады.

– жақсы талғам үлгісін көрсету. Таң қаларлық оқиғаларға аса назар тұтпау;

– жыныстық қылмыс бойынша кәмелетке толмаған күдіктілердің немесе құрбандарының есімдерін жариялауда аса мұқият болыңыз;

– күдікті адамды ресми қылмыскер деп аталмай жатып, оның есімін жариялауда аса мұқият болыңыз.

– айыпталушының құқығы мен азаматтардың шындықты білу құқығын таразыға салып, теңдікті сақтауға тырысыңыз.

Тәуелсіз түрде әрекет істеніз

Қоғамның хабардар болуына құқығы болмаса, журналист жеке тұлғаның алдында ешқандай міндеттемелері болмауы тиіс.

Журналист міндетті:

– болатұғын немесе туғыза алатын дау-жанжал жағдайлардан аулақ болу;

– кәсібилік адалдық абыройыңызға және сенімізге зиян келтіретін ұйымдарға кірменіз немесе олардың қызметімен шұғылданбаңыз;

Сіздің кәсібилік абыройыңызға зиян келтіретін сыйлықтардан, қызметтердің, тегін жол жүрулерінен, ерекше көңіл-ықыласқа бөлінуінен, бірлесіп жасайтын мемлекеттік лауазымды жұмыстан, жергілікті басқару жұмысынан сақ болыңыз;

– қоғамға қатерлі шарасыз дау-жанжал туралы ашық сөйлеңіз;

– билігі бар тұлғаларға жауапкершілігін мойындатқанда батылдылық және қырағылық көрсетіңіз;

– жарнама берушілерге өздерінің жеке бас пайдасын ойлайтын және сондай-ақ бөлек топтар ұйымының өкілдерінің айрықша назар аударуда келетіндерге аса назар аудармаңыз және белгілі жағдайда жарыққа шығаруда қысымына қарсы келу;

– ақпаратқа ақша ұсынған ақпарат көздерімен қатынаста аса қырағылық танытыңыз.

Есеп беруге міндетті болыңыз

Журналистер оқырмандарға, тыңдаушыларға, көрермендерге және бір-бірімен есеп берулері тиіс.

Журналист міндетті:

хабарды түсіндіріп және оған түсініктеме беріп, қоғаммен кәсіби этика туралы диалогқа ынталандыруы тиіс;

– қоғамның бұқаралық ақпарат құралдарына деген сын сөздерді қабылдаулары тиіс;

– кателерді мойындап оны түзетуге дайын болу тиіс;

– этикаға жатпайтын журналистің және БАҚ тәжірибесін әшкерелеу керек;

Басқаларды үндейтін биік стандарттар асында әрекет жасауы тиіс.

Ресейдің журналистер одағы

Ресей журналистінің кәсіби этика кодексі

1. Журналист әрқашан осы кодексте көрсетілген кәсіби этика принциптеріне сүйене отыра қадам жасауы міндет, оның қабылдауы, мақұлдауы және де орындауы Ресейдің журналистер одағының мүшелігіне шарт.

2. Журналист өз мемлекетінің заңдарын тек кәсіби парызын атқаруда ғана орындап, бірақ ол тек әріптестерінің юрисдикциясын мойындайды, ал үкіметтің не басқа да бір жақтың қысымын мойындамайды.

3. Журналист тек өзіне нақты белгілі болған мәліметті не белгілі ақпарат көзіне сене мағлұматты таратады және түсініктеме береді. Ол толық емес, дәлел емес, қасақана қоғамға маңызды ақпаратты жасыру арқылы, не жалған хабар тарату арқылы бір де бір адамға зиян келтірмеу үшін барлық күшін салады.

Журналист өз қызмет барысында айтып отырған фактілер мен ойын, болжамасын, ұсынысын құру арасында анық бір айырмашылығын көрсетуі міндет, соған қоса ол бейтарап болуы шарт емес.

Өз кәсіби міндеттерін орындау жолында заңсыз немесе лайықсыз мәлімет алу амалдарын қолданбайды. Журналист заңды және жеке тұлғалардың мәлімет, сұрақтарға жауап бермеу құқығын мойындайды, қадірлейді, заңда көрсетілген ерекше жағдайларға сәйкес мағлұмат беру міндеті болмаса.

Жалған немесе бұрмаланған хабар таратқанның білген жағдайда, журналист өз қателігін мақаланы таратуында қолданған полиграфиялық, аудиовизуалдық құралдарды пайдалана отырып жөндеуі міндет. Қажет болған жағдайда кешірімді өз БАҚ арқылы сұрауы тиіс.

Журналист өз қолтаңбасымен, бүркеншік атымен, оның мақұлдауымен таратылған мақала үшін мәліметтің нақтылығы мен әділеттігіне өз атымен және беделімен жауап береді. Аздаған болса да оның еріксіз бұрмаланған мәліметтен бас тартып, өз қолтаңбасынан бас тартуына ешкім тыйым салуға құқығы жоқ.

4. Журналист ақпарат көзінен құпия (конфиденциялық) түрде алынған мәліметті кәсіби құпия ретінде сақтайды. Ешкім оның алған ақпарат көзін зорлық-зомбылықпен айтқызуға хақы жоқ. Аты-жөнін көрсету құқығын бұзу ақпарат көзі әдейі шындықты бұрмалағанда, не ақпарат көзін көрсету адамдарға ауыр зиянның тигізбеуі үшін, ерекше жағдайларда ғана пайдалануы мүмкін.

Журналист интервью алынған азаматтардың сөздерін ресми түрде жарияламауы туралы өтінішін құрметтеуге міндетті.

5. Журналист өзінің жұмысының шек қою қауіптілігіне, кәсіби қудалануға және зорлыққа алып келуі мүмкіндігін толықтай түсінеді. Өз кәсіби міндетін атқарғанда, ол экстримизм мен жеке тұлғалардың құқығының бұзылуына, жыныстық, нәсіліне, тіл, дін, саясаттық көзқарастар және де басқа айырмашылықтарға қарсы шығады.

Журналист өз кәсіби негізде назар аударған объектісі болған адамдардың абыройы мен беделін қадірлейді. Ол нәсілдің, ұлттардың, діндердің, әлеуметтік тегілердің, сонымен қатар дене құрылысындағы жетіспеушілік немесе адамның Ол сондай

мәлімдеулерді жариялаудан тартынады, тек бұл сол ақпараттың мазмұнымен тікелей байланыста болмаған жағдайда болмаса. Журналист адамдардың адамгершілік және денсаулығына зиян жасайтын, қорлайтын айтылуларды қолданудан қашқақтауы міндет.

Журналист соттың дәлелдеуінсіз кез келген адам айыпсыз деген принципті ұстанады. Өз хабарлауларында айыпталушының немесе қылмысы үшін айыпталған кісінің туыстары мен достарының аты-арын атауға тартынады – тек оқиғаның объективті баяндаулары үшін қажет болған жағдайлардан бөлек. Ол қылмыс құрбанының атын атауға, сонымен қатар оның атын анықтауға алып келетін материалдарды жария етуден тартынады. Кәмелет жасқа толмағандардың мүддесіне зиян келтіретін ақпараттарға қатаң түрде айрықша назар бөледі.

Адамның жеке өміріне қол сұғу бойынша журналистік тексеруді тек қана қоғам мүддесін қорғау ғана ақтай алады. Дәрігерлік және соған сәйкес мекемелерге орналастырылған адамдардың жеке өміріне қол сұғуға шек қоюлары міндетті.

6. Журналист өз кәсіби мәртебесін – мемлекеттік басқару органдарында лауазымдық қызметімен, заң шығаратын немесе сот үкіметтің, сонымен қатар саяси партиялардың басқару органдарымен және саяси бағыттағы басқа ұйымдарымен үйлесімсіз деп ойлауы тиіс. Журналист қолына қару алғанда кәсіпшілік қызметінің токтатылатынын ұғынады.

7. Журналист жарнамалық немесе коммерциялық хабарларды таратуына өз абыройын, беделін, сонымен қатар өз кәсіби құқығы және арнайы мүмкіншіліктерің қолдануын лайықсыз деп есептейді. Журналистік және журналистік жарнамалық қызмет этикалық тұрғыда үйлесімсіз деп есептеледі.

Журналист өз мамандығына байланысты алынған жасырын хабарды жеке мүддесі немесе жақын туыстарының мүддесі үшін қолдануына болмайды. Журналист творчестволық қызметтен пайда болатын авторлық құқықты сыйлайды және сыйлауды басқалардан талап етеді. Плагиат болмауы қажет. Өз әріптестерінің жұмысын қолданғанда автордың атына сілтеме жасауы тиіс.

8. Журналист жоғарыда айтылған принциптерді бұзуға алып келетін тапсырмадан бас тартады.

Мәскеу Журналистерінің хартиясы декларация

Адал, азат, кәсіби журналистиканың дамуына, өзара міндеттемелердің нығаюына, тарауына және Ресейде төменде айтылған принциптердің қорғалуына керекті қазіргі хартияны қабылдаймыз және де өзіміздің қол қоюымызбен бекітеміз:

1. Журналист хабардың анықтығына сенімді немесе ақпарат көзін жақсы білген жағдайда ғана түсінік береді және ол хабарды таратады. Ол толық емес не дәлел емес ақпараттармен біреуге зиян келтіруді болдырмауға немесе қоғамдық мәнді нағыз хабарды қасақана жасыруымен немесе жалған мәлімдеулерді таратудан бас тартуға барлық күшін жұмсайды.

2. Журналист жасырын жолмен (конфиденциялық) алынған ақпаратты оны алған ақпарат көздерін кәсіби құпия ретінде сақтайды. Ақпарат көзін ашуға оны ешкім мәжбүр ете алмайды.

3. Журналист өзінің қол қоюымен, бұркеншік атымен немесе аноним, бірақ келісуімен таратылған хабарлаудың анықтығына және пікірінің әділеттілігіне өзінің атымен және абыроймен жауап береді. Ешкім жарым-жарты бұрмаланған хабарлау немесе пікір астында өз қолын қою шешіміне тиым салуға еркіндігі жоқ.

4. Журналист өз қызметінің шек қоюларға, кәсіби қудалануға ұшырауына және зорлық-зомбылыққа алып келетін қауіп-қатерін толық ұғынады. Өз кәсіби міндеттерін орындай отырып, ол – экстремизмге және азаматтық құқыққа шек қоюына қарсылық етеді, өңір белгілеріне қоса нәсілдер, тіл, діндер, саяси немесе басқа көзқарастардың, бірдей әлеуметтік немесе ұлттық тегілер сияқты белгілері бойынша да қандай да бір шектеудің болуына кедергі болады.

5. Журналист қолына қару алғанда кәсіби қызметі тоқталатынын ұғынады.

6. Журналист өз кәсіби мәртебесін – мемлекеттік басқару органдарында лауазымдардың жұмысымен, заң шығаратын немесе сот үкіметтің, сонымен қатар саяси партиялардың басқару органдарымен және саяси бағыттағы басқа да ұйымдарымен үйлесімсіз деп ойлайды.

7. Журналистің кәсіби ауыр қылмысы, қасақана фактілерді бұрмалау, жала жабу, әр бір жағдайда таратылған жалған ақпаратқа төлем алу немесе шындық хабарды жасыру, журналист ешбір

жағдайда мақаланы жариялау үшін үшінші жақтан гонорар не сыйлық алмауы тиіс.

8. Журналист жарнамалық немесе коммерциялық хабарларды таратуына өз абыройын, беделін, сонымен қатар өз кәсіби құқығын және арнайы мүмкіншіліктерін қолдану лайықсыз деп есептейді. Журналист хабарлауларының жариялауға не жасыруға мүдделестерден немесе ақпарат көздерінің өз еңбегіне өзге адамдардан және ұйымдардан төлеулер қабылдамайды.

9. Журналист өз әріптестерінің кәсіби құқығын сыйлайды және қорғайды, адал бәсеке үшін заңды сақтайды. Журналист әлеуметтік, заттық немесе адамгершілік жағынан нашар жағдайда орындауға келісетінін біле тұра, өз әріптесінің жеке немесе кәсіби мүддесіне зиян алып келетін жағдайлардан тыс болуға тырысады.

10. Журналист жоғарыда айтылған принциптерді бұзуға алып келетін тапсырмадан бас тартады.

11. Журналист зорлық-зомбылықтан, қорқытудан, қорлаулардан, адамгершілігіне тиетін зияннан, диффамациядан (жала жабудан) өз құқығын қорғайды немесе сот және басқа азаматтық және қылмыстық заңымен берілген кепілдіктердің бәрімен пайдалана алады.

**Журналистің этикалық кодексі (Латвия)
(1992 жылы 28 сәуірде Латвия журналистері Одағының
конференциясында қабылданды)**

1. БАҚ қоғамдағы ролі

1.1. Сөз еркіндігі мен баспасөз бостандығы – демократияның басты элементтері. Ерікті, тәуелсіз БАҚ – радио, теледидар, баспа өнімдері- қоғамның демократиялық дамуының аса маңызды кепілі болып саналады.

1.2. БАҚ құралдары сөз бостандығы мен баспасөз бостандығын қорғауы үшін атсалысуы қажет. Оларға – ерікті ақпараттық алмасуға немесе ақпараттық көздерді пайдалануға еркін түрде ықпал ету мүмкін күштер қысым жасамауы тиіс, өйткені қоғамдық елеулі маңызды деген мәселелерді талқылауға кедергі жасайды.

1.3. Адам құқын қорғау – Бұқаралық ақпарат құралдарының бірден бір парызы іспеттес.

2. Адалдық және жауапкершілік

2.1. Журналистің негізгі міндеті – азаматтарға дәл және тексерілген ақпаратты жеткізу.

2.2. Фактілерді нақты және объективті және оқиғалар мен құбылыстардың арасындағы басты байланыстарды баса көрсетіп, ешқандай бір бұрмалаушылықсыз беру керек.

2.3. Журналист өзі хабарлаған және баян еткен ақпарат үшін толығымен жауап береді.

2.4. Журналист өзінің ар-ұжданынына кереғар келетін тапсырманы орындаудан бас тартуы тиіс.

2.5. Журналист зияткерлік меншікті құрметтеуге тиіс және ешқандай плагиатқа жол бермеуі керек.

3 Редакциялық жауапкершілік

3.1 Баспасөз заңында айтылғандай, редактор өзі баспасөзде, радиода, теледидарда хабарлаған ақпарат үшін жауап береді. Ол сенімді ақпараттың үздіксіз келіп тұруы мен еркін пікір алмасуды қамтамасыз етуі тиіс.

3.2. Редакция басшылығы редакцияның тәуелсіздігіне кейбір топтардың оған қысым көрсетіп ықпал етуінен қорғай алатын адал адамдардан тұруы тиіс.

4. Ақпарат көздерімен қарым-қатынас

4.1. Журналист ақпарат көзін оның иесінің келісімінсіз алмуы тиіс, егер мұны сот орындары талап етпесе.

4.2. Журналистке өзі хабарлап отырған ақпараттың салдарына оншалықты мән бере бермейтін адамдарға айрықша назар қою керек не болмаса олардың тұжырым жасай не жасай алмауын пайдаланбауы керек.

5. Басылым құқығы

5.1. Журналист ақпарат көзін алғанда аса мұқият болуы керек. Ол хабарлаған мәлімет немесе келтірген цитаталар аса зеректікпен тексерілуі тиіс.

5.2. Журналист өз мақалаларында азаматтардың жеке өмірін, олардың ұлттық және нәсілін, сонымен қатар діни сезімдерін сыйлауы керек.

5.3. Басылымдарда нақты ақпарат түсінік сөзден анық түрде бөлініп тұруы тиіс.

5.4. Жарнаманы авторлық материалдан нақты шектеп берген дұрыс. Соңғысы жарнамаға ұқсамауы керек, өйткені, бұл редакцияның объективтілігіне және редакцияның тәуелсіз екеніне күмән келтіреді.

5.5. Фотосуреттің оригинал емес нұсқасын басқан кезде өте мөте мұқият және зерек болған жөн. Мұндай жағдайда айла-амалдарын жасау мүмкін емес, өйткені бұл оқырмандарды адастырып қателесуге алып келеді. Фотомонтаждар анық-қанық түсірілуі немесе арнайы мәтінмен берілуі керек.

5.6. Журналистер әсіресе сот процестерін көтерген кезде айрықша сақ болуы керек.

5.7. Негізсіз ақпаратты жариялаған жағдайда редакция, тез арада және өте көрнекі жерге беріле отырып кешірім сұрауы тиіс.

5.8. Журналистік материалдарға ілігіп, сынға ұшыраған жеке тұлғалар мен заңды мекемелерге олардың жауабы үшін газет бетінің көрнекі жерінен орын берілуі тиіс.

5.9. Материал авторы оны журналист өңдегеннен кейін барып және тек оның ғана рұқсатымен басылған соң барып таныса алады.

6. Журналист және қоғам

6.1. Журналист демократиялық институттар мен моральдық принциптерді құрметтеуге міндетті.

6.2. Журналист адамгершілік құндылықтарды, бейбітшілікті, адам құқын, халықтардың дербес өмір сүруін қорғауға тиіс.

Журналистің этикалық кодексі (Хорватия)

1993 жылы 27 ақпанда Загребеде Хорватия журналистер Ассоциациясы Ассамблеясында қабылданды

Негізгі принциптері

Ақпарат бостандығы, сөз бостандығы және сын мақала жазу әрбір адамның, оның нәсіліне, азаматтығына, дініне және саяси көзқарастарына ешқандай қатысы жоқ болуы тиіс іспеттес. Қоғамның әртүрлі фактілер мен басқалардың пікірінен хабардар болып отыру секілді негізгі түйіндерден журналистердің негізгі құқы мен міндеттері туындайды.

Журналист өз тәжірибесінде адам құқын, еркі мен қадір-қасиетін қорғап, пікір плюрализмін және құлықтылықты құр-

меттеп, құқықтық мемлекетінің негізін құруға үлес қосуы, саясатшылар мен үкіметтің жұмысын бақылауы тиіс және бұл оның қоғам алдындағы демократиялық міндеті болып саналады.

Журналист Конституцияны қорғауға және қолданыстағы Хорватия мемлекетінің заңдарын, Халықаралық журналистер федерациясының құжаттары мен Жарғысын және адам құқы мен пікірін білдіру және ақпарат бостандығын қорғауға міндетті.

Құқық пен міндеттер

1. Өзінің кәсіптік қызметін атқару кезінде журналист өз кәсібінің негізгі принциптері мен этикалық нормаларын сақтауға міндетті. Егер демократиялық қоғамда баспасөз еркін ашық екенін ескерсек, тәуелсіз түрлі көзқарастарды баяндауға, журналистік зерттеулер жүргізуде журналист бұл үшін жалпы қоғам алдында, заң алдында және өз қоғамының алдында жауапты.

2. Кәсіптік журналистің ақиқатты іздеу жолындағы тәуелсіз және сыни тұжырымдары оның кәсіптік базалық принципі. Сондықтан да ол қоғамдық пікір тудыру мен қалыптастыруда, қоғам үшін едәуір мүдделі болып саналатын, ұжымдық пікір көтеру мәселесінде белсенді болуы тиіс.

3. Кез келген азамат ретінде журналист те саяси немесе басқалай да құмарлықтарға ие болуы заңды. Алайда ол өз жұмысындағы жаңағының бәрінен кәсіптік тұрғыдан алғанда мүлдем шеттетіледі, өйткені болып жатқан оқиғалардан өзінді саналы түрде аулақ ұстау, оқиғаны объективті, кәсіптік тұрғыдан көрсетудің кепілі саналады.

4. Журналист, толық сенімді, толық және әбден тексерілген ақпаратты жолдауы тиіс. Ол өз ақпарат көзінің ұясы саналатын ұйымның және жеке тұлғаның аты-жөнін толық көрсету керек. Ол конфиденциалдылық құқығын қорғап ақпарат көзін айтуы мүмкін, алайда газеттегі ақпарат үшін моральдық, материалдық және қылмыстық жауапкершілікті мойнына алады.

5. Журналист барлық ақпарат көздеріне баруға құқылы, сонымен қатар қоғамдық өмірді құрайтын барлық фактілерді зерттеуге құқы бар. Егер журналистке сұраған ақпаратын беруден қасақана бас тартса, ол бұл туралы жария түрде хабарлауға құқылы.

6. Журналист құқықтық міндетіне жауапты қарап мемлекеттік құпияны жария етпейді. Тиісті ақпараттардың басылымына ол эмбарго тәртібін сақтайды. Егер ол мұндай шектеуді қасақана

дәп, оның мақсаты өзін ақпарат көзіне жібермеу деп санаса ол компетентті органдарға бұл туралы хабарлап жария түрде түсінік талап етеді.

7. Фактілерді түсіндіру арқылы белгілі мәселелер бойынша сөз таластарға беріліп кетуде журналист этиканы сақтап, диалог мәдениетінен аспауы керек. Бұл арқылы ол өзі сөз таласқа түскен адамның қадір-қасиетін құрметтеген болып саналады.

8. Журналист жұмысы қоғамдық сынға ұшырауы мүмкін. Журналист пен редактордың міндетіне барлық ұсыныстарға мұқият құлақ салып, бұл жайлы жұртшылықты жиі-жиі хабарландырып отыруы болып саналады.

9. Журналистің құқығы мен парызы ақпараттың емін-еркін айналымын дамытуға ықпал ету.

10. Журналист өз әріптестерінің басқа да коммуникациялық процесс субъектілерінің авторлық құқығын құрметтейді.

11. Қысқарған немесе өзгерген материалдар сонымен қатар оның негізгі акценттерін оның мазмұнынан алып тастау тек қана автордың рұқсатымен жүреді.

12. Қол қойылмаған немесе бүркеншік атпен қол қойылған материалдар редакциялық болып саналады.

13. Плагиат журналист этикасының кодексімен ешқандай сыйымсыз.

14. Журналист информация жинаудың, фотосурет немесе құжаттар алудың тек қана таза адал әдістерін қолдануға тиіс. Ол шынайы емес немесе заңсыз саналатын нәрселерге қол артпауы керек.

15. Журналистер ассоциясының мүшелері редакциялық тапсырмадан егер ол ассоция жарғысына, этикалық кодекске немесе басқалай кәсіптік этикалық стандарттарға қарама-қайшы келсе бас тартуы мүмкін.

16. Журналист қарапайым адамдардың өмірін оларды негізсіз немесе сенсациялық мақсатта жалпыға жария мақсатында қойылса қорғауы тиіс. Журналистерге бақытсыз жағдай, отбасылық кикілжің, кәмелетке жетпеген балалардың қиын тағдыры жайлы ақпаратты жариялау кезінде журналистерден ерекше жауапкершілікпен мұқияттылық талап етіледі. Соңғы сот жағдайында журналист барлық адамдардың сезімі мен қадір-

құрметіне осы іске араласқан құрметпен қарап, кінәсіздік презумпцияға құрметпен қарауы тиіс. Журналист саяси қарама-қайшылықтарды жазу барысында, қатысушылардың құқықтары мен еркіндігін сыйлауы және біржақты ғана жақтамаушылықты басшылыққа алмауы тиіс.

17. Журналист өзінің тәуелсіз тұжырым жасауына шектеу қоятын уақиғаларға қатыспауы тиіс. Өйткені мұның өзі бірінші жағынан объективті ақпарат беру мүмкіндігін жоғалтса екінші жағынан тексерілмеген фактілердің басылып кетуі оның кәсіптік адалдығына нұқсан келтіреді. Журналист материалды басып шығарғаны үшін қайсыбір жақтың пайдасына шешілуі мүмкін. Ешқандай материалдық немесе басқалай да сыйлық алмауы тиіс. Журналист ақылы жарнаманың немесе басқалай жарнамалық материалдардың авторы бола алмайды.

18. Журналист және журналистер ассоциациясы өз кәсіптерінің адалдығы мен мақсаттылығын қорғай отырып, қауымдастықтың өз ішінде адал да рақымды қарым-қатынас кәсіптік ынтымақтастықтың болуын қорғайды.

Өз жұмысында осы Этикалық кодекс ережелерін басшылыққа алып жұмыс істеген журналист редактордың, жұмыс берушінің, кәсіподақ пен кәсіптік ұйымбасшыларының көмегі мен қолдауына барлық уақытта қол жеткізе алады.

Хорватия журналистері ассоциациясының Жарғысы осы Кодекс ережелерін бұзғандарға санкциялар қарастырылған. Редакция қызметін реттейтін құжаттар Кодекс ережелерін сақтауға жауапкершілік, соның ішінде бұрын ассоциацияда тұрмаған журналистер үшін де белгілейді. Соның ішінде авторлар мен баспашылар да бар.

Бұл жерде олардың мәртебелеріне көп көңіл бөлінбей тұрақты қызметкерлер, штаттан тыс журналистер, келісімшарт негізінде жұмысқа тартылатын авторлар.

Кодексті имплементациялау және қорғау Хорватия журналистері Ассоциациясының жанындағы журналистикалық этика Кеңесінің құзырына жатады.

**Журналистің этикалық кодексі (Венгрия)
(Журналистердің этикалық кодексі
Венгрия журналистерінің
Ұлттық Советінде 1994 жылы қабылданды.)**

Кодекс мақсаты адал әрі этикалық тұрғыдан төтеп бере алған, адам құқын сақтау шеңберіндегі журналистік қызметті, демократиялық қоғам нормалары мен конституциялық мемлекетті насихаттау. Әрине, Кодекс MUOSZ мүшелеріне міндетті екеніне қарамастан Одақ осындағы талаптар мен нормаларды сақтауды оның мүшесі емес журналистерге де сақтауға ұсыныс жасайды. Құқықтық мәселелермен байланысты істер бірінші кезекте соттар мен басқа заңнамалық органдар компетенциясына өтеді, алайда оларға тиісті этикалық мәселелер Кодекстің ережелік құзырына түседі.

1-бөлім. Кодекс ауқымының сферасы.

1. Мінез-құлыққа тиесілі ережелер журналистика мен редакторлықпен айналысатын барлық адамдардың құзырына тарайды. Кодекс сферасының ауқым әрекеті – баспагерлік саласында (мәтіндік және бейнебедерлік) және электрондық БАҚ-тарда жұмыс жасайтын жеке адамдар мен кей ұжымдардың ақпараттық қызмет алаңына тарайды.

2. Этикалық нормалар редакциялық ұжым басшысының жауапкершілік шегін нақты анықтап беруі тиіс.

3. Этика жөніндегі комитет журналистің ереже қағидаларын бұзған бұзбағанын, егер оның соңғысы MUOSZ мүшесі болмаған күннің өзінде анықтап, бұл фактіні жария ете алады.

2-бөлім. Журналистердің жауапкершілігі мен еркіндігі.

1. Журналистер ақпарат алуға құқылы және оны басылымға бастырып, сынмен айналысуға да құқылы. Журналистер Венгрияның конституциялық құрылымын құрметтеуге міндетті. Олардың адам құқын бұзуға құқы жоқ, өшпенділік туғызуға және кейбір жеке халықтар, ұлыстарға, нәсілдерге, діни конфессияларға қатысты құқық бұзушылықты өршітпеуге, жала сөздер таратпауға және жоғарыда аталған адамдардың сол тапқа жататындығы себепті оларды қорлауға құқы жоқ.

2. Мәселе адам құқы жайлы, жеке өмір туралы, заңды тұлға және жеке адамдардың өмірі, қадірі туралы болғанда журналистер аса жоғары зейін танытуы тиіс.

3. Журналистер міндетті:

а) ақпарат тарататын және олардың материалдарының кейіпкерлерімен де ұйымдар мен жеке адамдармен қазіргі заманғы өркениетті қарым-қатынас үлгісін көрсету;

б) фактілер мен мәліметтердің шынайылығын тексеріп, оларды тиісінше шындық формасында жариялап шығару;

с) өзгелердің авторлық құқын сыйлау, соның ішінде өздерімен бірге істейтін журналистердің де;

в) басқа адамдардың шағымы мен арыздарына тыңғылықты әрі толық көлемде жауап беру, егер бұл газеттер мен программалар өздеріне тиесілі болса.

4. Егер журналист бір оқиғаны адал жазатын болса, оны келесі оқиғаны жарыққа шығармадың деп айыптауға болмайды.

5. Журналистер өз пікіріне, көзқарасына және оларды ашық айтуға құқылы. Алайда олар өз пікірлерін редакцияның, жұмыс берушінің және ресми ортаның пікірі етіп бере алмайды.

3-бөлім. Мінез-құлық ережелерінің сақталмауы (бұзылуы)

2-бөлімде сипатталған бұзылған қағидаларды толықтыруда және тілшілердің мінез- құлық әдептерін бұзуы төмендегідей сипатталады.

1. Ақпараттың нақтылығы мен шынайылығын принциптерін сақтау, егер журналист пен бас редактор:

а) егер шындықты жасырып қалғысы келген ниетімен немесе өзінің ар-ожданы төмендігінен хабарда немесе жазбаша сұхбатта қасақана өтірік хабарлама жасаса;

б) алдыңғы бөлімде көрсетілген мәліметтер бойынша, жұмыста өзінің әріптестеріне әртүрлі тәсілдермен ықпал жасауға әрекеттенсе; нақты деректерді жариялауға қиындықтар туғызса немесе мерзімін ұзартса, осылай ақпараттарды өз уақытында тарқатуға кедергі болса;

с) деректерді ашуға тікелей жиналмай қаржылай сыйақы алса немесе талап етсе немесе деректерді арнайы бір көзқараста алуға талпынса;

д) дұрыс түзетілген және негізделгендерді өз еркімен шығарудан бас тарса немесе осындай басылымдарды түзетуге қарсылық көрсетсе немесе ол жайындағы өтініштерді елемесе;

е) жариялаған ақпаратты сот шешімі негізінде жоққа шығару міндетті жариялыққа қасақана кедергі жасаса, мәтінге өзгертулер енгізсе немесе оларға қосымша түсініктемелер берсе.

2. Жариялыққа арналмаған ақпаратты сол ақпаратты алған орынның өтініш білдіруінсіз ақпаратты жарияласа.

3. Авторлық құқыққа қиянат жасаса, егер:

а) өзге адамдардың шығармаларын (интеллектуалды өнімдерді) өз атынан иемденіп жарияласа немесе жариялауға әрекет жасаса;

б) өзгелердің шығармаларын (интеллектуалды өнімдерін) баяндауда мәтіндегі алғашқы мазмұн бұрмаланса; өзгелердің жасаған баяндауларының мазмұнын бұрмалап төлнұсқа кейіпін жасаса немесе өзге тұлғаға қасақана авторлық тақса;

в) авторы нұсқалған сілтемелері жоқ өзге тұлғаның алдын жарияланған және дайындалған жекеменшік және төлнұсқа мәліметтерді өз атынан жарияласа;

г) өз жұмысын жариялауға екі немесе бірнеше баспаларға бір мезгілде берсе, және олардан бұл деректі жасырса немесе алдын жарияланған жұмысты берсе және ол туралы жаңа басылым орнына хабарламаса;

д) автордың келісімінсіз жұмысты жарияласа немесе оны қолайсыз ортаға араластырса немесе автордың келісімінсіз, алдын ала сәйкес келмейтін ортаға келісім жасамай араластырса.

4. Ол тұлғаның беделі мен құқығына қысым көрсетеді, егер:

а) жариялаған деректерді кейіпкерлерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін қаңқу сөз таратса немесе арызданса;

б) адамдарды жеңіл таныстық кейіпте көрсету арқылы негізсіз айыптаса әрі өзін атамаса немесе бөтен атты жамылса;

в) соттың соңғы үкімі шықпастан тұлғаны құқық бұзған деп айыптаса;

г) сұхбат кейіпкерін немесе оның мәлімдемесін негізсіз оның абыройына нұқсан келтіретіндей етіп немесе оның тұлғаның құқығын бұзса;

д) мәлімдеушіні оның келісімсіз кім екенін ашық жарияласа;

ж) авторға оның өтінішін ескермей мәлімдемені көрсетпесе, сұхбаттарға, мәлімдемелерге, сауалнамаларға қиянат немесе оның мәлімдемені қайтып алу туралы өтінішін елемесе және т.б.; жарияланған объектінің келісімінсіз мәтін мазмұнына түбегейлі өзгерістер енгізсе немесе оның мәтін мазмұнын өзгертуге жасаған өтінішін немесе әрі мәліметті сол күйінде жарияласа немесе жариялауды ұйымдастырса; тілшіге сұхбаттанушының айтпаған сөздерін немесе бермеген мәлімдемелерін де айтты деп өтірік әрекет жасаса; өз мәлімдемесінің салдарына және мәніне ерікті баға бере амайтын адамның мәлімдемесін жарияласа.

4-бөлім. Сын және пікірталас құқығын бұзу.

Тілші мына төмендегі жағдайларда мінез-құлық ережелерін бұзса, егер ол:

1. Баспасөз пікірталастарында өзінің қарсыласына оның тұлғалық құқығын бұзатын аламандық көрсетсе;
2. Өз қарсыластың пікірін бұрмалау арқылы өз ойын айтса;
3. Басқа тілшілерге олардың алдында айтқаны үшін кек алу мақсатымен өз сенімін жоғалтса.

5-бөлім. Тілшілік еркіндігіне қиянат жасау.

1. Тілші өз кәсібіне қиянат жасайды, егер ол:
 - а) өзінің жеке тұлғалық ісін қоғамдық мәні бар деп пайдакүнемдік мақсатта ұсынса;
 - б) баспасөзде ақпаратты жариялаймын деп немесе оны жасырып қалып біреуді арандатуды жоспарласа.

2. Егер журналист өзіндегі бар ақпараттық мүмкіндіктерді тікелей немесе жанама түрде өнімнің жеке мүддесі үшін пайдаланса немесе өнімді өндіру, фирма қызметін ақпараттық хабарламалардың жан-жақтығына қойылатын талаптар шегінен тыс пайдаланса немесе бұл хабарлама аудиторияның алдында сенімсіздік тудыратын күйде болса, журналист этикалық нормасын бұзғаны деп есептелінеді.

3. Журналист өзінің мәліметтерінің оқырмандарға, тыңдармандарға, көрермендерге анық болуына бағытталған жарнамасын тілшілердің ғимаратында немесе оның қызмет аясында тікелей немесе жанама түрде жарнамалауға міндетті.

6-бөлім. Кейбір жағдайларда этиканы бұзушылық.

Жоғарыдағы бөлімдерде сипатталған жағдайлардан бөлек, егер журналист этиканы бұзған болса:

а) егер ол өз мамандығының беделін өзінің іс-әрекеттерімен бұзса, әрі оларды құқықтың салдарынан ескермесе;

б) оның атымен басқа журналистің аты сәйкес келген жағдайда қосымша өзгертулер енгізуді ұсынбайды, өзінің қызметін одан ерте бастан автордың өзі егер бұл туралы өтініш жасап тұрса да.

7-бөлім. Этика бойынша Комитеттің шешімі.

1. Этика бойынша Комитет – намыстың қоғамдық бөлімі. Комитеттің басты міндеті – жазалау емес, тараптар арасында өзара мәмілеге келуге қол жеткізу, келісім іздеу, тиісті тараптарды қанағаттандыру әрі татуластыру.

2. Этика бойынша Комитет MUOSZ мүшелерін олардың жұмысымен байланысты әділетсіз аламандықтарға қауіп болғанда, олардың өтініші бойынша зерттеу жүргізеді, қорғайды.

3. Этика бойынша Комитет Қағидасын бұзған жағдайда:

а) келесі шаралар қолданылуы мүмкін:

– талаптарды қанағаттандырған сипатта ресми хаттамаланған (өзара кешірім болуы тиіс);

– кәсіби шебер БАҚ-да бұқаралық кешірім сұрау немесе өзара қанағаттанарлық дәрежеде қол жеткізгендігі туралы хабардар болғысы келген газеттерге және басқа БАҚ хабарлау;

– кінәліге қатысты тергеу ісін жүргізу (редакцияда немесе басқа құзырлы орында);

ә) келесі ықпал етуші шараларды қабылдауы мүмкін:

– ескерту;

– сөгіс;

– қатаң сөгіс;

– 1 жылға дейін мүшелік құқығынан айыру;

– шығарып тастау

4. Этика бойынша Комитет өзі қажет деп тапқан шекте және түрдегі өз пікірі мен шешімін жариялылық ете алады, сонымен бірге өз тәжірибе негізінде қағидасының сол немесе басқа ережелерін түсіндіреді.

5. Тиісті тұлғаны шығару туралы шешім шыққан жағдайда ол MUOSZ Кеңесіне арыздана алады.

8-бөлім. Басқа түрлері.

1. Этика бойынша Комитет өз бастамасымен немесе арыз негізінде тергеу әрекеттерін бастауы мүмкін.

2. Егер мінез-құлық ережелерін сақталмауды қылмыстық жазаға тартатын болса, тәртіп бұзушылық болса әрі сот тергеу ісін жүргізуге себепші болып саналатын тұлғаға арыз берілсе, онда бұл жағдай әдептілікті тексеру үшін жүргізілетін жұмысқа кедергі болмайды, алайда шағым беруге тиісті болмағаны туралы шешімді шығармас бұрын, әдептілікті тексеру барысы тоқтатылуы мүмкін.

9-бөлім.

Журналистердің этика бойынша қағидасын MUOSZ мүшелерінің Жалпы жиналысында қабылданады, өзгертулер енгізіледі немесе алып тастайды (болдырмайды), ал ережелердің әдептілік іс-әрекеттерін – этика бойынша Комитет өз құқықтарын алады.

Журналистердің этика бойынша қағидалары (Польша)

(AJPR) Поляк Республикасының журналистер қауымының үшінші конгресінде 1991 жылы қыркүйекте қабылданды. (AJPR мүшелері – журналистердің этика ережелерін орындауын қадағалаушы негізгі орын – (МСJ) журналистика мен бұқаралық коммуникация ұйымы).

1. Журналистің негізгі мақсаты – анықталған ақпараттарды жинақтау және оны жариялау. Деректерге айла-тәсіл жасау мүмкіндігін берілмейді. Кез келген түсініктемелер мен ұсыныстар ақпараттан ашық бөлініп нақтылануы тиіс.

Журналистердің тергеу істерін жүргізу істеріне ерекше назар салу керек.

Журналист нақты немесе анықталмаған ақпаратты өз басшылығымен түзетуге міндетті. Нақтыланбаған немесе анықталмаған жарияланған ақпарат ешқандай себептермен, қысыммен ақталуға жіберілмейді.

2. Егер мәлімдеме беруші өзінің тұлғасын құпия сақтағысы келсе, журналист кәсіби құпияны сақтауға әрі орындауға міндетті.

3. Жеке өмірді қасиетті деп тануы керек. Сонымен бірге, журналист тұлғаның жеке өмірі туралы ақпаратты жариялау құқығы бар, олар қоғамдық маңызды лауазым иесі болуы мүмкін немесе өз жеке өмірін қоғамның мүлкіне айналдырғысы келген тілегімен жариялануы мүмкін. Әлеуметтік ортада адамды сенімсіз етуге

немесе адамдық беделіне нұқсан келтіру мақсатында абыройын төмендететін әрі балағат сөздерді қолдануға тыйым салынады. Сонымен бірге кез келген арандатуларға тыйым салынады.

4. Сот шешімі шыққанша айыпталушының кінәсі туралы жария етуге болмайды.

5. Соғысты, жауыздықты немесе порнографияны насихаттау мазмұнды мәліметтерді жариялауға жол берілмейді, діни ағымдардағы адамдардың немесе дінге сенбейтіндердің сезімдерін, ұлттық ұшқыр сезімді адамдардың құқығын, сезімдерін және тұлғалық мәдениетін жәбірлеуге, қысымға алуға болмайды.

6. Журналист кәсіби тәуелсіздікті сақтау мақсатында сол немесе басқа мәліметтерді жариялауға немесе жасырып алу үшін өзіне немесе отбасына сыйақы алмауы тиіс. Жабық түрдегі жарнаманы жариялауға болмайды.

7. Маңызды этика қағидасы авторлық құқық. Ашық немесе жабық плагиаты – бұл қағиданы қатаң бұзу болып есептеледі. Басқа бір тілшінің жұмысын пайдалануда осылай немесе басқа маман өкілі. Өз келісімінсіз басқа тұлғалардың мәліметтерін редакциялау немесе пайдалану басқа журналистердің шығармашылық ой-пікірлерін пайдалану сияқты тыйым салынады.

8. Журналистер қоғамында әріптестердің кәсіби шеберлігіне зиян келтіретін немесе арамдық туғызатын іс-әрекеттерге жол берілмейді. Журналист – әріптестеріне олардың мәліметтерін жариялауда қиындықтар туғызуда тыйым салынады.

9. Журналистер қоғамдағы этика қағидаларына қайшылықтар әкелетін тапсырылған тапсырманы тілші орындаудан бас тартуы тиіс.

10. AJPR зиян келтіретін Қауымдастық Ережесін бұзу тілшілер қоғамында талқыланады.

11. Журналист мамандығына сенімсіздік тудыратын іс-әрекеттерге жол берілмейді.

12. MCJ этика қағидаларын сақтамауда жауапкершілікті тек бұзған адам мойнына алады. Бұзған адам нақты анықталғанда немесе редакция оны жасырып қалғысы келмеген жағдайда, жауапкершілік мәліметті жариялау туралы шешім қабылдаған тұлға өз мойнына алады.

13. МСЖ қағидаларын бұзған тұлғаға қарсы санкция, гер жоғары тілшілер соты басқа шешім қабылдасамаса, ол өз күшін бес жылға дейін сақтайды.

14. МСЖ қағидаларын талқылау аймағындағы барлық күдіктілерді қарау жоғары тілшілер сотына тиісті.

15. МСЖ принциптерімен қағидаларын бұзғанда құзырлы тілшілер соты жасалған қателіктердің ауырлығының шамасына байланысты айып тағады: ескерту мен Қауымдастықтың құрамынан шығарып тастауға дейінгі сөгіс жарияланады.

Қырғызстан журналистерінің этика қағидалары (Қырғызстанда 2007 жылдың 8 желтоқсанында журналистердің республикалық съезінде қабылданған)

Журналист қоғамның демократиялану үдерісіне, көп ұлтты Қырғызстанның нығаюына ықпал жасауға міндетті, сонымен бірге елдегі әлеуметтік және экономикалық қайта жаңғыруларды жүзеге асыруға өз ықпалын тигізуі тиіс.

1. Сөз бостандығы мен айыптаулар журналистердің қызметін қарайды.

Журналист сөз бостандығын қорғайды, цензураны енгізуіне немесе ақпаратты бұрмалауға қарсы тұруы тиіс.

2. Журналист пайдакүнемдік мақсатта бір немесе бірнеше топтардың мүддесіне қызмет етуіне тыйым салынады.

3. Журналист ешқандай партия мүшесі болмағаны дұрыс.

4. Журналист қоғам мүддесіне, азаматтар мен адам құқығына зиян келтіретін БАҚ пайдалануына тыйым салынады, соғысты, арссалық, ұлттық аймақтық, діни, әлеуметтік және саяси, шыдамсыздықтарды, жауыздықты насихаттауына тыйым салынады.

5. Жарнамалық мәліметтер ақпараттық және аналитикалық ерекше бөлініп тұруы тиіс.

6. Журналист ешқандай жағдайда өтірік ақпаратты жариялануына болмайды. Журналист барлық әдістермен тарқатылған ақпаратты, егер ол ақпарат шындыққа жанаспаған жағдайда оны түзетуге міндетті.

7. Суреттерді, мәтіндерді, тақырыптамаларды, аудио және видео мәліметтерді редакциялық өңдеуде оларды бұрмалауға жол бермеуге міндетті.

8. Деректер, талқылаушылар мен ұсыныстар бір-бірімен нақты бөлініп тұруы қажет.

9. Журналист өз жұмысында әрбір адамның жеке өміріне құрметпен қарауы тиіс.

10. Тілші балаларға қатысты мәселелерді ашуда ерекше ұқыпты болуы тиіс. Журналист пен редактор кәметке толмаған тұлғалардың жеке өмірін айқындауға негіз болатын кезде және ол үшін ата-аналарынан, қамқоршыларынан рұқсат алуы тиіс. Кәмет жасқа толмаған тұлғалардың жауыздық әрекеттерге қатыстылығы туралы, заңсыз әрекеттері туралы істерді (немесе олардың түр-кейпін тану барысын жүргізгенде) олардың аты-жөнін ашық айтуға тыйым салынады.

11. Сот ісі және тергеу ісі айыпталушы мен күдіктілерді алдын ала айқындауға жол берілмейді. Журналист сот шешімі шыққанға дейін адамды айыпталушы деуге қақысы жоқ.

12. Журналист Қырғызстанның заңнамасында қарастырылған жағдайлардан бөлек өзінің ақпарат көздерін ашпауға құқығы бар.

13. Қарсыластардың пікірі, әрі журналистің сынына ұшыраған объектілер тепе-теңдік ұсынылуы керек.

14. Әлеуметтік зерттеулерді сайлаушы дәйексөздердің мазмұнын бұрмалауға жол бермейді. Азаматтарға тілшілік сауалнама жүргізуде алдын ала белгілі бір нәтижені алу мақсатында ұйымдастыруға тыйым салынады. Журналистердің мәліметтеріндегі кейіпкерлеріне, адамдар мен құбылыстар және жағдайларға қарсы немесе қолдау көрсетуде атын жасырған сарапшылардың айыптауларынан бас тартуы керек.

15. Журналист заңды жолмен ақпарат алу үшін барлық күш-жігерін салуға міндетті.

16. Тілші объективті журналистиканың принциптеріне немесе өзінің жеке сеніміне қайшылықтар әкелетін жағдайды жазуға немесе орындауға құқығы жоқ.

17. Журналист плагиат (әдеби ұрлық) жасамауы тиіс. Мәліметтерді ауызша немесе жазбаша баяндауда ол сол ақпарат көзіне сілтеме жасауға міндетті.

18. Журналистке ақпаратты бұрмалауына немесе құпия қалдыруға, сыйақы алуға жол берілмейді.

19. Журналист БАҚ арқылы өзінің жеке мүддесін ойлауға қақысы жоқ.

20. Журналист өз әріптестеріне зиян келтіруге қақысы жоқ. Журналист кәсібінің мүддесі үшін, адам бәсекелестігі үшін, сөз бостандығы мен ақпараттар үшін әрекет жасауға міндетті, кәсіби ынтымақтастық шегінде өзінің әріптестерінің беделі мен абыройын құрметтеуге міндетті.

Франция тележурналистерінің 18 түрлі этикалық принциптері

1994 жылы 200-ге жуық TF1 Франция телеканалының журналистерімен құралған бұл «кодекс» немесе «хартия» да емес, бұл принциптер жинағы. Оны әр журналист құқықтық нормаларға қоса, орындауға міндетті қосымша ретінде сақтауы тиіс.

1. Көрермендерге деген сыйластық белгілі адамдардың жүйке жүйесіне әсер етуі мүмкін көрсетілімдерді қоюдан бұрын алдын ала ескерту жасауды талап етеді;

2. Көрермендерге деген сыйластық ақпарат айдынындағы қатаң, зұлым көрсетілімдерді жарыққа шығару тек репортажға тығыз қатынасы, байланысы болса;

3. Көрермендерге деген сыйластық порнографиялық сипаттағы көрсетілімдердің экранға шықпауына және де белгілі адамдардың ар-ожданы мен намысына нұқсан келтіру (ұятқа қалдыруы мүмкін) репортажға байланысты кадрларды қолданғанда өте абай болуы қажет;

4. Журналистер «Отбасы, жанұя және балалар әлемі» тақырыбындағы репортаж түсірілімдерін жасағанда белгілі бір ереже, такт қолданған жөн.

5. Журналистер белгілі оқиғаның екі жақты қарама-қайшы пікірлерін жеткізуде өз міндетіне алуы тиіс және екі жақтың бірі диалог (жауап беруден бас тартса) мұны міндетті түрде репортажда айтуы тиіс;

6. Қажет емес, қажеттілігі аз қайталама кадрлардан сақ болу қажет, әсіресе олар репортажда кейіпкердің айтып жатқан сөзіне кір келтірсе, көрермен күмәнін тудырса;

7. Сот істеріне байланысты репортаж түсірілімдерінде өте сақ болған жөн, сот шешімі шықпай көрермендер тарапынан репортаждан соң жала жабу, объект туралы пікір қалыптастыру тумауы тиіс;

8. Көрермендерге деген сыйластық, жеке өмірге деген сыйластық ақпарат кеңістігінде назар аударылған отбасыға журналистер мазасын алмуы тиіс;

9. Әркез адамдар журналистке жалған ақпарат берсе, сөз бұрмалау, екі сөйлеу, екіжүзділік сипаттары таныла бастаса, оған қарсы қорғану шараларын қолдану қажет, әйтпесе жалған ақпарат тұтқыны болып қалуыңыз ғажап емес;

10. Журналистер жасырын камерамен түсірілген материалдарды эфирге бермеуі тиіс, егер сюжет немесе репортаждағы адам қоршаған ортаның танылуына іліксе;

11. Франция журналистеріне қылмыс іс-әрекетін түсіруге, олардың ұйымдастырушы өкілдерін қылмыс барысында түсіруге қатаң тыйым салынады;

12. Балаға қарсы қылмыс жасалса, бала ұрлау, тонау әрекеті орын алса, журналистер отбасы мүддесін бірінші орынға қоюы тиіс;

13. Журналистер бағдарлама аясында эфирге күштеу, мәжбүрлеу әрекеті арқылы сұхбат беруден, алудан бас тартуы тиіс;

14. Франция тележурналистері эфир уақытын еш жағдайдан тыс тұлғаларға мәжбүрлеу сипаты арқасында да бермеуі қажет, егер ол адам өмірінің қауіпсіздігімен ғана байланысты болмаса;

15. Журналистер мына жағдайларда өте сақ болуы қажет: дала, көше сұхбатында, телефон арқылы жүргізілген қоғамдық сауалнама статистикасына жүгінгенде, себебі, ақпараттың репортаж немесе сюжетте бұрмалау сипаты көрініс табуы мүмкін;

16. Журналистерге мұрағат жазбаларын сюжет немесе репортаж аясында қолданғанда өте абай болуы қажет, сюжет немесе репортажда мұрағат бөлімінен алынған материал екендігін ерекше ескеріп, белгіленуі қажет, бұл материалдың бытыраңқы, шашыраңқы болуынан сақтайды;

17. Егерде журналиске болған оқиға барысын қайта құру, қайта жаңғырту қажет болса, бұл міндетті түрде комментарий немесе белгілі жазба арқылы көрініс табуы қажет.

18. Журналистерге өз мүддесі үшін қылмыс іс-әрекеттерін түсіру немесе бір болмаса топтасқан адамдардың белгілі бір оқиғасын қайта құру аспектілерін камера алдында түсіру, ол үшін қаражат алу Франция тележурналистикасында мүлде ойға қонымсыз болып табылады.

Франция мемлекетінің «20 минут» атты газетінің этикалық кодексі

Францияда шығатын «20 минут» газеті тегін таратылатын күнделікті газет болып табылады. Алғаш басылым 2002 жылы Париж қаласында, кейіннен провинциалды қалаларында жарық көрді. Бұл газеттің бір бөлігінде 1918 жылы қабылданған Франция журналистерінің Ұлттық кәсіподақ Хартиясы мен 1971 жылы қабылданған Журналистердің құқықтары мен міндеттері жайлы Мюнхен декларациясы жарияланды.

«20 минут» газетінде қызмет етушілер мына ішкі құрылымдық тәртіпті орындауы тиіс:

Жұмыстан тыс уақытта:

Кез келген «20 минут» газетінің құрылымынан тыс жұмыстарды (мақала, кітап жазу, телевизия бағдарламасын дайындау т.с.с.) жасауда журналистер «20 минут» газетінің басшылығынан міндетті түрде жазбаша түрде рұқсат алуы қажет.

Мына жағдайларда рұқсат берілмейді:

– Тікелей журналистикаға қатысы жоқ жұмыстар (корпоративті кештерді жүргізу, баспасөзге материал жинақтау, жарнама брошюрлеріне жылдық есеп жазу);

– Штаттан тыс көпшілік тұтынатын журнал басылымдарында қызмет ету;

– «20 минут» газетіне бәсекелес БАҚ-тарда жұмыс істеуге.

Ісапарға шыққан журналиске мынадай жағдайда ақша төленеді: Егерде іссапар барысында жаңа ақпарат көздері ашылса.

Мәдениет туралы

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы
24 желтоқсандағы № 56 Заңы

МАЗМҰНЫ

Осы Заң мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдық негіздерін белгілейді, қазақтың ұлттық мәдениетін, Қазақстанның басқа халықтарының мәдениетін жасау, жаңғырту, сақтау, дамыту, пайдалану және тарату саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді.

1-тарау

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

– мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы;

– мәдениет саласындағы қызмет – мәдени құндылықтарды жасау, жаңғырту, сақтау, тарату, сондай-ақ оларға азаматтарды баурау жөніндегі қызмет;

– мәдени құндылықтар – адамгершілік және эстетикалық мұраттар, мінез-құлық нормалары мен үлгілері, тіл, диалектілер мен сөйлеу ерекшеліктері, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тарихи топонимдер, фольклор, көркем кәсіпшілік пен қолөнер, мәдениет және өнер туындылары, тарихи-мәдени маңызы бар мәдени қызметті ғылыми зерттеудің нәтижелері мен әдістері, үй-жайлар, ғимараттар, заттар мен технологиялар, тарихи-мәдени тұрғыда бірегей аумақтар;

– шығармашылық қызмет – бұл мәдениетті, соның ішінде әдебиетті, өнерді, дизайнерлік, сәулет, зерттеу және өзге де шығармашылық қызметті жаңғырту мен дамытуға үлес қосатын қызметтің барлық түрлері болып табылады;

– шығармашылық қызметкер – мәдени құндылықтарды жасайтын және (немесе) талғап-талдап туындататын жеке адам;

Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени мұрасы – мемлекеттік маңызы бар, сол себепті Қазақстан Республикасына

өзге мемлекеттерге беру құқығынсыз басыбайлы қарайтын мәдени құндылықтар жиынтығы;

– мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат – бұл мәдениетті жаңғырту, сақтау, дамыту және тарату жөнінде мемлекеттік органдар қолданатын шаралардың кешені;

– продюсер – спектакльге иелік етуші, режиссер-қоюшы және директор-реттеуші;

– порнография – жынысқа, жыныстық қатынастарға қатысты әлденелерді бейнелеудегі әдепсіздік, шектен шыққан арсыздық.

2-бап. Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңдары

Қазақстан Республикасының мәдениет туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінен және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

3-бап. Мәдениет саласындағы мемлекеттік саясат принциптері

Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы мемлекеттік саясаты:

– азаматтардың шығармашылық қызметінің еркіндігі;

– мәдени құндылықтарды жасау, пайдалану және таратудағы барлық азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі;

– тарихи және мәдени мұраларды қорғау;

– ұлттық және дүниежүзілік мәдениет құндылықтарынан сусындауға, меншік нысандарына қарамастан, барлық оқу, тәрбие ұйымдарында балаларға, оқушы жастарға эстетикалық тәрбие беруге мүмкіндік туғызатын білім мен тәрбие беру жүйесін дамыту;

– мәдениет саласында монополистік ағымдарды болдырмау;

– мәдениетті қаржыландыруда бюджеттік, коммерциялық және қайырымдылық негіздерді ұштастыру;

– мәдени қызметті ұйымдастырудың мемлекеттік және қоғамдық негіздерін ұштастыру;

– кәсіби және кәсіби емес (әуесқойлық) шығармашылық қызметті ұштастыру;

– қазақтың ұлттық мәдениетінің тұтастығын сақтау мен өзара байытылу факторларының бірі ретінде шетелдерде тұратын қазақтармен мәдени байланыстарды дамыту принциптері негізінде жүргізіледі.

Мемлекет мәдениетті дамытудың негізгі бағыттарын жасау кезінде жариялылық, ашықтық болуына кепілдік береді.

4-бап. Мәдениет саласындағы мемлекеттік-құқықтық реттеу

Қазақстан Республикасы мемлекеттік уәкілетті органдар арқылы:

– мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі шараларды белгілейді;

– қазақтың ұлттық мәдениетінің қайта жаңғыруын, сақталуын, дамытылуын және таралуын қамтамасыз етеді;

– басқа да ұлттық мәдениеттердің сақталуына, дамытылуына, таратылуына қамқорлық жасайды;

– эстетикалық тәрбие беру үшін жағдайлар жасайды, мәдениет саласында көркемдік білім беруді және ғылыми-педагогикалық қызметті қамтамасыз етеді;

– мәдениеттің инфрақұрылымын дамытуды және материалдық-техникалық базасын нығайтуды қамтамасыз етеді;

– мәдени құндылықтарға еркін жол ашылуын қамтамасыз етеді;

– азаматтардың Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына қайшы келмейтін шығармашылық қызметіне кез келген түрде араласуға жол бермейді;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес монополистік қызметті реттеп және шектеп отырады;

– шығармашы қызметкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды;

– мәдениет саласындағы қызметті конституциялық құрылыстың күштеп өзгертілуін, Қазақстан Республикасының тұтастығының бұзылуын, мемлекет қауіпсіздігінің әлсіретілуін, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ қатыгездікті, зорлық-зомбылықты, порнографияны насихаттау мен үгіттеуге тыйым салу арқылы шектейді;

– мәдени қазыналардың заңсыз әкетілуіне және оларға меншік құқығының берілуіне кедергі жасайды, олардың кез келген заңсыз иеліктен қайтарылуы үшін шаралар қолданады;

– мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық үшін жағдай жасайды.

2-тарау

АЗАМАТТАРДЫҢ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

5-бап. Азаматтардың шығармашылық қызметпен айналысу құқығы

Азаматтардың өз қабілетін жұмсау саласын, оны іске асыру және кәсіптік білім алу түрлерін дербес таңдау жолымен еркін шығармашылық қызметпен айналысуға құқығы бар.

Адамның шығармашылық қызметпен айналысу құқығы кәсіби негізде де, кәсіби емес (әуесқойлық) негізде де жүзеге асырылуы мүмкін.

Кәсіби және кәсіби емес шығармашы қызметкерлер авторлық құқық пен сабақтас құқықтар, санаткерлік меншік, шеберлік құпиясын сақтау, өз еңбегінің нәтижелеріне еркін билік ету, мемлекеттен қолдау табу құқығы саласында тең қақылы.

Мемлекет шығармашылық үрдісіне заңсыз араласудан азаматтарды қорғайды.

Мәдениет саласында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес жүзеге асырылады.

6-бап. Кәсіби шығармашылық қызмет

Азаматтардың кәсіби шығармашылық қызметі ұжымдық түрде де, үшінші адамдарды тарта отырып та дербес немесе жеке-дара негізде жүзеге асырылады.

7-бап. Шығармашылық қызмет нәтижелерін еркін іске асыру

Азаматтардың шығармашылық қызмет нәтижелерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес еркін іске асыруға құқығы бар.

8-бап. Мәдени қазыналардан сусындау құқығы

Азаматтардың мәдени қазыналардан сусындау құқығы қамтамасыз етіледі. Бұл құқықты шектеу тек мәдени қазыналардың ерекшелігімен және олардың сақталуын қамтамасыз етудің ерекше жағдайларымен ғана белгіленуі мүмкін.

9-бап. Азаматтардың мәдениет саласындағы міндеттері

Азаматтар:

Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы заңдарының талаптарын орындауға;

- тарихи және мәдени мұраны сақтауға, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғауға;
- қазақ халқының, Қазақстандағы басқа да халықтардың тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, дәстүрін құрметтеуге міндетті.

3-тарау

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІБИ ШЫҒАРМАШЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

10-бап. Кәсіби шығармашы қызметкер

Қазақстан Республикасының азаматы, не шетелдік азаматтығы жоқ адам мына факторлардың бірі болған жағдайда:

– өз туындыларын басып шығару, оқу, кино-, теле- немесе бейне туынды жасау, көрмелер ұйымдастыру және сол сияқты шығармашылық қызметіне сәйкес келетін әдістермен жұртшылық назарына ұсынғанда;

– шығармашылық еңбегі үшін шығармашылық нәтижелерін са-
тудан түскен түсім, қаламақы, жалақы, шығармашылық қызметтен
түсетін комиссиялық және басқа да табыстар түрінде сыйақы
алғанда;

– салық салынған кезде осы қызмет есепке алынғанда;

– оқу орнынан не оқытуға лицензиясы бар маманнан кәсіби
шығармашылық білім алғанда;

– мемлекеттік наградалармен марапатталғанда, мәдениет
саласындағы қызметі үшін атақтар, айырым белгілері, жүлделер
мен сыйлықтар берілгенде;

– қызметкердің шығармашылық қызметінің сипатына сәйкес
келетін кәсіби шығармашылық ұйымға мүше болғанда;

– мәдениетті кәсіби насихаттағанда, лицензиясы мен тиісті
біліктілігі бар оқу орындарында, мәдениет үйлері мен сарайларын-
да білім мен тәрбие бергенде кәсіби шығармашы қызметкер деп
танылады.

11-бап. Кәсіби шығармашы қызметкердің құқықтары

Кәсіби шығармашы қызметкер Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құқықтарды, соның ішінде:

- шығармашылық бостандығын қорғау құқығын;
- кәсіби құпияларды қорғау құқығын;
- өз қызметіне продюсерлер ретінде үшінші адамдарды тарту құқығын;
- мәдениет саласында саясатты қалыптастыруға қатысу құқығын;
- шығармашы қызметкерге оның құқықтары мен бостандықтарын бұзу арқылы келтірілген залалды өтеттіру құқығын;
- шығармашылық және кәсіби мүдделер бойынша қоғамдық бірлестіктер, қауымдастықтар мен одақтар құру құқығын пайдаланады.

12-бап. Кәсіби шығармашылық ұжым

Мәдениет саласында бірлескен күш-жігерді керек ететін шығармашылық қызметті жүзеге асыру үшін еріктілік негізінде кәсіби шығармашы қызметкерлерден ұжым құрылып, ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес заңды тұлға құқығына ие бола алады. Шығармашылық қызметпен айналысу құқығын іске асыруға байланысты құқықтық қатынастарда шығармашылық ұжым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес біртұтас субъект ретінде әрекет етуге құқылы.

13-бап. Кәсіби шығармашы қызметкерлерді әлеуметтік қорғау

Зиянды өндіріспен, өте қатерлі іспен, кәсіптік ауруға шалдығу қаупімен және өзге де факторлармен байланысты қызмет істейтін кәсіби шығармашы қызметкерлерді әлеуметтік қорғау мен сақтандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

4-тарау

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

14-бап. Мәдениет саласындағы қызметті ұйымдастыру

Филармониялар, оркестрлер, театрлар, студиялар, мектептер, шеберханалар, орындаушы ұжымдар, мұражайлар, кино-театрлар, бейнесалондар, кітапханалар, көркемөнер салонда-

ры мен галереяларын, мәдени-ағарту ұйымдарын, зерттеу және қалпына келтіру орталықтарын, мәдени-тарихи орталықтарын, мәдени-тарихи қорықтар, аймақтар және басқа да мәдениет ұйымдарын құрып, олардың жұмыс істеуін камтамасыз ету жолымен мәдени қазыналарды жасау, насихаттау, тарату, пайдалануға беру және қорғау мәдениет саласындағы қызмет деп танылады.

Мәдениет саласындағы қызмет Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

15-бап. Мәдениет саласындағы субъектілер

Мәдениет саласындағы қызметті Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, меншік нысанына қарамастан қоғамдық бірлестіктер, шығармашылық ұжымдар және басқа да ұйымдар жүзеге асыра алады.

16-бап. Мәдениет ұйымдарын құру, тіркеу және олардың жұмыс істеуі

Мәдениет ұйымын құру, тіркеу, қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Мәдениет ұйымы өз қызметін жүзеге асыруға мемлекеттік тіркеуден кейін кіріседі.

Құрылтайшылар мен мәдениет ұйымдары арасындағы қатынастар жарғымен және өзге де құрылтай құжаттарымен белгіленеді.

Мәдениет ұйымы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қызметтің кез келген түрімен айналысуға құқылы.

Мәдениет ұйымдарының қызметкерлерін міндетті әлеуметтік сақтандыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда ғана мәдениет ұйымын тіркеуден бас тартылуы мүмкін.

17-бап. Кәсіби емес шығармашылық (әуесқойлық) бірлестіктер

Кәсіби емес шығармашылық (әуесқойлық) бірлестіктер мен ұжымдар азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, мәдениет ұйымдарының, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың бастамасы бойынша құрылып, заңды тұлға ретінде тіркеледі және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жұмыс істейді.

18-бап. Театрлар

Театрларда шығармашылық қызметтің нақты еркіндігін қамтамасыз ететін құқықтардың бәрі болады, олар көркемдік бағыттар, репертуар таңдауда және спектакльді көпшілік алдында орындау туралы шешім қабылдауда, сахналық туындыларды жасау мен таратуда тәуелсіз болады, сондай-ақ тиімді шығармашылық және өндірістік даму үшін қажетті, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін іс-қимылдарды жүзеге асырады.

19-бап. Концерттік ұйымдар

Концерттік ұйымдар біртұтас жүйе құрайды, оның үйлестіруші орталығы Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы болып табылады.

Концерттік ұйымдар өнер мен мәдениет туындыларын, сондай-ақ орындаушы ұжымдар мен жеке орындаушылардың шығармашылығын кең таратуға тиіс. Концерттік ұйымдар шығармашылық бағдарламалар жүргізу мен репертуар таңдауда дербес болады.

20-бап. Шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың гастрольдік қызметі

Шығармашылық ұжымдар мен орындаушылардың Қазақстан Республикасы аумағында шарттар негізінде тікелей байланыстар арқылы гастрольдер өткізуге құқығы бар.

Шығармашылық ұжымдар мен жекелеген орындаушылар шетелдік гастрольдерді авторлар мен сабақтас құқық иелері құқықтарының сақталуын қамтамасыз ететін шарттар негізінде өткізеді. Шығармашылық ұжым немесе орындаушы шарттар ережелерінің орындалуы үшін толық жауапты болады.

21-бап. Мәдени ойын-сауық ұйымдары

Мәдени-ойын-сауық ұйымдары – күнделікті регламенттелмеген қарым-қатынас (клубтар, мәдениет және демалыс парктері, мәдениет үйлері мен сарайлары және басқалар), жеке адамды, өнерпаздық халық шығармашылығын дамыту орталықтары.

22-бап. Шығармашылық тапсырыстар

Мәдениет және өнер органдары, ұйымдары, шығармашы қызметкерлер өнер туындыларын, концерттік бағдарламалар жасауға, мәдениет саласында қызмет көрсетуге ұйымдардан, қоғамдық бірлестіктерден, коммерциялық құрылымдардан, жеке-

леген азаматтардан әлеуметті тапсырыстар алады. Әрбір тараптың өзара қатынастары олардың арасында жасалатын шарттармен реттеледі. Шарттарды Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шығармашылық ұжымдар мен жекелеген орындаушылар жасаса алады.

23-бап. Кітапхана ісі

Кітапхана ісі мәдениет саласы ретінде ақпараттық, білім беру және мәдени-ағарту қызметінің негізі болып табылады.

Кітапханаларды орталық, жергілікті атқарушы органдар, заңды және жеке тұлғалар құруы мүмкін.

Кітапханалардың баспа өнімін сатып алуға және таратылатын кітапханалардың қорларын бірінші кезекте сатып алуға басым құқығы бар. Республикалық, облыстық кітапханалар баспа өнімінің міндетті даналарымен баспагерлер есебінен қамтамасыз етіледі. Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен кітапханалардың басқа да құрылтайшылары кітапханалар қорларының жинақталуын және сақталу жағдайларын қамтамасыз етеді.

Кітапхана қорын жоғалтқан немесе қасақана бүлдірген және оны құны тең затпен алмастыра алмаған кезде пайдаланушы оның он еселенген мөлшердегі нарықтық құнын төлейді.

24-бап. Мұражайлар

Қазақстан Республикасында бағыт-бағдары мен меншік нысандары әртүрлі мұражайлар жұмыс істейді. Мұражайлар материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін зерделеуді, есепке алуды, сақтауды және жұртқа танытуды қамтамасыз етуге тиіс.

Мұражай мұрағаттарын мемлекеттік мұражайлардан жеке-меншікке беруге тыйым салынады. Мемлекеттік мұражайлар тарихи, ғылыми және мәдени құндылық болып табылатын заттар мен объектілерді сатып алуда басым құқықты пайдаланады. Барлық мұражайлар жұртшылықтың келуі, ғылыми жұмыс үшін, соның ішінде мұражай басшылығы (құрылтайшысы) белгілеген, тиісті мәдениет органымен келісілген тәртіппен тегін негізде кіруі үшін ашық болады.

25-бап. Мәдениет ұйымдарына «Ұлттық» мәртебесін беру

Қызметінің ерекше мемлекеттік және қоғамдық мәні бар мәдениет ұйымдарына, жекелеген ұжымдарға Қазақстан Республи-

касы Үкіметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті «Ұлттық» мәртебесін береді.

«Ұлттық» мәртебесін беру мен оның күшін жою тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін тиісті ережемен белгіленеді.

5-тарау

МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ-МӘДЕНИ ИГІЛІК

26-бап. Мәдени құндылықтар

Меншік нысанына қарамастан, көркемдік, тарихи, археологиялық және этнографиялық маңызы бар объектілер мәдени құндылықтар болып табылады. Мәдени құндылықтарға өзгелердің ішінде мыналар жатады:

- археологиялық материалдар;
- сирек кездесетін коллекциялар мен көне заттар, оның ішінде полотноларды, картиналарды, суреттерді, гравюраларды, литографияларды, эстамптарды, мүсіндік туындыларды қоса өнер туындылары, сәндік-қолданбалы өнер мен халық кәсіпшілігінің туындылары;
- дизайнерлік жасалымдар мен сәулеттік жобалар;
- сирек кездесетін қолжазбалар, қолтаңбалар, құжаттар, хаттар жинақтары, кітаптар, басылып шыққан басылымдар және олардың коллекциялары;
- мәдениет қайраткерлерінің өміріне не ірі тарихи оқиғалар мен аса көрнекті адамдарға байланысты сәулет ескерткіштері, мемориалдық қорымдар, сондай-ақ парк және табиғи-ландшафттық объектілер;
- жеке немесе коллекциядағы почта маркалары, өзге де филателистік материалдар;
- теңгелер, медальдар, мөрлер және басқа да коллекциялық материалдар;
- бірегей музыкалық аспаптар;
- архивтер, архив қорлары және дыбыстық, фото, бейне және киноархивтермен қоса коллекциялар, сондай-ақ ғылыми-техникалық құжаттамалар;

– этнологиялық және антропологиялық материалдар;

– өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің, минералогияның, анатомияның сирек кездесетін коллекциялары мен үлгілері және палеонтология үшін ынта-ықылас туғызатын заттар;

Қазақстан Республикасы халықтарының өміріндегі тарихи оқиғаларға, қоғам мен мемлекеттің дамуына, ғылым мен техника тарихына, сондай-ақ аса көрнекті ғылым, мемлекет, мәдениет және өнер қайраткерлерінің өміріне байланысты объектілер.

27-бап. Мәдени құндылықтарды әкелу және әкету

Мәдени құндылықтарды әкелу мен әкетуді заңды және жеке тұлғалар мемлекеттің бақылауымен, мәдени қазыналардың шыққан жерін, кімнің бергенін, құны мен сипаттамасын көрсете отырып, жүзеге асырады.

Мәдени құндылықтарды әкелу мен әкетуге рұқсатты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органы береді.

Мәдени құндылықтарды әкелу мен әкету режимі сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасы аумағында жасаған немесе тапқан объектілеріне де қолданылады.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге арнайы рұқсатсыз әкетілген мәдени құндылықтар уақытына, мән-жайларына және әкетілген орнына қарамастан міндетті түрде қайтарылуға тиіс.

28-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің Мемлекеттік тізілімі

Мәдени мұраны сақтау мақсатымен осы Заңның 26-бабында көрсетілген ерекше құнды объектілер Мемлекеттік тізілімге енгізіліп, оларға ұлттық-мәдени игілік мәртебесі беріледі.

Мемлекеттік тізілімді Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органы жүргізеді, оған атқарушы және өкілді органдар Мемлекеттік тізілімге енгізілуге жататын объектілер туралы мәліметтер беріп отыруға міндетті. Жаңа объектілердің табылуына қарай жаңа ақпарат беріледі.

Мемлекеттік уәкілетті орган ұлттық-мәдени игілік объектілерінің сақталуын, меншік нысандарына қарамастан оларды азаматтардың еркін пайдалану құқығының жүзеге асырылуын, меншік иесі туралы деректерді (оның талап етуі

бойынша) жария етпеуге кепілдік бере отырып (жергілікті атқарушы органдармен, меншік иелерімен немесе пайдаланушылармен бірге) бақылайды және қамтамасыз етеді.

Азаматтар мен ұйымдардың объектілерді Мемлекеттік тізілімге енгізу туралы өтініштері Қазақстан Республикасының мемлекеттік уәкілетті органының қарауы үшін міндетті болып табылады. Аталған өтініштерді беру ондай объектілерге мәселе түбегейлі шешілгенге дейін, бірақ екі айдан аспайтын уақытқа ерекше пайдалану режимін уақытша беру үшін негіз болып табылады.

29-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің ерекше режимі

Мемлекеттік тізілімге енгізілген объектілер азаматтық айналымнан алынады және оларды арнайы рұқсатсыз жоюға, басқа жерге ауыстыруға, өзгертуге, көшірмелеуге немесе жаңғыртуға болмайды, сондай-ақ кешенді күйінде ерекше көркемдік немесе тарихи ынта туғызатын заттардың коллекциясын немесе жинағын бөлшектеуге де болмайды.

Ұлттық-мәдени игілік объектілерін олардың тарихи, көркемдік және діни мақсатымен сыйыспайтын қандай түрде болса да пайдалануға жол берілмейді. Діни-табыну ұйымдарына тиесілі және мәдени құндылықтар болып табылатын заттар олардың табыну мақсатын ескере отырып пайдаланылуы мүмкін.

Ұлттық-мәдени игіліктің ерекше режимі туындыға оның авторының (авторлары) тірі кезінде және ол (олар) қайтыс болғаннан кейін елу жыл бойы қолданылмайды.

Сәулет ескерткіштерін пайдалануда мәдениет мекемелеріне басым құқық беріледі.

Ұлттық-мәдени игілік объектілерін тиісінше күтіп ұстау мен сақтау міндеттері олардың иелеріне немесе пайдаланушыларына жүктеледі. Аталған міндетті орындамау берілген құқықты сот тәртібімен өтемді негізде алып қоюға әкеп соқтырады. Меншік иелерінде немесе пайдаланушыларда ұлттық-мәдени игілік объектісін күтіп ұстауға материалдық немесе өзге де мүмкіндіктер болмаған жағдайда шығынды мемлекеттің өзі көтереді.

Ұлттық-мәдени игілік иелерінің құқықтарын жүзеге асыру бақылаумен және заңда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылып, Қазақстан Республикасының ұлттық-мәдени игілік объектілері са-

тылатын жағдайда оларды сатып алуға мемлекетке басым құқық беріледі.

30-бап. Ұлттық-мәдени игілік объектілерін елден тыс жерлерде пайдалану

Уақытша экспозициялар, гастрольдік қызмет, жанғырту жұмыстары, таныстыру, халықаралық мәдени шаралар өткізу жағдайларын қоспағанда, ұлттық-мәдени игілік объектілерін республикадан тыс жерлерге әкетуге тыйым салынады.

Ұлттық-мәдени игілік объектілерінің елден тыс жерлерде болу мерзімі жылына алты айдан аспауға тиіс.

6-тарау

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

31-бап. Мәдениет саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Қазақстан Республикасы мәдениет саласында халықаралық ынтымақтастықты, оның ішінде кәсіби және кәсіби емес шығармашылық ұжымдар, мамандар мен студенттер, мәдени қазыналар мен мәдениет саласындағы қызмет нәтижелерін, сондай-ақ мәдениеттің түрлі салаларындағы ұйымдастырушылық қызмет тәжірибесін алмасуды дамытуға жәрдемдеседі.

Алмасу тәртібі халықаралық келісімдермен және қолданылып жүрген заңдармен реттеледі.

32-бап. Мәдениет саласындағы халықаралық ұйымдарға қатысу

Қазақстан Республикасы аумағында халықаралық және шетелдік коммерциялық емес үкіметтік емес мәдени бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) құрылуы мүмкін.

Мәдениет ұйымдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және өзінің құрылтай құжаттарында белгіленген тәртіппен аталған бірлестіктерге кіруге, сондай-ақ нысаналы қайырымдылық түсімдеріне билік етуге құқылы.

7-тарау МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

33-бап. Қаржыландыру көздері

Қазақстан Республикасында мәдениетті сақтау мен дамытуға мемлекеттік кепілдіктердің негізі мемлекеттік қаржыландыру болып табылады.

Мәдениет саласын қаржыландыру бюджет және бюджеттік емес қаражат, сондай-ақ мәдениет ұйымдарының өз қызметі нәтижесінде алынған қаражат, басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

34-бап. Мәдениетті дамытуға қосымша тартылатын қаражат

Мәдениетті қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан алынған қайырымдылық қаражаты, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өзге де қаражат қосымша тартылады.

Мәдениетті дамыту үшін қаражат тарту мақсатында мәдениетті дамыту қорларының құрылуы мүмкін, олар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырады.

Мәдениетті дамыту қорлары қаражатын (соның ішінде валюта қаражатын) құрау мен жұмсау тәртібін Үкімет белгілейді.

35-бап. Мәдениет саласына қаражат жұмсау

Мәдениет саласын қаржыландыруға бөлінетін қаражат тек нысаналы мақсатқа:

- мәдениет ұйымдарының негізгі қызметін қаржыландыруға; мәдениет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды қаржыландыруға;
- мәдени құндылықтар сатып алуға;
- мәдениет саласында халықаралық және ұлттық шаралар өткізуге пайдаланылады.

8-тарау МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ҚҰҚЫҚТАРДЫҢ ҚОРҒАЛУЫ

36-бап. Мәдени құндылықтарға жеңілдікпен қол жеткізу

Ұлттық-мәдени игілікпен байланысты қызмет атқаратын мәдениет ұйымдары апта сайын мектеп жасына дейінгі балалар,

оқушылар, зейнеткерлер мен мүгедектер үшін тегін кіретін күндер белгілеуге міндетті.

37-бап. Қазақстан Республикасы халықтарының мәдени өзіндік ерекшелікке құқығын қорғау

Қазақстан Республикасы халықтары өкілдерінің ұлттық, діни және мәдени өзіндік ерекшелігін қорғауға, соның ішінде ұлттық-мәдени қозғалыстарға қатысу бостандығына, мәдениет ұйымдарын құруға, балаларды, жасөспірімдерді өз халқының дәстүрлерінде тәрбиелеуге, шетелдердегі отандастарымен мәдени байланыстарды кеңейту ісіне қатысу құқығы Қазақстан Республикасының заңдарымен қорғалады.

Ұлттық мәдениет ұйымдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылып, жұмыс істейді.

38-бап. Мәдениет саласындағы жекешелендіру

Мемлекеттік Тізілімге енгізілген ұлттық-мәдени игілік объектілері жекешелендіруге жатпайды.

Мәдениет саласындағы басқа объектілерді жекешелендіруге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен:

- мәдени қызмет негізгі басымдық ретінде сақталған;
- бейімдік қызметтер қамтамасыз етілген;
- халықтың жеңілдік берілген санаттарына қызмет көрсету ұйымдастырылған;

– қалыптасқан жұмыс орнының саны мен қызметкерлерге әлеуметтік кепілдіктер сақталған жағдайда жол беріледі.

39-бап. Мәдениет саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік

Мәдениет саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленген тәртіппен жауап береді.

Қазақстан Республикасының Президенті

МАЗМҰНЫ

<i>I тарау. ЖУРНАЛИСТ ЭТИКАСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ</i>	3
1.1 Журналист этикасы: мәні, құрылымы, қызметі	3
1.2 Журналистік әдеп мәселелерінің ұлттық сипаты	12
1.3 «Әдептілік – әдемілік» немесе қазақы әдептің дәстүрлі негіздері	25
<i>II тарау. ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ</i>	33
2.1 Журналистік этиканың құқықтық негіздері	33
2.2 Журналистің этикалық кодекстері.....	45
2.3 «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң және журналистің кәсіби этикалық жауапкершілігі	64
2.4 Бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарнама мәдениеті....	75
<i>III тарау. ЖУРНАЛИСТІҢ КӘСІБИ ЭТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ</i>	83
3.1 Журналист шығармашылығындағы сөз әдебі және бұқаралық ақпарат құралдары	83
3.2 Журналистің сұхбат алу әдебі және құжаттармен жұмыс істеу тәртібі	100
3.3 Жаһандану үдерісіндегі журналист мәселелері мен этикалық талап-міндеттері	112
«Журналист этикасы» базалық пәні бойынша тест тапсырмалары:	122
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР	156
ҚОСЫМША	157



Римма Серікәліқызы Жаксылыкбаева

1996 жылы эл-Фараби атындағы Казак ұлттык университетінің журналистика факультетін бітірген. 1996-1998 жылдары магистратурада, 1998-2000 жылдары аспирантурада үздікоқыды.

2002 жылдан күні бүгінге дейін эл-Фараби атындағы Казак ұлттык университеті журналистика факультетінің Баспасөз және электронды БАК кафедрасында оқытушы (2002-2003 жж.), ата оқытушы (2003-2008 жж.), доцент (2008 жылдан) қызметтерін аткарып келді.

2002 жылдың 27 наурызында «Шерхан Мұртаза - публицист, редактор» атты тақырыпта кандидаттык диссертациясын филология ғылымдарының докторы, профессор Жакып Бауыржан Өміржанұлының ғылыми жетекшілігімен сәтті қорғады.

Р. Жаксылыкбаева - «Шерхан Мұртаза - публицист, редактор» (2003), «Публицистің шығармашылық шеберханасы» (2009), «Публицистің шығармашылық шеберханасы» (екінші басылым, 2011) оқу құралдарының және 80-ге жуық ғылыми макалалардың авторы.

Римма Серікәліқызы - эл-Фараби атындағы Казак ұлттык университетінің «2006 жылдың Үздік жас ғалымы» байқауының жеңімпазы, журналистика факультетінің «2010 жылғы Үздік оқытушысы». Ол 2002 жылдың қыркүйегінен 2011 жылдың тамызына дейін журналистика факультеті Ғылыми кеңесінің Ғалым хатшысы; 2009 жылдың сәуірінен - 2011 жылдың тамызына дейін деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды.



ISBN 978-625-93467-2-4



9 786259 346724